

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ
ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ:
ТӘЖІРІБЕ МЕН ПРАКТИКА»**

атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 сәуір 2018 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической
конференции

**«САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ И КУЛЬТУРА
В ПРИЗМЕ ДУХОВНОГО ОБНОВЛЕНИЯ:
ОПЫТ И ПРАКТИКА»**

26-27 апреля 2018 г.



УДК 911 (063)
ББК 26.8
Р 87

Под редакцией:

Доктора географических наук, профессора **К.Д. Каймулдиновой**

Редакционная коллегия:

Бейсенова А.С. – академик НАН РК, доктор географических наук, профессор;

Абдиманапов Б.Ш. - доктор географических наук, профессор;

Сабденалиева Г.М. – кандидат педагогических наук, доцент

Рекомендовано к изданию

Советом института естествознания и географии

Казахского национального педагогического университета имени Абая

Р 87 **Рухани жаңғыру аясындағы киелі жерлер географиясы және мәдениет: тәжірибе мен практика»: халықар. ғыл.-практик. конф. материалдары (26-27 сәуір 2018 ж.)** – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, 2018 – 296 бет;
«Сакральная география и культура в призме духовного обновления: Опыт и практика»: мат.-лы междунар. науч.-практ. конф. (26-27 апреля 2018 г.) – Алматы: Казахский национальный педагогический университет имени Абая, издательство «Ұлағат», 2018 – 296 с.

ISBN 978-601-298-683-9

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 90-жылдығына арналған конференция жинағында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы қоғамның рухани жаңару мәселелері қарастырылады. Халықтың этномәдени дәстүрлеріндегі қасиетті географияның рөлі, табиғи және мәдени мұра тұрғысынан білім беруді дамыту үрдістері, туризмді дамыту, жергілікті жер тарихы мен табиғатты қорғау салаларында қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы рухани құндылықтардың рөлі туралы материалдар топтамасы қарастырылған.

В сборнике конференции посвященной 90-летию КазНПУ имени Абая освещены проблемы духовного обновления общества в призме программы «Рухани жаңғыру». Представлен широкий круг материалов о роли духовных святынь в модернизации общественного сознания, рассмотрены методологические подходы на структуру сакрального места, роль сакральной географии в этнокультурной традиции народов, тенденции развития образования в аспекте природного и культурного наследия, развития туризма, краеведения и охраны природы.

УДК 911 (063)
ББК 26.8

ISBN 978-601-298-683-9

ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

**Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаратылыстану және география институты
Сізді Қазақстандағы бірінші жоғары оқу орны – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90-жылдығына арналған «Рухани жаңғыру аясындағы киелі жерлер географиясы және мәдениет: тәжірибе мен практика» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуыңызбен құттықтайды**

Туған жерге, оның мәдениетіне, дәстүрлеріне кез-келген адамның ерекше қарым-қатынасы – патриотизмнің аса маңызды белгісі. Бұл кез-келген ұлтты тек жеке адамдардың тобы емес, нағыз ұлт жасайтын мәдени-генетикалық кодының негізі, – деп елбасы Н.А. Назарбаев атап көрсеткендей – ...әр халықтың, әр өркениеттің жалпыұлттық сипатқа ие қасиетті орындары бар. Оларды халықтың әрбір өкілі жақсы біледі, құрметтейді. Бұл халықтың рухани дәстүрлерінің басты негізі болып саналады.

Бүгінгі таңда қоғамдағы кейбір өткір мәселелерді өткен замандар тәжірибесіне сүйене отырып шешуге байланысты үлкен қызығушылықтар байқалады. Қазақстан еуразиялық кеңістіктің үлкен бөлігін иеленетіндіктен, көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша қуатты өркениеттік үрдістердің жинақталған ортасы болып саналады.

Ұзақ тарихи кезеңде кең-байтақ ұлы даламызда жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу ісінде өзіндік салт-дәстүрлер, ұстанымдар мен мінез-құлықтың қағидаттары қалыптасты. Олардың басты өзегі – ұлттың рухани мәдениетін бойына жинақтаған Адам баласы болып табылады.

Адамның бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтар адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлық, ашықтық, мамыражай тыныш өмір, әрине, төзімділік сияқты ең асыл қасиеттердің барлығы қазақ қоғамына тән әдеп ұстанымдарының негізін құрайды. Бұл – біздің халықтың ең басты ұлттық ерекшеліктері.

Біздің ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз мен музыкамыз, әдебиетіміз, тіпті үйлену ғұрыптарымыз – бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз мәңгілік, үнемі бізбен бірге болады. Абайдың даналығы, Әуезовтің ұшқыр қаламы, Жамбылдың жан тебіренер жырлары, Құрманғазы домбырасының сиқырлы дыбыстары, киелі аруақтардың мәңгілік үні – еліміздің рухани мәдениетінің бір кішкене ғана ажырамас бөлігі.

Әрбір қазақстандықтың түсінуі тиіс нәрсе, бұл білімді болу – болашақтың ең негізгі табыс факторы екендігі. Жастардың білімі басымдықтар жүйесінде бірінші кезекте тұруы тиіс. Егер құндылықтар жүйесінде білімділік басты құндылық болып саналса, онда ұлттың болашағы да табысты болады. Бүгінгі заман жағдайында тек жоғары санатты білім алған адам ғана ойдағыдай өмір сүре алады және жоғары білім деңгейінің арқасында мамандығын да сұранысқа сай оңай өзгертуге мүмкіндігі бар.

Мәдениет пен білім ежелден егіз ұғым. Абай атындағы ҚазҰПУ-да осы дәстүр тоғысында қазақстандық қоғамның жан-жақты үйлесімді дамыған болашағын қалыптастыратын білімді де білікті педагог мамандарды дайындаумен үздіксіз айналысып келеді.

Рухани жаңғыру біз ғана емес, көптеген елдер үшін де маңызды мәселе болып табылатындықтан Қазақстан, Ресей, Әзірбайжан, Польша, Украина, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты елдерден 90-нан астам ғалымдар осы конференцияға қатысады.

Рухани жаңғыру бұл адамның сана-сезімін жаңғырту арқылы қоғамның дамуын жаңа сатыға көтеру. Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесі – «ұлттың табыстылығы болашақтың мызғымас іргетасын қалыптастырудың басты факторы» деген ұстанымға негізделеді. Сондықтан мұғалімдер мен жоғары оқу орны оқытушыларының басты міндеттердің бірі – үздіксіз білім беру мен инновациялық ойлауды жүзеге асыру. Ол мәселелер кәсіби жоғары білімді, зияткер жастарды жалпы адамзаттық құндылықтар ұстанымдары тұрғысында мақсатты тәрбиелеу барысында ғана жүзеге асырылады.

УВАЖАЕМЫЕ УЧАСТНИКИ КОНФЕРЕНЦИИ!

Институт естествознания и географии КазНПУ имени Абая приветствует Вас на Международной научно-практической конференции «Сакральная география и культура в призме духовного обновления: опыт и практика», посвященной 90-летию Казахского национального педагогического университета имени Абая - первого высшего учебного заведения Казахстана

Особое отношение к Родной земле, ее культуре, обычаям, традициям – это важнейшая черта патриотизма. Это основа того культурно-генетического кода, который любую нацию делает нацией, а не собранием индивидов, – отмечает Глава государства Н.А. Назарбаев – ...У каждого народа, у каждой цивилизации есть святые места, которые носят общенациональный характер, которые известны каждому представителю этого народа. Это одно из оснований духовной традиции.

В настоящее время наблюдается огромный интерес к опыту прошлого, имеющийся в обществе, через обращение к которому возможны усилия для разрешения новых возникающих проблем настоящего. Казахстан, занимая обширное евразийское пространство, как в прошлом, так и в настоящем является, по мнению многих исследователей, средоточием мощных цивилизационных процессов. На протяжении длительной истории жители степных просторов накопили богатый опыт в области обучения и воспитания подрастающего поколения, выработали своеобразные обычаи и традиции, правила, нормы и принципы поведения, где несущим каркасом в духовной культуре народа является Человек. Основой его духовно-нравственных ценностей стали гуманность, милосердие, доброжелательность, гостеприимность, открытость, миролюбие, и безусловно, толерантность, так как данное понятие есть органически присущий казахскому обществу этический принцип, ее важнейшая и характерная особенность.

Наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и свадебные обряды, – одним словом, национальный дух, должны вечно оставаться с нами. Мудрость Абая, перо Ауэзова, проникновенные строки Джамбула, волшебные звуки Курмангазы, вечный зов аруаха – это только часть нашей духовной культуры.

Каждый казахстанец должен понимать, что образование - самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером.

Если в системе ценностей образованность станет главной ценностью, то нацию ждет успех. В современных условиях успешно жить сможет только высокообразованный человек, который может относительно легко менять профессию именно благодаря высокому уровню образования.

Культура и образование неотделимы друг от друга и КазНПУ им. Абая, готовя квалифицированных педагогов, способных возвращать образованное, гармонично развитое поколение фактически творит будущее казахстанского общества.

Вопросы духовного обновления являются важными для многих стран поэтому в данной конференции принимают участие более 90 ученых из Казахстана, России, Азербайджана, Польши, Украины, Турции, Кыргызстана, Узбекистана.

Таким образом, духовное обновление сознания человека – это успех развития образовательной системы общества. Сегодня образование в Казахстане – это «фундаментальный фактор успешности нации в будущем», и потому одна из главных задач учителей и преподавателей вузов – культивировать ценность образования и инновационного мышления – должна решаться благодаря осуществлению ими целенаправленной работы по воспитанию высокообразованной, интеллектуальной молодежи на принципах общечеловеческих ценностей.

СЕКЦИЯ 1

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

ДУХОВНЫЕ СВЯТЫНИ КАЗАХСТАНА В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

СОХРАНЕНИЕ И ВОССТАНОВЛЕНИЕ АРХИТЕКТУРНЫХ ПАМЯТНИКОВ И ПРИРОДНЫХ ОБЪЕКТОВ – АКТУАЛЬНАЯ ЗАДАЧА СОВРЕМЕННОСТИ

*Джусупова Д.Б., д.б.н., профессор
Умбеталиева Ф.Б., магистрант
КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

Аңдатпа: Мақалада ежелгі дәуірлердің ірі сәулет және археологиялық учаскесінің қысқаша сипаттамасы - Есік-Сақа қорымы орналасқан. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ерекше тарихи құндылықтар мен объектілер табылды. Бұл аймақтың бірегей табиғи объектісі - Есік көлі, деструктивті селден зардап шекті. Қазақстан тауларында болған селдер қоршаған ортаға әсерін тигізетіні анықталды.

Кілтті сөздер: архитектуралық ескерткіш, Есік қаласы, Сак мүрзі, Есік көлі, сел.

Annotation. The article gives a brief description of the largest architectural and archaeological site of the ancient times - the IssykSaka burial mound. As a result of archaeological excavations, unique objects and objects of great historical value were discovered. A unique natural object of this region is considered - Lake Issyk, which was affected by the destructive mudflow. It is established that the mudflows occurring in the mountains of Kazakhstan have a destructive effect on the environment.

Key words: architectural monument, Issyk city, Sak burial mound, Issyk lake, mudflow.

В программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» Глава государства Н.А. Назарбаев инициировал создание проекта «Духовные святыни Казахстана» [1]. («Сакральная география»), в рамках которого будет создан культурно-географический пояс святынь. Это особо почитаемые памятники природного и культурного наследия, имеющие непреходящую ценность в памяти казахского народа и выступающие в качестве символа национального единства и возрождения. В качестве сакральных памятников выступают природно-ландшафтные объекты, такие как «священные» горы, пещеры, реки, урочища, древние городища, места необычных природных явлений, родовые святилища, курганы и захоронения, объекты религиозного культа, места памятных битв и подвигов, места жизни великих людей, святых, мавзолеи, храмы и иные памятники природного культурного и исторического наследия, где поклонение составляет одно из оснований духовных традиций нашего народа

В Республиканскую карту сакральных объектов вошли 100 общенациональных святынь, среди которых обозначены археологические и архитектурные памятники, к которым относятся Исыкские сакские курганы, расположенные в Алматинской области, недалеко от города Исык. Это крупнейший археологический памятник, относящийся к скифо-сакскому периоду, датируемый 4 веком до н.э. Он считается одним из самых больших археологических памятников и одним из величайших открытий 20-века [2]. В 1969 году археологи обнаружили в нём могилу знатного воина. Уже первые исследования позволили сделать новые выводы об уровне культурного развития, социально-экономических отношений и культурных связях людей той эпохи, дополнить наши знания относительно вклада в мировую цивилизацию предков современных казахов. Могильник состоит из 45 больших царских курганов диаметром от 30 до 90 и высотой от 4 до 15 метров. Исыкский могильник ничем не отличается от других подобных.

Такие курганы, являясь захоронениями родовой знати кочевников первого тысячелетия до н.э., обычно именуются «царскими», многие из них были разграблены еще в древности. В центральную могилу кургана Исык грабители проникали дважды. Яма захоронения находилась на 1,2 м ниже уровня древней поверхности и была деформирована грабительскими перекопами. Однако под южной частью насыпи были обнаружены бревна перекрытия второго захоронения. Эта боковая могила, находившаяся в 15 метрах в стороне от центра, осталась неразграбленной. Стены и пол внутренней части склепа были обложены брёвнами тянь-шаньской ели. Внутри находились останки знатного воина, одежда которого была обложена золотыми пластинами (рисунок.1)




Рис.1. Золотой человек из исыкского кургана

Его голову украшала остроконечная шапка с изображения крылатых коней. Его костюм включает в себя 4 тысячи золотых деталей, изготовленных сакскими мастерами. Захороненный в кургане воин, действительно был «золотой» - в погребальной камере археологи нашли в общей сложности 4800 украшений. После фараона Тутанхамона – *это наибольшее количество золотых предметов, когда-либо найденное в гробницах*. Рядом находилось его вооружение – длинный меч и короткий кинжал [3]. В могиле находились глиняные сосуды для кумыса, деревянные блюда для мяса, а также множество сосудов из серебра и бронзы. Среди них находилась серебряная чаша, на которой было 26 письменных знаков. Надпись на чаше, так называемое исыкское письмо, до сих пор не расшифрована. Эта находка получила название «Золотой воин» и неоднократно экспонировалась в музеях Алматы и Астаны.

Обычай хоронить покойников в насыпных курганах был присущ многим кочевым племенам. Но у скифских курганов есть существенное отличие: они буквально набиты золотом. Ни до них, ни после могильные курганы не были столь богаты. Это объясняется не только тем, что золото во все времена и у всех народов было символом богатства, но и особой ролью этого металла в религии и мифологии иранских кочевых народов, в том числе и скифов.

Сегодня «Золотой воин» является одним из национальных символов республики Казахстан. Его копии выставлены во многих городах страны. Одна из них установлена на вершине монумента Независимости, на центральной площади в Алматы. Фигура юного воина-сакса на крылатом барсе украшает штандарт Президента Казахстана.

Дорога вдоль исыкских курганов ведет еще к одному уникальному природному объекту – красивейшему озеру Исык, располагающемуся в горах Заилийского Алатау в 50 км от Алматы. Местные казахи издревле это озеро называли Джасыл-Куль. Это даже и не столько топоним, сколько географический термин, буквально означающий «зеленое лазоревое озеро». Это общее название высокогорных озер, питающихся ледниковыми водами. Такие озера обычно имеют воду голубовато-зеленого цвета. Именно под названием Джасыл-Куль Исыкское озеро фигурирует в сочинении известного русского путешественника П.П. Семенова-Тяньшанского «Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 годах». В наши дни за озером уже прочно закрепилось название Исык (Исыкское). Высота Исыкского озера над уровнем моря – 1756 метров. До селя 1963 г. его длина была 1850 м, ширина 500 м, глубина 50-79 м. Оно – классический пример горных озер обвального-тектонического типа. Само озеро образовалось за счет грандиозного обвала, произошедшего по линии разлома. В результате возникла естественная плотина,

высотой 300 м, которая была прорвана во время селя 1963 года. В плотине Иссыка находились еще два озера – Круглое и Черное. Озеро Круглое, или Малое Иссыкское имело площадь 0,2 км², глубину 40 м. Оно получало питание от Большого озера в период интенсивного таяния ледников, а осенью питание шло подземным путем. Озеро Черное было небольшое, питалось подземным путем. После селя 1963 года оно исчезло, котловина сохранилась на поверхности восточной части плотины. Разница между самым низким уровнем воды в озере в апреле и самым высоким в августе достигал 15 метров. Когда в озере накапливалось 18 млн. м³ воды, начинал «работать» водопад и вода вытекала из озера в виде водопада. Рыбы в озере не было и это считалось загадочным, т. к. рачков-бокоплавов (основной пищи рыб) в озере было много. В то же время в реке сразу же ниже озера водилась серебристая форель. Время завала плотины установить трудно, хотя некоторые авторы указывают на 8000 лет, основываясь на косвенных данных. Ясно одно, что обвал произошел в послеледниковое время, т. к. в террасовых отложениях этой эпохи ниже озера Иссык имеются гранитные обломки, которые могли транспортироваться с верховьев реки, где известны обнажения гранитов. В современных осадках они здесь отсутствуют, т. е. с момента образования завала материал, доставляемый сверху речным потоком, задерживался в озере. Кроме того, сток озера до селя 1963 года не успел выработать себе сколько-нибудь заметное русло на поверхности плотины (глубина русла была около одного метра).

Подробнее о селевом потоке. 7 июля 1963 г. на озеро сошел мощный селя. Следует отметить, что хребет Заилийский Алатау является главным селевым регионом в Казахстане [4]. Процесс зарождения селевых потоков весьма разнообразен. Это вытекает из многофакторной природы селей с одной стороны и многофазного (смесь воды и обломков горных пород) состава потока – с другой. Иницирующим началом процесса может служить как жидкая, так и твердая составляющая потока [5]. В условиях длительных дождей и переувлажнения грунтов на склонах происходит образование поверхностных оползней (сплывов или оползней-потоков), которые трансформируются в селевые потоки на дне долины. У края современных ледников первичным моментом формирования селей чаще всего служит прорыв приледниковых озер или внутрILEDниковых емкостей.

По неполным данным в Казахстане, только за период с 1841 по 1990 гг. зарегистрировано 788 случаев схода селей в 300 селевых бассейнах; более половины из них приходится на хребет Заилийский Алатау. В основном в Заилийском Алатау формируются грязекаменные и наносоводные селевые потоки. Скорость течения селевого потока обычно составляет 2,5- 4,0 м/с, но при прорыве заторов она может достигать 8-10 м/с и более [6].

Последствия селей бывают катастрофическими. Было несколько грязекаменных волн, которые проходили через каждые 18 минут. Озеро было заполнено грязью и камнями, а естественная плотина перед ним прорвана. В ней образовался каньон глубиной 80 м, шириной 70 м и протяженностью 500 м. Вода из озера устремилась в долину. Мощность селя составила 6 млн. м³ грязекаменной массы. От живописного озера осталась громадная грязная лужа. Иссыкский селя 7 июля 1963 года был одним из самых крупных и разрушительных селевых потоков на территории бывшего союза. Озеро Иссык исчезло, превратившись в поле из валунов и засохшей грязи.

Долгое время на месте бывшего озера ничего не происходило, но в середине восьмидесятых годов начались работы по восстановлению озера. К концу восьмидесятых годов озеро постепенно стало наполняться водой, однако нынешнее озеро, как по площади, так и по глубине, гораздо меньше того, что было до разрушительного селя 1963 года.

Таким образом, для укрепления духовности и сознания нации необходимо сохранять сакральные объекты как культурно-географические святыни Казахстана.

Список литературы:

1 *Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания". – Астана, 12 апреля 2017.*

2 *Акишев К.А. Курган Иссык, Искусство саков Казахстана. - М.: Искусство, 1978.*

3 *Акишев А.К. Костюм «Золотого человека» и проблема катафрактария. // Военное дело древних племён Сибири и Центральной Азии. – Новосибирск: Наука (Сибирское отделение), 1981.*

4 *Шушарин В.И., Марков И.Н. Селеопасные моренные озера в верховьях реки Иссык. – Селевые потоки, 1976, Сб.1. – С. 98-107.*

5 *Перов В.Ф. Селевые явления на территории СССР. – М., 1989. – 149 с.*

6 *Яфязова Р.К. Природа селей Заилийского Алатау. Проблемы адаптации. - Алматы, 2007. - 158 с.*

«САКРАЛЬДЫ ҚАЗАҚСТАН» ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*С.Ә. Әбілмәжінова, «Елтану және туризм» кафедрасының доценті;
З.Қадырбекова, 5В011600 – География, 4- курс
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: В данной статье рассматривается система историко-географических знаний об особо почитаемых и священных объектах природного, культурного и исторического наследия, как именуемая – сакральная география Казахстана, на конкретных примерах в Мангыстауской области.

Ключевые слова: сакральная география, сакральный Казахстан, 100 сакральные объекты Казахстана

Annotation: This article considers the system of historical and geographical knowledge about especially revered and sacred objects of natural, cultural and historical heritage, as the sacred geography of Kazakhstan, on concrete examples in Mangystau region.

Keywords: sacred geography, sacred Kazakhstan, 100 sacred objects of Kazakhstan

Адамның қасиетті өмір салтын, оның қоғамдағы алатын орны мен іс-әрекетін зерттеу сакральды географияның міндеттеріне жатады. Заманауи дүние әлемінің бүгінгі бейнесін адам өзінің ата-бабалары өмір сүрген кездегі әлемнің өздері қасиетті деп есептеген салт-дәстүрлері негізінде қалыптасқан нанымдар мен түсініктерге, табиғаттағы өздеріне таныс емес тылсым құбылыстарға табыну, оларды құрметтеу арқылы қалыптастырды деуге болады.

Адамзат алдында әрдайым адам өмірінің мәні неде: егер Жердегі тіршілік мәңгілік болмаса, онда өркениеттің қандай қажеттілігі бар деген сұрақтар туындап отырған?!

Осы сұрақтарға адамзат қоғамының озық ойлы өкілдері үнемі ізденумен, жауап табуға тырысумен келеді. Ежелгі грек, рим ойшылдары, Конфуций, Будда, Сократ, Паскаль, Спиноза және басқа да көптеген энциклопедист-ғалымдар өмірдің осы мағынасына басты назар аударып келген.

Бұл шындықты іздестіру, Жердегі адамның өмірінің мәнін анықтау және де басқа тірі ағзалардың (өсімдіктер мен жануарлар) тіршілік етуінің себебін іздестіру ертелі-кеш дінге қарай бой ұруға алып келді. Дін – адамның нақты қажеттіліктерін қанағаттандырмаса да, ерекше міндеттерді орындамаса да адамның қалыптасуына, ерекше көзқарастарының туындауына, жалпы адамзаттың дамуына өзіндік ықпалын тигізді.

Көптеген зерттеушілер дінді әлеуметтік сананың басты нысаны деп есептейді, дүниенің рухани және практикалық игерілуінің қозғаушы күші деп ойлайды. Дегенмен, дінге деген жеке көзқарас қандай болса да, барлық ғалымдар оны кез-келген қоғамда бар әлеуметтік құбылыс ретінде таниды.

Дін ғасырлар бойы өмір сүріп келеді және адам өмірінде, қоғамның дамуында, өркениеттің қалыптасуында үлкен мәнге ие болуда.

Дін – ізгілік, дейді теолог-ғалымдар – адамның Құдаймен қарым-қатынасы, осындай аспектілерді қамтитын құбылыстар мен нысандардың кешені болып табылады.

Діннің адамзат қоғамында атқаратын өзіндік мынадай функциялары бар:

- Интеграциялық (оның мәнісі конфессияға тәуелді болу арқылы адамдарды біріктіруден тұрады);
- коммуникативті (адаммен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін білдіреді, ғарыштық күштер, ғибадатханалар);
- Нормативтік-құқықтық (алдын-ала белгіленген нормаға сәйкес мінез-құлық, талаптар және т.б.)
- дүниетанымдық көзқарас (әлем бейнесін ұсынуға мүмкіндік береді, атап айтқанда адам өмірінің мәні, әлемдегі адам).

Дін тек көзқарастарды, идеяларды ғана емес, адамдардың нақты әрекеттерін, олардың өмірге деген көзқарастарын, сезімдерін, талпыныстарын, бағалауларын қалыптастырады.

Тек XIX ғасырдың соңында ғана жалпы дін мен жекелеген діндердің ғылыми жиынтығы халықтың сакралды өмірінің қалыптасуына да себепші болды.

XX ғасырдың бірінші жартысында діннің географиясы қалыптаса бастады, ол бүгінде әлеуметтік география жүйесіндегі тәуелсіз білім саласы, тәуелсіз ғылым, діндердің таралуын зерттейтін, өзара ортақ түсінік ретінде қабылданған ресми сала болып есептеледі.

«Сакралды» түсінігі (латынша «қасиетті» деген ұғымды береді) – сөзі діни табынумен, салт-жоралғылармен, рәсімдермен байланысты ұғымды білдіреді. Біздің заманымызда бұл тұжырымдаманың мазмұны айтарлықтай тереңдей, ауқымы кеңейе түсті.

«Сакраль» ұғымының мазмұны адамдардың белгілі-бір тобының қоғам мен ондағы қасиетті деп саналатын жоғары құндылықтар арасындағы қарым-қатынас жүйесін қамтитын, әрдайым ғажап, теңдессіз құпия саналатын құндылықтар мәнін түсіндіруші ұғым ретінде сипатталады.

Сакралды география – бұл әлеуметтік-географиялық ғылым, ол заманауи қоғам үшін өте қажет, өз саласында қалыптасып жатқан білімнің арқасында ХХІ ғасырдағы саяси және рухани мағынада тәуелсіз моральдық тұрақтылықты және рухани бай жас ұрпақты құруға мүмкіндік береді, бұл адам үшін, қоғам үшін маңызды болып табылады.

Сакральды географияның зерттейтін нысандарын анықтау үшін, оның ішінде діни түсініктердің әсерін ашып көрсететін анықтамаларға да сүйену керек.

Қазіргі географиялық ғылым тұрғысынан қарағанда мынадай мәселелерге:

- діни нанымдарды және оларға сәйкес келетін мекемелерді орналастыру және тарату;
- діни өмірді ұстанатын және діни бағыттағы қозғалыстар мен көші-қон ағындарын бақылайтын орталықтардың болуы;

- діни қызмет көрсететін аумақтағы қасиетті орындар инфрақұрылымдарын дамыту (шіркеу заттарын және киімдерді өндіру, діни әдебиеттер мен діни шығармаларды шығару, дін қызметкерлерін дайындау, арнаулы БАҚ құру және т.б.)

- демографиялық және табиғи-географиялық жағдайдағы әлеуметтік-географиялық айырмашылықтарды, діни өмір мен қызметтің аумақтық ерекшеліктерін айқындау сияқты аспектілерден анық көрінеді.

Сакральды географияның негізгі зерттеу нысаны – адамзат, оның қасиетті әлемі мен діни мінез-құлқы, әлеуметтік ортасы мен діни ұйымдары, табиғи және әлеуметтік орталары мен ғибадат орындары, табиғи және әлеуметтік орталықтар мен діни ғимараттар, діни орындардың әлеуметтік доктринасы, қасиетті деп саналатын орындар мен құбылыстардың жиынтығы, олардың мифологиясы, мазмұны, генезисі, динамикасы, қалыптасу және жұмыс істеу жағдайлары мен орналасу ерекшеліктерін айқындауға негізделген алуан түрлі шаралардың жиынтығынан құралады.

Сакральды географияның зерттеу мақсаттары аумақтық заңдар мен аймақтық діни ұйымдардың өзара ұштасу ерекшеліктерін, сондай-ақ діни саладағы құбылыстар мен нысандар кешенін анықтау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін ең алдымен мынадай міндеттерді шешу қажет болады:

- Белгілі бір мемлекеттің, жалпы әлем кеңістігінде белгілі-бір діннің таралуының себептері мен факторларын анықтау;

- аумақтағы діни ғимараттардың таралу үлгісін нақтылау;

- діни нанымдардың әртүрлі әлеуметтік топтардың өмір салтына әсерін зерттеу;

- халықтың діни мінез-құлқының ерекшеліктерін анықтау;

- белгілі-бір аумақта әлеуметтік сана пен әлеуметтік интеллект қалыптастырудағы діннің тигізетін әсерін зерттеу;

- конфессия аралық ахуалды жақсарту және дамытуға әсер ететін жағдайлар мен олардың әлеуметтік үдерістер динамикасына тигізетін әсерін зерттеу;

- діни ұйымдардың әлеуметтік доктринасының аймақтық және конфессиялық ерекшеліктерін, олардың халықтың өмір сүру деңгейіне тигізетін әсерін зерттеу болып табылады.

Сакралды географияның міндеті – қасиетті деп танылған құндылықтардың аумақтық орналасуының географиялық ерекшеліктерін, оларды қалыптасуының заңдылықтарын, олардың жұмыс істеуі мен құрылымын, тұжырымдамалық-терминологиялық аппаратты дамыту сияқты іс-шараларды реттеу және ұйымдастыру істерін жүргізуді жатқызуға болады.

Кез-келген басқа тәуелсіз ғылымдар сияқты *сакралды география* да көптеген *функцияларды* орындайды, олардың ішіндегі ең маңыздысы – жалпы білім беру саласында осы сакралды географияның басты нысандарымен өскелең ұрпақты таныстыру, өз елі мен жерінің қасиетті деп танылған тарихи-әлеуметтік жәдігерлердің мәні мен мағынасын, ұлттық рухты қалыптастырудағы маңызын түсіндіру болып табылады.

Сонымен қатар, әртүрлі елдер мен ұлттардың қасиетті нысандарын танудың негізінде дүниетанымдық көзқарастары кеңейеді және оларды өз еліндегі нысандармен салыстыру арқылы өз елінің тарихи бейнесін терең түсінуіне және рухани жаңғыру жағдайында қалыптастыруға негіз болады.

Сакральды география – тәуелсіз білім саласы, белгілі-бір дәрежеде – дінтану ғылымы жүйесіне де жатады. Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша, діндер географиясы өзінің мазмұны мен құрылымы жағынан әлеуметтік-географиялық пәндерге жатады және мәдениеттің де бір бөлігі деп есептеледі.

Дегенмен, дін мен мәдениет туралы, сондай-ақ басқа көзқарастарды ескере отырып, сакральды географияны және мәдениет географиясын тәуелсіз әлеуметтік-географиялық ғылымдар ретінде қарастырған да жөн.

Сакральды география басқа әлеуметтік-географиялық білім салаларымен және әлеуметтік ғылымдармен да тығыз байланысты болып саналады.

Сакральды география мен дін ғылымдары (дін тарихы, дін философиясы, дін социологиясы, дін психологиясы) арасында өте тығыз байланыстың бар екені айқын. Сакральды география жаратылыстану және философия ғылымдарымен және оған шептес пәндермен де тығыз байланысты.

Сакральды географияның одан әрі дамуы оның діни зерттеулермен қарым-қатынасына да байланысты. Демек, сакральды географияның одан әрі дамуы, оның қолданбалы қажеттілігіне және білім берудің көптеген басқа салаларындағы жетістіктері мен табыстарына да тікелей байланысты. Сакральды география өз кезегінде басқа да ғылымдардың дамуында ынталандырушы, қозғаушы маңызды фактор ролін де атқарады.

Сакральды географияның тұжырымдамалық және терминологиялық аппараты осы білім саласының тұжырымдамасын бейнелейтін терминдердің комбинациясы арқылы қалыптасады, қасиетті географияның тұжырымдамалық-терминологиялық аппаратының қалыптасуы мен дамуы келесі ерекшеліктермен сипатталады:

1. Діннің философиялық мәні мен оның идеологиялық маңызы, көптеген философиялық және жалпы ғылыми терминдер мен ұғымдардың сакральды географияның тұжырымдамалық-терминологиялық аппаратында қолдануға ықпал етеді.

3. Әрбір діннің өзіндік ерекшелігі, оның ежелгілігі мен діндердің географиялық таралуы тұрғысынан алғанда бұл ғылым саласының әлі де ашылмаған қырларының алуан түрлі екендігі және жаңа зерттеу нысандарының көп екендігі анықталуда.

4. Сакральды географияның салыстырмалы түрде жас болуы – осы сала үшін өте маңызды. Сондықтан, бұл ғылымның тұжырымдамалық және терминологиялық жүйесі әлі де қалыптасу кезеңінде деп есептеуге болады.

5. Сакральды географияның ғылыми тілінің өзіндік ерекшелігі оның әлеуметтік ғылымдарға жақын болуымен нақтыланады.

Барлық осы ерекшеліктерді зерделей келе, сакральды географияны дамытудың, оны терең де тиянақты зерттеудің қажеттілігі туындайды. Әсіресе, рухани жаңғыру аясындағы жүзеге асырылатын жұмыстардың барлығы да жергілікті жердегі қасиетті деп саналатын табиғи және тарихи нысандарды айқындау, оларды көпшілікке кеңінен насихаттау сияқты іс-шараларды жүргізу барысында сакральды географияның алатын орны ерекше.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың ұсынысымен еліміздің қасиетті орындарын әрбір аймақтар бойынша инвентаризациядан өткізу, оларға ерекше статус беру, мектеп бағдарламасы деңгейінде өлкетану бағытындағы жұмыстарды күшейту сияқты шараларды қамтитын жобаларды жүзеге асыруға нақты тапсырмалар берілді.

Сондай игілікті бастама бірі ретінде 2017 жылдың мамыр айында Мәдениет және спорт министрлігінің жанында «Сакральды Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының ашылуын айтуға болады.

Н.Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» атты мақаласында айтылып, нақтыланған бағыт-бағдарлардың орындалуы да осы логикалық қадаммен тығыз байланысты. Ол ұлттық рухты көтеруге, материалдық, табиғи және адам ресурстарын арттыруға, мемлекеттің табысты дамуына оң ықпал жасайтын басты факторлардың бірі болып саналады.

Н.Назарбаев өзінің мақаласында ғаламдық әлемдегі кез-келген ұлт өзін бәсекеге қабілетті ету үшін өз елінің тарихи-мәдени құндылықтарын қалпына келтіру механизмдерін тездетіп жүзеге асыру қажеттілігін атап көрсетті.

Мәдени-идеялық жобаларды, соның ішінде халықтың ой-санасына оң ықпалын тигізетін «Қазақстанның сакральды географиясы» картасын жасау жобасының ұлттық қасиетті орындарды насихаттау мақсатында сәулет өнерінің шоқтығы биік нысандарының, Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құру, еліміздің барлық жерінде біртұтас еске алу орындарының желісін құру арқылы ұлтты шоғырландыруға және ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындауға толық мүмкіндік береді.

Жобаның басты міндеті – еліміздегі қасиетті орындардың символдық, қорғаныс, тарихи сипаттағы мәнін анықтап, түсіндіру және оны географиялық тұрғыдан сипаттап, жүйелеу және оны түсіндіру мүмкіншілігін арттыру. Сол арқылы ұлттық иммунитетті қалыптастыру принциптерін дамыту болып табылады. Бұл шаралар өз тарапынан, шетелдік мәдени ықпал және бөтен идеологиялық мәдениеттерге қарсы тұруға көмектеседі.

Сакральды нысандар категориясына енетін құрылымдар тізбесі табиғи ландшафттар мен мәдени мұралар, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, кесенелер, сондай-ақ Қазақстан халқының есінде тұрақты құндылықтарға ие тарихи және саяси оқиғаларға байланысты орындар жиынтығынан құралған.

«Сакральды Қазақстан» жобасы бес жылға есептелген, ол жоспар бойынша жұмыс жасайтын ғалымдар: тарихшы-өлкетанушылар, географ-өлкетанушылар, қоғам қайраткерлері арасынан іріктелген сарапшылар кеңесінің басшылығымен барлық өңірлерде құрылған комиссия мүшелерінің тұрақты жұмыс істеуі жағдайында жүргізілуде.

Бүгінгі таңда 100 ұлттық нысан мен жергілікті жобалар таңдалып алынды. Аймақ бойынша тізімделген 500-ден астам нысан ұлттық тізімге енгізілді (тізім түпкілікті емес және толықтырылады). Олар алты санатқа бөлінген:

1. Табиғи мұралар ескерткіштері;
2. Археологиялық және сәулет ескерткіштері;
3. Ірі ортағасырлық қала орталықтары мен қазақ хандығының астаналары;
4. Діни және діни мақсаттарға жататын нысандар;
5. Тарихи тұлғалармен байланысты қасиетті орындар;
6. Тарихи және саяси оқиғаларға байланысты орындар.

Қазақстанның жекелеген өңірлерінде қасиетті орындар картасы құрылуда, қазіргі уақытта олардың қатарына 500-ден астам нысан енгізілген.

Сондай-ақ сакральды орындардың виртуалды картасы жасалынауда. Мұражай кешендерін, аялдамаларды, қонақүйлерді біріктіретін орталықтар құрылуда. Археологиялық жұмыстардың қағидалары қайта қаралып, мамандарға қазу жұмыстарынан кейін оларды қалпына келтіру шараларын толықтай сақтау міндеттелуде.

Жобаның тағы бір маңызды мәселесі – тарихи сананың тұтастығын сақтау мақсатын көздейді. Біздің тарихи сана-сезіміміз үзік-үзік оқиғалардан құралған, тарихи тұтастық жоқ. «Сакральды Қазақстан» жобасы аясында осы олқылықтардың орны толтырылып, әрбір тарихи кезеңді шынайы бейнелейтін құндылықтарды жинақтап, біртұтас тарихи жылнама жасалуы тиіс.

«Сакральды Қазақстан» жобасының ішкі мәдени-танымдық туризмді дамытуға қосатын үлесі шектеусіз деп айтуға болады. Біздің халқымыз өзге елдің археологиялық және мәдени ескерткіштерін ғана емес, өз еліміздегі табиғи, тарихи ескерткіштердің құндылығын да терең түсінуі керек.

Осы мақсатта, туристерге арналған мұражай-қорықтар орталықтарын ашу жоспарлануда. Осындай орталықтардың құрылысы әлемдік тәжірибеде аз емес, мұнда қонақтар мен туристерге қажетті барлық инфрақұрылымдар қарастырылған. Бұл туризм инфрақұрылымын дамытуға, шағын және орта бизнестің дамуына, жергілікті жердегі халықтың әл-ауқаты мен әлеуетін көтеруге оң ықпалын тигізетіні даусыз.

Отанымызға, туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікке бағытталған патриоттық, мәдени-танымдық іс-шаралардың жиынтығынан тұратын «Туған жер» патриоттық бағдарламасының ықпалы өте зор. Бұл жұмыстар еліміздің барлық аумағын, халқымыздың барлық әлеуметтік топтарын қамтуын назардан шығармау қажет. Ол үшін жергілікті жердегі билік өкілдері мен түрлі әлеуметтік салалар арасындағы байланысты осы мақсатқа қарай бағыттау керек болады.

Бағдарлама мынадай үш бағыт бойынша жүйелі жұмысты талап етеді:

Бірінші бағыт – өлкетану жұмыстары;

Екінші бағыт – табысқа жеткен өкілдер мен ауылдық мекендерден шыққандардың (бизнесмен, шенеунік, жастар және т.б.) көмегімен аумақтарды инфрақұрылымдық қолдау;

Үшінші бағыт – жергілікті биліктің бірлескен жұмысы, демеушілік көмекті қолдау мен тетіктерінің оңтайлы түрін іздестіру.

Өлкетану жұмыстары жергілікті жердің географиясын, тарихы мен фольклорын, мифологиясын зерттеуді талап етеді. Өлкетану білімін ұйымдастыруды жүзеге асыруда сол өңірдегі жалпы білім беру мектептері, өлкетану мұражайлары тарапынан жүргізілетін жұмыстардың маңызы өте зор.

Бұл жағдайда өңірдің дамуына еңбегі сіңген адамдарды құрметтеу, оларды есте қалдыруға қатысты, нақты тұлғалардың жергілікті жобаларды жүзеге асырудағы ролін айқындайтын естелік тақталарды орнату сияқты іс-шараларды жүргізу өте тиімді. Қазірден бастап осы бағдарламаның нұсқасы мен мазмұнын талқылау үрдісі жергілікті жерлерде белсенді түрде жүзеге асырылуда.

Көптеген ұсыныстардың арасынан мыналарға назар аударуға болады:

- тарихшылар мен өлкетанушылар, экскурсоводтар мен туризм саласының мамандарын және біріктіретін қазақстандық бірегей өлкетану ұйымын құру;

- әлеуметтік желілер кеңістігінде қазақстандық табиғатты насихаттау мақсатында барлық өңірлерге баратын арнайы фотоэкспедицияларды ұйымдастыру;

- Астана қаласындағы «Атамекен» этно-мемориалдық кешеніне ұқсас, алайда тек мәдени ескерткіштерді ғана емес, табиғи ескерткіштерді де насихаттайтын өңірлік деңгейдегі ескерткіштер кешенінің картасын жасау;

• экономикалық салада – туристік абаттандыру аясында бизнес үшін уақытша салық жеңілдіктерін енгізу (транспорттық логистика, тамақтану және т.б.).

Сонымен қатар, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жобаның енгізілуі де осы мақсаттағы жұмыстарды жаппай жандандыруға алғышарт болып отыр. Бұл бағытта жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар негізінде жалпыұлттық сипатқа ие рухани жәдігерлерді топтастыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жобаның үш негізгі бағыты бар:

1. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құру және еліміздің әрбір азаматына ұлттық бірегейліктің осы негізі бойынша сапалы білім беру;

2. Жобаны жүйелі түрде ұлттық ақпараттық тұрғыдан демеп, насихаттап отыру;

3. Қазақстанның мәдени-географиялық ерекшелігіне сүйене отырып, ішкі және сыртқы мәдени туризмді барынша дамыту. Киелі жерлердің санатын анықтап, оларды белгелі-бір жүйеге келтіруді жүзеге асыру үшін, жоба аясындағы нысандардың нақты санын анықтау қажеттігі туындайды.

Олардың саны шамадан тым көп болмауы тиіс, алайда тарихи ескерткіштердің негізгі кешенін қамтуы қажет, соның ішіндегі аса маңызды саналатын нысандар қатары мына аймақтарда орналасқан:

1. Алтай тау жүйесі және жалпы Шығыс Қазақстан аумағы. Бұл өңір әлемдік тарихи мұра бола отырып, тек қана түрік тайпаларының ғана емес, үнді-еуропалық және арий халықтарының арғы отаны да болып табылады;

2. Қазақстанның аса маңызды тарихи жетістігі болып саналатын –Түркістан қаласы және сонымен қатар, Ұлы Жібек жолы бойындағы Тараз, Шымкент, сондай-ақ Алматы облысындағы ежелгі тарихи-танымдық орындар, Сырдария өзені бойындағы өңір, Оңтүстік Қазақстан аймағы;

3. Орталық Қазақстандағы Ұлытау, қасиетті өлке – Сарыарқа жері;

4. Еліміздің батыс аймағы, оның ішінде Маңғыстау жері.

Ол үшін осы аталған өңірлердегі туристік инфрақұрылымның дамуына ерекше назар аударылып, бұл жобаларды жүзеге асыру үшін жергілікті әкімдіктермен тұрақты негізде үздіксіз жұмыс жүргізілуі тиіс.

Сонымен қатар, қоғамдағы жаһандық ақпараттану үрдісінің сипатын ескере отырып, отандық мәдениеттің әлемдік қауымдастықпен тұрақты байланысын орнатып, өз жетістіктерін әлем қауымдастығы алдында қажетті деңгейде көрсете алу мүмкіндіктеріне ие болуына баса назар аудару қажет. Бұл орайда туризмді дамыту арқылы өз мәдениетімізді ілгерілету, әлемге таныту, сол арқылы Қазақстанның әлем алдындағы беделі мен мәртебесін көтеру – басты мақсат болып табылады.

Өз тарихымыз бен мәдениетімізге, халқымызға құрметпен қарау сезімін қалыптастыру бұл іске барлық қауымдастықтарды, бұқара халықты жаппай тарту басты шарт болып отыр.

«Discovery», «National Geographic» каналдарымен бірге Қазақстан туралы ғылыми-танымдық фильмдердің топтамасын жасау жұмысы қарқынды жүзеге асырылуда. Тіпті бұл жобаның кейбір топтамалары күнделікті теледидардан да көрсетіліп те жатыр.

Маңғыстау облысының Қазақстанның сакральды картасында алатын өзіндік қайталанбас орны бар, тарихи орындарға, аңыз болған жәдігерлер мен мәдени мұраларға өте бай киелі өлке болып саналады.

Маңғыстау жеріндегі *«Қазақстанның киелі 100 нысаны»* қатарына енген нысандарға: Сұлтан үні, Шақпақ ата, Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата, Масат ата, Т.Г. Шевченко мемориалды кешені, Қызылқала қалашығы, Отпан тау тарихи-мәдени кешені, Балуания Мүсірепұлының кесенесі, Досан Тәжіұлының кесенесі, Иса Тіленбайұлының кесенесі, Барақ Сатыбалдыұлының кесенесі жатады.

Олардың өзі тарихи-танымдық ерекшелігіне қарай:

1. *Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері:* Отпан тау тарихи-мәдени кешені – Маңғыстау ауданы.

2. *Археологиялық ескерткіштер және орта ғасырлық қалалық орталықтары:* Қызылқала қалашығы – Маңғыстау ауданы.

3. *Діни және гибадат орындары болып табылатын орындар:* Маңғыстау жеріндегі қорымдар мен жерасты мешіттері: Бекет ата (Оғыланды жеріндегі, XVIII ғ.), Шопан ата, Көне Бейнеу және Бекет-ата, Қараман ата, Масат ата, Шақпақ ата, Сұлтан-епа сайы, Сисем ата – Қарақия, Маңғыстау, Түпқараған, Бейнеу аудандары.

4. *Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар:* Т.Г. Шевченко мемориалды кешені – Түпқараған ауданы.

Бұлай топтастырудағы басты мақсат – Маңғыстау облысының қасиетті және киелі жерлері туралы білімдерді қалыптастыру және оның қыры мен сырын өскелең ұрпаққа барынша терең таныстыру болып табылады.

Тарихының тамыры тереңге тараған Маңғыстау жерінің қасиет тұнған топырағы талайларды тамсандырып келеді. Табиғаты таңғажайып, тау-тасы түртіп қалсаң сөйлеп кеткелі тұрған шежірелі өлке.

Қасиетті Маңғыстау жері туралы Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «Маңғыстау тұрғындарына көп адамдар өмірінде тым құрығында бір рет барып көруді армандайтындай жерде тұру бақыты бұйырған», – деген болатын. Ал заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш Кекілбаев: «Маңғыстау... Тарих пен табиғаттың бірге толғанған тамаша дастаны, бірге салған таңғажайып суреті, бірге шерткен тағылымды шежіресі. Оны таңданбай көріп, тамсанбай түйсінудің мүмкін емес», – деп, ерекше атап өткен болатын.

Маңғыстау – кім-кімді де қызықтырып әкететін, тарихы терең өлке, сонымен қатар егемен еліміздің ең бай өңірі, экономикалық даму тұрғысынан көшбасшы болып отырған қазыналы өлке.

Осындай қасиетті мекеннің киелі орындарын анықтап, әрбір кешенге жан-жақты сипаттама беру, оларды көпшілікке таныстыру барысында заман талабына сай сапалы, жоғары деңгейдегі қызмет көрсету түрлерімен қамтамасыз ету – бұл бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.А. Қоғамдық сананы жаңғырту. 17.04.2017. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласы.

2 Қазақстан-2050 стратегиясы, - Алматы, 2012.

3 Қазақ ұлттық энциклопедиясы 7, 8, 9 том.

4 «Цели и задачи программы «Духовные святыни Казахстана» («Сакральная география Казахстана»).

5 Дмитрий Громов. Сакральная география. Энциклопедия мест силы и святылиц, 2005. - 603 стр.

МАҢҒЫСТАУ – ТӨРТКІЛ АЙМАҒЫ

Д.М. Боранқұлова, г.э.к., аға оқытушы,

Г.А. Джүзбаева, бМ060900-«География» мамандығының магистранты,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қаласы, Қазақстан

Ермекқызы Гүлнұр, п.э.магистрі,

Маңғыстау гуманитарлы-техникалық университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан

Аннотация: Природа Мангистау отличается своей необычностью и своеобразной неповторимостью. Отдельные останковые возвышенности – торткули, вносят неповторимую красоту в рельефный ландшафт территории. Торткули, одни из наиболее посещаемых и священных мест в полуострова. Природные и исторические факторы образуют портрет формирования таких уникальных шедевров.

Ключевые слова: Мангистау, рельеф, торткул, петроглифы

Annotation: The nature of Mangystau differs in the singularity and a peculiar originality. Certain the residual mountain of heights – Tortkul, bring unique beauty in a relief landscape of the territory. Tortkuli, one of the most visited and sacred places to peninsulas. Natural and historical factors form a portrait of formation of such unique masterpieces.

Keywords: Mangistau, relief, tortkul, petroglyphs

Ұлан ғайыр даламыздың батысындағы Маңғыстау өңірі таңғажайып сырларын қойнына бүккен, тарихы мен тамырын тереңнен бастау алатын киелі мекен. Киелі Маңғыстау өңіріне арналған тенеулер мен мадақтар өте көп. Өлкетанушы, географ С. Қондыбай өз өлкесін былай суреттеген: «Маңғыстау! Оның әр пұшпағы, әр тасы – ертегі, әр төбесі мен сайы – аңыз...». Маңғыстау – ғажайып өлке. Қазіргі кезде Маңғыстау аңыздық бейнесін сақтаған, «киелі өлке», «362 әулиелі» деген атқа ие жалғыз өлке. 362 әулие өмір сүрген киелі өңірдің табиғаты да ерекше [1].

Киелі Маңғыстау аймағының жер бедері де өзінің сан-алуандығымен көзге түседі. Бұл аймаққа ерекше ең беретін оның сирек кездесетін ерекше жер бедері. Әрбір өлке өзіндік бір эстетикалық әсемдікке ие. Жел, су және күннің әрекеттері әсерінен өзіне тән түрлі көркем табиғи бедер пішіндерін жасайды, сондықтан зерттелу аймағы Қазақстанның қайталанбас өңірлерінің қатарына жатады. Осындай қайталанбас табиғат туындыларының қалыптасуына Маңғыстау аймағының геологиялық ерекшелігі, неотектоникалық қозғалыстарының сипаты және әр түрлі экзогендік факторлар себепші болды.

Жер бетіне айрықша сән беріп тұрған ерекше жер бедері пішіні – төрткілдер. *Төрткіл*- жайпақ бетті, тік (жоғары бөлігі тік жарлы), кейде сатылы, беткейлі таулар. Мұндай оқшауланған тау жұрнақтары Маңғыстау өңірінде кездеседі. Олардың арасынан – Айрақты, Татам, Шерқала, Жалған, Қосшолпан, Қаншымтұран, Серікбайтөрткіл, Жалпақтөрткіл, Көлбайдың төрткілі, Үшшоқы, Базығұрлы,

Қозыбайтөрткіл, Боктының төрткілі, Науарбудак (158 м), Сарықұл (140 м), Сұлутөрткіл (200 м), Соқыр (155 м), Сазды (214 м), Орта төрткіл, Сарытөрткіл, Қантөрткілдерді айтып өтуге болады [2].

Маңғыстау төрткілі – қалыптасуы жағынан теңдесі, аналогы жоқ жер бедері пішіндері. Маңғыстау төрткілі туристік-экскурциялық, танымдық тұрғыдан құндылығы маңызды. Зерттелу өңіріндегі табиғаты сұлу, көрікті жерлердің бірі Қаратау аласа тау жотасының орталық және батысында, Ақмыштау тау жотасының солтүстігінде орналасқан Шерқала әсем тауы. Жел әрекетінен таудың солтүстік бөлігі қажалып, мүжіліп өзгеріске ұшыраған, ал оңтүстігі мен шығысы тік құламалы жарлы.



Сурет 1. Маңғыстау төрткіл аймағының жер бедері пішіндері
(авторлық сурет)

Шерқаланың ерекшелігі пішінімен айқын көрінеді. Егер оған бір бүйірінен көз жіберсек, ауқымды көлемдегі күмбезделе көтерілген қазақтың киіз үйін еске салады. Екінші бір тұсынан қарасак, Шерқала «ұйқыдағы» айбыны асқан арыстанды көзге елестетеді. Оның Шерқала аталуы да содан болар. Тау тұлғасы біздің қиялымызды оятып, көкжиекке көз салып, айналаға бұрынғыдан да ынтыға, ықыластана қарауға мүмкіндік береді және тікелей рекреациялық ресурс рөлін де атқарады. Сондықтан да оның материалдық және рухани байлығын пайдалану қажет. Аңызға бөленген Шерқала тауы Маңғыстаудың киелі жерлерінің бірі және табиғи символы болып табылады. Аңыз бойынша бір кездерде ержүрек батырлар қаптаған жауларынан қорғанып, Шерқала тауына тығылған екен. Олар арыстандар сияқты төбелескен. Таудың соңғы қорғаушылары таудың ішіне жердің астымен кіретін үңгірде жасырынған және сол жерде мәңгі қалып қойған. Ерлік пен еркіндіктің өтеуі – Шерқала немесе Арыстан қала атауы осыдан келіп шыққан. Шерқала - Қазақстанның жеті кереметінің бірі [3].


Шағын оқшауланған таулар жүйесі жергілікті тұрғындардың арасында Айрақты және Шоманай атымен белгілі. Шоманай таулары сүйір қадалы, мұнаралы, бағандары мен бекініс қабырғалары бар ертегідей қорғандар сияқты көрінеді. Жергілікті ақындар "Шерқала таудың бөркі еді, Айрақты таудың көркі еді," - деп жырға қосқан. Аңызға толы көрікті мекен Айрақты шағын тауы Батыс Үстірт шыңының қиыр солтүстік батысы және Өліқолтық сорының түйіскен жерінде, теңіз деңгейінен 351 метр биіктікте орналасқан. Айрақтыны Солтүстік Ақтаудың ең биік сілемдері деуге болады. Беткейлері тік жарлы, төбесі жалпақ та тегісті келген, бор-юра кезеңінің қалдығы болып табылатын Айрақты тауын «*алып монолит*» деуге болады.

Маңғыстаудың ең көне аңыздары әсіресе Шерқала мен Айрақтыға байланысты айтылады. Бұл жерлер Тарас Шевченко, Бронислав Залесский, Қашаған Күржіманұлы, Аралбай Оңғарбекұлы секілді белгілі адамдардың есімдерімен тығыз байланысты. Зерттеушілердің сөзіне сүйенсек бұл таудың баурайымен Ұлы Жібек жолы өткен.

Шерқала – Айрақты аймағы Маңғыстаудың ең көрікті жері. Табиғаттың өзі жасаған тыл сым сұлулығын сөзбен айтып жеткізе алмайсыз. Айрақты тауы мен Батыс Қаратау аралығында орналасқан

Көгес жазық аңғары, Иір ойы, Батыс Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейі, Шерқала тауы, Айрақты тауы, Ақмыш бағы, эолдық бағаналар біртұтас табиғи ансамбльді құрайды. Бұл таулы аймақта әр түрлі сипаттағы нысандар бар, олар: құдықтар, молалар, тас бетіне салған таңбалар, морфомүсінді пішіндер (үңгірлер, тасты бағаналар, тасты шарлар) және біршама күрделі жер бедері [4].

Археология институтының қолдау хатымен Шірік – Рабат қала-қорымы Қазақстанның аса көрнекті көне ескерткіштерінің тізіміне енді.

2004 жылы бастау алған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Шірік – Рабат археологиялық экспедициясы құрылып (жетекшісі: т.ғ.к. Ж.Құрманқұлов), ескерткіштертегі әр кезенді қамтитын бірнеше нысанға қазба жүргізілді. Олардың кейбірі толық зерттеліп бітсе, енді біреулері әлі қазылып жатыр [3, Б.314-319].

Жент қалашығы (XII-XIII ғғ.) – археология. Қызылорда қаласынан батыс-оңтүстік-батысқа қарай 115 шақырым, Жаңадарияның негізгі арнасының оң жағалауынан 4 шақырым жерде, оның бүйірлік көне тармағында орналасқан.

Ескерткішті 1946, 1958, 1961 жж. ХАЭЭ (С.П.Толстов) зерттеген. Қалашықтың жалпы аумағы 40 га. Жент – XII-XIII ғғ. адамдар тығыз қоныстанған орасан зор аймақтың орталығы. Ортағасырлық суландыру жүйелерінің іздері, үй-жайлар, бекіністер бұл жерден шығысқа қарай, Жаңадарияның оң жағалауын бойлай Сырдарияға жанасып жатқан жатқан мәдени белдеуге дейін 40-50 шақырымға созылып жатыр. Жент (Жаңа қала) – осы шұраттағы ең үлкен және ең қызықты ескерткіш [3, Б.132].

Оқшы-ата кесенесі (IX-X ғғ.) – архитектура. Қызылорда облысы Шиелі ауданы Жөлек ауылынан 7 шақырым жерде орналасқан. Атабай ауылынан батысқа қарай 10-15 км қашықтықта, киелі Түркістаннан 40-45 км жерде киелі Оқшы-атаның құдығы бар.

Оқша-атаның зиратына, әулиенің аруағына құрмет көрсетуге, киелі құдықтан су ішуге барады. Құдықтың суы киелі. Кейде шелек құдықтан сусыз немесе топыраққа толып шығады. Тіпті, шелек құдықтың түбінде қалып қоятын кездері де болады. Бұл – сол шелекті салған адамның күнәлары көп екендігін білдіреді. Сондықтан, күнәсінен арылу үшін ол адам көп жақсылық жасауы тиіс. Әулие Оқша-ата құдығының киелігіне күмән жоқ. Кесене сазды лайдан, күйдірілген кірпіштен қаланды. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 1,1-1,2 м. Іргетасы – жерге 0,8 м тереңдікке енгізіліп, күйдірілген кірпіштен қаланды [4].

Қорасан ата кесенесі (XIX ғ. аяғы) – архитектура. Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 31,1 шақырым жерде орналасқан (азимут 238°).

Қорасан ата – Сырдарияның төменгі ағысына келген алғашқы ислам миссионерлерінің бірі Абдулзалилдің лақап аты.

Қорасан ата кесенесі өзінің әртүрлі көлемдегі әсем кескінді күмбездерімен сырттан қарауға арналған. Оның ауқымы, қырат үстінде орналасуы, тиімді нүктеден (оңтүстік-шығыс) ашылуы, тек қорым әшәнде ғана емес, сонымен қатар қоршап жатқан бірнеше шақырым жазықтықтағы үстемдігін көрсетеді [3, Б. 258-260].

Төлегетай-Қылышты ата (XI-XII ғғ.) - Жаңақорған ауданы, Қыркенсе ауылынан оңтүстікке қарай 7 шақырым жерде орналасқан.

Мазарлар күйдірілген кірпіштен салынған. Ұлттық сәулет өнерінің озық үлгісі 1970 жылдардағы кесененің түсірілген суреті арқылы сызбасын сызып, кесененің күмбезі, қасбетінде қос бағана болғандығын айқындаған. Қайта жаңғырту жұмыстары 2005 жылы 1 маусымда басталып, 2008 жылы 30 тамызда толық аяқталды. Еліміздің көрнекті сәулетшісі Ыбыраев Бек Әнуарбекұлының

шығармашылығымен қайта жаңғырған көне кесене жобасы аса шебер қолтаңбамен айшықталып жүзеге асырылды. Қос күмбезді, төрт мұнаралы, сегіз сынтасты. Күмбезді құрылыс нысаны 9х9 м., биіктігі 10 м. өлшемде. Әдемі және ерекше пропорциялы. Ескерткіштің төлқұжаты толтырылып, қорғау тақтасы орнатылған [5].

Бегім ана мұнарасы (XI — XII ғғ.) - қазіргі Қызылорда облысы Арал ауданы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде орналасқан. 1979 жылы Қазақстан Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә.Оспанов) зерттеген.

Республикалық маңызы бар, қорғау аймағы белгіленген архитектуралық ескерткіш. Бегім ана - аңыз деректері бойынша оғыз-қыпшақ заманындағы әрі батыр, әрі діндар болған Қарабура әулиенің қызы болады. Қарабураның қасиеті осы қызына дарыған екен [6].

Қорқыт ата мемориалдық кешені Қызылорда облысының Жосалы ауылынан 18 шақырым жерде Қорқыт разьезінің түбіне 1980 жылы салынған. Қорқыт – көріпкелдердің, сазгерлердің, музыканттар мен ақындардың, бақсылардың табынушысы. Қорқыт VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген. Аңыз бойынша, Алла тағала қобыз жасауды Қорқытқа бұйырыпты. Оғыз елі үстемдік құрған IX-X ғасырларда “Китабу дәдәм Қоркут” атты әдеби ескерткіші болғаны белгілі. Кешеннен 2 шақырым қашықтықта теміржолға қарай Сырдария өзенінің жағалауында Қорқыттың мазары бар. Ол жер шарының қақ ортасы болып саналады. Мазар ертеректе өзен сумен шайылып кеткен. Кешен – бірнеше құрылыстан тұрады. Солардың ішінде, ең қызықтысы – «Ән салатын түтіктер». Ол – әлемнің төрт бұрышына қаратылған төрт қобызды бейнелейді. Олардың арасына жел соққанда қобыздың үнін шығаратын бірнеше түтіктер жинағы орнатылған. Сәулетші, бұл ескерткішті жасаған кезде аэродинамикалық әсерді қолданған. Мазардың төбесіне түтіктер ілінген, жел соққанда сол түтіктерден қобыздың сарынымен үндес дыбыс шығады. Қорқыт ата ескерткішінің ішкі жағы – Қорқыттың сиқырлы Желмаясын елестететін “түйе табан” өрнегімен безендірілген сүйір күмбезді тәрізді. Ескерткіш стеланың табаны мен беттері – ежелгі көшпенділердің космогониялық ұғымын сипаттайтын оймышпен және мозаикамен көмкерілген. Қорқыт Ата жайында Ш. Уәлиханов былай деп жазады: “Қобызда ойнауды тұнғыш үйренген – Қорқыт. Әрі ол ең алғашқы бақсы”. Халық арасында «қайда барсаң қорқыттың көрі»-деген Қорқыт атаның өлімнен қашқаны туралы аңыз бар [3, Б. 370].

Бұқарбай батыр кесенесі – Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында орналасқан.

Кенесары ханның бас сардарының бірі болған Бұқарбай батыр Талас-Шу жорықтарына қатысып, Ханның қосыны мен Алатаудың етегіне дейін барады. Он жылға созылған Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтерілістің нәтижесі мен оның саяси сипаты, мән-мағынасы мен орны біздерге Қазақстан тарихынан белгілі. Елге оралған Бұқарбай батыр Қараөзек терістігіндегі Бегікөлден саға алып тұсырап жатқан далаға арық қаздырып, егін егіп, халықты қоныстандырып тіршілік жасауға басшылық жасайды. Жасы ұлғайғанда бес қаруын тіл қаруына айналдырып, елді ауызбірлікке, тату өмір сүруге арнайды. Бұқарбай батыр 1898 жылы Қараөзек бойындағы өз қыстауында қайтыс болған. Денесі қыстаудан үш шақырым жердегі биіктеу төбеге жерленген. Кейін бұл аймақ «Бұқарбай батыр қорымы» атанды.

Батырдың 180 жылдығын ел тәуелсіздігін жариялаған алғашқы 1993 жылдың жазында, өтпелі кезеңнің қиын уақытында, кәсіпкерліктің жаңа дамып келе жатқан шағында облыс, аудан жұртшылығы жұмыла көтеріп атап өтті. Бейіт ауласы қоршалып, батырдың кесенесі салынды. Аудан орталығында батырға ескерткіш орнатылды. Облыс орталығында, кентте батыр атына көше берілді. Өзінің ұрпақтары тұрып жатқан ауыл Бұқарбай батыр атымен аталды. Батыр атында қор құрылып, жұмыс істеуде [7].

Жанқожа батыр кесенесі (1992 жыл) - Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінен батысқа қарай 4 шақырымда орналасқан.

Әйтеке би кентінен батысқа қарай 4 шақырым жерде орналасқан. Жанқожа батыр ескерткіш кешені 1992 жылы халық батыры және көріпкел әулие Жанқожа Нұрмұхамедұлының құрметіне арналып қойылды. Кесене құрылысын салуға мекемелер мен кәсіпорындар, мыңдаған жекелеген азаматтар қаржылай көмек көрсетті. Ескерткіштің іргетасына бетон блоктары төселіп, қабырғалары күйдірілген кірпішпен қаланған [8].


Христос Спаситель шіркеуі (1890-1895 ж.) - Қызылорда қаласы, И.Токтыбаев көшесі, 5.

1855 жылдары Перовск қаласында христиан дінін уағыздаушылар көбейіп, Христос Спаситель шіркеуі елеулі рөл атқарады. 1855 жылдың 13 қазанында жылжымалы шіркеу болып алғашқы рет ашылады. Оның негізін салушы поп Л.Гороховский болды. Ал қала христиандары үшін алғашқы тұрақты шіркеу 1863 жылы ашылды. Бұл шіркеу үйі 1868 жылы болған қатты жауыннан құлап қалады. Сол жылы күйдірілген кірпіштен салынып, төбесі жабылған шіркеудің жаңа үйін пайдалануға береді. 1890 жылы шіркеудің жаңа ғимараты салына бастайды. 1896 жылы пайдалануға беріледі. Шіркеу 250-300 адамдық. Бүгінгі таңда шіркеу христиандардың бас қосып, мінәжат етер негізгі орны. Бүгінгі күні ғимарат мемлекет

қорғауына алынған, республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген.


Бүгінде шіркеу – христиан дінін ұстаушылардың бас қосатын орны. Шіркеу ғимараты екі бөліктен – мінәжат етуге арналған залдан және кіреберістен тұрады. Негізгі көлемі крестті-куполды, кресттің соңдары тең, кресттің кіруші бұрыштарында қосымша бөлмелер бар. Бұл крест тәрізді кеңістік биік (екі шырақты), орта кресті екі бөлікке бөлінген. Сегіз қырлы барабанда тұрған жарты циркульді аркалы сегіз тар терезе ойықтарымен кесілген. Крест жерлері қасбеттерге сәйкес пішінді жасайтын жарты циркульді көрініске ие күмбездермен жабылған. Осы бөлшектердің үстіңгі жағында жартылай дөңгелек доғалармен жабылған жоғары пропорциялы үш бөлікті терезелер жасалған. Төменгі деңгейдегі қапталдық қасбеттерге қосымша кіреберіс ойықтары бар. Мінәжат ету залының есігі батыс жақтан жасалған. Бұл екі шырақтық, сегіз қырлы күмбез асты барабанындағы күмбезбен тәжделген. Күмбез негізгі күмбезге ұқсас, бірақ көлемі кішірек. Бірінші деңгейде кіреберіс бөлігі, екіншіде күмбез асты барабанында орналасқан үш тереземен жарықталатын хорлар орналасқан. Ішкі кеңістік жиектік жолақпен екі деңгейге бөлінеді. Шіркеу кең тараған жобаның баламасы. Осыған ұқсас шіркеулер Астраханда және Ташкентте бар [9].

Жоғарыда аталған облыстың киелі жерлерін ArcGIS 10.4 бағдарламасы арқылы жасау жолдары төменде көрсетіледі. Autotourist.kz сайтынан алынған Қызылорда облысының 1: 1 000 000 масштабтағы картасы негізінде жасалып жатқан облыс картасына Сурет 1. ArcGIS 10.4 бағдарламасында киелі жерлер шейп-файлын ашу көрсетілген.




Сурет 1. ArcGIS 10.4 бағдарламасында киелі жерлер шейп-файлын ашу

ArcGIS 10.4 бағдарламасындағы каталог-home-documents – жаңа- шейп-файл- киелі жерлер. Келесі нысан типі- киелі жерлер - нүкте- өзгерту-Asia North Equidistant Conic –глобус-импорт- Kyzyl-Orda_oblast TIFF – енгізу-ок басамыз (Сурет 2).




Сурет 2. ArcGIS 10.4 бағдарламасында шейп-файлға киелі жерлер атауын беру

Мазмұндар кестесінен киелі жерлер белгісін таңдап аламыз. Мазмұндар кестесі – киелі жерлер – белгі таңдау (қалыңдығы, түсі) – ок басамыз (Сурет 3).




Сурет 3. ArcGIS 10.4 бағдарламасында киелі жерлер белгісін таңдау

Киелі жерлер атауын енгізу үшін атрибуттар кестесін ашамыз. Мазмұндар кестесі – киелі жерлер – атрибуттар кестесін ашу (тышқанның оң жақ батырмасын басу арқылы) – жол енгізу – атау – тип (text) – ок басамыз (Сурет 4, 5).




Сурет 4. ArcGIS 10.4 бағдарламасында киелі жерлер бойынша атрибуттар кестесін ашу.




Сурет 5. ArcGIS 10.4 бағдарламасында жолдар кестесін енгізу

Қызылорда облысы картасында киелі жерлерді енгізу үшін өңдеуді бастаймыз. Өңдеу – өңдеуді бастау – киелі жерлер – ок басамыз (Сурет 6).




Сурет 6. ArcGIS 10.4 бағдарламасында Қызылорда облысы картасында киелі жерлерін өңдеуді бастау


Киелі жерлердің орнын анықтай отырып, атрибуттар кестесіне енгіземіз. Карта бетінен киелі жерлерді белгілеп шығамыз – киелі жерлердің атын атрибуттар кестесіне латын әріптерімен енгіземіз. Карта бетіне киелі жерлерді белгілеп шығамыз (Сурет 7, 8, 9).



Сурет 7. ArcGIS 10.4 бағдарламасында Атрибуттар кестесіне белгіленген киелі жерлерді енгізу




Сурет 8. ArcGIS 10.4 бағдарламасында облыс картасында киелі жерлер орны анықталды




Сурет 9. ArcGIS 10.4 бағдарласымен жасалынып жатқан картада киелі жерлер орны белгіленді


Карта бетінен киелі жерлерді белгілеп болғаннан кейін өңдеуді аяқтаймыз. Өңдеу – өңдеуді аяқтау – өзгерістерді сақтау – ок басамыз (Сурет 10, 11, 12).



Сурет 10. ArcGIS 10.4 бағдарламасында Қызылорда облысы картасында киелі жерлерін өңдеуді аяқтау



Сурет 11. ArcGIS 10.4 бағдарламасымен жасалынған Қызылорда облысының картасы



Сурет 12. ArcGIS 10.4 бағдарламасында Қызылорда облысының киелі жерлері картасы

ArcGIS 10.4 бағдарламасы бойынша жоғарыда көрсетілген кезеңдер бойынша Қызылорда облысының киелі жерлері картасын жасаудың жолдары көрсетілді.

Қорыта айтқанда, Қызылорда облысының киелі жерлер географиясын жасаудағы негізгі мақсат өлкетану бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын, өлкетану саласындағы ағартушылық жұмыс, республикадағы өлкетану жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық өлкетану ұйымдарымен, жергілікті мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, Қазақстанның архивтері мен музейлерімен бірге ынтымақтастықта өлкетану тақырыбындағы ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады.

Болашақ ұрпақтың осы өңірге деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаға деген ерекше көзқарастарын қалыптастыру. Киелі жерлер географиясын геоақпараттық жүйеде қолдану арқылы халыққа оңтайлы жағдай туғызу. Сонымен еліміздің туризм саласын дамыту болып табылады.

Қызылорда облысындағы белгілі тарихи қайраткерлерінің өмірлерін оқып-тану. Өңірдегі батырлардың ерлігі туралы құжаттарды, мәліметтерді жинастырып, мектеп мұражайындағы жәдігерлер қатарын толықтыру.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-100-nysany-zhariyalandy_a3055512
- 2 <http://ordanews.kz/kz/newsoblkorda/2300-azastanny-kiel-zherler-geografiyasyna-syr-rnen-12-nysan-end.html>
- 3 *Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы, Қызылорда облысы, 2012. – 132-137, 223-226, 314-320, 357-360, 370 бб.*
- 4 <http://mybiblioteka.su/tom2/3-170980.html>
- 5 <http://kyzylorda-pamyatniki.kz/kz/monuments/kzo/ger92>
- 6 <http://el.kz/kz/news/archive/content-16853>
- 7 http://halyk-gazeti.kz/index.php?Itemid=10&catid=10:2011-11-18-09-11_48&id=319:2012-04-26-04-18-22&option=com_content&view=article
- 8 <http://mybiblioteka.su/tom2/3-170978.html>
- 9 <http://syrboyi.kz/negizginews/14284-asyrlardy-kus-esk-shrkeu.html>
- 10 <http://autotourist.kz/images/upload/m>

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (ҚАЗЫҒҰРТ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА)

Г.А. Абдикаримова, п.ғ.к., аға оқытушы.

*Р.Е. Қалдыбекова, бД011600-мамандығы 1-курс докторанты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: В статье затронута историческая значимость в сфере туризма места Гайып ерен, Кырык шилтен расположенного в Казыгуртском крае. Было обращено внимание на сферу образования в проведении краеведческих работ по местности, благоустройства близлежащих населенных пунктов и улучшении экологии, проводимость работ по восстановлению исторических памятников и культурных объектов в условиях местности.

Ключевые слова: Родина, краеведение, исторические памятники и культурные объекты, Гайып ерен, Кырык шилтен, гора Казыгурт

Annotation: The article touches upon the historical significance of the place of Gayip eren, Kyryk shilten located in the Kazygurt Territory in the tourism sphere. Attention was paid to the sphere of education in carrying out local studies on the terrain, improvement of nearby settlements and improving the environment, conductivity of works on the restoration of historical monuments and cultural objects in the terrain.

Keywords: Motherland, local history, historical monuments and cultural objects, Gayip eren, Kyryk shilten, Kazygurt Mountain

Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін

әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі –білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Ел Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын зер сала оқып шықтым. Елбасы елдің бүгіні мен болашағы туралы ой толқындарын – қуатты сезім ағысымен жүректен өткізе отырып толғана, тебірене сыр шерткен. Соның ішіндегі «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынғаны көңіліме қатты ұнады. Бұл орайда, өз өлкесін танып білуге әрбір оқушының хақы бар деп толық сеніммен айтуға болады. Мәселен, 7-сынып жаңартылған білім мазмұны бойынша берілген география оқулығында географиялық ақпарат іздеу тәсілдері бойынша, «Бурабай» аймағы туралы мағлұматтар беріліп, оның географиялық орны, тарихи және табиғи ерекшеліктері туралы мәліметтер қарастыру керек. Дәл осы тақырып соңында, жергілікті жерді танып білу мақсатында өлкетану материалдары негізінде осыған ұқсас тапсырмалар ұйымдастыруға неге болмасқа?

Бірінші, бұл білім беру саласында ақымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс [1].

Патриоттық тәрбие берудің ең күшті құралының бірі өлкетану болып табылады – табиғатты тану, туған өлкенің шаруашылығы мен тұрғындары, жергілікті қауымдастықтың өмірін жақсарту мақсатындағы олардың өткені мен қазіргісі. Бұл бағыт өзінің бейнесін білім берудің өңірлік қағидаттарынан, оқушылардың туған өлке туралы толық, терең мазмұнды білімі мен туған өлке табиғаты мен туған жерге деген махаббат сезімінен, өз халқының салт-дәстүріне арналған құрметінен табады [2].

Оқушылардың ойлау дағдыларын арттыруда өлкетану материалдарын оқытудың маңызы зор. Осы орайда осыдан 22 жыл бұрын (1996 жылы) алғаш рет студенттердің далалық іс-тәжірибесінде барып танысып қайтқан киелі аймақ Қазығұрт тауының етегінде жатқан Ғайып ерен, Қырық шілтен мекенінің сол кездегі көрінісі көз алдыма келе қалды. Ол кезде жай ғана қарапайым күйде жатқан мекен, қазіргі көрінісінің абаттанып әлдеқайда өзгеріске енгенін байқадым. Алғаш рет «осы аймақта адамдардың зиярат етіп баратын жері бар»-деп естігенде, қызығушылығым оянып студенттерді апарып көрсетсек қалай болар екен?- деген ойымды айтқанымда, білмеймін, ол жерге бізді кіргізер ме екен?, толық айта алмаймын-деп жауап берді. Сонда да барып көрейік- деп шештік. Шынындада 20 шақты студентті алып барғанымызда ол жерге жауапты шырақшы кісі, алдымен рұқсатын бермеді. «Бұл жерге ниет етіп, тілек тілеп келеді, көрінгенің жайдан-жай келгеніне рұқсат етпейміз»-деп тұрып алды. Сонда санама келген ой, ағай түсініңізіші, біз ең болмаса экскурсанттар ретінде көрейік, себебі мына студенттердің барлығы жан-жақтан келген. Бұл жер туралы алған әсерлерін әрқайсысы туған ауылына, ата-анасы, құрбы-құрдастарына, таныстарына әңгімелеп береді. Ол қайта сіздерге жақсы емеспе, жарнаманың нағыз өзі және осындай табиғаттың кереметін әрбір адам көруге ынтығады - деп айтқанда, әлгі кісі ойланып қалды. Сосын жарайды, осында келген мына үш кісінің артынан жүресіндер, олар зиярат жасап келген, менің айтқандарымда жастар мұқият тыңдасын деді. Шынында да ол жерді аралап көргенен кейін жастар түгілі біраз жасқа келген оқытушыларды да біраз қажетті мәліметтермен қаныққанын байқадым. Барлығы тыныштық сақтап керемет күй кешіп, тәлім-тәрбиелік насихат тыңдап күш-қуат алып қайтқандай болды.

Тылсым күштің кереметтерімен танысып, табиғаттың құбылыстарынан пайда болған тастардағы геоморфологиялық өзгерістерді өз көздерімен көріп таңғалысты. Сол кезде көрген Ғайып ерен, Қырық шілтен мекенінің қазіргі кезде айналасының қатты өзгеріп, халықтың келіп кетуіне жақсы жағдай жасалынып туризмнің дамуына үлес қосып жатқанына көзім жетті. Енді осы аймақтың қазіргі көрінісін көріп таң қалдым. Қандай өзгеріс, жаңару жаңғыру деп осыны айтқандай. Мына суреттегі көрініс соның дәлелі (сурет-1).



Сурет-1. Ғайып ерен қырық шілтенге кіретін жердің көрінісі

Енді осы аймаққа тек Қазақстанның түкпір-түкпірінен ғана емес, шетелдік қонақтарда келіп кететін мекенге айналған. Бұл мекенге бір келген адамның қайта-қайта келгісі келіп тұратыны тектен-тек емес шығар. Енді осы мәліметтердің шындығына көз жеткізу үшін, толық анықтама беріп өтейін.

Төмендегі суреттен осы мекенге келіп тамашалап жатқан туристерді көреміз (сурет-2).



Сурет-2. Ғайып ерен қырық шілтенде орналасқан тастарды көруге келген туристердің көрінісі

Ғайып ерен, Қырық шілтен мекенінің орналасқан жері Қазығұрт тауы Тянь-Шань тауларының батысында орналасқан жеке дара тау екенін бәрі біледі. Ал енді оның сырт жағында тұрған Қаржан, Өгем таулары бар. Көрген көзге әсемдік сыйлайды. Қарап тұрғанда сананды сергітетін сұлу сарқырамаларын айтсаңшы. Әсіресе, Қаржан тауының етегіндегі Қырыққыз шатқалының кереметі кім-кімнің де есінде мәңгі сақталып қалары сөзсіз.

«Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркінің Өгем филиалының Өгем шатқалында қонақжай, бақылау бекеттері, демалыс орындары, аңшылар үйі орналасқан. Мақпалкөл – ауданның ғана емес, облыстағы теңіз деңгейінен ең биік нүктеде орналасқан көл, теңіз деңгейінен 2100 м. биікте. Табиғи парктің Өгем бөлімі демалушыларға арналған 2 туристік соқпақ: Мақпалкөл және Сусінген көлдеріне атпен және жаяу серуендеу маршруттары туристерге тұрақты түрде қызмет етіп келеді. Олар:

1) Өгем елді мекенінен Мақпалкөлге 3 күндік атпен саяхат, 45 км., мерзімі маусым-қыркүйек айлары аралығы;

2) Өгем елді мекенінен Сусінген көліне 3 күндік атпен саяхат, 31 км. Ұлттық парктің территориясында Қырық қыз, Күйеутас секілді табиғи тас мүсіндері, Ордақонған, Ұлыжұрт, Кішіжұрт тарихи қоныстары мен тарихы тас дәуіріне кететін үңгірлер белгілі.

Ал енді тарихтан белгілі Ғайып ерен қырық шілтен сөзі бір емес үш тілден құралған тіркес. Атап айтар болсақ, «ғайып» араб тілінен алынған «жоқ болу», «көзден таса болу» деген мағынада, «ерен» сөзі көне түркі тілінен алынған «ер» сөзі, ал «шілтен» болса, парсы тілінен аударғанда «қырық тән немесе қырық дене» деген ұғымға саяды.

Бұл сөз туралы, бұл жер туралы өте көп аңыздар бар. Оның бірі арабтың ғұламасы әл-Газалимен тікелей байланысты. Ол әл-Фарабимен замандас болыпты. 13-14 жастағы әл-Газали Үндістаннан араб елдеріне білім іздеп шығады. Ол мінген керуенге жол бойы қырық қарақшы жолығып, бұлардан ақша талап етеді. Жолаушылар бар қаржысын жасырып бақса, бала газали анасы берген тиынның бәрін қарақшыларға санап береді. Баланың бұл ісіне таңырқаған қарақшылар себебін сұрайды. Сонда әл-Газали анасының «Құдайдан қорық, адам баласына қиянат жасама, өтірік айтпа, адалдан мал тап» деген ақылын айтып береді. Қарақшылар баланың тегін емес екенін байқап, тартып алған ақшасын қайтарып беріп, бата сұрайды. Батадан соң, қарақшылар құсқа айналып, жоғарыға ұшып кетеді. Содан бастап **«Ғайып ерен қырық шілтен»** атанады. Оларға Алла тағала тарапынан қиын-қыстау жағдайға ұшыраған мұсылмандарға көмектесу міндеті тапсырылады. Сондай жағдаймен келген зиярат етушілердің тастың арасынан өтуге арналған кіреберіс көрінісі (3-сурет).



Сурет-3. Ғайып ерен қырық шілтенге кіретін жердің көрінісі

Кей аңызға сүйенсек, бұл жерде Адам ата мен Хауа ана, сондай-ақ барлық жер-дүние, аң-құстар Алла Тағаланың құдіретімен ғайыптан пайда болыпты. Ғайып ерен – ғажайып күш, ал Қырық шілтен – көзге көрінбейтін қырық бір ата. Баяғы өткен заманда Шілтер атты әулие кісі болыпты. Құдайға құлшылық етуден таймаған, істегені ақ, көңілі таза, ниеті адал, ақ жолындағы адам екен. Бір күні қасындағы қырық кісімен бірге жолаушылап келе жатып, Қазығұрт тауының етегіне келеді. Біраз дамылдап алған соң, бесін намазын оқымаққа жайнамазға жығылады. Осы сәтте таудың басқа қырынан қарақшылар тап келіп, бұларды өлтірмекке бекінеді. Шілтер әулие мен қатар қырық кісі де намаздарын бұзбай оқи береді. Намаз үстінде әулие тәңірден «жау қолына түсіргенше, тасқа айналдыра көр» деп дұға етеді. Алла Тағала қасиетті Шілтердің тілегін қабыл етіп, серіктерімен бірге тасқа айналдырады. Содан кейін көпшілік бұл жерді Қырық Шілтер әулиенің жері деп атап кетеді.

Ерте заманда бір сахабаның ұлы қасына қырық серігін ертіп, әулиелі, киелі жерлерді аралап жүреді. Олар осылай Қазығұрт тауының етегіне келіп түнейді екен. Бір аңызда ол жерді «Ғайып ерен қырық шілтен» деп атаса, ал бір аңызда «Қызырала қырық шілтен» дейді. Халық болса, сол қырық кісіні ғайыптан пайда болған деп қабылдап, Шілтер деп атап кетеді. «Шіл» сөзі парсыдан тәржімалағанда «қырық» мағынасында екен. Содан ол жер «Ғайып ерен қырық шілтен» деп аталып кеткен.

Сонымен қатар, қазақ халқының батырлық дастаны «Алпамыс батыр» жырында:

*«Сол уақытта батырға,
Атса мылтық өтпеді,
Шапса қылыш кеспеді.
Ғайып ерен, Қырық шілтен,
Қолтықтан сүйен, демеді»*

– деген жыр жолдары бар. Бұл жырдан біз Ғайып ерен қырық шілтеннің сонау бағзы заманнан бар екенін көреміз. Әулие басында тастардың арасынан өсіп шыққан бір түп киелі тұт ағашы бар. Сондай-ақ, Адам ата мен Хауа ананың белгілері бар. Бұл бейнеде ер адам дауыл мен от-суға қарсы тұратын, әйел затының сүйеніші ретінде көрсетіліп, Адам ата мен Хауа анамызды қиындықтан қорғап тұр. Тастағы тесіктер Хауа ананы от пен судан аман сақтаған Адам атаның қырық тесік шапаны екен. Табиғат-Ананың өзі таспен мүсіндеген жан-жануарлардың бейнесі, сондай-ақ дастархан белгісі, түйе белгісі секілді тас мүсіндер бар. Сол секілді мұнда 15 метрлік жартас бар (сурет-4).



Сурет-4. Ғайып ерен қырық шілтендегі 15 метрлік жартас көрінісі

Ол жартас аралығындағы ең тар ені 25-30 см. Бұл жартастан арық адам өте алмай, толықтаулары оңай өте шығуы мүмкін. «Күнәсі аз адамдарды жартас оңай жібереді» деген түсінік бар. Осы жерде біріне-бірі карама-қарсы үш бұлақ ағып жатыр. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, емі де үш түрлі. Біреуі іш ауруларына, келесісі көз ауруларына, ал үшіншісі құлақ ауруларына ем екен.

Көктем оңтүстіктен, наурыз Қазығұрттан басталады-деп текке айтылмаса керек. Қазығұрт Шымкент қаласынан оңтүстікке қарай 35 км-дей қашықтықта. Қазір салынып жатқан Шымкент-Ташкент тас жолының Қазығұртқа дейінгі тұсы толық аяқталған. Жол тегіс. Туристерге ыңғайлы десе болғандай.

Қазығұрт өңірі құнарлы да шұрайлы өлке. Ауылы берекеге толы, ауасы таза, тұнық өзендерін көру бір бақыт. Қымызы мен шұбаты, құрты мен қазысының дәмі ше, таңдайыңызда жүреді. Бұл дегеніңіз, туристерді тартуға үлкен мүмкіндік. Жазушы Мархабат Байғұт ағамыздың былай дейтіні бар: «Қазығұрт – тек Қазығұрт ауданы ғана емес. Шымкентіңіз сол таудың баурайында [3].

Оңтүстік өлкесінің қай-қай жері де қасиетті әулие-әмбиелерден кенде емес. Тамырын тереңнен тартқан сондай киелі орындардың бірі деп Қазығұрт тауының етегінде жатқан Ғайып ерен, Қырық шілтен мекенін айтуға болады.

Бүкіл қазақ білетін киелі Қазығұрт тауына саяхат жасайтындар аз емес. Осы таудың ең биік нүктесі 1768 метрге көтеріліп, демалысына демалыс қосып, өз-өзіне адреналин сыйлайтындар да жетерлік. Ол әрі спорт, әрі туған жердің тарихына деген жанашырлық.

Қазығұрт өңірі – жаңа өркениеттің, жаңа өмірдің бастауы дейміз. Былтыр жазда елімізде ЭКСПО-2017 көрмесі өткені белгілі. Шетелдік туристер үшін Оңтүстік өңірін қамтитын 15 маршрут енген. Оның қатарында Қазығұрттағы «Кемеқалған» монументі және аудандағы бірнеше нысан бар. Еліміз үшін маңызды бұл халықаралық көрме қасиетті Қазығұрт өлкесін әлемге жан-жақты танытуға мол мүмкіндік болды [4].

Жас ұрпақ жоғарыда келтірілген деректерге сүйеніп, өлкетану материалдары бойынша іс-шаралар ұйымдастырып, альбом, мектепте өлкетану бұрышын жасап жатса қандай ғанибет. Тек, бағыт бағдарын беріп отыратын ұстаздарымыз көп болса екен деген ой түйгіміз келері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Н.А. Назарбаев. *Болашаққа бастар жол: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 2017.04. - №35.*

2 «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 70 б.

3 Сәбит Әуесбек. 27 Сәуір 2013, Газеті: "Шымкент келбеті" газеті.

4 Оңтүстік Қазақстан облысы туристік-рекреациялық орындарын дамытуда туристік маршруттарды ұйымдастыру. Авторы: п.ғ.м., аға оқытушы Сатыбалдиева А.У. 10 наурыз. 2017.

ЕЛІМІЗДІҢ САКРАЛЬДЫ НЫСАНДАРЫН ЭКСКУРСИЯЛАР АРҚЫЛЫ ӘЙГІЛЕУДІҢ ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕРІ

*С.К. Алишымбеков, п.ғ.к., аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ. Алматы қаласы*

Экскурсия экскурсанттардың сакральды нысандарға деген сұраныстары мен талаптарының нәтижесінде, әрекеттердің мақсаттары мен себептері пайда болатын ұлттың қасиетті орындары мен оның маңыздылығы туралы білімдерін қалыптастырады.

Экскурсияда киелі нысандар әлемін тану *түйсінуден*, яғни экскурсанттардың сезім мүшелеріне тікелей әсер ету арқылы сакральды нысандардың жекелеген қасиеттерін білдіруден, және *қабылдаудан*, яғни экскурсанттың сол қасиеттерді жекелеп және жалпы танып білуінен басталады.

Қабылдау – бұл сакральды экскурсиялық нысандардың енжар бейнесі емес, өту барысында экскурсант айналасындағыны танып, экскурсия жетекшісінің көрсеткені мен айтқанын түсінетін күрделі қызмет. Сол себептен қабылдау барысында экскурсиялық нысандарды айтып түсіндірудің маңызы зор. Көп жағдайда нысандардың сыртқы белгілері айқын емес немесе өзгертілген болады, бұл оны бірден тануға мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдайда экскурсия жетекшісі сөзбен байланысты бейнелерді оятуға көмектеседі, және олар нысанды түсінуге мүмкіндік береді. Бұл қағида экскурсанттың бұрынғы тәжірибесінен және оның әуелгі түйсіктерінен шығады. Танымның сезінушілік сатысы болып табылатын түйсіктер мен қабылдаулар міндетті түрде адамның ойымен байланысты [1].

Сакральды экскурсияда алынған білім экскурсанттардың тікелей қызметінде бірден байқалмағанымен, оларды экскурсоводтың жеткізуінің дұрыс әдістемесі танымдық қызметке әсер етеді. Сакральды көрсету нысандардың маңызды қасиеттерін талдау, бөліп шығару әдісі немесе ерекшелеу, көрсетілгеннен және айтылғаннан шығарылған қорытындылар, кейіннен экскурсант экскурсовод экскурсия кезінде жасағандай, өмірлік құбылыстарды талдау кезінде еріксіз әрекет ете бастағанда білінеді. Әсіресе бұл дұрыс ғылыми түсініктер қалыптасқан кезде маңызды болып табылады. Түсінік – бұл экскурсияда объективті шынайылық заттары мен құбылыстарының ең маңызды қасиеттерін, олардың заңдылықтары мен өзара байланыстарын білдіретін адам ойының формасы. Ғылыми тұрғыда түсінік әрдайым түйіндеу болып табылады. Сондықтан экскурсовод қорытындыны, одан түсінікті дәлме-дәл тұжырымдауы аса маңызды. Ол экскурсанттарға түсінікті болу керек. Сондықтан тақырыпшаны немесе негізгі мәселені түйіндеген кезде өте мұқият болуы тиіс. Тұжырымдаманың кез-келген көмескілігі экскурсанттарды дұрыс ойдан жаңылыстырып, әлсіз және тұрақсыз түсініктер мен қорытындылардың пайда болуына алып келуі мүмкін.

Сакральды экскурсияларда қазіргі заманғы ілімдер мен танымда тарихи және логикалық әдістердің бірігуіне көп көңіл бөлуі керек. Экскурсовод оларды экскурсия кезінде шебер қолдануды үйренуі қажет. Талдау әдісі қазақ мәдени мұра материалдарының экскурсиялық объектілерінің ең маңызды қасиеттерін бөліп шығаруға мүмкіндік береді. Көрсетілгенді және айтылғанды қорыта және түйіндеі отырып, экскурсовод экскурсанттарға кейіннен де оның логикасын қолдануға көмектеседі [2].

Экскурсоводтың сакральды нысандарға экскурсия жүргізгенде қазақ мәдени мұра материалдарын

қолдануы танымның логикалық және диалектикалық тиімді әдістерін пайдалануы экскурсанттардың дұрыс ғылыми салт-дәстүрлік түсініктерінің қалыптасуына маңызды әсер етеді.

Экскурсанттардың қазақтың киелі нысандары материалдарын тану қызметіне, экскурсиядағы білім беру үдерісінің тереңдеуіне ойлау операциялары мен логикалық ойлау тәсілдері жиынтығының: талдау мен жинақтаудың, салыстырудың, түйіндеудің, деректендіру мен нақтылаудың кеңінен қолданылуын қамтамасыз ететін экскурсиялық әдістемелер себеп болады.

Еліміздің сакральды нысандарына жасалатын экскурсиядағы қазақ мәдени мұра материалдарын танып білу мәселелері, оны өткізу әдістемесі педагогика мен психологияның қазіргі заманғы жетістіктерімен тығыз байланысты және солардың негізінде құрастырылады, оның үстіне жекелеген әдістер мен тәсілдерді байланыстырудың негізінде емес, экскурсияға қатысушылардың өздерінің қызметіндегі бағытталған таным жүйесі ретінде, олардың жаңа білім алу құралы ретінде құрылады. Сол себептен экскурсовод ойлау заңдарын, ой еңбегін логикалық ұйымдастыру ережелеріне негізделген әдістерді, дәлелдеу тәсілдерін, қарапайым, күрделі және дәлелді пайымдау әдістерін білуі маңызды.

Сакральды экскурсияларда қазақ мәдени мұра материалдарын қолдануда таным үдерісінің дамуына себеп болатын көптеген тиімді тәсілдер бар. Олар туралы, оларды пайдалану мүмкіндігі туралы түсініктер экскурсиялық жұмыс барысында қалыптасады. Оған таным теориясы, психология (әлеуметтік және этнопедагогикалық), педагогика (тәрбие дидактикасы мен теориясы), логика (формалы және диалектикалық) саласындағы білімнің болуы қажет [3].

Экскурсия үдерісінде сакральды нысандар мәліметтері мен нысандарының қабылдануы. Бұл үдеріс белгілі-бір бағыттылықпен де, талғамдылықпен де сипатталады. Бұндағы басты тұлға экскурсовод. Ол экскурсанттардың назарын көрсету объектісінің экскурсия тақырыбы мен мақсатын ашуда үлкен маңызы бар өзіндік ерекшеліктеріне аударуы тиіс.

Экскурсоводтың маңызды міндетіне экскурсанттарды экскурсия материалдарын белсенді қабылдауға дайындау жатады. Экскурсанттар белгісіз ақпаратты олар өздерінде пайда болған сауалдарға жауап алған кезде, жаңа тақырып бар білімді кеңейтуге қарай жүйелі қадам болып табылған кезде белсенді, саналы түрде қабылдайды. Бұл жағдайда экскурсоводтың кіріспе сөзі маңызды болып табылады. Ол экскурсия міндетін, оның бағдарын, тәртіп сақтау ережелерін хабарлап қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы, тыңдаушыларды қызықтыруы, олардың сүйіспеншілігін арттыруы, экскурсияға деген белсенді қызығушылығын оятуы тиіс. Ол үшін әртүрлі тәсілдерді қолданған жөн. Егер топ басқа облыстан келген туристерден құралатын болса, экскурсия басталар алдында олардың жерлестерінің есімдері бұл қалада бұрыннан танымал екендігін еске салған дұрыс. Олар туралы естелік көшелердің атауларында, мемориалды тақтайшаларда және т.б. мәңгі сақталады. Экскурсанттардың қызығушылығын тудыру үшін экскурсия тақырыбына қатысты оларға белгілі деректі естеріне түсірген жөн. Онымен жаңа білімнің қабылдануына логикалық көшу қамтамасыз етіледі. Алайда кіріспе – бұл тек бастамасы және ол аса ықшамды болғаны дұрыс екендігін ұмытпау керек [4].

Экскурсанттардың білуге құмарлығы, олардың танымдық элементтерінің болуы саналы түрде меңгерудің шарты болып табылады. Экскурсанттарды қазақтың киелі нысандары туралы мәліметтерді талдауға, салыстыруға, қорытындылауға, яғни оны қабылдауға саналы түрде қарауға ояту керек. Осы жағдайда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады. Сонымен қатар, экскурсоводтың көрсету және әңгімелеу объектілерінің қабылдануы бұрын меңгерілген күнделікті салт-дәстүрлік тәжірибе мен білімге сүйенетінін ескергені дұрыс. Сол себептен әртүрлі экскурсанттар категориясының дифференциалды ыңғайын табу маңызды. Жастарға немесе оқушыларға арналған экскурсия оны жүргізу сипаты мен стилі бойынша едәуір өмірлік тәжірибесі бар жасы үлкен адамдарға арналған экскурсиядан түпкілікті ерекшеленуі тиіс. Егер бірінші топ үшін экскурсияның мақсатты нұсқауы – жастарды ұлттық дәстүрді танып білуге ояту болса, екінші топқа арналған экскурсияда экскурсия жетекшісі ересек экскурсанттардың өмірлік тәжірибесіне негізделе отырып, әртүрлі әдістемелік тәсілдерді, әсіресе салыстыру тәсілін қолдана отырып экскурсияға қатысушыларды біздің еліміздің символы боларлық кез кеген киелі нысандардың өміршең заңдылықтарын түсінуіне жағдай жасайды [5].

Қазақ елінің сакральды нысандары туралы мәліметті қолдану барысында экскурсияда мынандай негізгі мәселелерге баса көңіл аударылады:

Мәліметтің *қабылдануын* экскурсовод экскурсиялық топтың өмірлік тәжірибесі мен даярлық деңгейін ескере отырып ұйымдастырады. Ол нысан жөнінде жалпы түсінікті құрастыра отырып, экскурсиялық объектілерді алдын ала жалпы түсіндіріп көрсетеді (алдын ала байқау тәсілі). Қабылдауға дайындау ең алдымен танымдық міндеттің қойылуымен қамтамасыз етіледі: нені көрсету керек, не үшін, қандай мақсатпен, экскурсанттар берілген экскурсиялық ақпаратты қандай дәрежеде меңгеруі керек. Көрсету объектілерінің тізімі экскурсияның әдістемелік құралында қарастырылғанымен, экскурсия

жетекшілерінің барлығы бірдей аталған нысанды көрсету міндеттерін дұрыс түсіне бермейді, өздері үшін экскурсанттардың экскурсия мәліметін меңгеру дәрежесін анықтамайды.

Экскурсовод «бақылау» ұғымының ғылыми анықтамасын білуі тиіс. Бұл этностық әлемді мақсатқа сәйкес ұйымдастырылған және оны танып білуге қажетті қабылдау болып табылады. Бақылау күрделі және қарапайым, тікелей және жанама, ғылыми экспериментпен бірігетін болуы мүмкін. Экскурсиядағы бақылау деп, экскурсиялық объектілерден басқа, «экскурсия жетекшісінің портфелінен» бейнелі материалдарды және насихаттаудың техникалық құралдарын: адам түйсіктерінің табиғи шектелгендігін толықтыра отырып, көрсету объектілерінің тікелей бақылау кезінде көрінбейтін қасиеттерін (ұсақ бөлшектерін, технологиялық процестерді және т.б.) ашатын слайдтар мен бейне таспаларды қолдануды атайды [6].

Экскурсиялық ақпараттың (экскурсоводтың көрсету және әңгімелеу объектілерінің) мәнін түсіну. Экскурсия жетекшісі экскурсанттарға барлық ойлау операцияларын: салыстыруды, сәйкестендіруді, негізгі және негізгі емес нәрсені бөліп шығаруды, жалпылап қорытындылауды, мәнін түсінудің индуктивті және дедуктивті жолдарын және т.б. кеңірек және тереңірек қолдануға көмектесу керек. Қабылдаудың нақ осы буынында экскурсия жетекшісі экскурсанттардың түсініктерінің пайда болуына, себепті-салдарлы байланыстардың белгіленуіне, экскурсиялық объектілердің және олармен байланысты оқиғалардың (құбылыстардың) мәнін ашуына қолдау жасайды.

Қазақтың сакралды нысандары мәліметтерінің ойдағыдай қабылдануын қамтамасыз ету үшін экскурсовод экскурсиялық топтың зейінін ұйымдастыруы қажет. Зейіннің көлемі экскурсиялық объектілердің ерекшеліктеріне де, оларды қабылдап жатқан адамның мінез-құлқына да байланысты. Егер көрсету объектілері бір-бірімен байланысты болмаса, қабылданған объектілердің саны аз болады. Бұл жағдайды экскурсия бағдарын құрастыру кезінде ескеру керек.

Зейіннің маңызды бір ерекшелігі оны бір немесе бірнеше уақытта орындалып жатқан әрекеттердің арасында үйлестіру мүмкіндігі болып табылады. Экскурсант экскурсоводтың түсіндіргенін тыңдап отырып, көрсету объектісін бақылауы мүмкін. Зейін әрекеттердің бірі автоматты түрде орындалған жағдайда осылай үйлестіріледі. Оны ескерткіштің айналасында қозғалу барысында көрсетудің әдістемелік тәсілін қолдану кезінде әсіресе анық байқауға болады.

Тәлім-тәрбиелік тұрғыдан экскурсоводтың көрсетуі мен әңгімелеуінен экскурсанттардың қазақтың киелі нысандары мәліметтеріне деген зейінін тұрақтандыруға қол жеткізудің маңызы зор. Әсер ету нысандары өзгеруі мүмкін, бірақ зейіннің жалпы бағыты тұрақты болу керек. Ол туралы ақпаратты қабылдануының тиімділігі, көрсетіліп жатқан нысанның, қолданылып жатқан әдістемелік тәсілдердің, басқаша айтқанда алынған әсерлердің алуан түрлілігіне байланысты. Сол үшін экскурсияда киелі деген нысандардың экскурсанттар білмейтін барлық жаңа тұстарын, қасиеттерін, сапаларын ашу қажет.

Қазақ мәдени мұра материалдарының қабылдануының сапасын күрт төмендететін дерексіздену тұрақты зейінге қарама-қарсы ұғым болып табылады. Экскурсанттар зейінінің аударылуына кері әсерлер - өтіп бара жатқан көліктің, жұмыс істеп жатқан кәсіпорынның шуылы және т.б. кедергі болады. Экскурсовод дерексізденудің себебін жылдам талдауы және оны жою шараларын қабылдауы тиіс. Егер топ шаршаса, бәсеңдеу шараларын жүргізу қажет – қызықты, тіпті экскурсиялық ақпараттың тақырыптамалық бағыттылығын бұзбайтын әзіл-оспақты мысал келтірген жөн. Басқа жағдайда топқа экскурсиядағы тәртіп сақтау ережелерін әдептілікпен ескерту қажет.

Зейінді аудару – бұл жаңа әсерлерге (әрдайым жаңа экскурсиялық нысандармен байланыстырылатын тақырыпшаға, негізгі мәселеге) әдейі көшу болып табылады. Зейіннің аударылуының жылдамдығы мен сәттілігі оның қарқындылығына және экскурсоводтың жаңа көрсету немесе әңгімелеу нысанының сипатына байланысты. Экскурсовод зейінді аударуды үнемдеп қолданғаны жөн, себебі қабылдаудың бір категориясынан екіншісіне көшу педагогикалық міндетке қол жеткізуді қиындатады. Топ шаршаған жағдайда жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, экскурсанттың зейінін басқа нысанларға аудару қажет. Экскурсоводтың экскурсанттар зейінін аударудың келесі тәсілдерін қолдануды ұсынамыз:

1. Мазмұндаудың қызықтырушы түрі (көңіл көтеру үшін қызықтыру емес). Экскурсияға деген қызығушылық ең алдымен оның мазмұнына, материалдың сапасына, мазмұндаудың логикалық жүйелілігіне байланысты. Егер экскурсовод әңгімесінде жалпы сөздер тізбегі басым болса, егер ол экскурсанттарға жаңа білім бермесе, онда оларды мұндай экскурсия қызықтыруы мүмкін емес. Сол сияқты жүйесіздік, шашыраңқылық, әдістемелік құралдан ауытқушылық, материалды мазмұндаудың қисынсыздығы экскурсанттардың зейінін ұйымдастырмай, керісінше ыдыратып жібереді. Қызықтырып мазмұндауға ұмтыла отырып экскурсия жетекшісі топты күлдіргі қылықтармен, әзіл-оспақтармен және т.б. алдандыруы, көңіл көтеруі тиіс емес. Әзіл-оспақтар орынды болып, тақырыптан ауытқымауы және экскурсанттар шаршап, зейіндері бәсең тартқан кезде қолдануы керек. Әрине бөтен әзілдер зейінді

аударуы мүмкін, алайда ұзақ уақытқа созылмайды және ең бастысы, олар экскурсияда таным үдерісін оятай дамытуы тиіс.

2. Экскурсиялық көрнекілік ұстанымын барынша қолдану. Оның барысында экскурсанттарда қалыптасатын түсініктер мен ұғымдар көрсету объектілерінің, олармен байланысты оқиғалар мен құбылыстардың табиғи, тікелей қабылдануына негізделеді.

3. Экскурсияда хабарланып жатқан білімдердің өмірлік маңызын көрсету. Экскурсияға деген қызығушылық та, зейін де экскурсанттар оның мазмұны олардың қажеттіліктерін қанағаттандыратынын түсінген жағдайда үлкен болады.

4. Экскурсия тақырыбы мен міндетін кіріспеде түсіндіру.

5. Экскурсанттардың ойына ғана емес, сезімдеріне де әсер ету. Ол үшін белгілі-бір деректер, мазмұндау әдістері, экскурсия мазмұны іріктеп алынады.

Егер экскурсоводтың ішкі шабыты жоқ болса, ол экскурсанттардың сезімдерін оята алмайды.

Экскурсияның әдістемелік жасалымында негізгі бөлімдерді (тақырыпшалар мен негізгі мәселелерді) белгілеу қажет. Экскурсия жетекшісі экскурсанттардың зейінін соларға аудару керек. Алайда бұл пункттер жалпы түрде берілген және негізгі жаңа экскурсиялық объектілерді көрсету және түсіндіру кезінде нақтылауды қажет етеді. Экскурсияның жеке мәтінімен жұмыс істей отырып экскурсия жетекшісі әдістемелік талдама мен бюро мәтініне негізделіп өзі үшін экскурсия материалының негізгі бөліктерінің есте сақталуына және оның жалпы әрекеттілігіне жағдай жасайтын тұстарды анықтауы тиіс. Осыдан экскурсия жетекшісінің экскурсия мақсатына қол жеткізуіндегі өнері қалыптасады. Экскурсанттарға белгілі-бір білім бере отырып және экскурсиялық объектілердің, оқиғалар мен құбылыстардың көрсетілуі мен түсіндірілуін қамтамасыз ете отырып, экскурсия жетекшісі шынайы объектілер диалектикасы экскурсанттардың санасында диалектикалық ойды құрастыратын ойлау қызметінің түрлерін оятуы тиіс.

Экскурсия материалы нәтижелі меңгерілуі үшін көрсету мен әңгімелеудің аналитикалық-синтетикалық әдісін қолдануға да болады. Оның қолдану әдістемесі экскурсия мазмұнына және экскурсанттар категориясына байланысты. Мысалы, жасы үлкен экскурсанттарға арналған экскурсияларда бірінші орынға көбінесе синтез қойылады: алдымен оқиғаларды немесе құбылыстарды сипаттайды, содан кейін олардың жекелеген қасиеттерін ашады және қайтадан жалпы қорытындыланған сипаттамаға оралады. Жастарға арналған экскурсияларда көрсету объектілерінің, олармен байланысты оқиғалар мен құбылыстардың өзіндік қасиеттерін талдаудан бұрын оларды жалпы қорытындылайды [7].

Жалпы халқымыздың киелі орындары мен нысандарын, оның мәні мен мазмұнын еліміздегі қалың бұқараға және шет елдік қонақтарға таныстыру мен құнды ақпараттар беру экскурсияның міндеті деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Емельянов Б.В. «Экскурсоведение» - Мәскеу, 2003 ж. - 12 б.
- 2 Лобжанидзе А.А., Горохов С.А., Заяц Д.В. «Этногеография и география» - Мәскеу, 2014 ж. - 116 б.
- 3 Ягофаров Г.Ф. «Экскурсии для туристов» - Алматы, 2003 ж. - 41 б.
- 4 Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. «Этно экскурсия». - Астана, 2007 ж. - 19-23 б.
- 5 Қазақтың этнографиялық, категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. I том, - Алматы 2011 ж. - 52-55 б.
- 6 Тарихи-мәдени мұра және заманауи мәдениет – Алматы, 2011 ж. - 28 б.
- 7 Алышымбеков С.К. Экскурсиятану негіздері – Алматы, 2010 ж. - 140 б.

КРАЕВЕДЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ШКОЛЬНОГО ОКРУЖЕНИЯ

Бақберген Ш.А., магистрант.

Ивлева Н.В., к.п.н, доцент

КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Андатпа: Қазақ халқы ертеден өз жерін, ауылын, аймағын жақсы көрген. Ерте заманда халқымыз табиғатты қадірлей білген. Әсем де, сұлу өлкемізді қадірлеген. Халқымыз ежелден балаларды ауылын, елін, жерін қадірлеуге үйреткен. Келген қонақтарға сол өлкенің әсем жерлерін тамашалаттырған. Келеген қонақтар өз өлкесін көркем суреттеуге талпынған. Осына негізге ала отырып, қазіргі жаңа заманда балаларымызға, бабаларымыздан мұраға қалған ұлан-байтақ жерімізді мектеп кезінен мақтанышпен құрметтеуге үйретуіміз керек.

Кілтті сөздер: Өлкетану, туған жер, білім, мәдениет, патриоттік сезім

Annotation: The Kazakh people loved their land and village. In the ancient times, our people respected nature. They also respected our gorgeous and beautiful country. Our people have taught us to respect the village, the country and the land. Guests were welcomed to the sights of the region. The guests are trying to illustrate their great country. Based on this, we need to teach our children to be proud of our pre-school age inherited from our ancestors.

Keywords: Local history, Homeland, educations, cultures, patriot feeling

Понятие «краеведение» означает всестороннее изучение определенной части страны, города, деревни, улицы, поселения местным населением, для которого эта территория считается родным краем. В разное время в понятие « краеведение» вносилось различное содержание. В 20-х годах XX в. оно рассматривалось как «метод синтетического изучения какой-либо определенной, выделяемой по административным, политическим или хозяйственным признакам относительно небольшой территории». В 30-х годах краеведение определялось как «общественное движение, объединяющее местное трудовое население, активно участвующее в строительстве своего края на основе всестороннего его изучения». В настоящее время краеведение есть комплекс научных дисциплин, различных по содержанию и частным методам исследования, но ведущих в своей совокупности к научному и всестороннему познанию края в интересах социалистического строительства». Краеведением занимаются историки, естествоиспытатели, специалисты языка и литературы, архитекторы, работники искусств. Поэтому «краеведение может быть различное: историческое, естественно-историческое и т. п. вплоть до археологического». Сам термин «краеведение» означает, что изучается территория, определяемая понятием «родной край». Исходя из задач, краеведение необходимо различать по формам его организации. В процессе развития сложилось государственное, школьное и общественное краеведение. В государственном краеведении изучение края находится в ведении местной администрации, краеведческих музеев и исследовательских учреждений. Изучением края может заниматься и местное население, а также туристы, организуемые на эту полезную деятельность различными организациями, клубами; в этом случае краеведение называют общественным. В школьном краеведении главная роль в изучении принадлежит учащимся под руководством учителя. Школьное краеведение определяется как наиболее массовая форма краеведческой работы, преследующая, помимо общекраеведческих задач, цели учебно–воспитательного характера. Сущность школьного краеведения заключается во всестороннем изучении учащимися в учебно-воспитательных целях определенной территории своего края по разным источникам и главным образом на основе непосредственных наблюдений под руководством преподавателя. Школьное краеведение осуществляется учащимися и развивается в соответствии с учебными и воспитательными задачами школы. Одно из условий школьного краеведения – руководящее участие в нем учителя, исходя из программы, состава учащихся класса и местных возможностей. Педагог определяет объекты для исследования, виды и методы работы, организует на изучение края учащихся и руководит их работой. Поэтому успешные результаты школьного краеведения во многом зависят от того, в какой степени учитель сам краевед и как он сумеет заинтересовать своих учеников. Учитель должен хорошо знать край, систематически его изучать и владеть знаниями краеведческой работы со школьниками. Самому учителю краеведение также приносит большую пользу. Занимаясь краеведческой работой с детьми, он обогащается знаниями, улучшается и его педагогическое мастерство; он знакомится ближе с населением, с родителями своих учеников, изучает работу местных организаций и предприятий, тем самым повышается его роль в культурном строительстве родного города, села. Краеведение для учителя – верный путь к научно-исследовательской деятельности. Вторым условием успешной краеведческой работы является систематическое использование местного материала на уроках и постоянная внеклассная работа, перспективное ее планирование в масштабе класса, школы. В процессе краеведческой работы учащиеся усваивают учебный материал и приобретают навыки, необходимые в жизни, готовятся к практической деятельности и расширяют общеобразовательные знания. Третье условие – школьному краеведению во всех его звеньях необходима более глубокая научная основа. В школах, начиная с конца 80х годов XX века, разрабатывались и апробировались различные концепции краеведческого образования и соответствующие им программы учебных курсов, учебные пособия. Краеведение в школе изучается в разных формах: 1) на уроках по различным учебным дисциплинам; 2) на факультативных занятиях; 3) во внеклассной и внешкольной работе; 4) как самостоятельный интегрированный курс. Историческое краеведение прочно вошло в общеобразовательную школу, и является важным средством повышения качества знаний, способствует формированию у учащихся научного мировоззрения. Школьное краеведение – важный фактор нравственного, патриотического, трудового, эстетического, экологического и физического воспитания учащихся; оно способствует общему образованию, расширяет кругозор и

развивает познавательные интересы учащихся, приобщает к творческой деятельности, формирует практические и интеллектуальные умения, помогает в выборе профессии. Объектами краеведения являются природа, историческое прошлое, искусство, культура. Все это объекты разных наук, и, следовательно, при их изучении используются разные методы, присущие соответствующим областям знания. У всех направлений краеведческой деятельности имеется общий предмет изучения – край. По мнению Н.Г. Дайри, понятие «край» - условное и зависит от того, кто и с какой целью его изучает. Для районного музея краем может быть один или несколько административных районов, город. Для школы край, как правило, район, сведения о котором могут быть использованы как местный материал. Это может быть окрестность школы или город, область, республика и т. д. Г.Н. Матюшин отмечал, что историческое краеведение раскрывает учащимся связи родного края, города, села с великой Родиной, помогает уяснить неразрывную связь, единство истории каждого города, села с историей, с жизнью нашей страны, почувствовать причастность к ней каждой семьи и признать своим долгом, честью стать достойным наследником лучших традиций родного края [1]. С точки зрения Д.С. Лихачева, историческое краеведение в школе играет существенную педагогическую роль в трудовом, нравственном и эстетическом воспитании учащихся, занимает важное место в формировании патриотизма молодого поколения, т. к. «свои истоки любовь к Родине берет в стране нашего детства – отчем крае, чей светлый образ навсегда остается в сердце каждого». [2]. Одна из главных особенностей краеведческой работы в школе состоит в том, что она включает в себя элементы исследования. Поэтому ее обязательной частью является непосредственное участие школьников и учителей в исследовательской работе. В ходе этой работы учащиеся знакомятся с доступными методами исследования, учатся самостоятельно добывать знания. Исследование помогает развитию творческой инициативы и целенаправленному использованию энергии школьников. Всестороннее изучение родного края, на которое направлена работа в системе школьного краеведения, в настоящее время немыслимо без познания культуры и достояния современного края, которое способствует расширению общеобразовательного и мировоззренческого кругозора школьников, повышает их общую и эстетическую культуру, воспитывает патриотизм и бережное отношение к прошлому и настоящему. Казахстан с ее огромными пространствами и аул с самобытной историей ее многочисленных народов обладает колоссальным потенциалом природного и культурного наследия – как материального, так и тесно связанного с ним духовного. Признание Казахстана во многом обусловлено авторитетом ее замечательных писателей, музыкантов, художников, архитекторов, ученых, вписавших свои имена не только в многонациональную культуру нашей страны, но и в мировую культуру. Памятники природы, истории и культуры Казахстана составляют весомую долю в культурном и природном наследии мира, вносят важнейший вклад в устойчивое развитие нашей страны и человеческой цивилизации в целом, что и предопределяет высочайшую ответственность российского народа и государства за сохранение своего наследия и передачу его последующим поколениям. Обязанность каждого гражданина заботиться о сохранении культурного наследия народов Казахстана и гарантирует каждому право на доступ к культурным ценностям, в том числе, естественно, к связанным с объектами культурного наследия. Сохранение всей палитры историко-культурных ценностей является залогом сохранения самобытности многонациональной культуры Казахстана перед лицом глобализационных тенденций нашего времени. Уместно здесь привести высказывание академика Д.С. Лихачёва: «От того, знает ли общество свою историю, зависит тот нравственный климат, в котором оно живет». Познание, сохранение и приумножение многонационального культурного наследия Казахстана – одна из тех благородных идей, которые сегодня способны консолидировать наше общество. Особое значение сохранения историко-культурного наследия заключается в воспитании у местного населения, особенно у молодёжи, чувства «малой родины», ответственности за судьбу своего села, города, укреплении чувства патриотизма и гордости за свою большую Родину. К сожалению, сегодня для большинства людей, земля, на которой они живут, известна значительно хуже, чем другие города, страны и континенты. История и природа места, где мы живем, его люди – все это остается вне активного информационного пространства. Поэтому многие люди, родившиеся или прожившие всю свою жизнь в том или ином городе или селе, практически ничего об этих местах не знают. Между тем, любой уголок страны (село, посёлок, малый город) отличается от других, внешне похожих, именно уникальностью своего историко-культурного и природного наследия [3]. Создавая воспитательную систему, многие педагогические коллективы основным направлением в работе выбрали краеведение. Работая по теме «Моя малая Родина», учащиеся школ совершают походы по родному краю, посещают исторические места, собирают богатый материал. В школах созданы: «Красная книга природы моего края», «Книга памяти», альбомы, карты, где отмечены исторические места округа, исчезнувшие деревни и т.д. В целях изучения истории культуры края (обычаев, традиций, народных промыслов, архитектуры, живописи,

музыкального и театрализованного искусства) учитель может использовать разнообразные формы: экскурсии в музеи, по городу; просмотр видеофильмов, прослушивание музыкальных произведений, встречи с деятелями литературы и искусства, выступления учащихся с докладами и т. д. Все это будет способствовать нравственному и эстетическому воспитанию школьников, развитию кругозора [4]. При грамотном преподавании заинтересованными педагогами краеведения можно достичь высоких результатов. Однако для этого необходима серьезная специальная подготовка учителей-краеведов, учителей начальных классов, дальнейшая работа по созданию учебно-методического комплекса. Актуальными до сих пор остаются слова историка-краеведа В.Ф. Помарнацкого о том, что именно благодаря творчеству учителей краеведения, их заинтересованности и самоотверженности, любви к родному краю большинство детей проявляют познавательный интерес к предмету, осваивают требования, предъявляемые образовательным стандартом. Таким образом, организация краеведческой деятельности учащихся способствует решению больших и сложных задач нравственного, патриотического, толерантного воспитания подрастающего поколения. Школьное краеведение создает благоприятные условия для всестороннего развития личности, формирования и развития общественных интересов учащихся.

Список литературы:

- 1 Матюшин Г.Н. *Историческое краеведение: Учебное пособие*. - М.: Просвещение, 1987. - С. 3-4, 10.
- 2 Лихачёв Д.С. *Любить родной край // Отечество: Краеведческий альманах*. - М., 1990. - Вып. 1. - С. 8.
- 3 Шмидт С.О. *«Золотое десятилетие» советского краеведения // Отечество: Краеведческий альманах*. - М., 1990. - Вып. 1.
- 4 Маслова А.Н. *Термины и понятия библиотечного краеведения // Краеведение и библиотека / А.Н. Маслова*. - СПб.: Профессия, 2010. - С. 17-18.

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ КӨШІ-ҚОН МӘСЕЛЕЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Б.Оразай, «5В011600 – География», 4-курс,
Т.О. Увалиев, «Елтану және туризм» кафедрасының доценті, п.ғ.к.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аннотация: Данная статья основана на исследованиях переписи населения и статистических данных о внешней миграции Республики Казахстан. А также, рассмотрены вопросы возвращения наших соотечественников на историческую родину, их социальный статус и решение социальных и иных проблем встретившихся на их пути и методики обучения школьников по теме внешняя миграция.

Ключевые слова: Республика Казахстан, миграция, иммигрант, зарубежье, казах, этнический казах, соотечественники, возвращение, гражданство

Annotation: This article is based on research and statistical data on the external migration of the Republic of Kazakhstan. Also, methods of teaching schoolchildren on the topic of the return of our compatriots to their homeland, the solution of their social and other problems encountered on their way are considered.

Keywords: Republic of Kazakhstan, migration, immigrant, Republic of Kazakhstan, Abroad, Kazakh, ethnic kazakh, compatriots, return, citizenship

Қазақстан Республикасының жер аумағы үлкен (2724,9км²) болғанымен, халқының саны аз (18213 мың) және сирек қоныстанған елге жатады. Оның территориясының 1 км²-ге 7,9 адамнан келеді. Тұрғындар үшін жалпы табиғат жағдайы неғұрлым қолайлы өңірлер – Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстары. Мұнда, Республика тұрғындарының 32,7%-і орналасқан және тұрғындар тығыздығы 1км² сәйкесінше 23,7; 7,6 және 8,9 адамнан келеді.

Салыстырмалы түрде тұрғындары көп келесі өңір – Солтүстік Қазақстан: Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар облыстарының жер аумағы, мұнда ел тұрғындарының 16,7%-і орналасқан, тұрғындарының тығыздығы 1 км² - ге өз кезегінде 4,5; 5,9; 5,0 және 5,9 адамнан келеді. Шығыс Қазақстан облысында, республика тұрғындарының 0,7% тұрады және тұрғындар тығыздығы 1км² – 4,9 адамнан келеді. Ең сирек қоныстанған аудандар – Батыс аймақтар: Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстандағы – Қызылорда облысы. Мұнда халықтың 19,6% орналасқан, 1 км² келетін орташа тығыздығы, тиісінше 3,6; 4,5; 4,2; 2,8 және 3,9 адамнан келді /1/.

2009 жылғы соңғы санақ жүргізілген кезде Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық бөлінісіне сәйкес, оның әкімшілік-территориялық бірлігіне: 14 облыс, 86 қала және 168 аудан, 174 ауылдық округ кіреді. Ресми статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстан тұрғындарының 54,1%-і қалалық елді мекендерде, 45,9%-і ауылдық елді мекендерде тұрады /2/. Әдетте қазақтар, көпшілік жағдайы ауылдық жерлерде тұрады. Сондықтан, соңғы онжылдықтардағы олардың қалалықтарға айналу қарқыны аса жоғары.

Қазақстан Республикасының консульдық қызмет департаменті басқармасының соңғы жедел мәліметі бойынша, әрбір үшінші қазақ шетелдерде тұрады. Қазақтардың 2014 жылдың басындағы барлық саны: Қазақстанның өзінде 11 млн 300 мың. Ал алыс және жақын шетелдердегі жалпы қазақтың саны 6 млн 500 мың адам. Олардың орналасуы бойынша санын көрсетсек (№1 кесте):

№1 кесте. Алыс шетелдерде және жақын шетелдердегі қазақтар (2010-2014 жж.) /3/

Жақын шетелдерде	
Өзбекстанда	2 250 000
Ресей Федерациясында	1 310 000
Түрікменстанда	125 000
Қырғызстанда	46 000
Украинада	15 000
Белоруссияда	5 000
Азербайжанда	3 000
Грузияда	3 000
Молдовада	3 000
Латвияда	3 000
Алыс шетелдерде	
Қытай халық республикасында	2 250 000
Монғолияда	120 000
Ауғанстанда	45 000
Түркияда	30 000
АҚШ-та	10 000
Иранда	53 700
Израильде	200
Канадада	5 000
Францияда	15 000
Бельгияда	200

Қазақстанға миграциялық ағым осы аталған мемлекеттер мен елдер жағынан біртіндеп күшейе түсуде. Кейінгі есептеулер бойынша соңғы жылдары Қарақалпақстандағы қазақтардың үштен бірі, Түрікменстандағылардың үштен екісі өздері шыққан атамекені Қазақстанға қайтқан. Бұл процес осылайша стихиялы түрде жүре отырып 2020-2030 жылдары қазақтың етек-жеңі біршама жиналып қалады. Осы есептеулер бойынша алдағы он жылдықта, Қазақстанға 300 мыңдай қазақ қайтуы ықтимал.

2017 жылдың 1 қазанында (3-тоқсан) республикаға 2 226 отбасы немесе 4 297 этникалық қазақ қоныс аударып, оралман мәртебесін алды. Оралмандардың көбісі – 44,7% Өзбекстаннан көшіп келді, 44,5% – ҚХР-дан, 3,8% – Моңғолиядан, 2,7% – Түрікменстаннан, 1,8% – Ресейден және 2,7% – басқа елдерден келгендер. Оралмандардың ең көп бөлігі: Алматы облысына – 880 отбасы (1570 адам), ОҚО – 423 отбасы (726 адам), Астана қ. – 198 отбасы (293 адам), Жамбыл – 135 отбасы (208 адам), ШҚО – 134 отбасы (278 адам), Маңғыстау – 76 отбасы (390 адам), Ақмола – 69 отбасы (161 адам), Қостанай – 66 отбасы (161 адам), Алматы қ. – 63 отбасы (97 адам), Павлодар – 53 отбасы (152 адам), Қарағанды – 52 отбасы (89 адам), Атырау – 23 отбасы (44 адам), СҚО – 20 отбасы (39 адам), БҚО – 14 отбасы (24 адам), Қызылорда – 11 отбасы (20 адам) және Ақтөбе облыстарына – 9 отбасы (45 адам) қоныстанды. Еңбекке қабілетті жастағы тұлғалар – 63,8%, 18 жасқа дейінгі балалар – 30,8% және зейнеткерлер – 5,4%-ды құрайды.

Білім деңгейі бойынша еңбекке қабілетті жастағы оралмандар қатарынан 13% – жоғарғы, 22,8% – арнайы орта, 56,1% – жалпы орта және 8,1% – білімі жоқ. Сонымен бірге, 2017 жылдың 9 айы бойынша республикаға 7 220 отбасы немесе 13 578 этникалық қазақ қоныс аударып, оралман мәртебесін алды. Оралмандардың көбісі – 49% Өзбекстаннан көшіп келді, 39,2% – ҚХР-нан, 3,7% – Түрікменстаннан, 2,6% – Моңғолиядан, 2% – Ресейден және 3,5% – басқа елдерден келгендер (адам саны) /4/.

Осындай миграцияның 12-17 мыңдық мөлшері жыл сайын алда сақтала бермек. Дәл бүгінге дейін жыл сайын, бұрынғы Одақтас Республикалардан Қазақстанға 10-15 мыңға жуық қазақтар қайтып оралуда. Ал

оның ең көбі 1992 ж. 24 мыңға дейін жеткен болатын. Алда да осы сияқты өз еліне береке молшылық ала келетін “Майтабандар” көші-қоны бұдан да кеңінен етек жаяды деген сенімдеміз. Бұл қозғалыс өз кезегінде, жақын болашақта Республикамыздағы қазақтар санын келесі ғасырдың ортасына дейін 4-5 млн шамасында үстемелетуге қомақты үлес қосады.

Қазіргі таңда Президентіміздің жолдауы бойынша, әр жыл сайын мемлекеттік квотаның көлемін кем дегенде 15 мыңның үстінде ұстап отырып, экономикамыздың дамуына орай осы квоталар санын бұдан 2 есеге дейін көбейту жоспарланып отыр. Үкіметіміздің жоспарлап отырған жылына 15000 квотасымен біз шетелдердегі қандастарымызды толықтай жақын арада көшіріп алу мүмкін емес. Осы себепті, шетелдердегі қандастарымыздың жағдайы келгендері, яғни өз күшімен көшіп келе алатындары квотаға қарамай жеке қаражаттарымен келуде.

Оралмандардың өз тарихи отанына келуі барысында мына сынды көптеген қиыншылықтар кездесуде:

– Тұрғылықты жерінен өз отанына қайту мәселесінде рұқсат алуы керек. Ол мемлекет, егер Қазақстан Республикасымен «Көші-қон туралы» келісім-шарт жасасқан болса, онда қандастарымызға виза алуда көп қиындық болмайды. Ал егер де ондай келісім-шарт жасалмаса, онда виза алу жолында көп қиындықтар туындайды.

– Қазақстанға келгеннен кейінгі азаматтық алудың қиындықтары. Азаматтық алғаннан кейін оған берілетін жәрдемақының тоқтатылуы. Мамандығы бойынша жұмыс табу мәселесі, егер де мамандығы болмаса онда жұмыс табудың қиындығы, әлеуметтік жағдайының нашарлауы, т.б.

Көшіп келудің түрлі қиындықтарына қарамастан көшті тоқтатпау керек. Үкімет тарапынан осы мақсатта жүргізіліп жатқан жұмыстар да, оралмандарды қолдау мақсатында жүргізілуде. Шетелдердегі қандастарымызды көшірудегі мақсаттың бірі, ол – сол жерде өмір сүріп жатқан халыққа сіңісіп кету қауіпі. Мысалға: Өзбекстандағы қазақтардың көпшілігі «өзбек» болып жазылып кетуде. Қаржы қиындықтарына байланысты сол елдегі мектептердің жабылуы, сонымен қатар соңғы уақыттағы осы екі мемлекет арасындағы салқындық та екі ел арасындағы көші-қон мәселесін тежеуде. Осы мәселелерді шешуде екі жақты келіссөздер жүргізілуде.

Осы себепті жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, келесі мазмұндағы өз ой-пікірлерімізді ұсыныс ретінде білдіргіміз келеді:

1. Өзінің атамекеніне оралған қандастарымызға рухани тұрғыдан қолдау көрсету;
2. Қазақстан Республикасының азаматығын алу мен тіркелу құжаттарын оңтайландыру;
3. Елге, жерге сіңісіп кетулері үшін мүмкіндігінше көмек беру, жалпы түсіністік таныту;
4. Мемлекеттік бағдарламалар бойынша, еліміздің басқа шет облыстары мен аудандарына шашыратып орналастыру;
5. Қазақ және орыс тілдерін, мамандық түрлерін оқытатын арнайы оқу орындары немесе ұйымдар ашу;
6. Шетелден келетін қандастарымыздың өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуына жағдай жасау;
7. Оралмандарға Қазақстан Республикасының азаматығын алғаннан кейін, белгілі мерзім аралығында бақылау жасап отыру, яғни жұмысқа орналасты ма, бос жүр ме дегендей?
8. Елге келген қандастарымыздың ішіндегі жоғары білімді, әрі білікті жас мамандардан шетелдің технологиялары мен білімдерін үйреніп, олардың Қазақстанның экономикасына үлес қосуына жан-жақты қолдау көрсету.

Жақында ҚР еңбек және әлеуметтік министрлігінің вице-министрі Н.Алтаев, елімізге оралатын қандастарымыз үшін квота бұрыңғыдай олардың жанұясына ғана емес, сол сияқты алғаш болып жалғызбасты этникалық қазақтарға да еліміз квота беру мәселесін қарастырып жатқанын мәлімдеді. Сонымен қатар оралман мәртебесін алғандар, оған берілетін бір жылдың ішінде ҚР азаматығының құжаттарын толықтай рәсімдеп үлгермеуі себепті, оның мерзімін тағы да үш айға ұзарту туралы мүмкіндіктер де қарастырылуда екендігі айтылды. Және Қазақстан парламентарийлерінің оралмандарды басқаша («отандастар», «бауырластар», «қандастар», «шетелдік қазақтар» немесе «этникалық қазақтар», басқа да атаулармен) атау жайлы ұсыныстары да, аталмыш министрлік тарапынан қолға алынып жатқандығын айтты. Ал бұл мәселенің нақтылы шешіміне келсек, ол үкіметіміздің ономастикалық комиссиясының құзырында екендігін ескертті.

Аталған проблемаларды шешу үшін, әсіресе саяси-әлеуметтік сауаттылық ауадай қажет. Оны жүзеге асыру жолында, алғашқы кезекте оңтайландыру мен кіріктіру мәселелері мемлекеттік деңгейде қолға алынуға тиіс. Сонымен қатар бүгінгі таңда көші-қон мәселесін жан-жақты зерделеу үшін, ғылыми тұрғыдағы зерттеулер нақтылы қолданбалық жағдайда қолға алынса нұр үстіне нұр болар еді. Ал енді оқу-ағарту мәселесіне келсек, жалпы көші-қон мәселесі 9 сыныптың «Қазақстанның экономикалық және

әлеуметтік географиясы» мен 10 сыныптың «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» пәндері аясында терендетіліп өтіледі. Еліміздің сыртқы көші-қон мәселелері бойынша жоғарыда аталған оқу курстарының «Қазақстанның халқы» және «Дүниежүзінің халқы» бөлімдерінде жалпы, оның ішінде Қазақстанның сыртқы көші-қон мәселесі жеке қарастырылады /6, 7/. Сонымен қатар мұнда, республикамыздың сыртқы көші-қонының түрлері мен себептеріне де тоқталады. Осы орайда, халықтың көші-қонының ел экономикасы мен демографиясына тигізетін әсерін оқушыларға түсіндіру барысында – бейнекөріністер, киносюжеттер, көрнекі құралдарды пайдаланып, әрі мүмкіндігінше жергілікті аймақтық мәселелерді мысалға ала отырып сабақты түрлендіріп өткізуге кеңес береміз.

Әдебиеттер тізімі:

1 <https://kk.m.wikipedia>

2 <http://bnews.kz>

3 365info.rz

4 Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсы.

5 «Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы» заңы. 20.12.1991. – Алматы, «Халық Кеңесі» газеті. 1992, 8 қаңтар.

6 Ахметов Е.А. және т.б. «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» / 9 сынып оқулығы. – Алматы: «Мектеп», 2013 ж.

7 Увалиев Т.О. және т.б. «Дүниежүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» / 10 сынып оқулығы. – Алматы: «Мектеп», 2014 ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

*Д.Е. Смайлова, «География» мамандығының I курс магистранты
Г.Ә. Абдикаримова, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: На сегодняшний день целью географических наук является рассмотреть название регионов, городов, поселков и физико-географических объектов, для того чтобы направить на родной язык. В то же время по программе «100 новых имен» будет показано имя людей, которые трудятся показать нашу страну своими трудами. Об этом говорил президент Республики Казахстана в 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Главной целью является рассмотреть историю как проявление независимости нашей страны. Государство большое внимание уделяет на свою историю, культуру, на обычаи и традиции, также связано с названием страны, названием воды, города, деревни.

История страны глубоко укоренилась, человеческая жизнь в Южно-Казахстанской области началась 3-5 млн лет назад. Вот поэтому так называемые топонимические имена имеют множество особенностей. Название древних городов названы в честь племен или ученых живущих там, и до сих пор продолжают их так называть.

Первым регионом по численности является Южно-Казахстанская область, во второй половине XX века образованию, смыслу географических названий и терминов провели различные этимологические, лексика-семантические исследования. Во время этих исследований стало ясно, что существует много топонимических имен, и многие из них основаны на нашем языке. Исследователи объясняют эту ситуацию в регионе с большим количеством казахских национальностей.

Ключевые слова: Южно-Казахстанская область, топонимы, топонимист, лингвистика, народ, территория, исследователи, окружающая среда, геологические названия, ландшафт, географическая среда

Annotation: For today, the goal of geographical sciences is to consider the name of regions, cities, towns and physical and geographical objects, in order to direct them to their native language. At the same time, the program "100 new names" will show the name of people who work to show our country their labor. This was stated by the President of the Republic of Kazakhstan on January 31, 2017, "The Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness" The main goal is to view history as a manifestation of the independence of our country. The state pays much attention to its history, culture on customs and traditions, also connected with the name of the country, the name of the water, the city, the village.

The history of the country is deeply rooted, human life in South Kazakhstan region began 3-5 million years ago. That's why the so-called toponymic names have many features. The name of the ancient cities is named in honor of the tribes or scientists living there, and still continue to call them so.

The first region is South Kazakhstan region, in the second half of the 20th century, various etymological, lexical-semantic studies were carried out in education, the meaning of geographical names and terms. During these studies, it became clear that there are many toponymic names, and many of them are based on our language. Researchers explain this situation in a region with a large number of Kazakh nationalities.

Keywords: South Kazakhstan region, toponym, linguistics, people, territory, researchers, environment, geological names, landscape, geographical *environment*

Өркениеттің дамуы, адам ақыл ойының өрістеуі, қоршаған орта мен қоғамды тануға ұмтылыс жасауы нәтижесінде географиялық ортаға деген ұғымның қалыптасуына жағдай жасайды. Табиғатпен тіл табысу табиғат ресурстарын игеруге, табиғаттың түр-түрпатын бедерлеуге, мұнан соң географиялық атаулардың пайда болуына алып келеді. Кең дала төсінде, табиғатпен етене өмір сүру жалпы көшпенділер жұртының, сонымен қатар қазақ халқының төл мәдениеті деп түсінсек халықтық ұғымдардағы геоэкологиялық түсінік элементтері географиялық атауларда жинақталады. Геологиялық атауларды қалыптастырушы негізгі фактор – халық десек, кез келген халықтың рухани элементі өзі өмір сүрген орта мен өзі қолданыс ретінде пайдаланған шаруашылық тұрғысынан алатыны айқын. Қазақ халқына тән топонимдер көшпелі отырықшы мәдениетіне орайластырылып, мал шаруашылығы, жануарлар әлеміне және фитонимдік ұғым санатында өрбіп, нәтижесінде жер-су аттарын айыра білу, географиялық нысандардағы белгілерді нақтылауға алып келеді [1]. Сондықтан да қай өңірге тән топонимді алмайық сол дала халқының түсінік ұғымы, физикалық-географиялық құндылықтарын көрсететін мәлімет екендігі анық.

Кең байтақ қазақ жерінің оңтүстік өңірін алып жатқан Оңтүстік Қазақстан облысының табиғат жағдайлары мен ресурстары алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Жердің ауданы шағын (басқа облыстармен салыстырғанда) (117,3 мың км), халық саны едәуір көп (2,9 млн адамнан астам) облыс 11 әкімшілік ауданға бөлінген. Облыс аумағындағы шаруашылыққа қолайлы шұраттар мен тау бөктеріндегі аудандар ежелгі замандардан бері игеріліп, суармалы егіншілік пен мал шаруашылығының, тау-кен ісі мен зергерлік өңірдің ошағы болған. Батыс пен Шығыстың заттық және рухани әлемін жалғастырған Ұлы Жібек жолының негізгі тармағы кесіп өткен бұл өңірде көне замандардың өзінде сан түрлі халықтар араласқан, сәулетті қалалар пайда болып, табиғат байлықтары тиімді пайдаланылған [2].

Табиғат жағдайларын шаруашылық мақсатта пайдалану географиялық білімнің нақталуына ықпал етті. Жергілікті табиғат ерекшеліктерін танып-білу қоршаған ортадағы географиялық нысандардың ерекшеліктерін нақты байқап, оларды атауларда бекітумен қатар жүреді. Аумақтағы географиялық атаулар ежелгі дүние ғалымдарының, орта ғасыр саяхатшыларының, кейінгі кезеңдердегі зерттеушілер еңбектерінде тіркеледі.

Қазақстанда лингвист ғалымдар ХХ ғасырдың екінші жартысында географиялық атаулар мен терминдердің шығу тегі мен мағынасына қатысты жан-жақты этимологиялық, лексикалық-семантикалық зерттеулер жүргізді. Осы зерттеу барсында көптеген атаулардың тілдік негіздері мен құрылымына, аумақтық, жергілікті таралуына қатысты жаңа нәтижелер алынып, топонимика ғылымының теориясы байытылды. Бұл ретте Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-лингвистикалық тұрғыда арнайы зерттеген Қ.Рысбергенова [3].

Соңғы жылдары арнайы зерттеулер жүргізген К.Д.Каймулдинова (1998 ж.), А.С. Омарбекова (1999 ж.), Ә.Е. Аяпбекова (2002 ж.), А.У. Мақанова, Қ.Т.Сапаровтың (2004 ж.) ғылыми нәтижелері топонимика ғылымын табиғатты пайдалану және қорғау, экономикалық және әлеуметтік, физикалық география, геоэкономика бағытында дамытуға негіз болды. Осы негізде жасалған жұмыстарды ескерсек, Қазақстан аймақтық топонимикалық зерттеулерге бастама салынды деуге болады. Жеке облыстардың топонимикалық жүйесін жан-жақты зерттеу арқылы көптеген атаулардың шығу тегі мен мағынасына қатысты жаңа деректер алып, атаулардың жергілікті географиялық шындықпен байланысын анықтауға болады.

Осы жұмыстар негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының топонимикалық талдау жүргізу төмендегі міндеттерді шешу негізінде жүзеге асты:

- нақты деректерге сүйене отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының табиғат жағдайларының топонимдерде бейнелеу заңдылықтарына талдау жасау;
- аумақта кең қолданыста жүрген, географиялық атаулар құрамында жиі кездесетін халықтық географиялық терминдердің мағынасын талдап, таралу жиілігі мен қарқындылығын анықтау;
- Оңтүстік Қазақстан облысының ландшафттық топонимдерін зерттеу;

- аумақтағы табиғатты пайдалану мен қорғауға қатысты атаулар жиынтығына арнайы талдау жасау;
- Оңтүстік Қазақстан облысы топонимдерінің қазіргі жай-күйіне шолу жасап, зерттеудің қолданбалы маңызын негіздеу.

Оңтүстік Қазақстан облысының табиғат ерекшеліктерін бейнелейтін географиялық атаулар тобына талдау жасауға, ландшафтық топонимдерге қатысты мәселелер географияның топонимикамен байланысы тұрғысында тұңғыш рет негізделді. Бұл Қазақстандағы топонимикалық зерттеулерді физикалық география, ландшафттану бағытында дамытуға мүмкіндік берді.

Оңтүстік Қазақстан облысының топонимикалық жүйесі – осы аумақты мекендеген халықтардың, соның ішінде қазақ халқының заттық және рухани мәдениетінің ғасырлар бойы жинақталып, сақталып қалған көрінісі. Өткен замандардың реликтік мұралары ретінде тарихи топонимдер аумақтың табиғат жағдайларын, ондағы мемлекеттер мен халықтардың тарихындағы маңызды оқиғаларды жадында сақтап, қаз қалпында бүгінгі күнге жеткізіп отыр [4].

Ғалымдардың болжамы бойынша, мұнда адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай осыдан 3-5 млн жылдай бұрын қалыптасқан. Қаратау өңірінен табылған алғашқы адамдардың палеолиттік қоныстары осының айқын дәлелі. Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай Қошқорған ауылы маңында палеолиттік (б.з.б. 500 мыңжылдық) Қошқорған тұрағы табылған.

Облыс аумағында неолиттік петроглифтер облыс аумағын мекен еткен ежелгі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін ғана бейнелеп қоймай, осы өңірге тән жануарлар дүниесінен де хабар береді. Географиялық атауларда петроглифтер кездесетін аудандар айрықша атаулармен (Тамғалынұра, Тамғалытас, Таңбалы тас және т.б.) белгіленген. Шымкент қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 43 км жерде табылған Қараүңгір неолиттік тұрағы өзі аттас өзеннің бойында орналасқан. Үңгірді қазу барысында тас құралдар табылған. Ал Отырар ауданындағы Қожатоғай кеңшарынан оңтүстік-шығысқа қарай 47 км жерде ежелгі неолиттік қоныс орны анықталған. Бұл жерді халық Тасқотан деп атайды. Археоним өз атауының мағынасын толығымен растайды: бұл жерден 3 мыңға жуық тас құралдары мен тас қаңқалары табылған. Кейінгі мәдениеттің үлгілерін археологтар Арыс және Сырдария алаптарындағы алғашқы егіншілік ошақтарынан, Қаратаудағы кен ісі өркендеген аудандардан кездестірген [5]. Географиялық орнының ерекшеліктеріне орай, облыс аумағы тарихи кезеңдерде Орта Азия аймағында жүрген саяси, экономикалық оқиғалардың арена болды. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы ежелгі отырықшы өркениеттің ошағы болған бұл ұлы өзеннің аңғары суармалы егіншілік пен қолөнердің, сауда мен қала мәдениетінің орталығы қызметін атқарды. Сырдария бойында ежелден бері Орталық Қазақстанда тұрған көшпенділердің қыстаулары орналасатын. Сыр бойындағы шұраттар мен қалалар олардың жолдарында ешқашан бөгеп тұрған жоқ, сол себепті көшпенділер мен отырықшы халықтың арасында өзен жағалауындағы жер дауы туындаған жоқ.

Оңтүстік қалалары шаруашылық, мәдени этностық құрылымы жөнінен айырмашылық жасайтын аймақтарды жалғастырып жатты. Қалалар түркі халықтары мекендеген, егіншілік дамыған шұраттарда пайда болған. Ең ежелгі қалалар Отырартөбе, Құйрықтөбе, Марданкүйлік, Оксус, Бұзықтөбенің орнында жатыр [6]. Бұл этностық негізге берілген атаулар өзгеріссіз қалған.

Облыс аумағында қазба жұммыстары жүргізілген Көкмардан, Бұзықтөбе, Пышақшытөбе, Шойтөбе (Шауғар), Құйрықтөбе (Кердер), Қауғаната, Күйікмардан сияқты археологиялық нысандардың атаулары нақты елді мекендердің тарихи топонимдері болып табылады.

Тарихи-лингвистикалық зерттеулер нәтижесінде сүйену аймағы географиялық атаулардың шығу тегі мен тілдік құрылымын географиялық шындықпен байланыстыруға мүмкіндік береді. Мұның барлығы қосыла келіп, ақыр соңында облыстағы кең тараған топонимдердің типтері мен олардың болу ерекшеліктерін анықтауға жағдай жасайды. Осы аталған мәселелерді облыс аумағындағы географиялық атаулардың қалыптасуына тарихи тұрғыдан талдау барысында ескеріледі.

Талас Алатауының бөктері мен Арыс өзенінің жоғарғы ағысында, Сайрамсу аталатын өзен жағасында орналасқан. IX-XII ғғ. Оңтүстік Қазақстанның орталығы болған Испиджаб қаласы туралы 629 жылы Қытай саяхатшысы Сюань Цзянь Ақ өзенде тұрған қала деп жазған, бұл Испиджаб жөніндегі алғашқы жазба дерек болып табылады. Кейінірек М.Қашқари Сайрам Испиджаб деп аталатын Ақ қаланың атауы. Оны кейде Сайрам деп те атайды деп жазған. Жалпы қала сол кезеңдерде 28 га аумақты алып жатқан. Сайрам атауы осы күнге дейін жеткен, сол себепті осы маңдағы қала үйіндісін ортағасырлық Испиджаб демеуге ешқандай себеп жоқ. Сайрам қаласының орны қазіргі Сайрам кентінің оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 км жерде орналасқан [7].

Испиджаб маңында Манкент, Газгирд және т.б. қалалар орналасқан. Манкент қаласы жөнінде араб географы Иақұт Испиджаб маңындағы қала деп көрсеткен, яғни қала атауы осы күнге дейін сақталған. Ал ортағасырлық Газгирд қазіргі Шарапхана ауылы маңындағы VII-X ғғ. Болған қала үйіндісіне сәйкес

келеді. Газгирд маңында 712-713 жж арабтар қытайлықтарды жеңіп, сол кезден бастап қала атауы Шарапхан-жеңіс үйі деп аталған, қазіргі Қазығұрт атауының шығу тегі көне Газгирд атауымен байланысты. Отырар атауы VII ғ. бастап атала бастады. Дәл осы кезеңде қаланың екінші атауы – Фараб та белгілі болды. Қала тарихын жазба деректер бойынша XIX ғасырға дейін бақылауға мүмкіндік бар. Отырар топонимін К.Байпақов оғыз тіліндегі тұрақты қоныстарға қатысты қолданылатын отырар түсінігімен байланыстырады. Жалпы алғанда, топонимдерді аумақтық шоғырлану, яғни ареалдық тұрғысынан зерттеудің ғылыми маңызы зор. Бұл тұрғыда әсіресе жергілікті географиялық терминдер мен жекелеген сөздердің топонимдерде қайталану заңдылығы айрықша көңіл аударуға тұрарлық. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында құрамында Қытай этонимі бар географиялық атаулар тобы анықталады және олардың таралу ареалы шектеулі аумақты ғана қамтиды. Олардың арасында Қаратау өңіріндегі Үлкен Қытай жотасы, Қытай бұлағы, Қытайөзек құрғақ арнасы, Қытайсай деген сай атауы бар.

Иасы XVI ғ. тұрақты астанаға айналады. Қала осы кезеңде Түркістан деп аталды. Осы аумақта Ақсүмбе, Арыс, Күлтөбе, Қаратау, Сайрам сияқты қалалар болған. Осы кезеңде облыс аумағында өмір сүрген қазақ рулары мен басқа халықтардың шоғырланған аудандары географиялық атауларда бекітілген [8]. Облыс аумағында елді мекендер атаулары арасында Жалаңтөс, Теке (Түркістан), Бағаналы, Бөке (Қазығұрт ауданы), Қоңырат (Мақтарал ауданы), Шапырашты (Сайрам ауданы), Әлімтау (Сарыағаш ауданы), Керейіт (Түлкібас ауданы) және т.б. этнопонимдер тіркелді. Микротопонимдерде да бұл құбылыс айқын көрінеді. Сунақ, Найман, Шағатай, Сарыүйсін аталатын арықтар, Арғынсай, Қоңыраттөбе, Өзбектөбе, Қыпшақадыр сияқты оронимдер, Ақша, Қалмаққұлаған, Ноғайқора, Жалайыр ойконимдері, Шапырашты гидронимі бар.

Қазақ жерін XVIII-XIX ғғ. патшалық Ресей отарлау саясатын жүзеге асырды осы мерзім ішінде облыста Қоқан хандығының езгісін де басынан кешірді. Көптеген қалалар жаудан қорғану мақсатында биік қабырғалы бекініс – қорған салуға мәжбүр болды. Қазірге дейін кейбір елді мекендердің атауларында сақталып қалған қазақтың қорған сөзі – осының дәлелі. Бабайқорған, Кешқорған (Түркістан), Бесқорған, Қожақорған, Нұржанқорған, Ханқорған (Сайрам ауданы), Шолаққорған (Созақ ауданы), Есікқорған (Сарыағаш ауданы) атаулары осы топқа жатады [9]. Бұл жерлер қазіргі таңға дейін өз атауларын жоғалтпай, сақтап отыр.

Облыс аумағындағы ежелгі атаулардың көпшілігі антик дәуіріндегі жазба ескерткіштерде кездеседі. Белгілі топонимист Е.Керімбаев Қазақстан оронимиясын талдау барысында жазба ескерткіштерде аталған тарихи оронимдерді үш тарихи кезеңге бөліп қарастырды:

- XI-XV ғасырлар аралығын қамтыған алғашқы кезеңді араб және парсы жазбаларында тіркелген атаулар;

- XV-XVII ғасырлардағы – парсы және түркі шығармаларындағы атаулар;

- XVIII ғ. мен XIX ғасырдың басындағы орыс географиялық әдебиетіндегі тарихи атаулар [10].

Оңтүстік Қазақстан облысы да осы ерекшеліктерге сүйеніп зерттелген.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халыққа жолдауында топонимдерге жаңа есімдерді беру жайлы сөз қозғалды. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асыру қажеттігі де айтылды. 2017 жыл еліміз үшін жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болды. Елбасының айтқанында осы бағдарлама 5-7 жыл көлемінде тоқтаусыз жүзеге асса, көптеген мәселенің шешілуіне негіз болмақ. Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталады:

- Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту.

- Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

- «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау [11].

Осы бағдарлама аясында «Мәдени мұра» іс-шарасы елдегі тарихи ескерткіштерді жаңғыртып, қайта жаңдандыруға өз септігін тигізіп жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ақпараттық сілтеме: <https://stud.kz/referat/show/45346>

2 Ақпараттық сілтеме: <https://stud.kz/referat/show/42561>

3 Ақпараттық сілтеме: www.ontustik.stat.kz/rus/

4 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері - Алматы, 1998 ж. - 7 б.

5 Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени аспектілері. – Алматы, 1998 ж. – 5 б.

6 Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. - Алматы, 2003. – 28-29 с.

7 Жанұзақов Т., Рысбергенова Қ. Қазақ ономастикасы. Жетістіктері мен болашағы - Алматы, 2004 ж. - 15 б.

8 Досжанов Б. Тілдің дыбыстық заңдарына сай антропонимдер тұлғасының қалыптасуы. – Тіл және қоғам /№1(33) 2013 ж. - 4 б.

9 Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. - Алматы: Ғылым, 1975 ж. – 19 б.

10 Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. - Алматы: Ғылым, 1979 ж. - 3 б.

11 Ақпараттық сілтеме: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДА ҮЛКЕН ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т.Е. Қуанышханов, «БМ011600-География» 1 курс.

Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доценті,

А.С. Сағындықов, п.ғ.к., профессор,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан.

Аннотация: Данная статья о важности обучение людей города в школах, образует у учащихся понимание взаимодействие природы, человека и экономики, образует понимание небольшой родины. География населения направлена на понимание места и роли современных людей. Из-за того, что жители города есть во всем мире, их важно преподавать в школьном курсе географий.

Ключевые слова: Преподавание большого городского населения в школе, реформа образования, география населения, гуманизация образования, город, изучение жителей, урбанизация, город Алматы, география Казахстана

Annotation: This article on the importance of educating city people in schools, forms in students the understanding of the interaction of nature, man and the economy, forms the understanding of a small homeland. The geography of the population is aimed at understanding the place and role of modern people. Due to the fact that the inhabitants of the city are all over the world, it is important to teach them in the school course of geography.

Keywords: Teaching large urban population in school, reform of education, geography of the population, humanization of education, city, study of inhabitants, urbanization, Almaty city, geography of Kazakhstan

Білім беруді ізгілендіру, қазіргі мектепті жаңғыртудың аса маңызды қағидасы ретінде, оқушының мүмкіндіктеріне, ең алдымен оның тұлғасын дамыту мүмкіндіктеріне, нақты оқушының нақты жағдайларда өмір сүруге бейімделуіне бағдар алуды көздейді. Ізгілендіру қағидасы, педагогикалық ойлаудың жаңа түрін қалыптастыра және дәстүрлі оқыту жүйесінің түрін оңды өзгерте отырып, әр оқушының тұлғасын жоғарғы әлеуметтік құндылық деп тануға негізделеді. Білім беруді ізгілендірудің негізгі идеялары көптеген мектеп пәндерінен көрінісін тапты. Осы қағидаларды мектеп географиясында іске асыру әлеуметтік мәселелерді зерделеуге назар аударудың күшеюіне ықпал етті. Табиғат – қоғам – шаруашылық жүйесінде, тұрғындар туралы мәселелердің және осы жүйенің үш құрамдас бөлігінің өзара байланысының өзекті мәселелерінің бірінші қатарға жылжуы оқушылардың оқу үрдісін ұғыну мәселесінің шешілуіне жағдай жасады. Оқушы білім беру үрдісінің белсенді субъекті болып шығады, өзін танымда, оқу ісінде, жүріс-тұрыста іске асыру мүмкіндігін алады. Тұрғындар туралы сұрақтарды зерделеу, адамның қазіргі дүниедегі орны мен рөлін түсіну, географияның тәрбиелік функцияларының арта түсуі қоғамдық мектепте білім беруге білдіріп отырған әлеуметтік тапсырыстың орындалуына жағдай жасайды.

Сонымен бірге соңғы онжылдықтарда әлемнің көптеген елдерін қамтыған урбандалу, қалалардың және қала тұрғындарының өсу, қалалық өмір салтының таралу үрдісі туралы естен шығармау керек. Ірі қалалар мен қала агломерациялары өзінде елдің немесе өңірдің экономикалық әлеуетінің айтарлықтай бөлігін шоғырландырады, қоршаған аумақтардың «орталықтары» болып табылады. Сондықтан мектеп географиясында қалаларды зерделеуге үлкен маңыз беріледі. Бірақ "қала– тек экономикалық орталық, өнеркәсіптің және рухани құндылықтар жасау орнының шоғырлануы ғана емес. Сондықтан қалаларды зерделеу басым бөлігінде оның тұрғындарын зерделеу арқылы; қалалардың өсуі – оның тұрғындарының санының динамикасы арқылы, тұрғындардың табиғи және механикалық қозғалуының ерекшеліктері арқылы; шаруашылықтың аумақтық орналастырылуы – тұрғындардың орналасу ерекшеліктері мен құрылымы арқылы

ашылуға тиіс. БҰҰ-ның 2001 жылғы маусымда қабылданған қалалар және жаңа мыңжылдықтағы басқа елді мекендер туралы Декларациясы қалалық елді мекендердің дамуының негізгі қағидаларын айқындады. Декларацияда осыларды шешумен болашақта дүние жүзінің барлық мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстанның да ұшырасуына тура келетін маңызды проблемалар көрсетілген. Біріншіден, бұл әлеуметтік проблемалар: жұмыссыздық, үй-жайсыздық, өмір сүру сапасы; екіншіден, бұл қалалық қоршаған ортаны пайдаланумен байланысты экологиялық проблемалар және көптеген өзге де проблемалар. Декларация қағидаларының бірі аумақтардың дамуындағы қалалардың арта түскен рөлін көрсетеді: «қалалық және ауылдық аудандар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыдан өзара тәуелді және ірі мен шағын қалалар ауылдық та, қалалық та елді мекендердің дамуына жағдай жасайтын өсу генераторлары болып табылады». ХХІ ғасырдың тоғысында Қазақстан Республикасындағы урбандалу үрдісінің дамуы ерекше назар аударуға лайық болып отыр. Қазақстан қоғамында соңғы жылдары болып жатқан өзгерістер оның ішінде қалалардың эволюциясының нақты үрдістерін де қозғайды.

12 жылдық мектепке көшумен және «Қазақстан географиясы» кешенді курсының қалыптасуына байланысты, мектепте білім беруді реформалаудың қазіргі кезеңінде «Тұрғындар» тақырыбының мазмұны мен құрылымында айтарлықтай өзгерістердің жүріп жату дерегі ерекше көңіл бөлуге лайық. Курстың жалпы шолуында тұрғындар туралы тарауды зерделеу сегізінші сыныптың өзінде-ақ жүреді, одан әрі тоғызыншы сыныпта оқушылар географиялық аудандарды және өз облыстарының географиясын зерделеген кезде алынған білімдерін тереңдетеді. Мазмұны да өзгереді, жаңа мәселелер зерделуге ұсынылады, жекелей алғанда, қалалардың географиясы мәселелеріне, табиғат пен адамның өзара әрекеттестігі мәселелеріне көбірек көңіл бөлінеді. Курстың негізгі міндеттерінің арасынан оқушыларда өзінің «шағын Отанының» бейнесін; ұлтжандылық сезімін, азаматтық, ел мен оның халықтарының мәдениеті мен тарихына құрмет сезімін; Қазақстанның қазіргі проблемаларының географиялық аспектілерін түсінуді қалыптастыруды атап беруге болады.

Бүгінгі таңда Қазақстан халқының көпшілік бөлігі ірі қалаларда және урбандалған аудандарда тұрып жатыр. Қалалардағы өмір салтының өз өзгешелігі: үйлердің көп қабаттылығы, тұрғындардың жұмыс бастылығының құрылымы, дамыған қызмет көрсету саласы, отбасылық өмірдің стереотиптері және көптеген өзге өзгешеліктері бар. Осы нақты қалада тұрып жатқан мектеп оқушыларының көпшілігі үшін бұл өмір салты үйреншікті болып табылады, олардың көпшілігі үшін қалаларда өмір сүру жағдайлары кәсіптерін, тұрғылықты орнын, отабысылық құндылықтарын таңдаған кезде айқындаушы фактор болады. Қалалық өмір салты туралы білімдердің көпшілік бөлігін оқушылар өздерінің өмірлік тәжірибесінен алуға мәжбүр болып отыр. Қазақстан географиясы бойынша мектеп бағдарламаларының және оқулықтардың мазмұнында қалалар мен қала тұрғындарының өмір салты туралы білімдер айтарлықтай шамада дерексіздендірілген, сирек жағдайларды қоспағанда, жекелеген қалаларды қарастырған кезде қаланың қазіргі әлеуметтік мәселелеріне іс жүзінде назар аударылмайды.

Қалыптасқан жағдай, қазіргі Қазақстандық мектеп оқушыларының көпшілік бөлігінің әлеуметтік мекендеу ортасы ретінде үлкен қалалардың тұрғындарын зерделеудің маңыздылығы мен өз еліміздің география курсына үлкен қалалардың әлеуметтік мәселелеріне нашар көңіл бөлу арасында қарама-қайшылық бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

География ғылымында үлкен қалаларды зерделеу негіздері

Оның экономикалық географияның дербес тармағы ретінде қалыптасуының басталуы 1940-шы жылдарға келеді. Тұрғындар географиясын дамытуға ең көп үлесін көрнекті кеңес ғалым географтары: Н.Н. Баранский, В.В. Покшишевский, И.М. Майергойз және көптеген басқалары енгізді. Осы бағыттың негізін қалаушылардың бірі В.В. Покшишевскийдің анықтамасы бойынша, «тұрғындар географиясы – бұл экономикалық географияның қоғамдық өндіріс және табиғи қоршаған ортамен әрекеттестік барысында қарастырылатын, тұрғындардың құрылымын, орналастырылуын және аумақтық ұйымдастырылуын зерделейтін тармағы». Біздің кезімізде, көптеген ғалым-зерттеушілердің пікірінше, қауырт өсуінің нәтижесінде тұрғындар географиясы тек әлеуметтік-экономикалық географияның мамандандырылған тармағына рәсімделіп қана қоймай, онда көш бастаушы орындарды алып отыр.

Тұрғындар географиясының құрамында келесі бағыттар: елді мекендер географиясы, көші-қон географиясы, еңбек ресурстарының географиясы және бірқатар басқалары дамып отыр. Тұрғындар географиясының барлық бағыттарында зерттеулер ең әртүрлі аумақтық бірліктерде – жалпы алғанда дүние жүзінен, құрлықтардан және елдерден бастап, жекелеген қалаларға, қала агломерацияларына, саяси-әкімшілік және экономикалық бірліктерге дейін жүргізіліп отыр. Тұрғындар географиясының география ғылымдарымен әлеуметтік-экономикалық географияның ішіндегі де, жалпы география ғылымдарымен – физикалық географиямен, елтанумен, картографиямен де өзара байланыстары ең тығыз болып отыр. Тұрғындар географиясымен көптеген қоғамдық ғылымдар да тығыз байланысты.

Біз келесі байланыстарды анықтадық. Демография – тұрғындардың ұдайы көбею теорияларын, демографиялық болжамдар жасайды, демографиялық саясатты негіздейді. Этнография – адамдардың белгілі бір топтарының: тайпалардың, ұлттардың, этностардың шыққан тегін, олардың жеке-жеке орналасуын, мәдениетін, дәстүрлерін зерделейді. Антропология – адамның шыққан тегін, Жер бетінде адам нәсілдерінің таралуын зерделейді. Әлеуметтану – адам қоғамын тұтас жүйе ретінде қарастырады, қоғамның даму заңдарын зерделейді. Мамандандырылған социологиялық ғылымдар, мәселен, қаланың социологиялық моделін зерделейтін, мұның қолданбалы мәні – қаланың дамуын әлеуметтік жобалау болып келетін қаласоциологиясы ерекше назар аударуға лайық.

На Апшероне также имеются пиры, которые образовались на месте захоронения известных ученых и богословов. В Баку мечеть Тезепир - является не только памятником архитектуры и святилищем, но и религиозным центром Азербайджана и всего Кавказа. Здесь расположено Управление Мусульман Кавказа. История святилища уходит своими корнями в XIV - XV века. Исследователи утверждают, что турбе, находящееся под глубокими слоями пород мечети, принадлежала выдающему ученому своего времени Абу Сеиду Абдулле. До середины прошлого века место, где располагалось святилище, было известно под названием «Халфадам». Пир Алибаба расположен на старом кладбище поселка Туркян, в котором захоронен шахид, погибший во имя народа, живший в XII веке. Пир Гара Палтар, расположенный на местности Назранлы поселка Бузовна, связан с именем христианина Бахраме Самаверзи (XIII в.). Похожие памятники имеются также в Сураханах и Шагане. В святилище в Шувялане покоится прах Мир Мовсум ага. Пир Хасан в Мардыканах, пир Сейид Гызы в Амираджане, пир Сейид Ибад в Маштагах и другие стали святыми местами, куда ежедневно приходит местное население.

На этой земле сохранились следы сакральных мест и поселений в разные стадии развития человечества, созданными нашими предками. На этой земле развивалась высокая религиозно-духовная культура Тенгрианства, Зороастризма, Ислама о которой можно судить по сакральной значимости мест, произведениям архитектуры и искусства.

Список литературы:

- 1 Ахундов Д.А. *Архитектура древнего и ранне-средневекового Азербайджана*. – Баку, 1986. Азернашр. - 309 ст.
- 2 Бадалов Э.С., Алиева Р.Ш. *Расселения и архитектура Апшерона*. – Баку, 2016. Европа. - 264 ст.
- 3 Гурбанов А. *Тамги и знаки*. – Баку, 2013. САМ. - 326 с. (азерб. языке).
- 4 Махмудов Й.М. *Азербайджанцы*. – Баку: Асполиграф. 2008. - 64 ст.
- 5 Фараджева М.Н. *Наскальное искусство Азербайджана*. – Баку, 2009. Асполиграф. - 384 с.

ОРОНИМИЯДАҒЫ ТАУЛАРДЫҢ САКРАЛЬДЫҚ МӘНІ

*К.Д. Каймулдинова, г.ғ.д., профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: Феномен поклонения горам формировался веками. Поклонение высоким горам, особое их почитание прослеживаются по значению древних оронимов. Среди оронимов Казахстана часто встречаются древние названия сакрального характера. Это тесно связано с традицией поклонения горам древних тюрков.

Ключевые слова: феномен гор, структурно-семантическое развитие, топоформант горы

Annotation: The phenomenon of mountain worship has been formed for centuries. Worship of high mountains, special reverence for them is noticeable in the value of ancient organisms. Among toponyms on the territory of Kazakhstan there are a lot of names of ancient and sacred character than other toponymic groups. This is closely related to the tradition of worshipping the mountains of the ancient Turks.

Keywords: the phenomenon of the mountains, structural-semantic development, toformat mountains

Кез келген этностың географиялық кеңістікті игеруі оның топонимиясында көрініс тапқан. Бұл мәселе этностың дәстүрлі мәдениетінің сипаты ондағы *кеңістік* бейнесіне негізделетіндігімен түсіндіріледі. Этногенез тұрғысынан алсақ, әртүрлі халықтардың кеңістікті қабылдауы, оны рухани мәдениетте бейнелеуі әркелкі болуға тиіс. Жалпы дәстүрлі дүниетанымды қоғамдық сананың негізі ретінде түсінуге болады.

Тауға табыну феномені ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан. Биік тауларға табыну, оларға айрықша құрмет ең алдымен көне оронимдердің мағынасынан көрінеді. Қазақстан аумағындағы оронимдер арасында басқа топоним топтарына қарағанда, көне сакральды сипаттағы атаулар өте көп кездеседі. Бұл көне түркілердің тауға табыну дәстүрімен тығыз байланысты.

Ежелгі түркі халықтарының санасындағы *тау* феномені әртүрлі сипат алған: таудың маңыздылығы оған табыну деңгейімен анықталған. Бір тәңірге сиынған ежелгі түркілерде аспанға жақын тұрған биік шыңдар қасиетті деп саналған, яғни тауға жақын тұруды Құдайға жақындау ретінде түсінген. Телеуіттер, абакандық түркілер жақын орналасқан таулардың ең биігін *тау атасы* ретінде таныған. Алтайлықтар таудың құрметіне арнайы дәстүр (ритуал) өткізіп тұрған, мұнда таудың құрметіне ән айтқан. Әсіресе Алтайды ерекше құрмет тұтқан [1, Б. 253-254]. Алтайлықтардың ұғымынша, тау «иелері» адамдарға қолайсыз ауа-райы, дауыл жіберуі мүмкін. Мұндай болмас үшін адамдар тауға құрбандық шалып отырған: Алтай иесіне ақ қошқарды құрбандыққа шалып, ақ төккен. Ал Енисей маңындағы орыс топонимиясының ерекшеліктерін зерттеген С.П. Васильева бұл өңірдегі «әулие» атаулардың көбінесе гидронимдер болып табылатыны туралы жазған [2,15 б.]. Мұның өзі номинациялау процесінің ұлттық менталитетпен байланысты екендігін дәлелдейді.

Қоршаған ортадағы белгілі бір нысандарды, олардың ерекшеліктерін өзіндік түсініктер жүйесі көмегімен дәл бейнелеуі арқылы топонимдер әлемнің тілдік моделін құрайды, мұны әлемнің топонимиялық бейнесі деп атауға болады. Осы тұрғыда С.А.Токаревтің пікірлері назар аударарды [3]. Осы пікірлер негізінде түркі халықтарының тауға қатысты көзқарасы жөнінде мынадай мәселелерді атап көрсетуге болады:

1) Таулардың қатал климаты, сырғулар мен мұздықтар адам шығынына себепші болған. Бұл түсініксіз, алапат табиғат күштері ежелгі адамдар санасында таулардың қаһарлы иелері бар деген ұғымды туғызған. Әртүрлі табиғи апаттардың болуы тауды мифологиялық бейне ретінде қабылдауға себепші болған. Табиғат апатын адамдар тәңірінің ашулануы деп түсінген.

2) Тау асуларының қауіптілігін адамдар бұл асуларды қорғап тұрған тау иелері болуымен түсіндірген. Адамдар асудың жолында жатқан ірілі-ұсақты тастарға, жолдарында ұшырасқан жалғыз ағашқа сиынған. Ежелгі қазақ дәстүріндегі тауды барлық басқа нысандардан жоғары қою, қасиетті деп тану «асқар», «асқак», «әулие» тенеулерінен айқын көрінеді. Алтайлықтар мен монғолдар бұл иелерді *оба* деп атаған.

3) Халықтың шаруашылық сипатына (аңшылық, мал шаруашылығы, егіншілік) байланысты тау иесіне сену. Адамдар әрбір шаруашылық түрімен айналысуға мүмкіндік берген тау иесіне құрбандық шалатын болған. Ата-баба отаны осы тау болған тайпалар ол тауды айрықша құрметтеп, *төс-тау*, *ұлытау*, *ару төс* деп атаған. Қазақ оронимиясындағы ислам дініндегі желеп-жебеуші *қырық шілтен* Шілтен (төбе, Шығыс Қазақстан обл.) атауына негіз болған.

4) Тауды тәңірінің мекен ортасы ретінде түсіну. Бұл әсіресе грек мифологиясына тән (Зевстің мекені – Олимп тауы). Мұндай сенім-наным түркілерде де болған: біздің ата-бабаларымыз жаңбырдың, найзағайдың, желдің иелері биік тауларды мекен етеді деп түсінген. Көне түркілік сенім-нанымдар бойынша, Көк тәңірісіне сиыну, табиғатты оның сыйы ретінде қабылдау, Тәңірдің мекені ретінде ең биік тұрған тауларды түсіну басым болған. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ топонимиясындағы ертеректе қалыптасқан *Тарбағатай Тәңірі* (қоныс, Шығыс Қазақстан облысы), *Тәңіртау* (жота, Алматы облысы, ҚХР және Қырғызстанмен шекаралас аймақта), *Хантәңірі* (шың, Алматы облысы, ҚХР және Қырғызстанмен шекаралас аймақта) атауларды мысалға келтіре аламыз.

5) Тау киелілік символы ретінде әлемдік және ұлттық діндерде үлкен орын алады. Ислам мен христиан діндерінде пайғамбарлар да құдай үшін тауда естіген. Жапон халқындағы синтоизм сенім-нанымдары негізінде Фудзияманы қастерлеу, қазақ халқында адамзат ұрпағын құтқарушы Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтаған-мыс деп түсінілетін Қазықұрт тауын киелі нысан ретінде құрметтеу дәстүрлі ұлттық сананың болмысты қабылдауының айрықша бір үлгісі болып табылады. Осы ретте непалдықтар тілінде әлемнің ең биік нүктесі болып табылатын Гималайдағы Джомолунгма атауы қазақшаға аударғанда «таулардың ана құдайы» дегенді білдіретінін атап өткіміз келеді.

Қазақ халқы барлық түркі халықтары сияқты, туған жерді ерекше қастерлейді, бұл көзқарас қазақтың “атамекен”, “кіндік қаны тамған жер” деген бейнелі түсініктерінен байқалады. Көшпенді тіршілік жағдайында адамның өзін табиғатпен біртұтас құбылыс ретінде қабылдауы нәтижесінде кеңістікті танып-

білудің, дүниетанымының айрықша үлгісі қалыптасты. Сол себепті қазақ халқының рухани мәдениетінде де тау бейнесі өзіндік эстетикалық маңызға ие болған. Бұл дәстүр халқымызда әкені биік тауға теңеп, «асқартау» деп атап, ал жас балаға тілек білдіргенде «таудай бол» деуден де көрінеді [4, 11 б.].

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының жүйелілігі кеңістікті топонимиялық жүйесінде бейнелеуінен айқын көрінеді. Қазақ халқында тауға табынудың *құрылымдық-семантикалық* дамуында мынадай ерекшеліктер бар:

- *антропоморфизация*, яғни тауды тірі адам ретінде түсіну: башқұрттар Орал тауын батыр ретінде түсінген, ал алтайлықтардың аңыздарында бірнеше батыр Алтайдың жеке бөліктерін құрайтын тауларға айналған [5]. Қазақ халқында таудың жеке бөліктерін адамның дене мүшелеріне ұқсату басым болады. Бұл оронимияда *бас, мойын, төс, бауыр, бүйрек, қойын, қарын, аяқ, табан* метафоралық лексемаларының қатысуымен жүзеге асқан.

- *реантропоморфизация*, яғни адам тауға айналады деген түсінік: қазақ халқында адамның тасқа айналғандығы туралы аңыздар көп. Мысалы, Толағай батырдың тауға айналуынан Толағай тауының қалыптасуы қазақ ертегісінде баяндалған. Қазақ ертегілері мен аңыздарында адамның тауға, тасқа айналуы туралы ұғым бар. Мұның нәтижесі ретінде қазақ топонимиясындағы метафоралық атауларды атауға болады. Мұндай атауларға Келіншектау (тау, Оңтүстік Қазақстан обл.), Келіншектас (тау, Қарағанды обл.) жатады. Бұл атаулардың этимологиясына қатысты халық аузында түрлі аңыз әңгімелер осы күнге дейін сақталған.

Орыс топонимиясындағы сакральды атауларды зерттеген Е.Л. Березович номинация барысында мұндай атаулар тобында кеңістіктегі табиғи нысанның «айрықша белгілері мен қасиеттері туралы ақпарат» топонимикалық код түрінде сақталатынын атап көрсеткен болатын [6]. XIX ғасырдың екінші жартысында Орыс географиялық қоғамының тапсырмасымен қазақ жерін зерттеген Н. Северцовтың осы саяхаттар туралы еңбегінде қазақтар қорғауды қажет ететін табиғат ескерткіштерін, сирек кездесетін орманды алқаптарды «әулие» атауларды беру арқылы бүлдіруге тиым салғаны жөнінде деректер бар [7].

Қазақстан аумағында оронимдер құрамында *тау* топоформанты жиі кездеседі. Бұл терминнің көне формасы *таг, тақ* Қазақстанда ғана емес, жалпы Орта Азияда көптеген оронимдер құрамында сақталып қалған. Бұл терминдердің көне екендігін Геродот келтірген Алтунтаг (Алтынтағ) және Мастаг (Мұзтағ) оронимдері дәлелдейді [8,31 б.]. Осы ретте Қазақстан аумағында да «тағ» топоформантының кейбір оронимдер құрамында сақталып қалғанын анықтадық. Мысалы, Сарыарқадағы Тағылыоба, Жақсы Тағылы, Жаман Тағылы тауларының, Жетісу Алатауындағы Тақтамық шоқысының атауларындағы «тағ» пен «тақ» көне түркілік элемент болып табылады. Сарыарқадағы Тағылы атауындағы *тагы* әдетте «жабайы аң» мағынасында түсіндіріледі. Осы топтамадағы атаулардың барлығының да тауға қатысты екендігін ескерсек, бұл оронимдердің көне «тағ» сөзімен байланысы айқындала түседі. Қазақ тіліндегі «тақ» сөзі де «хандар, патшалар отыратын биік орындық» мағынасын білдіретіндігін де осы көне негізбен түсіндіруге болады. Қазақстан жеріндегі мифологиялық-сакральды мазмұны бар оронимдер қатарында Әулие (тау, Жамбыл обл.), Әулиетөбе (тау, Қарағанды обл.), Әулиешоқы (тау, Алматы обл.), Шайтансай (сай, Ақтөбе обл.) және т.б. бар.

Сонымен, қазақтың дәстүрлі топонимиясында таумен байланысты атаулар нақты табиғи жағдайларды қабылдаудың мифологиялық, сакралды ұғымдармен астасып жатуы арқылы сипатталатын күрделі топонимиялық құрылым болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Инан А. Түрік аңыздарындағы тау, ағаш (орман) және жылғаларды пір тұту // Мақалалар мен зерттеулер. - Анкара, Түрік тарихи қоғамы, 1998. – Т. 2. - 417 б.
- 2 Васильева С.П. Русская топонимия Приенисейской Сибири: картина мира: автореф. ... докт. филол. наук. – Тюмень, 2006. – 40 с.
- 3 Токарев А.С. Ранние формы религии. – М.: Политиздат, 1990. – 623 с.
- 4 Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1988. – 24 с.
- 5 Львова Э.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Человек. Общество – Новосибирск: Наука, 1989. - 243 с.
- 6 Березович Е.Л. О специфике топонимической версии этнокультурной информации // Известия Уральского государственного ун-та. – 1997. - №7. – С. 90-105.
- 7 Путешествия по Туркестанскому краю и исследование горной страны Тянь-Шаня, совершенные по поручению Императорского русского географического общества доктором зоологии, членом ИРГО Н.Северцовым. – СПб., 1873. – 459 с.
- 8 Камолиддин Ш.С. Древнетюркская топонимия Средней Азии /Отв. ред. М.Исхоков. – Ташкент: Шарк, 2006. – 192 с.

ТОПОНИМИЯ И ИСТОРИЯ САКРАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА

*Абдиманов Б.Ш., д.г.н., профессор
КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

Аңдатпа: Мақалада географиялық және тарихи атаулардың шығу тегінің топономикалық негізінің мағынасына баға берілген. Топонимдердің кең мағынаны білдіретіндігі көрсетілген. Нысандар атауларына сараптама жасау барысында олардың шығу тегіне және киелілігіне талпыныс жасалған.

Kiimmi сөздер: Киелі кеңістік, тарих, дін, мінәжат ету, мәдениет, аңыз

Annotation: In this article, an assessment is given to value of a toponymical basis in disclosure of place and historical names. It is shown what toponyms has very broad semantic interpretation. On the example of the analysis of names of objects, the attempt of an explanation of their sacristy is made.

Keywords: Sacral space, sacral object, history, religion, worship, culture, myth

В предисловии краткого энциклопедического словаря исторических топонимов Казахстана, сказано, что одной из важнейших частей культурного наследия народа, наряду с архитектурой, литературой, музыкой и прочим, является богатство национальной ономастики: топонимии, антропонимии, этнонимии [1]. Среди них, топонимы являются графическими и фонетическими маркерами-знаками освоенного культурного пространства, культурно-историческим кодом нации, символами национальной культуры, которую следует беречь, ибо за каждым словом тянется ниточка к давней истории, пластам языка народа, истокам народного вкуса [2].

Как отмечает И.В. Ерофеева [3], система словесной маркировки земной поверхности отличается большим разнообразием. Так, помечая окружающий рельеф, люди давали названия различным по величине горам, сопкам, рекам, озерам и урочищам, привязывая их то к самым характерным чертам внешнего облика, то к естественным препятствиям,, либо к наиболее социально значимым историческим событиям, связанным с этим географическим объектам.

По истечении времени, те или иные социально-значимые объекты приобретали статус особенно важного, ценного и почитаемого. Становились сакральным. Образовывали сакральное пространство разных по масштабам и целям.

Под сакральным пространством могут подразумеваться две вещи – определенное здание и сакральное место, не обязательно связанное с постройками. Примером последнего могут служить священные места, которые были очень популярны в прежние времена язычества. Сакральным значением и сегодня обладают многие горы, холмы, поляны, водоемы и другие природные объекты. Часто такого рода места обозначают специальными знаками – флажками, лентами, изображениями и другими элементами религиозного декора. Их значение обусловлено каким-либо чудесным событием, например, явлением святого. Либо, как это особо распространено, почитание места связано с поклонением обитающим там незримым существам – духам и др.[3].

Поэтому, исследуя сакральные места важно помнить, что феномен сакральных мест, это в большей степени феномен человека, его отношение к окружающему. Сакральное для одних народов, не обязательно должен быть сакральным для и других. Значит, в корне необходимо искать причины сакрально в призме отдельно взятого поселения, народа, культуры или религии. Иногда, эти границы перетираются. Сакральное может быть общим для групп народов и религий.

Как отмечает Мельникова Е.Е., в условиях современной урбанизации и технологи-зации, все большее количество людей испытывает необходимость в посещении живописных ландшафтов, в том числе содержащих интересные исторические и сакральные объекты. Сакральным объектом (сакральное место, «место силы») при этом являются локальные географические объекты или их взаимосвязанные сочетания, определенным образом влияющие на человека, отмеченные культовыми сооружениями и почитаемые в народной традиции как «святое, священное место [4].

Построим алгоритм исследования некоторых из числа сакральных мест Казахстана через призму топонимического анализа.

В список сакральных объектов Казахстана включены как места, почитаемые казахами в качестве святынь, так и те, что уже стали предаваться забвению, и даже относительно недавние сооружения, ровесники независимости.

Казыгурт - (каз. *Қазығұрт*) - горный хребт, протянувшийся примерно на 20 км с востока на запад. Высшая точка 1768 м. Находится в 35 км от города Шымкент (западный хребет Тянь-Шаньских гор). Входит в Угамскую природную провинцию Тянь-Шаньской природной области.

Впервые топоним *Казыгурт* упоминается в сочинении арабского географа IX в. Ибн Хордадбека, как населенный пункт *Газкерд* на пути из Шаша (Ташента) в Испиджаб (Сайрам).

Один из знатоков географических названий А. Абдрахманов высказывает, что это название в трудах арабских географов IX в. дано как Гаркура. Кар, кер в древнетюркском языке использовался в значении «чудовищная, огромная змея, двухглавый дракон», кұрт означал «главный волк», т.е. «основное племя» [5].

По мнению Б.Байтанаева[6], первая часть топонима дает понятие *гора*. Вторая часть *оронимакурт* имеет широкое распространение на территории Евразии. Топоформант *гурт* встречается в иранских языках в значениях «селение, стан». Появление данного оронима, он связывает с распространением в Центральной Азии христианства несторианского толка в IV в. н.э.

По одной из последней версии, гора имеющая легенду о всемирном потопе, была воспринята как святое, сакральное место и получило переосмысление в форме «стан на горе», «горное поселение», «горная пристань». Казыгурт был выше всех гор Вселенной. Во время всемирного потопа, когда весь мир скрылся под водой, вершина Казыгурта осталась незатопленной (рис. 1). К ней и причалил Ноев Ковчег [5].



Рис. 1 - Гора Казыгурт

Сауран. Одним из наиболее известных средневековых городов на Средней Сырдарье. Его остатки, сохранившие прежнее название, находятся в 35 км северо-восточнее г. Туркестана.

Первые упоминания о городе относятся к X в. Известный арабский географ X в. Макдиси характеризовал его так: «Сауран (Савран, Сабран) - большой город, окруженный семью стенами одна за другой, а в нем есть рабад, соборная мечеть находится во внутреннем городе. Он - пограничная крепость против гузов и кипчаков». Сауран под названием «Савран» указан в маршрутке армянского посла Гетума - в одном ряду вместе с Сыгнаком (Сгнахом), Харчуком (Карачу-ком) и Асоном (Яссы)[7].

Памятник входит в состав государственного музея-заповедника «Азрет-султан» с центром в Туркестане. Сауран - место первой находки на территории Казахстана системы кыризов - ирригационной системы колодцев с подземными каналами для орошения полей, в 2002 году подобные сооружения были найдены ещё в трёх местах Туркестанского оазиса[8]. Арабский географ Макдиси писал: «Сауран (Савран, Сабран) — большой город, окруженный 7 стенами, соборная мечеть находится во внутреннем городе». В первой половине XIV века Сауран являлся столицей джучидской Белой Орды. Здесь был в 1320 г. похоронен правитель Белой Орды Сасы-Бука. В период 1465 по 1718 годы - один из городов Казахского Ханства. В 1514-1515 годах в Саурани жил поэт Васифи, оставивший описание города и окрестностей. Был в числе разрушенных в 1723-1727 гг. джунгарами городов. Древнее городище было окончательно заброшено в начале XIX века (рис. 2).



Рис. 2 - Ворота древнего Саурана [9]

Городище Сауран с его высокими, до сих пор частично уцелевшими стенами, развалинами жилых кварталов и общественных построек, с его уникальными кяризами, остатками пригородной застройки и древними полями представляет один из наиболее ценных археологических и архитектурных памятников Казахстана [9]. Древний Сауран считают своеобразным музеем трудовой и культурной жизни предков народов Казахстана и Средней Азии.

Таким образом, видно, что понятие священности присутствует везде, где есть человек и его осмысление о сакральности. Отсюда следует, что священность того или иного объекта определяется степенью его отличия от обыденного, то есть руководимого инстинктивным и эмоциональным началами.

Сакральность в обществе хранится во многих отраслях человеческой жизни. База знаний формируется благодаря нормам, правилам, общей идеологии поведения. Сакральность объектов передается от поколения к поколению. На формирование сакральных знаний уходят столетия, человеку не нужны доказательства существования таинственных знаний. Подтверждением для него являются чудеса, происходящие в ежедневной жизни благодаря обрядам, молитвам, действиям священно-служителей и т.д.

Список литературы:

- 1 *Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана / Сост. И.В. Епрофеева. – Алматы, 2014. – 528 с.*
- 2 *Хазбулатов А.Р. Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана / Сост. И.В. Епрофеева. – Алматы, 2014. - С. 3-5.*
- 3 <http://fb.ru/article/169799/что-такое-sakralnoe-znachenie-i-tolkovanie>.
- 4 *Мельникова Е.Е. Природные сакральные объекты как основа формирования и развития сакрального туризма на примере Каракольских озер Чемальского района Республики Алтай // Материалы Всероссийской научно-практической Интернет-конференции “Географическая наука и образование: современные проблемы и перспективы развития. – Новосибирск: Изд. НГПУ, 2012. - С. 71-74.*
- 5 *Кожя М. Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана / Сост. И.В. Епрофеева. – Алматы, 2014. – 528 с.*
- 6 *Топонимика. Энциклопедический справочник. – Алматы: ТОО «АрунаLtd», 2010. – 816 с.*
- 7 <http://www.kazportal.kz/gorod-sauran>.
- 8 <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
- 9 https://go.mail.ru/search_imagesfm=городищеСауран

ТЫЛСЫМҒА ТОЛЫ ТОПАҒАШ

*А.Н. Оразбай,
5B030100 «Құқықтану» I курс студенті
А.У. Абулгазиев, аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: В статье рассказывается о Топагаше, одном из священных мест в Жамбылской области. История Топ-Агаша, о легендах и рассказах о священной земле. Статья была написана автором на основе его знакомства с священной местой интервью с посетителями.

Ключевые слова: Топагаш. Сакральные места. Святая топагаш, Смотритель при святых местах. Акыртөбе

Annotation: The article tells about Topagash, one of the sacred places in the Zhambyl region. The history of Top Agash, about legends and stories about the sacred land. The article was written by the author on the basis of his acquaintance with the sacred space and interviews with visitors.

Keywords: Topagash. Sacred places. Saint Top Agash. Caretaker at sacred places. Akyrtoobe

ҚазАқпарат - «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасына Жамбыл өңірінен 8 тарихи орын ұсынылды. Бұл туралы бүгін Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Бүгінгі күні облыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сапалы іске асыру бойынша пәрменді шаралар қабылданған. Өңірлік жобалық кеңсемен «Тәрбие және білім», «Рухани қазына», «Атамекен» кіші бағдарламаларына 73 жоба енгізілді. Рухани жаңғыруға негіз - біздің өңір тарихында ежелден бар өнеге. Оның дәлелі ретінде Елбасының бастамасымен Астанадан бастау алып, 2000 жылдан астам тарихы бар көне Тараз жерінде жалғасқан Қазақ хандығының 550 жылдығын айтуға болады. Қазақ хандығының 550 жылдығы - тарихымызда ұлттық код екені анық», - деді ол.[1,Б.1]. Ұлы даланың кез келген бұрышына барсаңда жергілікті жерде аңыз әңгімеге толы, өзіндік тылсым күші бар киелі жерлері жетерлік. Жоғарыда атап өткеніміздей Жамбыл облысының жеріндеде киелі жерлер көптеп кездеседі. Сондай ерекше киелі жерлердің бірі, аядай жерде бір шоғыр болып өсіп тұрған ағаштарды жергілікті халық Топағаш деп атайды. Топағаш туралы да аңыз әңгімелер баршылық. Топағаш туралы облыс аумағына белгілі болғанымен ұлы дала елінің төрт бұрышына таныс емес.



1-сурет. Киелі жердің кіре берісі [2]

Осыдан үш жыл бұрын ел «Әулие Топағаш» атап кеткен киелі жерге табан тіреген едім. Акыртөбе аймағын аралап, тұрғындарымыздың тұрмыс- тіршілігін білу мақсатымен барған бізге жергілікті жұрт киелі мекенді көрумізге және оның тылсым табиғатымен танысуға сол тұрғындар кеңес берді. Акыртөбе ауылының төменгі жағында, шамамен 10 шақырымдай жерде орналасқан алақандай ғана орманды алқаптың тарихы мені өте қатты қызықтырды. Жұрт нұсқаған жолға түсіп, тылсымға толы Топағашқа бардық. Біз барған кезде бұл мекеннің шырақшысы белгілі бір себептермен қалаға кеткен болып

шықты. Өзін бізге Айгүл деп таныстырған келіншек өзінің осы жерге келгеніне бір жеті болғанын айтты. Дегенмен, сөз ауанына қарасаң осы өлкенің байырғы тұрғыны секілді. Топағаштың тарихын тереңнен тартып, маған таныстырып осы жердің тарихын айта бастады. Тіпті, бірнеше дәуірді көзімен көрген «тірі» тарих дерсің. Сонау 1300-1400 жылдардан бергі өмірді тарқатып, тыңдаушыны сендіре сөйлейді. Елді еліктіріп әкету туристік компания өкілдерінің нан тауып жер кәсібі екенін ескеріп, үнсіз тыңдап, соңына ілестік. Айналасы сүт пісірім уақытта әулие жерді түгел аралап, танысып шықтым. Сондағы Домалақ ананың құдығынан су ішіп, шөл қандырып, тыныстап алдым.

Айгүл апайдың айтқандарына сенсек, мұнда Қазақстанның түпкір-түпкірінен бөлек, алыс – жақын шет елдерден де ем іздеп келетіндер көп екен. Біз Айгүл апай екеуміз әңгімелесіп отырып уақыттың қалай өткенінде байқамаппыз. Кеш қарайып қалған уақытта Топағаш қуатшырақшысы - Ғалымжан Ұзақбаев келді. Мен ол кісімен амандасып алып, сөзге тарттым. Алғаш мұнда 2002 қарашай ұлтының өкілі сатан Газиева апамызбен бірге келіп, осында құран оқып жүрдім. Келген сайын тылсымға толы киелі жердің тартылыс күшінен қуат алып, тынығып, сергіп қайтушы едім. Осылай жылдар жылжып, күндер өтіп жатты. Ал, 2005 жылы түсімде маған Домалақ ана аян беріп Топағаштың басына үй салып, киелі мекенді қолға ал – деп өзінің мұнда қалай келгенін шырақшы айтып берді. Домалақ ананың бұл жермен байланысы бар ма? дедім осы тұста әңгімемізді шира түсу үшін шырақшыға. Болғанда қандай, бұл жер домалақ ананың туып өскен - жері ғой,- деп топағаштың тарихы жазылған бір жапырақ қағазды қолыма ұстатты.

Ондағы деректерге сүйенсек, Мақтым Ағзам Қожаның немересі Нұрила-Домалақ ана 1378 жылдар шамасында дүниеге келген екен. «Домалақ ана дүниеге келген кезде осы қасиетті жерге Жаратқанның нұры жауып тұрғанын көрген Мақтым Ағзам немересінің есімін Нұрила деп қояды.”Нұр”- Алланың нұры ал, ”ила” Жаратқанның 99 есімінің бірі» делінген деректе. «Нұрила анамыз 13 жасқа келгенде түсінде “кім бірінші білегінді ұстаса, сол адамға тұрмысқа шығасың” деген аян алады. Өзі хан, өзі би, өзі батыр Бәйдібек бабамыздың сол кезде 63 жасқа келіп қалған кезі болса керек. Бір топ нөкерімен су ішуге келген Бәйдібек бабаға су алып бермек болған 13 жастағы талдырмаш қыз абайсызда құдыққа құлап кете жаздайды. Оны құтқармақ болған Бәйдібек батыр Нұрила қыздың білегінен ұстап, құдықтан шығарып алады.”Сен менің енді олжам болдың ғой” деген батырға: “Мен оны сізден бұрын білгенмін” деп жауап қатқан Домалақ ана Бәйдібектің некелі бесінші әйелі болып тұрмысқа шығады. Баласы Жарықшақ бабамыз осы Топағаш мекенінде өмірге келген екен» дейді қолдағы деректер. Енді әңгімені ары қарай өрбіте отырып, Топағаштағы талдардың екі –үшеуден топтасып өскені өз алдына бір талдан үш түрлі талдың жапырағы өсіп тұрғаны еріксіз таңдай қақтырады. Ешкім келіп арнайы будандастырмағаны белгілі. Тағы бір ерекшелік, әлгі талдар белгілі бір мөлшерде шырын бөліп тұрады. Шырақшының айтуынша, әр талдың шырыны әр түрлі ауруға ем екен. Медицина емін таппай, ауырып келген емделушілердің барлығы осы мекеннен құлан таза айығып, қатарға қосылған көрінеді. Бұл жердің ауасы, суы, топырағына дейін ем. Аққанмен ауырғандар жазылып, бала көтере алмағандар көтеріп, көзі көрмегендер көріп кетті, дейді шырақшы Ғалымжан Әбитұлы. Ауырып келген кез- келген адам осында қонып, түсінде аян алады. Қанша күн белгіленсе сонша күн жатады. Мына тұрған тұрғынжайлардың барлығына домалақ ананың аянымен өз қаражатыма салып, емделушілерге тегін беріп отырмын деді шырақшы.



2-сурет. Киелі топағаш [3]



3-сурет. Бір тамырмен өскен үш түрлі талдың жапырағы [4]

Топағашқа ем іздеп келген бір егде тартқан ағайдан сіз Топағаштың қасиетіне сенесіз бе деп сұрасадым. Әйелім белінен тұра алмай үш жылдай ауырды. Жылына екі –үш мәрте ауруханаға апардым. Шамамен 150-160 мыңға дәрі дәрмек жазып берді . Ең арзаны 17-18 мың теңге тұрады.Қалай дәрінің күші кетеді әйелім қайта төсек тартып қалады.Сосын елдерден естіп, киелі Топағашқа келдік. Сенесің бе көлікке әйелімді көтеріп мінгіздім, өз аяғымен жүре алмайды. Ал, Топағашқа қонған күннің ертесіне әйелім өз аяғымен шауып жүр.Сол күннен бастап киелі жердің қасиетіне сенемін деді. Киелі жердің тарихы Жоңғар шапқыншылығымен сабақтасып, тереңдей түседі.Топағаштың маңындағы Сұмқайтты жерінде қазақтың үш жүзі бірігіп жоңғардың қалың әскеріне қарсы тұрып, жеңіске жеткені тарихтан белгілі. Осы жерде бүгінде ел ”Әулие Топағаш” атап кеткен шеңбер жасап өскен бір топ ағаш бой түзеп тұр.Бұл ағаштыңда өзіне тән қасиеті мен киесі бар. Мақаламды қорыта келе, мақала бір жақты жазылмас үшін екі тараптың сөзін түгел қамтуға тырыстым. Шырақшы мен келесі тараптың ойлары бір –бірімен қабысып жатты. Бір білерім елімізді былай қойғанда менің туған жерім киелі Құлан өңірінің өзінде зерттелген, зерттелмеген, зерттеуді қажет ететін тарихи-мәдени орындар жеткілікті.Олар аңыз әңгімеге құралған ба, тарихи өзегі, ғылыми негізі бар ма, маңызды емес. Маңыздысы Елбасының мақаласында айтылғандай “ сапасы қандай болса да, деректерді кейінгі ұрпақ біліп өсуі тиіс” дегендей бұл мақала соның бастау бұлағы тақырыптың тұздығы дер едім. Менде бұл мақаланы яғни Топағаштай киелі мекеннің барын болашақ ұрпағымыз, жастарымыз білсін деген ниетте жазып отырмын...

Әдебиеттер тізімі:

- 1 http://www.inform.kz/kz/kazakstannyn-kieli-zherleri-zhobasyna-zhambyl-onirinin-8-tarihi-orny-usynyldy_a3069410
- 2 <http://www.shimkent.inf>
- 3 <http://www.inform.kz:8080/images/uploads/13.06.17/roschaTop-Agash3.jpg>
- 4 ztgt.kz/in-the-stream-of-stories/svyatyni-top-agasha.html

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯНЫҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ

*А.Қ. Дүйсенбаев, п.ғ.к., доцент,
Қазақ-орыс халықаралық университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
А.Қ. Жумағазиев, аға оқытушы,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау қ., Қазақстан*

Аннотация: В данной статье проанализированы проблемы познавательных основ казахских народных этнокультурных традиций сакральной географии.

Ключевые слова: Независимость, Мәңгілік Ел, язык нации создающее государство, Казахское государство, казахская культура, образование, идея патриотического воспитания

Annotation: This article analyzes the problems of cognitive foundations of Kazakh folk ethno-cultural traditions of sacred geography.

Keywords: Independence, Mangilik El, language of nation upbuilding the state, the Kazakh state, Kazakh culture, education, the idea of patriotic education

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, құлықтылық (моральдық нормалар) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып, әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір–салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бір-бірін байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпыадамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше. Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді.

Қазақ халқының жүздеген жылдар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, рухани мәдениеті, этносқа тән дүниетаным аясы бар. Евразия кеңістігінде еркін көсілген, ұлан-ғайыр кең байтақ даланы мекендеген қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігі жүздеген, мыңдаған жылдар бойы табиғатпен тікелей байланысты болды. Табиғаттың «қас қабағына» қарау, табиғат құбылыстарына қарай отырып, алдағы айлардың ауа-райы жағдайын болжау дәстүрі, көне дәуірлерден бастап қалыптасқан. Қазақ жұрты Көк тәңіріне, Жер-анаға бас иіп табынады. Ерте дәуірлерде өмір сүрген, қазіргі қазақ жұртының арғы ата-бабалары, ғарышты, аспан әлемін танып білуде, этносқа тән өзіндік дүниетаным түсініктерін қалыптастырды. Атырау, Жайық бойын, Тайсойған, Нарын құмдарын мекендеген қазақ жұртының да ғасырлар бойғы өзіндік, ұлттық таным-түсініктері қалыптасты. Этносқа тән таным-түсініктер, наным-сенімдер жазылмаған заң секілді, кең байтақ сахараны мекендеген еркін қазақ жұртын уыздай ұйытқан, бас идіріп бағындырған құдіретті күш болды. Қазақ жұрты, көне дәуірлерден қалыптасқан ата-бабаларының әдет-ғұрып заңдарын, жөн-жоралғыларын, салт-дәстүрін, таным-түсініктерін, наным-сенімдерін ерекше қастерлеп, қадір тұтып, қасиеттеп бұлжытпай орындап, келер ұрпақтарға жалғастырып отырды.

Далалық жағдайында көшпелі тұрмыс кешіп, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының бар өмірі жер-анамен, табиғатпен тікелей байланысты болып өрбіді. Сол себептен де табиғаттың қас-қабағын бақылау, жылдың, айдың, күннің, аптаның есебін мұқият жүргізіп отыру, мұндай мақсат үшін арнайы көріпкел адамның болуы көнеден қалыптасқан дәстүр. Бұндай адамдардың аузынан шыққан сөзді бүткіл ел ұйып тыңдайтын болған. Мұндай адамдар жазып, сызбай-ақ өздерінің ішкі болжамдарымен қыс айларының қатты, не жылы болатындығын, жаз маусымының ыстық, қуаң немесе қоңыржай, жауынды-шашынды, шөбі шүйгінді, малға жайлы болатындығын алдын ала есептеп, болжай білген. Егер алдағы уақытта қыс қатты болып, жаз айы ыстық болса, елді алдын ала сақтандырады. Алдағы уақыттағы қыс айлары қатты, борандау, аязды болып келіп, малдың тебіндеуіне қиындықтар туғызатындай жағдайлар жаз, күз айларында сезіліп, байқала бастаса ел-жұрт жылы аймақтарға көшеді. Біздің өлкемізде қыс айларында көшпелі қазақтар: Тайсойған, Нарын, Бүйрек құмдарын, теңіз жағасын, Жайық бойындағы тоғайлықтарды паналаған. Әсіресе, Тайсойған құмын «кіші жүзге» қарасты көптеген рулар мекендеп, қыс қыстаған. Тайсойған құмы қыс айларында қандай малға да тебін болатын, аязы, бораны жоқ, өрістегі малға жайлы, жылы, оты мол, құйқалы жер. Жазық далалықта боран соғып, аязды болып тұрса да, Тайсойған ішінде жылылық, жауған қар ақ ұлпа күйінде сақталады. Ал, құм ішіндегі нулы, тоғайлы жерлер мүлде жып-жылы болып тұрады. Тайсойған құмының ішіндегі мұндай жерлерге тап болғанда, өзінді үш ай тоқсан қыста емес, қоңыржай күзде жүргендей сезінесің. Тайсойған құмын адамзат баласы ерте дәуірде мекендей бастаған. Құм ішінде, құм жиегінде ата-бабаларымыз мекендеген көне қалашықтар мен елді-мекен іздері, орындары археологиялық ескерткіш ретінде мемлекет есебіне алынған. Этносқа тән салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері мен таным-түсініктерінің қалыптасып дамуына жүздеген, мыңдаған жылдар керек болды. Қазақ халқының өмірі, тұрмыс-тіршілігі жүздеген, мыңдаған жылдар бойы табиғатпен тікелей байланысты болды. Табиғаттың «қас-қабағына» қарау, табиғат құбылыстарына қарап отырып алдағы айлардың ауа-райының жағдайын болжау дәстүрі көне дәуірлерден бастап қалыптасқан. Қазақ жұрты көк тәңіріне, жер-анаға бас иіп табынады. Көне дәуір қазақтары ғарышты, аспан әлемін танып білуге, этносқа тән өзіндік дүниетаным түсініктерін қалыптастырды. Осындай аймақтық негіздегі географиялық таным-түсінік бойынша «Бесқонак» құбылысы туралы: «Сәуір айында келетін негізгі амалдардың бірі. Жалпы наурыз бен сәуір айлары амалдармен, ауа райының тез

өзгеріштігімен ерекшеленді. Жазғытұрымғы мезгілдің алғашқы күндері, қыс ызғары мен жаз лебінің оlara шағы. Алты ай қыс, алты ай жаз мезгілінің орта кезеңі. Бесқонақ амалы жөнінде ел аузында көптеген әңгімелер қалыптасқан. Бесқонақты Атырау өлкесінде «бес ескі, бес жаңа» деп те атайды. Наурыздың соңғы бес күнімен сәуірдің алғашқы бес күні бесқонақ кезінде ауа райының өзгеруі өте тез болып тұрады» деп сипатталады [1,Б.209].

Сонымен қатар, халықтық географиялық таным бойынша «құралайдың салқыны» деген ұғым бар: «Еліміздің Батыс аймағында мамыр айының соңына ала басталып, бас шілдеге дейін созылатын амал. Бұл кезде бірқатар салқындықта болады. Құралайдың күндері жаңбырлы болып келеді. Ара-арасында жел тұрып, ауа райы жиі-жиі өзгеріп отырады. Осы кезде даланың еркесі киіктер лақтайды. Қазақ халқы киіктің лағын ежелден «құралай» деп атаған. Амал кезінде табиғатта жиі-жиі өзгерістер болып отырады. Тымырсық, ыссылық, жел, жауын-шашын болып тұрады. «Құралай» амалының уақыты көбінесе салқын, жауынды-шашынды болып келеді. Қазақ жұртының таным-түсінігінде киіктің лағы құралай – сұлулықтың, әсемдіктің, пәктіктің символы. Қазақтар қыздарының есімдерін – Құралай деп қойған. Қазақ халқында Құралайға байланысты сөз тіркестері көптеп кездеседі. Мысалы: «Құралайды көзден атқан мерген», «Құралай сұлу», «Құралай көз» және т.б. Құралайды қазақтар сұлулықтың, пәктіктің белгісіндей, табиғат ананың ерекше бір құбылысы ретінде бағалаған» [2,Б.84].

Қазақстанның Батыс аймағындағы киелі жерлер өте көп. Дені табиғи орындар мен тарихи-географиялық ескеріштерді құрайды. Соның бірі және бірегейі Бекет ата жер асты мешіті болып табылады. Негізгі дерек бойынша: «Бекет Ата жерасты мешіті – Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген тұмсығының үзіліп қалған Оғыланды шоқысына қашалған тарихи-сәулет ескерткіші. Үш-төрт канат киіз үйдің көлеміндей үш бөлме» деп келірілген. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Бекет ата 1750 жылы туылып, емші, көріпкел ғана емес, физика, математика, астрономия заңдылықтарын жақсы білген ғұлама ретінде аты танылған. Бұхарада оқып, ілім жинаған соң, өз өңіріне қайта келіп, бес мешіт салдырады. Жергілікті дін ғұламаларының арасында атақ-даңқы өсіп, Пір атанады. Пайғамбар жасында дүние салады. Бекет атаның мүрдесі осы жерасты мешітіндегі бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Бұл кенде мешіт басы күні-түні әулие басына зиярат етушілерден бір арылмайды [3,Б.48].

Өлкедегі аса қастерленетін, ислам әлемінде әйгілі ескерткіш – Оғыланды жеріндегі (Үстірттің батыс шыңдары) Бекет-Ата жерасты мешіті. Мешіт Шопан-Ата қорымынан 100 км шығыста орналасқан. Бұл жерде қазақ халқының ұлы данасы Бекет Мырзағұлұлының өзі жерленген. Бекет Мырзағұлұлы 1750 жылы Атырау облысының Жылой ауданы, Ақкиізтоғай ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан әділ және адамгершілігі мол батыр болып өскен. Аңызға сүйенсек, жасы үлкен Шопан атадан рухани бата алып, Хиуаға оқуға аттанған Бекет-ата медресені аяқтап, қырық жасында сопы болып, пір (мұғалім, жетекші) атағына ие болады. Өзінің ғұмырында әулие Бекет-ата Маңғыстауға келіп орныққанға дейін ұзақ жолдарды кешті. Ол адамдарды емдеп, балалардың сауатын ашты, даулы мәселелерді шешуде екі жақты келісімге алып келген даналық таныта білді. Бекет-ата шындықта өмір сүріп, әділ болуды және жақсылық жасауды уағыздап өткен. Атаның 5 мешіт тұрғызғаны мәлім: біріншісі Құлсарыдағы – Ақмешіт деп аталса, екіншісі Бейнеу селосынан 17 шақырым борлы жартаста Бейнеу қорымында, үшіншісі – Үстірт жазығындағы Байшағыр жерінде делінеді, сондай-ақ Бозашы түбегі маңындағы Тиген елді мекенінен 37 шақырым қашықтықтағы Тобықты жеріндегі және өзінің мәңгі мекеніне айналған Оғыланды тауының ақборлы жартасты мүйісі қабатынан ойып қашалған мешіті.

Сөзімізді түйіндесек, Қазақ халқы өз ұрпағына этномәдени дәстүрлеріндегі киелі географияның баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін этномәдени дәстүрлер жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған. Демек, қазақ халқының этномәдени дәстүрлерінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи уақиғаларға байланысты қалыптасқан отансүйгіштік тәрбие берудің алғышарттары деп түсінгеніміз жөн.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Кожухметова К.Ж. *Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.* – Алматы: «Ғылым», 1998. – 317 с.
- 2 Тайжанов А.Т. *Этномәдени білім мен тәрбие / Оқу құралы.* – Ақтөбе, 2009. – 122 б.
- 3 Дүйсенбаев А.Қ. *Дінтану. Дәрістер курсы.* – Алматы: «Эверо», 2017. – 96 б.

САКРАЛЬНЫЕ ТОПОНИМЫ КАЗАХСТАНА КАК ИСТОЧНИК ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ НАРОДА

*Ержигитова Д.С., преподаватель
Каз ГАСА, г.Алматы, Казахстан*

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстанның киелілікті топонимдері мен, киелі нысандарының мәселелері және сұрақтары, халықтың тарихи-мәдени мұрасының көзі ретінде қарастырылды. Топонимдердің, табиғи ескерткіштерді, көне кешендеріне, тарихи-географиялық сипаттама бере отырып, олардың мәдени және табиғи мұраның ұлттық мәні бірегей қалыптасуында.

Кілтті сөздер: киелі топонимия, экклезионимдер; агионимдер; тарихи-мәдени мұра; табиғи ескерткіштер, мәдени ескерткіштер, ежелгі кешендер

Annotation: The article deals with the questions of sacral toponymy, sacral objects of Kazakhstan, as a source of people's historical and cultural heritage. It provides toponymic, historical and geographical description of natural monuments of culture, ancient complexes of their importance in the formation of cultural and natural heritage, the framework of national identity.

Keywords: sacred toponymy, ecclesionyms; agionyms; historical and cultural heritage; natural monuments, cultural monuments, ancient complexes

Географические названия для культуры человечества — неоценимые памятники культуры, переходящие из поколения к поколению, передающие им прошлое народа, его святое наследие. Так, по мнению академика В. В. Бартольда правомерным является, что «среди родственных тюркских народов топонимы священных мест удивляют своей находчивостью, точностью, простотой и историческими дерективами»[1]. Топонимы тесно связаны с народной социально-экономической историей, с прошлым народа, его краем, культурой отечества, историей языка.

У каждого народа, у каждой цивилизации есть святы места, которые носят общенациональный характер, известны каждому представителю этого народа. Это одно из оснований духовной традиции. Для Казахстана это особенно важно, где огромная по территории страна с богатой духовной историей играли разную роль в истории. Однако при этом за всю историю не созданы единое поле, единая цепочка этих важных с точки зрения культуры и духовного наследия святы мест.[2]

Вопрос в том, каким образом увязать в национальном сознании воедино культурно-географический пояс святынь Казахстана. В этой связи сакральные объекты, их топонимия как источник историко-культурного наследия занимают важное место. Сакральной топонимике посвящены исследования [М.В. Горбаневский, В.Я. Дерягин, А.А. Минкин, И.И. Муллонен, Н.М. Терехихин и др.] и именам святы [В.И. Супрун, Б.А. Успенский, А.В.Юдин].

Агионим, по определению, приводимому в Словаре русской ономастической терминологии, — «имя святого». Греческие *agios* - священный и *опута* - имя, название позволяет более широко понимать агиотопонимы как номинацию любого имени собственного, связанного со святостью[3] т.е., как например, озеро Әулікөл, слово-әулие из арабского языка означает «святой». В эпосе определяется как «человек высокой нравственности, умудренный житейским опытом», на казахском Әулие — «святой». Топоним Әулікөл состоит из двух компонентов: арабского әулие — «святой» и казахского көл — «озеро», т. е. «святое озеро». Около этого озера казахи совершали молитвы. Существует народная легенда, что это озеро в один день исчезло, а затем ночью опять появилось, и люди стали называть «святым озером». Озеро Әулиесу — «святая вода» Имантау — «молитвенная гора», родник Әулиебұлақ — «святой родник».

В исследовании Бугаева И.В. разряды агионимов представлены сложной системой, в которую входят агиоантропонимы (собственно имена святы), зортонимы (название духовных праздников), экклезионимы (название храмов и монастырей, мавзолеев).[3]

В настоящем исследовании представлены отдельные сакральные объекты их историко-географические характеристики, структура и состав сакрального ономастикона разных народов. Понятия святости и сакральности всегда были важными для сознания верующего человека. Поэтому в процессе устройства и организации жизни, при ономастической номинации людьми движут осознанные ментальные, духовно-нравственные представления.

После распада советской системы особо наступила в обществе духовная жажда. По всей территории бывших социалистических стран возобновлено строительство и восстановление храмов, соборов, мечетей

и других культовых объектов поклонения, были восстановлены старые наименования разных географических, экономических объектов, предметов материальной и производственной жизнедеятельности и культуры - все это способствовало развитию единого сакрального пространства.

В списке особо почитаемых памятников природного наследия Казахстана включены сакральные топонимы комплекса памятников вокруг Улытау, природные памятники культуры древние комплексы Восточного Казахстана, **Мұзтау (Белуха), Алтай** и сакральные места Семиречья горы Хан-Тенгри и многие другие места, образующие каркас национальной идентичности.

Гора Ақмешіт (Улытау). Улытау - это массив невысоких гор на юго-западе Казахского мелкосопочника. Сложен преимущественно гранитами. Склоны расчленены ущельями временно действующих водотоков, голы и скалисты. На склонах встречаются сосновые боры и степи, местами в увлажнённых понижениях берёзовые колки, в расщелинах скал — степные злаки, полынь, эфедра; на каменистых осыпях — кустарники.

Улытау — один из древнейших горных массивов Сарыарки. Протянут с севера на юг на 200 км. Его самая высокая точка — пик Ақмешіт (1133 м). Улытау называют «страной озёр и родников». О целебных свойствах горной родниковой воды Улытау знали далеко за пределами этого края. В 17-18 веках горы Арғынаты (Улытау) считались центром всей Казахской степи.

Улытау (Великие горы) - эпицентр кочевой культуры степной цивилизации, исторический центр казахского народа. Улытау было любимым местом ханов кочевых племен. Здесь располагалась ставка Жошы хана – старшего сына Чингисхана, здесь Жошы-хан погиб и ему воздвигнут мавзолей. Отсюда хан Батый начинал свой поход на восток.

В Улытау воздвигнут мавзолей Алаша-хана - первого казахского хана, родоначальника казахского народа. Здесь погребен хан Золотой Орды Тохтамыш, великий ордынский полководец, эмир Едыге. Великий Тамерлан в 1391 году оставил о себе память на камне горы Алтыншоқы. Здесь издавна жили разные народы и племена, они оставили после себя множество наскальных рисунков и памятников-захоронений[4].

Теректы-Аулие - это целый археологический комплекс, компонентами которого являются петроглифы, расположенные на вершине 3-х сопков в широтном направлении, а также стоянки неолита, энеолита, поселение эпохи бронзы, курганы раннежелезного века, остатки горизонтальных и вертикальных штолен по добыче полудрагоценных металлов и природные родники.

Величественные курганы, некрополи, мавзолеи бегазы-дандыбаевской культуры, наскальные рисунки, петроглифы, шахты, металлургические печи и другие древние памятники свидетельствуют о том, что Улытау с древних времён был центром Сарыарки и всей степи.

Памятники, которые хранит в себе Улытау, восходят к эпохам палеолита и неолита. На территории района находится около 636 памятников, 282 из которых занесены в историко-культурную карту фонда музея «Улытау». На территории Улытау по ботаническим и географическим исследованиям выявлено 617 видов растений, из них 90 видов лекарственных.

Следующим памятником природы является **Хан-Тенгри** (каз. Хан Тәңірі, кирг. Кан-Теңири, — пирамидальный пик на Тянь-Шане на хребте Тенгри-Таг на границе Казахстана (высшая точка страны), Киргизии и Синьцзян-Уйгурского автономного района Китая. Высота — 7010 метров (с ледником). Первые научные сведения о Хан-Тенгри относятся к середине XIX века, когда эту вершину увидел и описал во время своего путешествия на Тянь-Шань в 1856—1857 годах известный русский географ и путешественник Петр Петрович Семёнов-Тянь-Шанский.

Хан-Тенгри в переводе с тюркского означает «Повелитель неба», у казахов, кыргызов, монголов и других народов — это Тенгри –Тәңір, у японцев, корейцев — Тен. Тенгри означает еще — Мир, Вселенная, Судьба.а у народа Поднебесной – Небо — Тіен — центральная арена философии.

Один из центральных образов Творца и Бога у Восточных народов Алтайской и Сино-Тибетской семьи — это образ Неба, главное божество народов – детей Великой Степи.

Гора Мұзтау (Белуха, Алтай) – это высшая точка Катуньского хребта и высшая точка Сибири. С 1998 г. она состоит в списке объектов Всемирного природного наследия ЮНЕСКО «Алтай – Золотые горы». В настоящее время гора Мұзтау включена в список сакральных мест Казахстана.

Гора Белуха имеет несколько названий, каждое из которых можно разобрать подробнее. Алтайцы называют её – Уч-Сумер — «Уч» это три, «Меру» — главная (священная) вершина в буддийской философии, которая в монгольском языке трансформировалась в «Сумер», то есть Уч-Сумер вполне можно трактовать как — «Трехглавая священная гора». Но почему Трехглавая, а вершин у Белухи две? Дело в том, что третья вершина стоит немного в стороне и носит название «пик Делоне», она высотой 4260 м. Именно трехглавой эту вершину часто могли видеть древние кочевники со стороны. Именно

такой она предстает с плато Укок, где был важный караванный путь из Монголии на территорию современного Казахстана, связывающий народы трех основных мировых религий — буддизм, ислам и христианство.

Второе алтайское название горы Белуха – Кадын-Бажы. Слово «Кадын» у восточных (тюркских) народов имеет значение — «женщина высокого происхождения, уважаемая, госпожа, хозяйка», а слово «Бажы» — производное тюркского слова «Баш (Баши)» — голова, вершина. Пример: Тау-Башы (Вершина горы). Таким образом, название Кадын-Бажы можно трактовать как «Голова Госпожи». Учитывая тенгрианское (доисламское) мировоззрение восточных народов, которому присуще обожествление всей природы и гор в частности, то более широко это название можно трактовать как — «Главная гора». Казахи называют Белуху не иначе как — Мұзтау Шыңы. Корень «Муз» означает – Лёд, Тау – Гора. В основе слова «Шыны» лежит корень «Шын» «Слово шыны в современном казахском языке переводится как – «стекло», имеет корень «Шын», который имеет значение – «истинный, правдивый, настоящий, действительный». Исходя из этого, казахское название горы Белуха можно трактовать как – «Настоящая ледяная гора»[5].

Старорусские коннотации слова «Белый» имеют значение – святой, добрый, высокий, во многом совпадают с алтайскими и по смыслу очень похожи. Первыми русскими поселенцами в Горном Алтае были староверы, которые шли сюда «спасаться от мира», в поисках воспетой в легендах таинственной страны «Беловодье». Беловодье у славян ассоциировалось с Ирием – Раем древних славян. Именно к нему восходит образ текущей с неба «молочной реки с кисельными берегами» в русских сказках [5].

Безусловно, человек обладает духом и духовная часть человека больше, чем материальная. Образы, мораль, природа живут в культуре тюркских народов: в мифологии, эпосах, музыке, традициях, географических названиях.

В географических названиях Казахстана характерна точная передача особенностей и признаков местности. Этому способствовало то обстоятельство, что казахи в течение тысячелетий занимались скотоводством. Кочевой образ жизни развили у казахов исключительную наблюдательность, любовь к природе.

Таким образом, сакральные объекты природы, их топонимы являются неоценимыми памятниками культуры Казахстана, которые несут в себе богатое историко-географическое содержание, требующие дальнейшего тщательного исследования, имеющие большое значение в формировании культурного наследия, каркаса национальной идентичности.

Список литературы:

1 Бартольд В.В. *Очерк истории Семиречья. Ответственный редактор А.Н. Бернштам. (Фрунзе: Киргиз гос издат, 1943. - Киргизский филиал Академии наук СССР. Институт языка, литературы и истории) Скан, обработка, предоставил: NNN, 2012 [Pdf- 5.4M]*

2 Назарбаев Н.А. *Статья "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" 2.04.2017* www.akorda.kz/.../statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-o.

3 Бугаева И.В. *Агиотопонимы: частный случай отражения ментальности в географических названиях [Интернет-ресурсы] <http://www.portal-slovo.ru/philology/39039.php> 14.01.2015.*

4 *Большая географическая энциклопедия. – М.: Эксмо, 2007. – с. 672.*

5 Горбунов А. *Горы Центральной Азии. Толковый словарь географических названий и терминов. – Алматы, 2006. – с. 132.*

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫ

*Р.Т. Искакова, география магистрі, аға оқытушы
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

Аннотация: Из Жамбылской области в республиканский список «100 сакральных объектов Казахстана» занесено восемь Жамбылских памятников. В их числе такие известные памятники древней архитектуры, как мавзолей Карахан и Тектурмас - XII-XIV веков, святыни Айшабиби и БабаджиХатун - X-XII веков, а также мавзолей Байзак батыра. Из археологических памятников в карту внесены дворцовый комплексАқыртасVIII - IX веков, двухтысячелетнее городище «Древний Тараз» и мемориальный комплекс Мерке - Жайсан.

Ключевые слова: ландшафт, археологические и архитектурные памятники, мавзолей

Annotation: From the Zhambyl region, eight Zhambyl monuments are listed in the republican list of "100 Sacred Objects of Kazakhstan". Among them there are such famous monuments of ancient architecture as the mausoleums of Karakhan and Tekturmas - XII-XIV centuries, Aisha Bibi shrines and Babaji Khatun - X-XII centuries, as well as the mausoleum of Bayzak batyr. From the archaeological monuments, the palace complex Akyrtas of the VIII-IX centuries, the two-thousand-year ancient settlement "Ancient Taraz" and the memorial complex Merke-Zhaisan are included in the map.

Keywords: landscape, archaeological and architectural monuments, mausoleums

Адамзат қоғамы дамуының сандаған ғасырларында әртүрлі өркениет өкілдері тарихи тағылымы мен болашақты болжау мүмкіндіктері жөнінде ежелден-ақ ойланып келеді. Адамның айнала қоршаған ортасын және өзін-өзі танудың көкжиегі ғасырдан-ғасырға өткен сайын іргесін кеңейте түсуде. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының саяси кемелденуі мен білім беру жүйелерінің қайта құрылуы жағдайында жан-жақты білімді, мәдениетті, іскер, белсенді тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына жағдайлар жасау қажеттілігі бұрынғыдан да айқындала түсуде. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұсынылған «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» анықталған болатын. ҚР Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының 100 нысанының тізімін ұсынды. Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енген. Олар мынадай аталымдармен бөлінді: «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері 9 орын, «Археологиялық және архитектуралық ескерткіштер» бойынша 11 орын, «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санатымен 13 орын, «Діни және ғибадат орындары» 32 орын, тарихи тұлғаларға қатысты киелі 20 орын, «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» 15 орын. Аталған тізімге Жамбыл облысынан 8 нысан енгізілді. Олар: *Сәулет ескерткіштері:* Тектұрмас кесенесі XIV ғ., Қарахан кесенесі XII ғ., Айша бибі кесенесі XI-XII ғғ., Бабажы Хатун кесенесі X-XI ғғ., Байзақ батыр Мәмбетұлының кесенесі. *Археологиялық ескерткіштер:* Ақыртас сарай-кешені VIII - IX ғғ., «Ежелгі Тараз қалашығы» I-XIX ғғ., «Меркі-Жайсан ғұрыптық кешені»[1].



Сурет 1. Тектұрмас кесенесі

Тектұрмас кесенесі XIV ғасырда Талас өзенінің оң жағалауында салынған. Бұл қаладағы өте көне діни орындардың бірі. Осы төбенің басында христиандық, мұсылмандық рәсімдегі зираттар орналасқан. Төбенің төменгі жағында ежелгі жерасты жолы және Талас өзені арқылы өтетін тас көпір болған. XX ғасырдың 30 жылдарындағы атеистердің дінге қарсы саясаты кезінде жартылай қираған. Аталған кесененің орнына 2001 жылы археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, 2002 жылы ортағасырлық үлгіде кесененің алғашқы орнында жаңадан кесене тұрғызылды. Тектұрманың тарихи аты – Сұлтан-Махмудхан. Ал, Тектұрмас сөзінің өзі түркіше «тынымсыз орын» дегенді білдіреді.




Сурет 2. Қарахан кесенесі

Қарахан кесенесі - Қазақстанда XI ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батысында. Кесене Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан кабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы 19 ғасырдың 90-жылдарына шейін сақталған. 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған[2].



Сурет 3. Айша бибі кесенесі

Айша бибі (XI - XII ғғ.) Қараханидтер әулетінің негізін қалаушы Қараханның қалыңдығы, қазіргі Тараз қаласының жанындағы, сонау скифтер заманынан бастап ақ қазақтың қол өнеріне енген, содан бері қолданылып келе жатқан ою өрнек, әшекей түрлерінің бәрін қамтитын күрделі архитектуралық әсем ескерткіштің иесі.



Сурет 4. Бабажы Хатун кесенесі

Бабажы Хатун кесенесі – Қазақстандағы X-XI ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Тараз қаласынан 18 км қашықтықтағы Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан. Текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8х6,8 м, биіктігі 5 м-ден астам; қабырғаларына қаланған кірпіштерінің көлемі 24х24х5 см[3]. Бабажы Хатун кесенесінің тұрғызылуы туралы аңыз Айша Бибі кесесінің салынуы туралы аңызбен тікелей байланысты.



Сурет 5. Байзақ Мәмбетұлы кесенесі

Байзақ Мәмбетұлы – Қазақстанның оңтүстік өңірінде Қоқан хандығына және Ресейимпериясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр. Байзақ Мәмбетұлы туған өлкесі Қоқан хандығына да, Ресейге де қарамай тұрған тәуелсіз кезде ер жетіп, ел басшысы ретінде қалыптасқан. Қоқан отаршыларының айтқанына көнбей, қазақтардың мүддесін қорғай отырып, тәуелсіз саясат жүргізуге ұмтылады. Отаршыларға қарсы күресте Кенесары Қасымұлының сенімді серігі ретінде әйгілі болады. Жергілікті халықты егіншілік кәсіпке үйрету үшін кезінде 160 км канал қаздырған[4]. Оның игілігін Әулиеата (қазіргіТараз) төңірегіндегі халық күні бүгінге дейін көріп отыр.



Сурет 6. Ақыртас сарайлық кешені

Ақыртас Жамбыл облысының және Қазақстан аумағында қызықты және құпиялы орындардың бірі. Оның салыну тарихы, құрылысының авторы жайында ешқандай дерек жоқ. Бұл бір орасан, жоспары батыл бітпей қалған ғимарат кең ішкі ауланың төңірегіне шоғырланған үйлер кешенінен тұрады. «Ақыртас» туралы түрлі қызықты, керемет аңыздар бар. Бұл бірегей сәулет кешені Қазақстанның, түркі мемлекеттерінің Таяу және Орта Шығыс мемлекеттерімен Ұлы Жібек жолындағы ерте, орта ғасыр кезеңінде саяси және мәдени байланыстарын анықтау үшін әлі зерттей түсуді талап етеді. Қазіргі уақытта комплекс аумағында ҚР ҰАҒ археология этнографиясы институтымен басқарылған археологиялық қазбалар жүргізілуде.



Сурет 7. Меркі-Жайсан ғұрыптық кешені

Меркі – Жайсан даласындағы Кіндіктас тауының солтүстік – батыс беткейіндегі далалы аймақта орналасқан мәдени мұралар көптеген ғұрыптық және жерлеу құрылыстары, жартастарда бейнеленген

суреттер мен рулық таңбалардан тұрады. 2001 жылы бастау алған археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде петроглифтер шоғыры табылып, киелі орынның шекарасы анықталды. Ескерткіштер орналасқан қорық көлемі шамамен 77 мың гектар аумақты қамтиды. Ғұрыптық және жерлеу құрылыстарының түрін сипаттайтын белгілер жиынтығы. Тас мүсіндер иконографиясының ерекшелігі, мүсіндерде бейнеленген заттар және әшекейлер, ыдыстар ескерткіштердің қандай кезеңге және мәдени негізін нақтылауға мүмкіндік туғызды. Киелі Жайсан ғибадатханасы аумағында орналасқан ескерткіштердің VIII ғасырдың ортасында Шу өзені аңғарына қоныс аударған шығыс түрік тайпаларының қорықтық жері екендігі анықталды. Жерлеу орындары мен бір кеңістікте орын алған тас мүсінді ғұрыптық қоршаулар ата-баба аруағына құрмет көрсетуге, құрбандық шалуға арналған және түріктердің көкке табыну орны болып табылады.



Сурет 8. Ежелгі Тараз қалашығы

Тараз қаласы б.д.д. 40-36 жылдары тұрғызылған. Ұлы Жібек жолындағы тарихи-мәдени орталықтардың бірі. Қала алғаш рет Византия деректерінде 568 жылдары аталады. Ал 630 жылдары осы өңірге саяхаттап келген Қытай саяхатшысы Сюань-Цзянь: «Тараздың аумағы 8-9 ли. Бұл қалада көптеген елдердің саудагерлері аялдап, түрліше заттар әкеліп сатады» деп жазған. X ғасырдың ортасында Тараз қаласы Қараханидтер империясының ірі мәдени орталығы болды. Тараз қаласының көне негізгі тарихи орталығы «Цитадель» деп аталады. Мұнда қаланы билеушілердің резиденциясы орналасқан. Цитадельге жапсарлас қабырғамен қоршалған қаланың «Шахристан» деп аталатын бөлігінде зиялы қауымның, бай саудагерлердің, қолөнершілердің үйлері және шығыс базары мен мешіт, ал шахристан қабырғаларына жапсарлас қолөнершілердің шеберханалары, үйлері «рабад» орналасты [5]. Ежелгі Тараз қаласының аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қыштан жасалған су құбырлары, қоғамдық моншалар, мыс-қола теңгелер құятын орын, тас төселген көшелер және басқа да құрылыстар табылды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 <http://economica-zhambyl.gov.kz/kaz/ruhanikaz/>
- 2 Ошанов О.Ж. Тараз – Жемчужина Шёлкового пути (Краткая история города Тараз: от Гуннской Орды до Республики Казахстан). - Алматы: Таймас, 2014. - С. 179-181. - 296 с., 2000.
- 3 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.
- 4 *Turkic sanctuary of Merke - UNESCO World Heritage Centre.*
- 5 *«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, I том.*

ҚАСИЕТТІ ҚАРАТАЛ – ӘУЛИЕЛЕР МЕКЕНІ

Г.М. Сабденалиева, пед.ғыл.канд., доцент;

Ж.Б. Калдыбаева, магистр, аға оқытушы

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Аннотация: В статье дается описание некоторых сакральных мест Каратальского района Алматинской области. Каратальский край известен такими би-батырами как Ескелди би, Балпык би, Жолбарыс батыр, Каблиса жырау и др. Они в свое время защищали родину от нападения джунгаров и вели политику единства и сплоченности. Знать географию сакральных мест своего края это одно из основ «духовного обновления - рухани жаңғыру».

Ключевые слова: Каратальский район, сакральные места, мавзолеи, Ескелди би, Балпык би, Жолбарыс батыр, Каблиса жырау, духовное обновление

Annotation: The article describes some sacred places of Karatal district of Almaty region. Karatal region is known for bi-batyrs as Eskeldi bi, Balpyk bi, Zholbarys Batyr, Cables Zhyrau and others. They were defending their homeland from attack zhungars and pursued a policy of unity and cohesion. Know the geography of sacred places of their land is one of the foundations of "spiritual updating - ruhani zhangru".

Keywords: Karatalsky district, sacral places, mausoleums, Eskeldi bi, Balpyk bi, Zholbarys batyr, Kablis zhyraa, spiritual updating

Қазақ елінің ұлан байтақ жеріндегі жер жаннаты Жетісудың жеті өзенінің бірі Қараталдың бойында орналасқан Қаратал өлкесі киелі жер. Бұл өңірден аты аңызға айналған саликалы билер, ел намысын ту еткен батырлар, терең ойлы ғұламалар өтіп, бүгінгі күні ауданда 21 абыз-әулиенің кесенесі орналасқан. Олардың қатарында Ескелді би, Балпық би, Айту би, Жолбарыс батыр, Қарымбай әулие, Жәлменде би, Пышан ақын сынды тарихи тұлғалар бар.

Қаратал өңірі қасиетті әулиелер мен батырлар мекені деп мақтанышпен айтылады. Осы қастерлі топырақта көреген көсем Ескелді, Балпық билер, Жолбарыс пен Қарымбай әулиелер, Мықтыбек пен Тілеуғұл, Кәшке мен Бақай батырлар, хас шешендер Айту мен Жәлменде билер кейінгі ұрпаққа, бабадан балаға мұра болып «Қадірін білсең ар қымбат, бағалай білсең бар қымбат», «Ел бірлігі – менің тірлігім», «Ерінбегеннің еңбегі жанады, үйіне қызыр қонады», тағы сол сияқты аталы сөздер қалдырған.

«Ауылына қарап, адамын таны» демекші қазақ өнерінің тарландары, халық артистері Қанабек Байсейітов, Бикен Римова, жазушы-қоғам қайраткері Кемел Тоқаевтай азаматтар да осы киелі жерде дүниеге келген. Аудан халқы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтай жерлестерін мақтаныш тұтады.

Қаратал ауданы аумағында республика маңыздағы Ескелді би (1992, Қызылжар ауылы), Балпық би (1994, Оян ауылы), Жолбарыс әулие (1996, Кәлпе темір жолы стансасы), Айту би (1996, Оян ауылы), Мықтыбек батыр (1995, Ақжар ауылы), сонымен бірге саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіш аудан орталығы - Үштөбе қаласында орналасқан (1999). Қаратал өзенінің Балқашқа құяртұсына таяу «Қарақойын» төбесіне ел ардақтылары Жәлменде, Пышан, Арқабай, Аманбай, Иеке, т.б. құрметіне орнатылған гранитті екі ескерткіш пен үш тоғанды белгі (1995), Балқаш көліне таяу Ұйыққұм құмындағы тас пен топырақтан үйілген зират, Жынбұлақ ауылының шығысындағы Сарықамыс сайындағы тас кескіндер және Үштөбе-Талдықорған автотрассасының 20, 8, 22, 26 және 28 шақырымында топырақ және тас үйіндісінен тұратын қорғанды зираттар тобы бар [1].

Қаратал ауданы - Алматы облысының солтүстігіндегі аумақтық-әкімшілік бөлік. Жер аумағы 24,2 мың км² (облыстың 10,8%-ын құрайды). Тұрғын саны 44,5 мың адам (2009). Аудан аумағында 46 елді мекен 1 қалалық және 9 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Орталығы – Үштөбе қаласы. Аудан 1928 жылы құрылған.

Сарыесік-атырау шөлінің шығысын ала Лүкқұм, Жаманжал, Жаманқұм, Бестас, Іріжар, Сүртке құмдары жайласа, Кербұлақ ауданымен шектесер оңтүстік батысында Аралқұм құмы жатыр. Ауданның шығысында аласа келген Үшқара таулары орналасқан. Ауданның орталық бөлігімен Жетісудың жеті өзенінің бірі Қаратал ағып өтеді. Оған Жетісу (Жоңғар) Алатауының қарлы шындарынан бастау алатын Тентек, Көксу өзендері құйылады. Солтүстік бөлігінде Қаратал өзені Балқаш көліне құяды. Балқаштан басқа аудан аумағында үлкенді-кішілі Үшкөл, Қаңбақты, Шораяқкөл, Қаңғай, Сарыкөл, т.б. көлдер бар. Аудан аумағында тұз бен натрий сульфаты, құрылысқа қажетті материалдар (Қайрақты тауында), кварц (Ақтаспалы кені), т.б. кен орындары бар. Ауданның ең биік жері оңтүстік-шығысында орналасқан Бурақой тауы (985 м). Одан басқа аудан жерінде Бақалы, Бастөбе, Ақтасты, Қайрақты, Ақынбай

шоқылары бар. Жерінің басым бөлігі құмды, құмайты, өзен аңғарлары мен көл бойларының топырағы сазды, шалғынды-сазды, оңтүстігінің топырағы сұр, бозғылт қоңыр топырақты. Топырақтарына жусан мен изен, еркекшөп (көкпек), теріскен, сұлыбас, қызыл мия, жантақ, бидайық, өзен-көл бойларында қамыс, құрақ өседі. Солтүстік-батысының құмды өңірінде сексеуіл, тобылғы, жыңғыл, ал Қаратал өзені бойында тал, тораңғы тоғайлары кездеседі. Ауданның аласа таулы өңірінде елік пен қоян, қасқыр мен түлкі жортады. Жазық даласында дуадақ, құр, өзен-көлдерде қаз, үйрек, бірқазан, қырғауыл мекендейді. Қамысты-қорысты жерлерінде жабайы шошқа (доңыз) кездеседі. Кезінде (20 ғ-дың 40-50 ж.) Қараталдың сағасында және ну қамысында жолбарыс мекендеген. Ауданның климаты тым континенттік. Қысы оңтүстік-шығысында біршама жұмсақ, солтүстігінде суық. Қаңтар айының жылдық орташа температурасы -10-14°C. Жаз айлары ыстық, және қуаң. Шілде айының орташа температурасы 22-24°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 200-400 мм құрайды [2].

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көтерілген мәселелердің бірі – еліміздің қасиетті рухани құндылықтары мен киелі жерлерінің географиялық картасын жасап, оның маңыздылығын арттыру. Қазіргі таңда «Жетісудың киелі жерлері» жобасын жүзеге асыру тарихи-өлкетану музейлерінің танымдық, ағарту жұмыстарының өзегіне айналып отыр.

«Киелі жерлер географиясы» арнайы жобасы бойынша қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік комиссия құрылып, былтырдан бері өз жұмысын бастап та кетті. Облыстық мұражайдың ғылыми кеңес мүшелері және жергілікті өлке тарихын танушылар бірлесе отырып, аудандағы қасиетті жер мен киелі орындар жайлы мәліметтерді кеңінен талқылап, талдау жүргізуде. Аталған орындардың фотосуреттері, олар жайлы ел аузындағы аңыз-әңгімелер топтамасы жинақталып, география, тарих, тіл білімі, этнология ғылымдарымен тығыз байланысы зерделенуде. Жер-су атауларының шығу тарихы мен пайда болуын, мағынасын, дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, жазылу мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін топонимика ғылымының деректеріне толықтырулар енгізілуде. Сондай-ақ, ел аузындағы аңыздар желісі мен көнекөз қариялардың айтуына сүйеніп, еліміздің киелі жерлері мен қасиетті орындары, ашық аспан астындағы мұражайлар жайлы жаңа тарихи ақпараттар арта түсері кәміл. Жер-су атауларының шығу тарихын зерттеу, зерделеу жұмыстары қолға алынды. Сол нышанның негізінде «Бастау-2017» танымдық экспедиция маршрутының жобасы дайындалып, өз жұмысын бастады.

Соған орай облыста «Жетісудың киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы жүзеге асуда. Кеңес мүшелерінің алғашқы отырысы 2017 жылдың 28 маусымында өтті. Енді Жетісудың қасиетті жерлерінің тізімін қалыптастыру мақсатында Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасында бас қосылулар болып тұрады. Жиындарға сараптамалық кеңес мүшелері, облыстық мәдениет басқармасы, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталық, аудандық, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары және жұмыс тобының мүшелері, БАҚ өкілдері қатысып отырады.

Әр ауданнан келген зерттеу топ мүшелері өз өңірлерінен шыққан әулие-әмбиелердің, киелі жерлердің, музейлердің, тіпті елеулі ескерткіштердің шығу тарихын түп-тұқиянына дейін таныстыру жұмыстарын жүргізеді. Олардың қасиеттілігін, ерекшелігін көрем деп келген арнайы туристік топтардың бар екендігін мақтанышпен жариялады. Жергілікті жерлердегі жасампаз дүниелерді бейне-ролик арқылы көрсету қолға алынды.

Жоба бойынша ұсынылған 57 сакралды нысанынан кеңес мүшелерінің шешімімен «Қазақстанның киелі жерлері» картасына алтауы енетін болады. Елбасы мақаласына білек сыбана кіріскен жұмысшылардың еңбегі ерен екені даусыз. Түптеп келгенде, осының бәрі Жетісу жерінің рухани мұраға мол екендігін айқындай түсетіндей.

Осындай жұмыстардың жалғасы ретінде Алматы облыстық туризм және ақпараттық қызмет көрсету орталығы 2017 жылғы 13 сәуірде тарих шежіресіне көз жібере отырып, қасиетті Қаратал ауданы аймағында орналасқан әулиелер мен билерді жұртшылыққа насихаттау мақсатында «Қасиетті Қаратал-әулиелер мекені» атты тарихи-мәдени экскурсия ұйымдастырды. «Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы» көп профилді оқу-ғылыми өндірістік кешенінің білімгерлері Ескелді би, Айту би, Балпық би, Қарымбай әулие және Жолбарыс әулие кесенесінің тарихымен танысып қайтты [3].

Осы киелі мекеннің әулие-билерінің географиясын сипаттайтын болсақ, әрине ең біріншіден сөз қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен, беделі биік Ескелді биден басталады. Дулығалы батыр, дуалы ауыз би болып табылатын Ескелді бидің былтырғы жылы 325 жылдығы облыс көлемінде аталып өтілді. Асылы, адам әулиелікке әуес болмайды. Әулиелік әуелі Тәңірден келетін қасиет. Сол сияқты дара дарынды дәуір туғызады. Өйткені ол ешқандай ережеге бағынбайды, емлеге сүйенбейді. Содан болар, заманының сөзін сөйлеу дарындылар үшін дәстүрге айналған. Дәуірдің бет-келбетін

танытарлық, болмысын байқатарлық, керек болса тарихтың бедерін айқындайтын өлшем де солардың сөзі. Өз ғасырында шешендігімен шоқтығы биік болған Ескелді би Жылкелдіұлының ғұмыр жолы ғұламалыққа толы. Ерлігі бүгінгі ұрпаққа үлгі. Үш ғасырдан астам уақыт өтсе де, үш жүздің баласы ер есімін естен шығарған емес.

Оның айқын көрінісі қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен, беделі биік Ескелді бидің туғанына орай өткен рухани тойы болып өтті. Дүбірлі мереке Ескелді би кесенесіне гүл шоқтарын қоюдан басталып, оған жұртшылықтың қатысуымен өтті. Ескелді би кесенесі мен айналасына заманауи үлгіде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сәні мен салтанаты астасып тұр. Бір айта кетерлігі, мемлекет қорғауына алынған тарихи ескерткішке жергілікті бюджеттен 27 миллион теңге қаржы бөлініп, көктемде кесене алдына төсеніштер төселіп, жан-жағы қоршалып, айналасына 700 түп ағаш отырғызылған. Айтулы мереке І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында жалғасты. Облыс әкімінің қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Ескелді би Жылкелдіұлының 325 жылдығына арналған «Ерлігі мұра – Ескелді» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Бұл айтулы шарада заманының зарын шертіп, байтақ далаға үнін жеткізген арқалы би, қабырғалы қайраткердің өмірі мен шығармашылығына арқау болған фильм көрсетілді, арнайы келген ғалымдарға кезекпен сөз ұсынылды, ақын-жазушылар арнау өлеңдерін оқыды, соңында айтыс ұйымдастырылды [4].

Тарихтан белгілі болғандай, Жәңгір ханның заманынан бастап, кейінгі дәуірлердің барлығында билердің рөлі өте жоғары болған. Солардың біреуі болған Ескелді Жылкелдіұлы бабамыз – би, шешен, қолбасшы болып өткен. Ол шамамен 1692 жылы Жетісу өңіріндегі Қаратал өзенінің бойында дүниеге келіп, 1770 жылы дүниеден озған. Төле бидің Ұланбике деген қызынан туған жиен немересі. Ұлы жүздің жалайыр тайпасының сиыршы руынан шыққан. Ескелді би «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсеткен. Кейін Ескелді би бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен соғыстарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосқан. Ескелді бидің Абылай ханның сенімді серігі болғаны жайында да аңыздар сақталған. Соның бірі, бабаның қалмақ ханы Қалдан Серенмен келіссөз жүргізуге барып, соңында қалмақ ханы «судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деп, қызын Ескелді биге бергендігі туралы аңыз. Бірақ Ескелді би ата салтын бұзып, тон жағасыз, ел ағасыз болмас» деп, жолын Абылай ханға берген екен [5].

Ескелді би - Әмбе жалайыр әулие атанған, ол - күллі қазақ халқына қауіп төнген XVIII ғасырда ел қорғаған ерлердің бірі. Ол өзінен екі жас кіші Балпық әулиемен, Қабылиса сияқты әрі ақын, әрі батырмен, қол бастаған Орақ батырмен бірге жоңғар басқыншыларына қарсы жойқын жорықтар жасап, елінен, жерінен айырылып босып кеткен жалайырлардың басын құраған, Жетісу өлкесіндегі тарихи тұлға. Күллі Ұлы жүзді аузына қаратқан Төле биден бата алған соң Ескелдінің абыройы көтеріліп, барша Жалайырдың билігіне араласа бастайды. Өзінен екі жас кіші Балпық би де осы тұста ел басқаруға жарап қалған еді. Екеуі тізе қосып, Орақ батырды қолбасшы етіп, елді үгіттеуге, мәміле жүргізуге от ауызды, орақ тілді Қаблиса (Қабан) ақынды бас етіп, Сыр бойындағы елді Жетісу өлкесіне қарай көшіреді. Бұл оқиға Қалқа Жапсарбаевтың дастанында тамаша суреттелген. Шежіре бойынша оқиға 1767 жылы болған сияқты. Ауыз әдебиетін, тарихи деректерді көп жинаған Әубәкір Диваев былай деп жазған: «Үйсіндер Сырдан ауып келген... Сарқырама, Қараөзен, Қуаң деген жерлерден қалмақты қуып, Жетісуға егін салып орналасқан. Үйсіннен Қасқарау Өтеген батыр, Суаннан Қараекенің баласы Дәулет, Жалайырдан Ескелді, Сыпатай, Байқоңыр батыр бесеуі жерге бастап алып келді. Қалмақтан әуелі жерді босатқан Қаракерей Қабанбай, Тарақтыдан шыққан Тәттібай батыр, Қораластан шыққан ер Жауғаш, Ыстыдан шыққан Шойбатыр Абылайды хан көтеріп, қалмақты қуған». Бәрі шындық, тек Абылайды әлгі аталғандар ғана емес, күллі қазақтың ру басылары, қолбасшылар хан көтергені тарихтан белгілі. Тағы бір шындық, Бұхар жыраудың ашумен айтқан бір сөзіне бола Абылайды Төле би құл ретінде ұстады деу мүлде қате, ол оның түйесін де баққан емес, ақылына, мінезіне іштей риза болған ұлы би болашақ ұлы ханды өз ұлындай көріп, тәрбиелеп өсірген.

Талдықорғанның маңайындағы Үштөбе жерінде Абылай бастаған қол қалмақтармен бетпе-бет кездесіп қалады. Сол кездегі салт бойынша әуелі екі жақтың батырлары жекпе-жекке шығуы керек. Сонда Долонхор деген қалмақ батырымен Ескелді айқасып, ұзақ арпалыстан кейін аттан аударып, басын кесіп әкелген екен. Сонда қазақтар жаппай шабуылға шығып, жауды қашырған дейді. «Ер Ескелді» аталатын тұсы сол. Осы оқиғадан кейін Ескелді бір топ жасаққа қолбасшы болып тағайындалады.

Ескелді бастаған қол І ле, Қаратал, Көксу бойында қалмақ жасақтарына қырғидай тиіп, бекіністерін талқандап, үнемі жеңіске жетіп отырған. Азық-түлік, күш-көлік әкеле жатқан тылдағы керуенін ілгері бастырмай, тау-таудың қуысына тығып талқандайды екен. Ол бастаған қолдың І ле, Бақанас жақтағы ерліктері осы күнге дейін ел аузында. Ол Қапалда Қабанбай тобына қосылып, жаралы жауды шекарадан асыра қууда да айрықша көзге түскен.

Көзінің тірісінде әулие атанған, әрі шешен, әрі батыр Ескелді бидің кейбір заттарын ұрпақтары әлі күнге дейін көздің қарашығындай сақтап отыр. Қазіргі Алматы облысы Қаратал ауданындағы Сарыбұлақ ауылында Ескелді-Балпық мұражайы бар. Сонда Ескелді ұрпағы Әлбилян баласы Нұрсағат қария сақтап тапсырған дулығасы бар. Және бір қасиетті мүлкі бұрынғы Талдықорған облысындағы Екпінді ауылында тұратын Жүнісбай баласы Сүлеймен қарияның үйінде сақталып тұр. Ескелді бидің әулиелігін куәландыратын бір дерек: сонау бір жылдары Қаратал өңіріне күріш егеміз деп жер қазғанда тік тартылған канал Ескелдінің зиратына тіреліпті. Жергілікті қариялар зиратқа жақындамандар, алыстан айналдыра қазындар десе, бұл жұмысты басқарушылар: «Әулиеге де, құдайға да сенбейміз» - деп, экскаваторшыны жұмсай беріпті. Алып машина қайта-қайта бұзылып сынса да, аналар өршелене түскен. Ақыры экскаватор құлап, машинист оңбай жараланған. Соңында канал арнасын күмбезден бұрып әкетуге мәжбүр болған. Мұны көзімен көргендер де бар [5].

Балпық би осыдан 280 жылдай уақыт бұрын Жалайырелінде әрі көсем, әрі шешен, әрі би, әрі қол бастаған батыр атанған тарихи еңбегі ерекше тұлға. Ескелді би, Қаблица (Қабан) ақынмен бірге ол да көзі тірісінде әулие саналған, 1694 жылы дүниеге келіп, Қаратал, Көксубойында 1784 жылы қайтыс болса керек.

Балпық он екі ата Жалайырдың ең үлкені Андас тармағына жатады. Қай жерде, қандай жағдайда болмасын өзінен екі жас үлкен Ескелді бимен аты қатар аталған. Жүздеген жылдар бойы үздіксіз шапқын жасап тұрған Жоңғарқалмақтарынан ығысып, Сыр бойын, Шу бойын паналап жүрген Жалайырлардың басын құрап, Ескелді, Қабан ақын, Орақ батырлармен бірге жаудан босаған Жетісу өлкесіне көшіріп әкеліп, қоныстандырған еңбегі ел аузында ерекше айтылады.

Нақтылы деректерге сүйенсек, Балпық, Ескелді, Орақ батыр Аңырақай шайқасында жалайырлардың қолын бастап, қалмақтарды І ле дариясына тоғытқан. Жаудың негізгі күші Талдықорған жаққа қашқанда үлкен бір тобы қасқа жолдан шалғайда жатқан І ле, Балқаш, Қамау жақты паналамақ болады. Ұлы қолбасшылар Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Жаныс Өтеген, Албан Райымбектер қалмақтарды күншығыс жаққа түре қуғанда, артта, қапталда қалған жау тобын жайратуды Ескелді, Балпық, Орақ батырлардың жасағына тапсырса керек. Қапшағайдан Балқашқадейінгі 500 шақырымдай ұзақ жолда олар жүргізген жойқын жорық жайында ел аузында аңыз, әңгіме көп. Соғыстарға ғана қатысып қоймай өзінің әділдігін көрсете білген, елдегі дау-дамай, саяси мәселелерді де шешуге қатысқан. Соның бірі жалайыр мен жаныс руларын табыстырған ісін атауға болады. Балпықтың ұлы Тіленші де беделді би болған. Әкелі-балалы билердің еліне сіңірген қызметі туралы Ш.Уәлиханов, Құнанбай Өскенбайұлы жазған, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Сара Тастамбекқызы т.б. ақындар жыр еткен. Бейіті Үштөбе қаласының түбінде. Көксу ауданының орталығына Балпық би есімі беріліп, ескерткіш орнатылды [1,5].

Балпық айтты деген шешендік сөздер 1993 жылы жарық көрген ғылым докторы Янысанбек Төрешұловтың «Қазақтың би-шешендері» деген кітабына енген. Әлі де ел аузында жүрген, жиналып-қатталмаған қаншама ұлағатты сөздер бар десеңізші. Өйткені тоқсан жас жасаған әулие қарияның ұрпаққа қалдырған мұрасы ұшан-теңіз екеніне күмән жоқ. Мен реті келген соң республикалық, облыстық баспасөзде жарияланған кейбір сөздерін келтіре кетуді жөн көрдім:

*Ауызбірлік болмаса, көпте береке болмайды,
Изен-жусан болмаса, шөпте береке болмайды.
Теңімен ойнап-күлмесе, жаста береке болмайды.
Кеңінен ойлап істемей, баста береке болмайды [5].*

Ұрпақтан ұрпаққа жеткен осынау ұлағатты сөздер айтқан адамды әулие емес деп кім айтады. Балпық - батагөй қария, ділмәр шешен ғана емес, ел басшысы-көсем болғаны айдай анық. Оның қарапайымдылығы мен данышпандығы қатар жүргенін мынадан да байқауға болады: дүниеден өзінен бұрын өткен екі-ақ жас үлкен Ескелдіні аға тұтып, өзін жерлегенде денесін екі шақырымдай жерге төменірек қоюды аманат еткен. Үш жүз жылдан бері бастарына түнегендер бала тауып, ауруынан жазылып, қырсығынан арылып келе жатқан қос әулиеге тұрғызылған зәулім ескерткіштер - ұрпақтар ұмытпайтын белгідей болып алыстан жарқырап көрініп тұр.

Жолбарыс би Жылқайдарұлы. 1671-1761 жылдары өмір сүрген би, батыр. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының күшік тармағынан шыққан. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Іле мен Қаратал өзендерінің аралығындағы жоңғарлармен болған шайқастарға қатысқан. Кейін қазақ жері жаудан тазартылған соң, босқын елді атамекеніне қайтаруға да үлес қосқан. Ел аузындағы аңыздарда, Жолбарыс би денесіне жау қаруын дарытпаған батыр, әрі ертеңгі күнді болжай алатын сәуегей, қара қылды қақ жарған би ретінде сипатталады. Бейіті Алматы облысы Үштөбе қаласына жақын Кәлпе ауылының күншығыс жағындағы үлкен қорымда. 1996 жылы бидің ұрпақтары онда үлкен кесене тұрғызып, құлпытас орнатты. Журналист-жазушы О.Исмайылұлының «Шұбар ата», «Жолбарыс» атты кітаптарында, Қ.Қарамановтың «Қаратал – күндіз күміс, түнде алтын» кітабында Жолбарыс би туралы деректер келтірген [6].

Қарымбай Әулие, Қарымбай Тәттібайұлы 1732-1822 жылдар аралығында өмір сүрген би, батыр ақын-жырау. Жалайыр руының андас (толымбек) әулетінен шыққан. Әкесі Тәттібай батыр жоңғарларға қарсы соғысқан. М.Тынышбаев өз еңбегінде Абылай хан жасағында болған Тәттібай батыр, оның ұлы Қарымбай би жөнінде деректер береді. Қарымбай Әулие әрі сәуегей әулие болған. Ол Ескелді бимен және Балпық бимен бірге Қаратал, Көксу, Желдіқара өңірлерін мекендеген халықты егін егіп, отырықшылыққа көшуге үндеген. Тоғандар қаздырып, егін салдырған. Қарымбай Әулиеге арнап ел-жұрты 2003 жылы Қаратал өзенінің бастағанына жақын тұстағы «Қорғантаөбедегі» зиратына кесене орнатты. Әулие жайындағы деректер Р.Толымбекұлының «Жалайыр» шежіресінде, Қ.Қараманның, О.Исмайылұлының еңбектерінде кездеседі [7].

Қабылса (Қабан) XVIII ғасырда ұлы жүз ішіндегі Жалайырдан шыққан аса көрнекті қайраткер. Өр мінезімен, өжет батырлығымен, от ауызды, орақ тілді сөзімен көзінің тірісінде-ақ Қабан ақын атанған. Ол ел басшылары Ескелді, Балпық билермен қатар «әулие» деген атқа ие болған. Өйткені әр жерде шашырап, көшіп-қонып жүрген жалайырлардың басын қосып біріктіруде, тұтас бір ел етіп топтастыруда оның еңбегі, қажыр-қайраты үш ғасыр бойы аңыз-әңгімеге айналған. Ел үшін, жер үшін қанын төгуге, жанын қиюға әзір екенін мына бір көріністен-ақ байқауға болады. Ақынның шөбересі Мәрима Рақметқызының айтуына қарағанда, қазақ-қалмақ соғысы кезінде Жалайырдың бір батыры жекпе-жектің шартын сақтамай, қарсыласын қас пен көздің арасында шаншып өлтіреді. Мұның арты дау-дамайға айналып, қалыптасқан салт-дәстүрді бұзғаны үшін әлгі жас батырды қалмақ жағы байлап беруді талап етеді. Ел ағалары бұл талапқа мойынсұнып тұрғанда, Қабан ақын алға шығып: «Бұл батыр ел қорғаны бола алатын азамат екен, жолына жан пидә - мені байлап беріңдер!» дейді де, өз еркімен жау қолына аманатқа кете барады (журналист Ораз Исмайылұлының жазбасынан) [5].

Филология ғылымдарының докторы М.Жолдасбеков Қабан ақынның алдағыны болжайтын әулиелігін бейнелейтін мынадай аңыз келтіреді: «Бірде Жетісу өлкесінен шыққан атақты батырлар Өтеген, Райымбек, Қараш және Қабан төртеуі бас қосып отырады. Райымбек пен Өтеген құрдас, Қараштың жасы олардан сәл кішілеу, бәрінен үлкені Қабан екен. Райымбек сөз бастайды:

- Өтеген, «ел аралаған - сыншы» деген, жер-дүниені шарлап келдің, жасымыз болса тақады, батыр атағың бар, көпті көрдің, өле қалсақ жағдайымыз қандай болады, қайсысымыз қай жерде қаламыз, айта аласың ба? - дейді. Өтеген:

- «Аға тұрып сөйлеген ініден без» деген, бұл дүниенің жарығын бізден бұрын көрген алдымызда Қабан ағамыз отыр, сол кісі айтсын! - депті. Сонда Қабан:

- Екеуің бірінді бірін түрткілеп, ақыры мені сөйлеттіңдер ме? - деп сөз бастайды.

- Әке-шешем қойған атымды өзгертіп, ел мені Қабан атандырды: мен бір бастаудың басында, шок қамыстың түбінде қалармын. Үш күн денем жерде жатады, үш күннен соң табылады. Ал, Өтеген, сенің мінезің жайлы, жүзің жылы еді, жылжып аққан судың жағасында жатасың, бірақ түбінде сені де жылжытып басқа жерге қояды. Райымбек сен көпшіл ең, қиямет-қайымға дейін басыңнан дабыр, үстіңнен дүбір кетпейтін үлкен жолдың бойында боласың» деген екен. Бұл аңызды Кенен Әзірбаев пен Әмірқұл Құлшықов айтқан. («Асыл арналар», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1986, 152-153-беттер). Бұл аңыз рас болса, Қабанды шын әулие деуге қақымыз бар. Себебі, Өтегеннің қабірі «жылжып аққан су» Іле өзенінің бойында-тұғын, беріде Қапшағайдың астында қалатын болған соң, ұрпақтары «жылжытып» биік төбенің басына қойды. Райымбек Алматыдан Ташкентке қарай шығатын үлкен жолдың бойына жерленген екен, ол маңай бұрын да, қазір де дабыр-дүбірдің орны болды, ұрпақтары басына биік ескерткіш орнатып, ары-бері өткендер, арнайы келушілер тәу ететін қасиетті мекенге айналды. Қабанның өзі Іле өзені бойындағы шок қамыстың ішінде, бұлақ басында жатыр.

Сыр бойында туып-өскен ақын ел басылары Ескелді, Балпық, Орақтылармен бірге жалайырларды Іле мен Қаратал өңіріне көшіріп әкелгенде, барлық саналы өмірін Шаған тауының шатқалдарында, Лабасының баурайында өткізсе керек. «Құйма құлақ қариялардың айтуына қарағанда, Қабан қапсағай

денелі, айбарлы, ақылды адам болған, - деп жазады Ораз Исмайылов. -Ел қорғап, ерлік көрсетіп, тіпті елінің аمانдығы үшін аманатқа өз еркімен кеткен кездері болған. Есейе келе елшілікке жүріп, билікке араласып, халқының қамын жеген. Әділдік пен амандықты жоғары ұстаған Ақын ата әркімнің қайғы-қасіретіне ойлы көзбен қарап, оларға хал-қадірінше қол ұшын беріп отырған.

Қабан ең алдымен адал сөйлейтін, билігі, байлығы бар адамдарды өтірік мақтап жағынбайтын, қара қылды қақ жарған ақын болған.

XIX ғасырда өмір сүрген Бақтыбай ақын айтқандай, «инемен қара сөзді сабақтаған» Қабан ел-жұртты имандылыққа, шариат жолына шақырып, көп өлеңдер шығарған. Оның ислам дінін жетік білгендігін, кітап оқыған сауаттылығын, өлеңдерін жазып та шығарғанын талай толғауларынан, өсиет өлеңдерінен аңғару қиын емес. Амал не, қолжазбалары сол күйінде сақталмаған, жеке жырлары ауыздан-ауызға көшіп өзгергені, бұрмаланғаны, кейбіреулердің өз жанынан қосқандары да байқалады.

Жетісудің даңқты ақын-жыраулары үлгі тұтқан, аруағына сиынған Қабылиса-Қабан ақын мұрасы аз сақталғанмен, барының өзі бүгінгі, ертенгі ұрпаққа тәлім-тәрбие берерлік алтын қазынаға айналып отыр [8].

XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы хандар Жолбарыс, Әбілмәмбет, Әбілқайырлар, одан кейін Абылай Жалайыр тайпасын жер жаннаты Жетісудың ең шұрайлы өлкесі - Көксу, Қаратал, Іле аймағына қоныстандырғанда, сонау Шыңғыс хан заманынан бермен қарайғы елдің елдігін, азаматтарының ерлігін, үш әулие Ескелді, Балпық, Қабылиса-Қабан сияқты ел басшыларының еңбегін ескерсе керек. Ұлы ақын Сүйінбай өзіне ұстаз тұтқан Қабылиса-Қабан ақын ойлы да терең сөздерімен ел рухын көтерсе, Ескелді мен Балпық әрі қол бастап, әрі әділ билік айтып, күллі Жалайырдың ауызбірлігін сақтай білсе, Орақ сияқты батырлары елін, жерін қорғап, аттары аңызға айналған.

Тоқталып өткен батыр-билеріміз елінің ауызбіршілігін, бірлігін сақтап, елін-жерін жауыннан қорғауда ерең еңбектерін сіңірген. Осы істерімен олар өздерінің киеліліктерін дәлелдеп қазіргі ұрпақтың жатқан жерлеріне барып ғибадат етіп, әруақтарына құран бағыштайтын кесенелерінің тұрғызылуы және тарихи жадынамада сақталуы бұл рухани жаңғыру негіздерінің бірі болмақ.

Сөзімді Елбасымыздың сөзімен аяқтағым келеді: «біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз. Биыл Үкімет жұртшылықпен ақылдаса отырып, жобаны әзірлеуі керек. Онда үш мәселе қамтылғаны жөн. Нақтырақ айтқанда:

1. Аталған «Мәдени-географиялық белдеудің» рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындығын жүргізу қажет.

2. БАҚ осыдан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде, мықтап айналысуы керек.

3. Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар. Бесіншіден, заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз» [9].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Жетісу энциклопедиясы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. - 712 бет.
- 2 https://kk.wikipedia.org/wiki/Қаратал_ауданы
- 3 Мұхтар Күмісбек. Жетісу. Алматы облыстық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет. 07.08.2017.
- 4 Мұхтар Күмісбек.Талдықорғанда Ескелді бидің 325 жылдығы атап өтілді. Жетісу. Алматы облыстық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет.5 қазан, 2017 ж. http://www.inform.kz/kz/almaty-oblysyndagy-eskeldi-bi-kesenesi-abattandyryluda_a3023325
- 5 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009.
- 6 https://kk.wikipedia.org/wiki/Жолбарыс_би
- 7 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
- 8 https://kk.wikipedia.org/wiki/Кабылса_би
- 9 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashagga-baghdar-rukhani-zhanhghyru>. Егемен академия. Жас журналдастырға арналған оқу-тәжірибелік жоба. 26.04.2017.

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.М. Сергеева, г.г.к., доцент

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*А.Е. Арыстанбаева, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті, жаратылыстану факультеті,
география мамандығының 2-курс магистранты, Орал қ.*

Аннотация: В данной научной статье отдельно рассматривается исследование этнических процессов, происходящих в странах мира. Связи с тем, что процессы объединения этнических групп изучались отдельно по нескольким типам, была сделана попытка определить генеалогию и развитие этнических ассоциаций.

Ключевые слова: этнический состав, этнический объединение, демографический процессы, миграция

Annotation: In this scientific article, the study of ethnic processes occurring in the countries of the world. Due to the fact that the processes of the unification of ethnic groups were studied separately into several types, an attempt was made to determine the genealogy and development of ethnic associations.

Keywords: ethnic composition, ethnic grouping, demographic processes, migration

Дүние жүзінің, елдің, ауданның этникалық құрамы ұдайы өзгеріп отырады. Тарих бізге ғасырлар мен мыңжылдықтардың өн бойында Жер шарының адам мекендейтін бөлігінің этникалық келбетінің өзгергендігі туралы көптеген айғақтар беруде. Онда халықтар пайда болып және мүлдем жойылып та кетіп отырды, тұтас құрлықтар игерілді, көптеген этностар өздерінің атамекендерін тастап, алыс сапарларға аттанды. Ал қазіргі оны мекендейтін халықтардың «жастары» да әр алуан [1, бб. 90].

Этникалық құрамның өзгеруі негізгі үш фактормен: этникалық процестермен, миграциялармен, дұрысын айтқанда миграциялық ағындардың этникалық құрылымымен және демографиялық процестердің этникалық аспектілерімен байланысты. Бұл факторлардың әрқайсысының нақты бір елдің және аумақтың халқын қалыптастырудағы салыстырмалы ролі әртүрлі болуы мүмкін. Миграциялардың этникалық құрылымның динамикасына ықпалын зерттеу үшін миграциялық сальдоны этникалық құрамдарға «жіктеу» қажет. Мәселен, қандай да бір қоныс аудару еліне (мысалы Австралияға делік), жекеленген жылдары орасан зор мөлшерлерге жеткен үздіксіз иммиграция жүрді делік. Миграцияның тек сандық сипаттамаларымен және олардың әр жылдардағы толқуларымен таныса отырып, бұл мемлекеттегі халықтың санының ұлғаюындағы миграцияның ролін біз тек елестете ғана аламыз. Ал егер миграцияның этникалық салдарларын зерттеу мақсат етілсе, онда иммиграцияның географиялық (ал оларға арқылы этникалық) деректері туралы материалды сараптап, Австралияның нақты бір елмен миграциялық айырбас сальдосын анықтау қажет болады, мұнда егер ол көп ұлтты мемлекет болатын болса оның халқының этникалық құрылымын және оның этностарының миграциялық процестердегі белсенділігін ескеру қажет [2, бб. 63]. Халықтың этникалық құрамының өзгеруінде көбінесе шешуші рольді этникалық процестер

атқарады. Этникалық процестер деп этностың материалдық және рухани мәдениетінің, тілінің, әлеуметтік құрылымының, өзіндік санасының және т.б. жекеленген элементтерінің өзгеруі жүретін процестерді айтамыз. Этникалық процестер әр түрлі, көп жоспарлы және оларды зерттеу қиынға түседі. Таяу уақыттарға дейін елдегі этносаяси ахуалды түсіну үшін этникалық процестерді зерттеулердің маңызды болуына қарамастан біздің елімізде де, шет елдерде де түрлі себептермен оны зерттеуге жеткілікті көңіл бөлінбеді. Халықтарды зерттеу (өзінің де, шет елдердің де) жоғары деңгейге жеткен АҚШ-тың өзі де этникалық процестерді зерттеуге прагматикалық тұрғыдан ғана келді: америкалық ғалымдары тек ассимиляциялық процестерді (оның барлық сатыларын) зерттеумен ғана шектелді, себебі, ел үшін тек осылар ғана маңызға ие болды. Әр түрлі этникалық процестер қарқынды жүріп жатқан Ресейде оларды зерттеудің ұзақ тәжірибесі де бар, алайда оларды дұрыс жіктеудің, демек терең түсінудің алдында көп кедергілер тұрды. Тек 60- жылдары бастап қана этникалық процестерді жүйелі зерттеу басталып, олардың нақты типологиясы жасалды, бұл өз кезегінде шет елдерде де қызығушылық тудырды. Ең алдымен этникалық процестер этноэволюциялық және этнотрансформациялық деп бөлінді. Этноэволюциялық процесс кезінде этнос немесе оның белгілі бір тобының жекеленген элементтері өзгергенімен, негізі өз күйінде қалады, яғни, этникалық өзіндік санасы өзгермейді; ал этнотрансформацияда өзіндік сана өзгеріп, адамның этникалық сипаты мүлдем басқаша түрге енеді. Орталыққа тарту немесе онан кері тебу күштерінің басым болуына байланысты этникалық процестер этникалық бірігу және этникалық бөліну деп ажыратылады [3, бб 67]. Этникалық процестердің нақты типтерін сипаттау кезінде біз бұл топтардың әрқайсысындағы процестердің өзінің этникалық мәні бойынша этноэволюциялық та, этнотрансформациялық та, аралас эволюциялық-трансформациялық та болатындығын көре аламыз. Бұрын этноажырау процестері кеңінен таралғанымен, қазір этнобірлесу процестері басым болуда, сондықтан біз олардың біріншісіне тоқталайық. Этникалық бірлесу процестері өз сипаты бойынша әрқилы, бірақ олардың бір ортақ қасиеті бар. Ең алдымен, этникалық процестің қай-қайсысында да оған қатынасатын жандардың мәдени және тілдік жақындасуы жүреді. Олардың арасында бұрын болған айырмашылықтар теңеседі немесе мүлдем жойылады. Этнобірлесудің көптеген формалары бар. Этникалық процестерді зерттеудің қазіргі сатысында біз этникалық бірлесудің бес негізгі типін бөліп қарастыра аламыз. Олар: этникалық фузия, этникалық консолидация (топтасу), этникалық ассимиляция (оған жақын этникалық конверсия), ұлтаралық интеграция, этногенетикалық миксация. Этникалық фузия деп бұрын дербес, тілі мен мәдениеті бойынша туыстас халықтардың біртұтас, жаңа ірі этносқа бірігу процесін айтамыз. Этникалық фузия деп шығыс славян тайпаларының (поляндар, северяндар, древляндар, воляняндар, дулебтер, ақ хорваттар, уличтер, тиверліктер, дреговичтер, радимичтер, полочандар, кривичтер, вятичтер, ильмендік словендер) біртұтас орыс халқы боп тұтастануын айтуға болады. Этникалық фузия процесі осы процеске әсер ететін факторлар кешеніне, оның ішінде ең алдымен осы процесс жүретін елдің әлеуметтік және этникалық даму деңгейіне, шаруашылық және басқа да байланыстардың қарқындылығына сәйкес түрлі жылдамдықпен жүзеге асады. Елдің даму деңгейі неғұрлым жоғары болып, оның аудандары арасындағы байланыстар артқан сайын этникалық фузия соғұрлым тезірек жүреді. Процеске халықтың өмір сүретін географиялық жағдайлары да әсерін тигізеді. Мәселен, ашық тегіс жерлер этникалық қарым-қатынастарға қолайлы әсерін тигізіп, ал бұл өз кезегінде этникалық фузияны жеделдетеді. Этникалық фузияның қарқынды жүруінде оған қатынасатын топтардың тілдік, мәдени, діни және нәсілдік жақындығы да ерекше маңызға ие. Этникалық фузияның өзінің анықтамасында айтылғандай бұл процеске әдетте өзара туыстас қауымдастықтар қатынасады, алайда, туыстық деңгейлерінің өзі де әр алуан, олар жақын болған сайын процесс соғұрлым жылдам жүреді. Мұнда процесс жүретін территория халқының этникалық құрылымының күрделілігінің де бірқатар ықпалы болуы мүмкін, себебі ұсақ этникалық құрылымдардың өте көп болуы (мейлі олар бір-біріне тілдік-мәдени жағынан жақын болса да) этникалық фузия процесін баяулатады. Дамушы елдерде жүріп жатқан этникалық фузия үшін қалыптасатын этникалық қауымдастықтың өз жазуының болуы үлкен маңызға ие, ол процесті интенсификациялау кезінде маңызды роль атқаруы мүмкін. Әрине процеске қатынасатын этникалық массив үшін бір диалект алынса, онда бірнеше әдеби формалардың болуы жағдайды айтарлықтай нашарлатады. Этнобірлесу процестерінің екінші типі этникалық консолидация (бірігу) белгілі бір этностың оның құрамындағы локалды топтар арасындағы айырмашылықтарды тегістеп ішкі тұтастануын қарастырады. Бұл процесс ірі және орташа этникалық қауымдастықтардың басым бөлігіне тән. Этникалық фузия мен этникалық консолидация (топтасу) өзара тығыз байланысқан процестер. Уақыт өте келе этникалық фузия этникалық топтасуға өтеді. Сондықтан нақты бір этникалық процесті зерттеу кезінде оның типологиялық сипаттамасын беру: ол этникалық фузияның соңғы сатысы ма, әлде этникалық консолидацияның бастапқы кезеңі ме екенін анықтау қиынға түседі. Алайда, осы қарастырылатын екі типтердің сөзсіз байланыстарына қарамастан олардың мәндері екі бөлек: бұлардың

алғашқысы этнотрансформациялық процесс болып этникалық сананың өзгеруіне әкелсе, екінші процесс этноэволюциялық сипатта, ол өзіндік сананың өзгеруіне әкелмейді. Этнобірлесу процесінің үшінші типі – этникалық ассимиляция – экономикалық дамыған – ең алдымен иммигранттары көп елдерде кеңінен таралған. Ол бұрын дербес болған ұлттың немесе оның бөлігінің өзге, ірі халыққа сіңісіп кетуінен көрінеді. Осылайша, ассимиляция бір жағынан – ассимиляцияға түсетіндер үшін этнотрансформациялық процесс болып табылады, себебі оларда этникалық өзіндік сана өзгертін болады. Ал екінші жақ – ассимиляциялаушылар үшін ол этноэволюциялық процесс, себебі оның өзіндік санасы өзгермей бұрынғыша қалады. Ассимиляция процестерінің жылдамдықтары да әркілі. Оның жылдамдығы ассимиляцияланатын топтың саны, оның орналасу сипаты, ассимиляцияланатын ортада болу уақыты, ассимиляцияланатын топтың кәсібі мен оның территорияның негізгі халқымен шаруашылық байланыстары, ассимиляцияға түсушілердің әлеуметтік-құқықтық жағдайы мен отбасылық жағдайлары, аралас некеге тұрудың жиілігі, отанымен байланыстардың болу-болмауы (бұл әңгіме иммигранттық топтар туралы болған жағдайда), ассимиляцияға түсетін топқа оны қоршаған этникалық ортаның қатынасы, ассимиляциялаушылар мен ассимиляцияға түсушілердің тілдік, мәдени, нәсілі бойынша жақындығы, ассимиляцияға түсетін азышлық пен ассимиляциялаушылардың мәдени деңгейлерінің ара қатынасы, этникалық өзіндік сананың даму деңгейі және т.б. факторлардың үйлесімділігіне тәуелді болмақ. Осы аталған факторлардың кейбіреулерінің тұтастығы соншалықты, оларды жіктеу мүмкін емес. Аталмыш факторлардың көпшілігінің ықпалының күштілігі соншалық, оларды түсіндіріп, нақтылаудың керегі жоқ. Сондықтан олардың әсері түрлі жағдайларда күрделі және дифференциялық сипатта болатындарына ғана тоқталалық. Мәселен, бір қарағанда ассимиляциялаушылар мен оған түсушілердің шаруашылық қызметтерінің ұқсастығы олардың жақындасуын сөзсіз жеделдететін секілді көрінеді. Ал шын мәнінде бұл фактордың әсері қарама-қарсы. Көптеген жағдайларда ұқсас шаруашылықтар ассимиляциялық процестің интенсивтіленуіне жағдай жасайды. Өзіне жақын шаруашылық ортаға түсе отырып ассимиляцияланатын топ онымен тез сіңіседі, алайда кейде шаруашылық кәсіптердің ұқсастығы келімсек және байырғы халық арасында бәсекелестік қарсылықтарын да тудыруы мүмкін, бұл ассимиляция процесін қиындатады. Ассимиляцияланатындардың отбасылық жағдайы секілді фактордың роліне тоқталалық. Бұл белгі бойынша барлық иммигранттарды (әңгіме ерлер туралы болмақ, себебі олар келімсектердің арасында көпшілікті құрайды) үйленіп, отбасысыз келгендер; үйленіп, отбасымен бірге келгендер; бойдақтар деп бөлуге болады. Бұлардың ішінде тез ассимиляцияланатындар бойдақтар, олардың көпшілігі жергілікті қыздармен некеге тұрады. Ал жаңа жерлерге отбасыларымен келгендерге келсек, олардың басым бөлігі бұл жерлерде тұрақты қалып қойғанымен, салыстырмалы баяу ассимиляцияланады, себебі, отбасылық ұжымдарда ескі этникалық қауымдастық сақталады, ал кейбірінде ол жаңадан да қалыптасады. Ең қиын жайт өз отбасыларын отанында қалдырған иммигранттарға қатысты туындайды. Өз отанына оралуды ойлай жүріп олар тұратын еліне ерте ме, кеш пе онан кететін уақытша мекен ретінде қарайды. Жергілікті жағдайларға бейімделуге мәжбүр болған олар жаңа ортаға сіңісіп кетуді қаламайды. Енді ассимиляция процесіне қатынасқа түсетін халықтардың мәдени деңгейлерінің арақатынасы қалай әсер ететінін қаралық. Аталмыш процесс этностардың ішінде мәдени деңгейлері бірдей сатыдағы топтар арасында тезірек жүреді. Сондай-ақ келімсектер өздерінің мәдени деңгейлерінен бірқатар жоғары (алайда айтарлықтай емес) ортаға түскен кезде де ол жедел өрбиді. Ал ассимиляция процесінде бір-біріне тілі мен мәдениеті жағынан өте жақын екі этнос өзара әрекеттесетін болса (мәселен орыстар мен белорустар), бұл процесс күрт қарқындап, оны консолидациялау және фузиялау процесіне жақындататын қасиеттерге ие болады. Оның жүруі екі туыстас емес немесе бір-бірінен туыстығы жағынан алыс жатқан екі халықтың әсерлескендегіден әлдеқайда ерекшеленеді. Этнобірлесу процесінің бұл типін этникалық конверсация деп атау керектігі ұсынылған еді. Этнобірлесу процестерінің тағы бір типі болып мемлекеттің немесе бір ірі аймақтың ішінде бір-бірінен тілі мен мәдениеті жағынан өзгеше этностар арасындағы қатынастардан тұратын этнос аралық интеграция табылады, олардың арасындағы өзара әрекеттесу бұларда ортақ белгілердің қалыптасуына әкеледі. Этносаралық интеграция нәтижесінде этностар көп уақыт өткеннен кейін біртұтас халық болып бірігуі мүмкін болатын (олардың бірікпеуі де мүмкін) ерекше этнос аралық қауымдастықтар қалыптасады. Бұл ерекше қауымдастықтар ортақ өзіндік сана элементтеріне ие болатын этностар тобы түрінде көрінеді (олар ұзақ мерзімді шаруашылық және мәдени әрекеттесулерге, саясат байланыстарға, т.б. негізделуі мүмкін.). Этникалық интеграция жекеленген этностардың өзіндік санасы сақталатындықтан негізінен этноэволюциялық процес түрінде көрінеді, дегенмен метаэтникалық қауымдастықтың ортақ өзіндік санасының белгілерінің пайда болуы этникалық трансформацияның бір бастапқы сатысы туралы айтуға мүмкіндік береді. Этносаралық интеграция процестері көптен өмір сүріп келе жатқан барлық полиэтникалық мемлекеттерге тән. Әрине, көп ұлтты мемлекеттің ыдырауымен этносаралық интеграция

процесі тоқталады. Этнобірлесу процесінің қазір сирек кездесетін типі – этногенетикалық миксация, оның барысында бір-бірімен туыстық байланыстары жоқ халықтардың бірігуі жолымен жаңа этнос қалыптасады. Кей кезде бұл процесс этнос аралық интеграцияны жалғастыратын секілді көрінеді, алайда оның бұдан айырмашылығы болып этноэволюциялық емес, этнотрансформациялық сипатқа ие болуы табылады. Өз кезегінде жаңа этностың қалыптасуының жалпы белгілері аяқталғаннан кейін этногенетикалық миксация этникалық консолидацияға ұласуы мүмкін. Этногенетикалық миксация процестері көбінесе Латын Америкасына тән, алайда олар бұрын өзге аймақтарда да болған. Этногенетикалық миксация болып түркілік те, финн-угорлық та топтардан құралып, бойына монғолдық та, европалық та нәсілдің белгілерін жинақтаған башқұрт этносының қалыптасуын айтуымызға болады [4, бб 102]. Этникалық бөліну процестері адамзат тарихының бастапқы сатыларында айқын көрініс тапқанымен, олар әлемнің бірқатар аймақтарында олар әлі де жүрде. Этнобөлінулердің екі типі бар: этникалық парциация және этникалық сепарация. Этникалық парциация кезінде бұрын біртұтас болған этностың бірнеше бірдей бөліктерге бөлінуі жүреді, мұнда жаңа этностардың ешқайсысы да өзін ескі этноспен теңдестірмейді (бұны белгілі бір шамада этникалық фузияның антиподы ретінде қарастыруға болады). Ал этникалық сепарация кезінде белгілі бір халықтан оның салыстырмалы түрдегі шағын бөлігі бөлініп, уақыт өте келе дербес этносқа айналады (мұны өз кезегінде ассимиляцияға антипод ретінде қарастыруға болады). Этникалық сепарация түрлі себептерден бастапқы этностың белгілі бір тобының қоныс аударуынан, халықтың шағын бөлігінің саяси-мемлекеттік дербестенуінен, этникалық топтың діни бөлектенуінен туындауы мүмкін [5, бб 152].

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Казьмина О.Е., Пучков П.И. *Основы этнодемографии*. – М.: Наука, 1994. – 253 с.
- 2 Гумилев Л.Н. *Этносфера. История людей и история природы*. – М.: «Прогресс», 1993. – 210 с.
- 3 Терещенко Т.А., Искалиев Д.Ж. *Батыс Қазақстан облысы халқының географиясы: Оқу құралы*. – Орал: БҚМУ РИО, 2016. - 158 б.
- 4 Слук А.Е., Слук Н.А. *География населения с основами демографии*. – М.: 2000. - 139 с.
- 5 Козлов В.И. *Этническая демография*. – М.: Статистика, 1977. – 240 с.

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ ІШКІ СУЛАРДЫҢ
ТОПОНИМДЕРДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ**

*К.Б. Исмаилова, Ғылыми жетекші, ғылым магистрі
Дүйсенбай Нұрғаным, «География» мамандығының студенті
«Сырдария» университеті, Жетісай қаласы, Қазақстан*

Аннотация: В статье рассматривается исследование история наименования гидрологических объектов Западного Казахстана и их географическое положение.

Annotation: This article is devoted to the research of the history of name hydrological objects in Western Kazakhstan and their geographical location.

Батыс Қазақстан облысына еліміз аумағының көп бөлігі тиесілі. Облыс жерінің мөлшері бірқатар шетел мемлекеттерінің, мысалы, Бангладештің (144,1 мың км²), Германияның (131,9), Болгарияның (110,9), Испанияның (102,2) т.б. аумағынан асып түседі. Оның аумағы 151,3 мың км²; Еуразия құрлығына сұғына кіріп, Атлант мұхиты мен оның теңіздерінен шамамен 2,5 мың км қашықтықта жатыр. Облыс солтүстігінде Ресей Федерациясының Астрахан, Волгоград, Саратов, Самар және Орынбор облыстарымен, оңтүстігінде - Атырау, шығысында - Ақтөбе облыстарымен шектеседі. Орталығы - Орал қаласы.

Адам баласының даму тарихы да сумен байланысты. Ерте заманнан адам қоғамының шаруашылықтағы қызметі, өзен бойлары мен теңіздердің, көлдердің жағаларын мекен етуден басталған. Қазақ халқы жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрі де дүниенің ең асылы да, бағалы заты - судың қатысуымен мүмкін болатынын өмір тіршілігінен анықтаған. Халық ертеден суды аса бағалап, оның бастауын және бұлақ, қайнар көздерін үнемі таза ұстап отырған. Адам өмірі үшін ауадай қажет тіршілік бесігі - өзен - көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсін, суының дәмін, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесін, сан мөлшерін, географиялық орнын, климат ерекшеліктерін, қазба байлықтарын анықтайтын т.б. көптеген белгілеріне байланысты атады.

Гидронимдер - топонимиканың күрделі ірі саласының бірі. Ол грек тіліндегі «гидро» - су, «оним» - атау, ат, яғни су атаулары. Демек гидронимия -өзендер мен көл, көлшіктер, қайнарлар мен бастаулар, бұлақтар мен құдық-тардың жиынтық аты. Батыс Қазақстан аймағының ішкі суларының сипатының топонимдерде көрініс табуын және ландшафттың маңызды құрамдас бөліктері: өзен, көл, теңіз, мұхит, бұлақ, жер асты суларының атаулары қарастырылады. Олардың табиғи және адам әрекетімен өзгеруі ежелгі атаулар мен сол объектінің қазіргі жай-күйін салыстырғанда айқын көрінеді[1].

Республика аумағындағы көлдің 14%-ті (7158 көл) Батыс Қазақстан аймағында.

Ақтөбе облысы Қазақстанның солтүстік-батысындағы шөл, шөлейт және далалық ландшафт аймағында орналасқан. Жерінің көлемі 298,7 мың км². Жер бедері 50 метрден 320 метр биіктік аралығында шоқылы, жоталы болып келеді. Ақтөбе облысы аумағында көлемі бір гектардан жоғары 1748 көл бар, ал олардың жалпы ауданы 1211 км². Көлдердің ішінде көлемі 100 гектардан жоғары 227 көл бар, олардың жалпы көлемі 1011 шаршы километр.

Көлдері облыс аумағының 0,4%-ін құрайды .

Сол көлдердің ең ірілерін атап өтейік: Айыркөл, Айке, Ащықұдық, Әйке, Байтаккөл, Белқопа, Берденсор, Бөкенкөл, Жармакөл, Жаркөл т.б.

Жайық өзені алабының көл атаулары, негізінен халықтық географиялық терминдер мағыналарымен жасалғанын анық көреміз.

Өлкедегі ірілі-ұсақты көлдердің пайда болуы, орналасуы мен химиялық және органикалық құрамымен ерекшеленеді. Осы көлдерге атау беруде, халық олардың балық пен қамыс ресурсына, су ішіндегі флораларына, шымтезек кеніне, балшықтарына, тұздарына (сульфатты, хлорлы.), құрылыс материалдарына (жағалауларындағы таза құм, малта тас) және жағалауындағы шабын-дықтар мен аңдар, су құстарына назар аударған. Көпшілік атаулар көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни түр-түсіне, судың дәміне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, географиялық орнына, көл лимонимдері (көлдерді зерттейді) құрамында жиі қолданылып, сол көлдердің сипаты, қасиеті, ландшафтысы жайлы толық мағлұмат білдіріп тұр.

Жайық өзені алабы топонимдерін талдау жасау барысында көлдердің атаулары жалпы есім сөздер мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалатыны байқалады. Ол сөздер мен терминдердің өн бойында қазақ халқының ертедегі табиғат ландшафтысының көрінісі айқын сақталғанын көреміз.

Индер көлі - Атырау облысының солтүстігіндегі Батыс Қазақстан облысымен шектес жерде Жайық өзенінің шығысында орналасқан. Ауданы 110,5 км²., ұзындығы 13,5 км., ені 11 км, жағалауының ұзындығы 40 км. Индер көлі тұзды күмбездерден келіп қосылатын тұз ертінділерімен толысады. Көлі ағынсыз, тұздылығына байланысты «Құрғақ»көл деп те аталады.

Қазір осы көлдің атында Индер ауданы, тауы, поселкесі бар. Тұрғын халықтар кейде Индерді «Дендер» деп атайды. Қазіргі кезде қазақ тілінен белгілі бір мағынада қолданатын не «индер», не «дендер» тұлғасындағы сөздерді таппаймыз. Бірақ Қазақстанның батысынан шалғай жатқан Сібір мен Алтайдан табуға болады . Тува тілінде: «дендэр» сөзі біздің — «шамадан тыс», «шектен тыс» мағынасын иеленсе, манғол тілінде: «дэндгэр» - «сорайған», «индэр» - «мінбе» мағыналарын береді деп Ә. Нұрмағамбетов түсіндіреді. «Дендер» сөзінің жер бедеріне, оның ішінде жоталы, қырат, биік орын, жерлерге берілетін атау екенін XVII ғасырда Батыс Қазақстан төңірегінде туып, өмір сүрген Жиёмбет жыраудың мына өлең жолдарынан байқалады: «Қиядан қолды көрсеткен төбеңе шығар күн бар ма, жотасы биік дендерім?!».

Каспий теңізі. Каспий орасан зор аймақты алып, жағалық сызығының жалпы ұзындығы 6380 км болса, оның 2340 км-і Қазақстан жеріне қарайды. Каспий осындай орасан зор аймақты алып жатқандықтан оны «теңіз» деп атайды, әйтпесе географиялық табиғатына қарай ол - көл. Өйткені, Каспий ешқандай мұхитпен бұғаз арқылы байланыспайды. Каспий жер бетіндегі ең үлкен көл, көлемінің осындай үлкендігіне орай «теңіз» деп аталынады.

Каспий теңізі жайлы ең алғашқы мәліметтерді біз ертедегі Грек және Рим ғалымдарының еңбектерінен кездестіреміз. Көне дәуірлерден жеткен деректер-де бұл теңіз екі түрлі — Каспий және Гиркан деп аталады. Ертеде теңіз жаға-лауын Гиркания елі мекен еткен. Гиркания атауы сонымен байланысты қойылған. Парсы тілінде Гиркания — «қасқырлар жері», «қасқырлар мекені» деген мағына береді.

I Петр патшаның бұйрығымен Ресейде 1715-1720 жылдары теңіз жаға-лаулары суретке түсіріліп, есепке алынып, 1720 жылы теңіздің тасқа басылған алғашқы дербес картасы шығып, теңіз Каспий атауымен Орта ғасырда дүние-жүзіне белгілі болады. «Каспий»деген атау грек тарихшылары мен саяхатшыларының жазба деректеріне қарағанда, парсылармен шекаралас, теңіздің оңтүстік жағалауларында жауынгер каспи деген халық өмір сүрген. Осы халық атауы негізінде көл қазір Каспий деп аталған [2].

Жем өзені. Ақтөбе және Атырау облыстары жеріндегі өзен. Батыс Қазақстан аймағындағы Жем

өзенінің атауы бізге көне дәуірлерден жеткен деп қарауға болады. X ғасырдағы елші Ибн Фадланның және XIX ғасырдағы А.Левшиннің жазбалары бойынша, бұл өзеннің орта ғасырда Гем деп аталғаны белгілі. Бұл өзеннің этимологиясына зерттеу жүргізген ғалымдар өзен Гем сөзінен бұрмаланып қазақ тілінде Жем, орыс тілінде Эмба аталып кеткен деген пікір айтады. Гем, хем, кем сөздері Сібірдегі түрік халықтарының тілінде (тува, алтай т.б) «Өзен» деген мағынаны білдіретін ежелгі «Гем» сөзінен шыққан деген болжам айтады. Мысалы Енисей өзені бұрын Улуг — Хем атауымен аталған. «Ұлы өзен, Үлкен өзен» деген мағына береді. Ал Енисей атауы да эвенки тіліндегі Ионэсен, яғни Үлкен өзен деген ұғым беретін сөз. «Жем» сөзі «мал азығы, жайылымдық шөп» дегенді білдіреді. Ал атаудың мағынасы «шұрайлы жайлымда ағып жатқан өзен» дегенді топшылайды.

Жайық өзені. «Жайық» топонимі өте ұзақ ертеден келе жатқан, ұзақ жылдардың куәгері. Б.з.д. VI ғасырда өмір сүрген оқымысты және саяхатшы Геродоттың еңбегінде Жайық өзені, Скифияда «Лик», «Ликос» деп аталған. Жайық өзені тарихи кезеңдерде түрлі атпен белгілі болды. II ғасырда өмір сүрген грек ғалымы, географ Кландий Птоломейдің «География» жинағындағы, Азияға арнаған картасында бұл өзенге «Даикс» деп атау берген.

1627 жылы шыққан «Үлкен Сызба Кітабы» еңбегінде Жайық өзені мен салаларының алғаш рет картасы жасалынды. XV-XVI ғасырларда қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі «Ер Тарғын» жырына келсек, бұнда ноғайлы жайлаған Жайық, Еділ, Шаған өзендері туралы сөз болады, бірақ атауларда өзгеріс байқалмайды.

Профессор Ә.Нұрмағамбетов «жайық» тұлғалас сөзді қазіргі кездегі алтай, аладағ тілдерінде «йайық» қалпында айтылатын сөз, қазақтар түсінігіндегі «су тасу, сел, тасқын» дегенмен сәйкестендіреді. Жайық өзені «кеңге жайылған өзен» дегенді білдіретін қазақ атауы, ол алапты жазық-жайлап ағатын деп сипатын берді [3].

Жайық өзені суының сұлу келбетін және аймағындағы тіршіліктің пайда болуын, өзеннің жайлы ағысына негіздейді. Жайық - «кеңге жайылған» өзен дегенді білдіретін қазақ атауы, ол алаптың жазық-жайлап ағатын сипатын береді.

Ойыл - Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жеріндегі өзен. Осы атты Ақтөбе облысында аудан және сол ауданның орталығы бар. Уил боп картаға қате түскен өзеннің қазақша дұрыс атауы Ойыл.

«Ойыл» атауының түп-төркіні туралы пікір айтушылардың қай-қайсысы да оны «ой» (етістік) түбірі мен — ыл жұрнағының қосылуынан пайда болып, «ойпат», «шұңқыр» мағыналарының баламасын (синонимін) тудырып тұр дегенге тоқтайды. Топономист А.Әбдірахманов «Ойыл» атауын алқап ландшафтысының сипатына байланысты тұжырымдайды. Қазақша «ой» -терендету, қазу, «ыл» етістіктен зат есім жасаушы жұрнақ. Атаудың мағынасы «жарып өтуші» немесе «терендетуші өзен» деп сараптайды [4].

Табиғат су көздерімен қатар, Батыс Қазақстанның шөлді-сортанды аудан-дарында кеңінен пайдаланылған жасанды су көздерінің (құдықтардың түрлері) атаулары судың сапалық қасиеттерін сипаттайды.

Құдық термині Батыс Қазақстан аймағында жайлау, қыстау орналасқан жерлердің географиялық атауларында өте жиі кездеседі. Әсіресе, Үстіртте Қарақалпақ автономиялық республикасы мен Түркіменстан Республикасы шекарасына дейінгі жерлерде (Арал мен Каспий аралығы) байырғы қыстақтар мен қобы жолы (құм арасынан төтелеп шығатын жол), Ұлы Жібек жолдарының (керуен жолы) бойында орналасқан құдықтар көптеп саналады. Олар ғасырлар бойы сақталып келген, көшпенділердің өмір-тұрмысында үлкен қызмет атқарған.

Атырау, Маңғыстау облыс құдықтарының дені таспен өріліп, жоғарғы аузы жағы шегенделген. Олардың әрқайсының қашықтығы 40-45 км-ден аспайды. Әр құдықтың өз атауы бар. Мәселен, Ащы құдық, Сор құдық, Тұзды құдық, Егінді құдық, Тас құдық т.б.

Батыс Қазақстан облысындағы «Тас құдық» атауы «тасты құдық» дегенді білдіреді. Жергілікті терминге ие болған «Тас құдық» тіркесі Орынбор қазақтарында «тайыз құдық», ал Орталық Қазақстанда «Тас құдық» атауы «суы суық құдық» (суы тастай суық) дегенді білдіреді.

Ауыз су тапшылығы тереңдіктері әр түрлі құдықтарды сипаттайтын терминдердің жіктелуін тудырады:

- қақ – ойпаңдар жерде көктемде іркілген қар суы;
- тұран - тау үстіндегі су жиналатын ойпаңдар жер. Қызыл тұран, Көктасты тұран, Сары тұран, Қаншым тұран Манқыстау жерінде;
- тақыр - су тұратын ойпаңдар жер. Манғыстау облысында Құсқонбас тақыры, Елей тақыры, Ұлаңак тақыр;
- күп - жан-жағы тасты жарқабақ табаны қатқыл тұйықтықтағы үлкен Қазан шұңқыр, шұңғыл, ойдым жер. Шаңдарырақ күп, Қоңыр күп, Сауран күп, Шөпті күп Маңқыстау жерінде;

- шыңғырлау — құдықтың теревдігі 4-5 құлаштан асқасын қол суы емес, шыңырау құдықтар санатына қосылады.

Сонымен, құдық атауларында да басқа топонимдерге тән ландшафтылық жіктелу байқалады. Батыс Қазақстан аймағындағы ең терең Мәмбет қазған шыңырауының тереңдігі 65 м; Жұзадым шыңырауы, тереңдігі 61 м.

Құдықтар көшпенді қазақтар қоғамында меншіктік сипатта болғанын тарихи деректер растайды. Құдық атауларының құрамында антропонимдердің кездесуін осы себептермен түсіндіруге болады.

Батыс Қазақстан аймағында су көздерінде өсімдік атауларынан қойылған өзен-көл аттары жиі кездеседі, Себебі өлкенің шаруашылығы табиғи су объекті-лерімен тығыз байланысты. Мәселен, өзен, көл, бұлақ маңындағы қоныстардың жайылымдық-шабындық мақсатта пайдалануымен түсіндіреміз. Сондықтан да гидронимдердің құрамында өсімдік атаулары жиі кездеседі.

Өлеңті – Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданы жеріндегі өзен атауы. Е.Қойшыбаев Өлеңті атауының төркіні жөнінде «көне түрікше«өлең» және «тү» сөздерінің кірігуінен қалыптасқан атаулар, сөзбе-сөз «өлеңтау» мағынасын береді» деген тұжырым жасайды.

Сиырдың сүйсініп жейтін өлең шөп, сондықтан да қазақта «өлеңді жерде өгіз семіреді» деген мақалы бар. Э.М. Мурзаевтың 1984 жылы жарық көрген «Халықтық географиялық терминдер сөздігінде» «өлеңті», шалғын - ылғалды жерде өсетін қалың, тығыз көк балауса өсімдіктер тобы, табиғи шалғында жайылма, саздық, далалық болып бөлінетіні туралы мәлімдейді.

Демек, өзен өз атауын, жағасына өлең шөбінің жиі өсуіне қарай алған демекпіз.

Сағыз өзені атауының мағынасын өзеннің алабында каучук, сүтті өсімдік-тер: таусағыз, құмсағыз, жерсағыз өсуімен байланыстырады. Осылайша, өзеннің аты оның алабындағы кездесетін өсімдіктердің мол өсуіне байланысты болуы мүмкін [5].

Қорыта келгенде, қазақ халқының көшпенді тарихы барысында мал жайылымына қолайлы жерлерді ерекшелеуі фитонимдердің гидронимдер құрамында кездесуіне алғышарт болды деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Аяпбекова Ә.Е. *Батыс Қазақстан аймағының ландшафт ерекшеліктерін анықтайтын топонимдер бірлестігі.* - Алматы, 2002 – 27 б.

2 Конкашпаев Г.К. *Обице особенности тюрко-язычной географической терминологии Средней Азии и Казахстана // Вопросы географии, 1970, сб. 81 – С. 174-179.*

3 Нұрмағамбетов Ә. *Жер-судың аты-тарихтың хаты.* – Алматы, 1994. - 64 б.

4 Әбдірахманов А. *Қазақстанның жер-су аттары.* - Алматы, 1959. - 219 б с.

5 Ержанова Ү. *Батыс Қазақстан облысы топонимдеріндегі реликтілік көріністер мен реликтілік тұлғалар // Ізденіс. 1999. - №6. - 4-8 б.*

ЭТНОС КАК СПЕЦИФИЧЕСКИЙ СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН

*Романенко А.Ю., магистр наук
по специальности «Туризм»,
Санкт-Петербургский гуманитарный
университет профсоюзов*

Аңдатпа: Мақалада этникалық, этностық анықтамалар беріледі, этникалық топтар, этникалық үрдістер туралы айтылады. Этникалық трансформация түрлері, этникалық интеграция, аккультурация туралы жазылған. Сонымен қатар, мәдени салт-дәстүрлер қарастырылған.

Кілтті сөздер: этнос, этникалық топ, ұлт, құндылықтар, мәдениет

Annotation: The article talks about ethnicity, ethnic processes, the given definition of ethnic group, ethnicity. In addition, it refers to forms of ethnic transformation, inter-ethnic integration, acculturation. The issues of cultural traditions and customs of ethnic groups are touched upon.

Keywords: ethnicity, values, culture

Получившие широкое распространение в зарубежной науке, термины «этнический» и «этничность» чаще всего относятся к национальным меньшинствам и диаспорам. При этом термин «этнический» тесно связан с понятием «этнос», тогда как под «этничностью» подразумевается совокупность специфических и типичных культурных черт этнической группы, находящейся в более или менее конфликтных

отношениях с социокультурным окружением. Этническая специфика складывается из двух составляющих - *этнических ценностей* и *этнических стереотипов*, разделяемых абсолютным большинством представителей определенной этнической группы.

Этнические ценности как неотъемлемую составляющую духовной культуры любого народа следует рассматривать не иначе как кладезь проверенной временем мудрости. Этнокультурная специфика существует и развивается в более широком контексте - в рамках феномена **идентичности**. **Этничность - это одна из форм социальной организации культурных различий**. Своеобразие этничности в сравнении с прочими видами социальных идентичностей обнаруживается еще на уровне обыденного сознания.

Но современная этнологическая наука, рассматривающая, в том числе, и этнокультурную парадигму, несмотря на солидный багаж теоретических и эмпирических знаний, не в состоянии на базе ряда критериев однозначно разграничить и объяснить сущность этничности и прочих форм общественной организации культурных различий. В качестве доказательства приведем общепринятую в бывшем СССР дефиницию этноса. Согласно теории советского историка и этнографа Юлиана Владимировича Бромля, народ, или этнос, *- это исторически сложившаяся на определенной территории общность людей, объединенных сходной материальной и духовной культурой, включая язык, особенностями психики, физического облика, а также самосознанием, выраженным в самоназвании*.

Со времени выхода в свет работ всемирно известного французского этнолога Клода Леви-Стросса, проникнутых идеями этнической толерантности и гуманизма, в странах демократии стало едва ли не нормой априори *считать любую этническую культуру величайшей ценностью*.

Важнейшей характеристикой этноса, как пространственного феномена, выступают также и *этнические процессы*. Каждый из современных или когда-либо существовавших этносов на любом этапе своего этногенеза - зарождения, становления - подвергается либо находился под действием разнонаправленных тех или иных этнических процессов.

Особое место в истории народов занимают *этно-трансформационные процессы*, связанные с утратой большинством или значительной частью народа прежнего этнического сознания и приводящие во многих случаях к полному исчезновению этносов в качестве социальных феноменов. Как справедливо отметил Лев Николаевич Гумилев, лишь крайне ограниченному числу народов, в частности китайцам, удалось пережить этническую реанимацию (повторный виток этногенеза, или, как указано в летописях, «перерождение»).

Этносфера, понимаемая как совокупность всех ныне существующих этнических групп, есть явление непостоянное. На смену одним народам на историческую сцену приходят другие. Иллюзорность представлений о статичности этносферы обнаруживается при сравнительном анализе перечня народов мира за минувшие несколько столетий. К примеру, к XVIII в. еще не сложились такие этносы, как американцы, англоавстралийцы, алтайцы, колумбийцы, мексиканцы и т.д. В нынешнем столетии глобальную этносферу ожидают невиданные прежде по скорости и масштабам кардинальные изменения. Согласно пессимистическим прогнозам, на земном шаре уже спустя столетие исчезнет почти половина современных народов.

Выделяют следующие *формы этнической трансформации*:

- *ассимиляцию* - полную смену представителей одного народа или индивидов прежней этнической идентичности на иное этническое самосознание;
- *фузию* - слияние во многом культурно близких народов с последующим образованием новой этнической общности;
- *миксацию* - сближение и постепенное слияние представителей двух или более этносов, относящихся к различным расовым типам [1].

Принято различать **естественную** и **насильственную ассимиляцию**. В первом случае «поглощение», или уподобление представителей одной этнической группы в области культуры и в сфере этнического самосознания другой этнической группе, носит добровольный характер и возникает в результате тесных, часто довольно продолжительных разносторонних контактов. При втором варианте усвоение культурных черт происходит с использованием принуждения. Естественная ассимиляция в какой-то мере может быть следствием целенаправленной государственной политики, но чаще своей причиной имеет стихийно происходящие процессы межэтнического сближения. В случае с вынужденной ассимиляцией государство через такие его институты, как бюрократический аппарат, вооруженные силы, система образования и судопроизводства, подконтрольные средства массовой информации, целенаправленно способствует смене языковой и этнической принадлежности у тех или иных групп и индивидов.

В качестве характерных примеров приведем языковую, а затем и этническую ассимиляцию германоязычных и романоязычных групп (соответственно в королевствах Франция и Германия); греков,

армян, курдов, болгар, сербов, албанцев, представителей многих других народов в Османской империи; славянских народов и венгров в Австро-Венгрии.

Показателен пример исторической области Лотарингия, жители которой еще в середине XVIII в. общались между собой почти исключительно на диалекте немецкого языка. Но уже к началу XX столетия франкофоны составляли явно преобладающее большинство среди тамошнего населения. Без преувеличения история государства как общественно-политического института - это история полудобровольной, а зачастую принудительной языковой ассимиляции [2].

Вслучае **фузии** надежным индикатором формирования нового этноса служит появление соответствующего *самоназвания* (*этнонима*), посредством которого данная группа людей вычленяет себя из прочих подобных общностей. Несмотря на заметное изначальное сходство образовавших единый этнос различных народов, их потомки, как правило, в течение довольно длительного времени сохраняют ряд специфических черт в духовной и материальной культуре, в частности лингвистические, сакральные, хозяйственные особенности. Подобные социальные образования принято именовать *этнографическими группами*.

Особое место среди этно-трансформационных процессов принадлежит **миксации**, нередко именуемой метисацией. В отличие от фузии сближение происходит между изначально антропологически и культурно отличными этническими группами. В Латинской Америке на представителей расово смешанных типов приходится до половины всего населения. *Метисы* - потомки от браков (связей) индейцев и белых (европейцев) составляют основу мексиканцев, народов Центральной Америки и Андского пояса. *Мулаты* численно преобладают в Доминиканской Республике, среди афроамериканцев США, лиц африканского происхождения в Бразилии, на Кубе, на побережье Колумбии и Венесуэлы. *Самбо* результат смешения негров и индейцев - составляют немалую часть жителей побережья Венесуэлы, Колумбии, Эквадора, Перу и даже некоторых межгорных долин в Боливии.

Внешний облик населения принимающих территорий может сыграть определенную роль в процессе формирования и продвижении туристских брендов. Для любой дестинации необычайно важно иметь легко узнаваемую атрибутику, вызывающую положительные эмоции и ассоциации у потенциальных путешественников, включающую не только отличительные черты одежды, жилищ, образа жизни, физических признаков жителей, но и сакральные, этнокультурные традиции. За резкими различиями в физической антропологии между соседними, либо живущими чересполосно народами, как правило, кроются существенные различия в области материальной и духовной культуры.

Культуры народов обладают известной инерционностью, а значит, могут рассматриваться с эволюционных позиций. *К эволюционным процессам*, сопровождающимся изменением культурных характеристик народа относятся *межэтническую интеграцию, лингвистическую ассимиляцию, внутриэтническую консолидацию и аккультурацию*.

Межэтническая интеграция - не приводящее к смене этнического самосознания культурное сближение между народами, нередко разделенными внушительной культурной дистанцией. Чаще всего в подобных процессах участвуют этносы, имеющие общую национальную (гражданскую) идентичность. Классический тому пример - сопряженность тысячелетнего развития народов России - русских, украинцев, татар, казахов, чувашей, мокши, эрзя, башкир, удмуртов и многих других этнических групп.

В ряде случаев межэтническая интеграция может охватывать народы, проживающие в двух или нескольких сопредельных странах одного крупного региона. Описанная ситуация характерна для государств - старых членов Европейского союза. В современных условиях катализатором и одновременно следствием глубинных процессов региональной межэтнической интеграции в Южной Америке и Зарубежной Европе во многом выступают широкое распространение и популяризация соответственно испанского и английского языка. В португалоязычной Бразилии на рубеже II и III тысячелетий испанский язык объявлен вторым официальным языком. За два минувших десятилетия англоязычие в таких многонаселенных и традиционно ориентированных на национальные языки в ущерб международным языкам странах, как Германия, Франция, Испания, получило широкое распространение. К настоящему времени впервые в истории английский язык приобрел в Зарубежной Европе статус явно преобладающего средства межэтнического общения.

Этно-интеграционные процессы особенно при более или менее равноправной форме взаимодействия - одно из важнейших условий развития этнокультурного туризма в рамках целых туристских регионов и отдельно взятых стран. Яркое тому свидетельство - тесная культурная интеграция стран Западной Европы. Именно в последние десятилетия ушедшего века многие европейцы прониклись идеей познания культуры, истории, образа жизни соседних народов. Впервые за всю историю европейского туризма столь высокими темпами начиная с 1990-х гг. стали возрастать объемы туристских потоков между Северной и Южной Европой.

Очевидное культурное сходство служит гарантией общности туристских предпочтений и мотиваций. Речь идет о схожих, если не одинаковых, пищевых пристрастиях, любви к определенному времяпрепровождению, тяготению к определенным духовным, сакральным истинам и т.д.

Во многом аналогичная ситуация наблюдается в Рейнской области - пограничной зоне на стыке Германии, Франции, Бельгии, Люксембурга и Нидерландов - самой густонаселенной, урбанизированной, экономически динамичной зоне Европейского союза. Не случайно Рейн именуют не иначе как осью Западной Европы. В течение последних десятилетий западные районы Германии, восточные районы Франции и кантоны на крайнем северо-западе Швейцарии образовали единый туристский рынок.

Лингвистическая ассимиляция, затрагивая столь важную для этнического воспроизводства сферу, как языковое общение, *проявляется в полной или частичной замене у представителей этноса исконного языка другой или иными вербальными коммуникационными системами.* Этот процесс может выражаться в отказе от употребления этнического языка в культурной, официальной либо деловой сфере, но при сохранении его исключительной или ведущей роли в качестве обиходного средства общения, языка культовых практик.

За ушедшее столетие на земном шаре в качестве средств повседневного бытового и культурного общения прекратили свое существование по меньшей мере одна тысяча языков. Исчезновение столь внушительного числа лексических систем во многом объяснялось объективными причинами политического, экономического, социокультурного характера, а именно становлением и развитием институтов национального государства, формированием национальных рынков, углублением процесса международного разделения труда, размыванием социальных, культурных, брачных барьеров между различными группами населения. Едва ли не 95% ирландцев в Ирландии и евреев в России считают соответственно английский и русский языки родными (материнскими) языками.

Распространенная форма этно-эволюционных процессов - этническая консолидация - *процесс постепенного культурного сближения между представителями отдельных субэтнических, территориальных или сословных групп одного народа.* Образование и распространение койне- языка, несущего в себе черты многих, порой весьма различных наречий, диалектов, говоров одного языка, - рассматривается как самое надежное свидетельство бурной этнической консолидации. Зачастую различные субэтнические или локально-территориальные группы одного народа выделяются ярко выраженными специфическими культурными комплексами. Этнокультурный колорит таких групп очевиден для рядовых туристов уже при беглом контакте. В этом отношении показательны примеры стран Центральной Азии (Казахстана, Узбекистана, Туркменистана, Таджикистана, Кыргызстана).

Также, **аккультурацию** можно считать наименее болезненным для этнических чувств людей видом этно-эволюционных процессов. Приобщение к иноэтничным культурным нормам создает серьезные предпосылки к развитию этнокультурного туризма. Беглое ознакомление с последующим «погружением» в культуру другого народа может развить у конкретного индивида или группы туристов тягу к дальнейшему и неформальному изучению соответствующего культурного комплекса. Следуя этой логике, иностранец, освоившись в Астане, по истечении некоторого времени, быть может, пожелает посетить другие районы Казахстана, задавшись простым житейским вопросом, чем отличаются жители столицы от людей живущих, например, в Южных регионах республики. Подобные туристические поездки могут во многом ускорить процесс аккультурации конкретного индивида и отчасти его социальной сети. Индивид или группа людей, находящихся на определенном этапе аккультурации, осознанно или нет, выступают в качестве проводников информации для принимающей стороны о туристском потенциале посещаемых территорий [3].

Список литературы:

- 1 Бутузов А.Г. *Этнокультурный туризм: учебное пособие.* – М.: «КНОРУС», 2013. – 248 с.
- 2 *Сакральная география. Энциклопедия святилищ и мест силы.* - Екатеринбург, 2005. – 371 с.
- 3 Голубчик П.Н., Евдокимов С.Р., Максимов Г.Н., Носонов А.М. *Теория и методы географической науки.* - М.: «Владос», 2005. – 289 с.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚИЫРДА ҚАЛҒАН ҚАСИЕТТІ ЖЕРІ

Доцент, г.э.к., *Сарқытқан Қастер*
Елтану және туризм кафедрасы
2 курс магистрі *Мурзинова Айнұр*

*«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын
көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»*

Н.Ә. Назарбаев

Аннотация: В статье рассматриваются экономические и социально-географические характеристики Или Казахской автономной области КНР. Автор также особое значение придавал этническому составу населения, хозяйственным отраслям, административным структурам данного региона.

Annotation: In this article the characterization economical geography of Ili kazakh autonomous region in People`s Republic of China. Author also gi gives special composition ethnic puple end administrution structure.

Елбасы мақаласында айтылғандай, еліміздегі тарихи-мәдени жерлерді қастерлеу, рухани жұтаңдықтан аман сақтап қалады. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты республикалық жоба «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізінде іске асып жатыр. Идеяның түп-төркіні – ескерткіштер мен көне ғимараттарды қалпына келтіріп қана қоймай, киелі мекендер мен өлмес мұраны ұлт жадына біртұтас кешен ретінде орнықтыру. Біздің ойымызша, бұл бағдарлама тек Қазақстан аумағында ғана, айналамыздағы этникалық қазақтар қоныстанған өңірлерге де қатысты болса керек. Оның екі түрлі себебі бар. Бастысы төңірегіміздегі өзге елдердің құрамында қалған сол елді-мекендер екі елдің арасындағы тату-тәтті қарым-қатынастардың баянды дамуына дәнекер болады. Екіншіден, Ел басы: Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек деп айтқанындай, ол жерлер тарихи себептерге қатысты бөлініп қалғаны болмаса, ол ежелгі қазақ халқының ата-мекені, әзірде халқымыздың бір бөлімі өмір сүріп отырған мекендер. Қазақтың құлагер ақыны Ілияс Жансүгіров “Жетісу суреттері”-атты өлеңінде:

*Жер таппан жерде жете Жетісуым,
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым.
Асқардың аспан сүйген сілекейін,
Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын.
Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу құз,
Ну тоғай, қозғалы көл, қоңыр құмым.
Асқардан ақтарыла арқыраған,
Жөкеннің, кім аңсамас, балдай суын.*


Осындай жердің бір - Қытай Халық Республикасының (ҚХР) құрамындағы Шынжаң ұйғыр автономиялы өлкесіне қарасты, Іле қазақ автономиялы облысы. Бұл облыс туралы айтпас бұрын Қытай жөнінде айта кету артық болмас. Қытай жылдық ішкі жалпы өнім өндірісі бойынша Жапонияны басып озып, АҚШ мемлекетінен кейінгі екінші орынға шықты. Одан сырт, нашар дамыған саласы болып табылатын автокөлік өндірісі бойынша дүниежүзінің барлық мемлекеттерін (Жапония мен АҚШ-ты қоса есептегенде) артта қалдырып, көш бастап шықты. Міне, дәл осындай хабарлар дүниежүзілік бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде, қазақстандық ақпарат құралдарының хабарларында бірнеше дүркін жазылды және айтылды/1/. Алайда, біз оның жеткен жетістігін тамсана айтумен, өндірген өнімдерін жаппай тұтынумен шектеліп қалғандаймыз. Қытай туралы білеріміз су бетіндегі көбіктей ғана бер жағы, ал қатпар-қатпар тарихы мен сан-қырлы шаруашылығы бар үлкен елдің бізге таныс емес тұңғығы мол-ақ. Осынау алып көршімізбен байланыс дамып отырған бүгінгі күнде оны танып-білу екі елге де тиімді болар еді деген оймен Қытайдың Қазақстанға ең жақын шекаралас аймағы Іле Қазақ автономиялы ауданы туралы сөз қозғауды жөн санап отырмыз.

Сөзімізді сәл әріден бастасақ, Қытай тарихындағы Чиң патшалығы тұсында Шынжаң 1884 жылы өлке болып құрылған. Қытай тіліндегі мағанасы “жаңа провинция” деген сөз. 1949 жылы 25 қыркүйекте ҚХР-дың құрамындағы бір провинцияға айналды /2/. Содан 1955 жылы қазан айының 1-інде Шынжаң ұйғыр автономиялы ауданы болып қайта жасақталды. Аумағы 1млн. 660 мың шаршы км. батысы мен

шығысының арасы 2000 шақырым оңтүстігі мен солтүстігінің арасы 1600 шақырым көрші елдеріне бағыттаған 16 кеден бекеті бар. Климаты құрғақ, қатан. Жер бедері күрделі болып, таулы аймақтар 49 пайызды, жазықтар 51 пайызды иеленеді. жерінің 56,52 пайызы шөлді-шөлейтті аймақтар болып, сулы мол өңірлер небәрі 1 пайыз. Жер аумағы көлемінен Қытай бойынша алдыңғы орында, тұтас ел аумағының 1/6 бөлімін құрайды.

Әкімшілік-аумақтық құрамы бойынша 5 автономиялы облыс, 7 аймақ, ерекше мәртебеге ие 3 қала, 6 автономиялы аудан және 85 ауданға бөлінеді. Орталығы Үрімжі қаласы. Жергілікті халық өкілдері 13 ұлттан тұрады. Ал соңғы жылдардағы миграция әсерінде ұлт өкілдерінің саны 47-ге жетті. Жергілікті ұлттар (халық санының көптігі бойынша), ханзу(қытай), ұйғыр, қазақ, дүнген, моңғол, қырғыз, сібе, тәжік, орыс, өзбек, татар, дағұр, манзу. Халық саны 18 млн. адам шамасында, бұл мемлекет жалпы халық санының 4 пайызына жуық/3/.

Аталған 5 автономиялы облыстың ішінде біздің тілге тек болып отырғаны – Іле Қазақ автономиялы облысы, оның қармағына Тарбағатай және Алтай сынды екі аймақ пен Құлжа, Күйтун қалалары, Құлжа, Қорғас, Нылқы, Тоғызтарау, Күнес, Текес, Моңғолкүре және Шапшал Сібе автономиялы аудандары кіреді. Іле Қазақ автономиялы облысы 1954- жылы қараша айында құрылған. Орталығы Құлжа қаласы. Ол Қытай бойынша бірден- бір төте қарасты аймақ пен төте қарасты қаласы бар облыс болып табылады. Облыстың территориясы 350 мың км²., халық саны 4 миллионнан асады. Олардың ішінде қазақ, қытай, ұйғыр, моңғол, сібе сынды 47 ұлт өкілі тұрады /4/.



ІҚАО ның ұлттық құрамы

Ел арасында «Шынжаңға бармасаң Қытайдың үлкендігін білмейсің, Ілеге бармасаң Шынжаңның көркін біле алмайсың» деген қанатты сөз бар. Осы бір ауыз сөзден-ақ Іле Қазақ автономиялы облысының бар келбетін және онда мекендейтін әр ұлт халқының әсіресе байырғы тұрғылықты халық саналатын қазақ халқының қонақжай дәстүрін әйгілеп тұрғандай. Қытайда 2005 жылы жүргізілген жалпы халықтық санақ нәтижесі бойынша ондағы қазақтар соңғы он жылда 15 пайызға өскен екен. Ресми дерек бойынша, Қытайдағы қазақтар – 1 миллион 413900 адам болған. Іле қытай қазақтарының ең көп шоғырланған жері екенін ескеруіміз керек/5/.

Іле Қазақ автономиялы облысы табиғаты аса көркем жер. Оның көркемдігі жерінің мол ырысында, ол ырыс - Іле дариясының жөңкіле аққан толқынымен бірге бар алқабына шашылып жатқан құт-берекесінде жатыр. Қытай қазақтарының айтулы ақыны Таңжарық Жолдыұлының сөзімен айтқанда:

*Ойласаң Іле жердің ортасындай,
Егерде дене болса қолқасындай.
Тасы алтын, тауы күміс, ағашы жез,
Сулары еркек қойдың сорпасындай!*

Іле өзгеше географиялық орта, ғажайып көріністер отаны. Бұл жер ежелгі Жібек жолының солтүстік торабы. Шығыс пен Батыс өркениетінің тоғысқан жері. Сондай-ақ түрліше мәдениеттер мен салт-сананың біте қайнасқан ортасы. Осынау суы тұнық, ауасы мөлдір, көрінісі көз тартарлық әсем жерде Сіз көкбар тартып, қыз қуып, бәйге шауып жүрген қазақтардың ат тұяғының дүбіріне, мың бұралған ұйғыр қыздарының нәзік биіне, татардың сазды әндеріне тағы сондай әр халықтың қайталанбас мәдениетінің куәсі боласыз.

Іле көркем-ақ! Оның көркі тағы да оның ұзақ жылдық тарихынан басталмақ. Бұл жер кезінде Хан У Ди патша жырына қосқан «Батыс өңір тұлпары»-ның мекені. Ежелгі «Үйсін елі» тұрағы. Хан дәуіріндегі үш жүз атты әскер қосыны келіп жеткен жер. Жаңа эрадан бұрынғы 108- жылы Жян қаласы бегі Люжянның қызы Ши Жун ханшаның Үйсін ханына ұзатылып келіп, келін болып түскен жері. Шыңғысқанның батысты билегендегі әскери тірегі болған жері. Сонау аналық қауым дәуіріндегі «Батыс өңір патшайымының қаласы» атанған өлке. /6/

Іленің көркемдігі және де оның саяхат, бау-бақша алқаптарының молдығымен де тығыз байланысты. Сайрам көлі Іле саяхат ортасының бірінші бекеті. Көгерген көл суы, көк аспан, мұз құрсаңған тау, ақша бұлттардың арлы – бері жөңкілуі, барлығы да таң-ғажайып дүние.

Іле Қазақ автономиялы облысының әсемдігі оның орналасқан географиялық орнымен тығыз байланысты. Сонысымен де ерекше. Айналасын асқар таулармен қоршаған, ойпаттары кең, жайлаулары көркем, ұлан-байтақ құнарлы даласы бар. Оңтүстік бөлегі аспанмен тілдескен Тянь-Шань таулары, солтүстігі асқар Алтай таулары, қойнауында Іле өзені аңғары орналасқан. Су байлығынан Іле өзені, Ертіс, Қас, Күнес, Текес және Үліңгір өзені сынды 200 ден астам үлкенді-кішілі өзендер бар. Олардың су қоры мөлшері 363 миллиард м³ болып, бүкіл Шыңжаңның су қорының 41% ын ұстайды. 81 сатылы тоқ шығару станциясы бар болып, олардың тоқ шығару қуаты 1094 миллиард вт/сағ.

Минералды ресурстар бойынша байлық қоры тексеріліп анықталған кен өнімдерінен алтын, мыс, ақ шырымтал, көмір, т.б. түрлер бар. Облыста бүкіл Қытайдағы аумағы ең ірі Ашылы мыс кені, Шыңжаңдағы ең үлкен алтын кені де осы өкеде орналасқан.

культуры, как единства в многообразии, культуры как универсума, культуры как целостности» [1, с. 253]. Вместе с тем, как отмечает академик И. Зязюн, понятие культуры до последнего времени не осмысливалось педагогикой. Так, в частности, отсутствует педагогическая интерпретация культуры, что обоснованно выдвигает задачу ее всесторонней и глубокой научно-педагогической рефлексии [2, с. 89].

Исходные позиции культурологического подхода заключаются в том, что человек не только развивается на основе усвоения им культуры, но и обогащает ее новыми элементами. В связи с этим усвоения культурных ценностей является развитием самого человека и становлением его как личности. Любая личность выступает по отношению к культуре в нескольких ипостасях: как «продукт» культуры – осваивает ее нормы, ценности, технологии деятельности в процессе социализации; как «потребитель» культуры – использует ее нормы и правила, типичные способы самоидентификации и самореализации в своей социальной практике; как «производитель» культуры – творчески создает новые формы культуры; как транслятор культуры – передает информацию о ее нормах, ценностях, образцах другим людям [3, с. 62].

Понятие «культура», по своему содержанию, перекликается с понятиями «образование» и «воспитание». Так, философия образования рассматривает категорию «культура» как процесс созидания человека в соответствии с определенными идеалами, которые формируются совокупностью условий и предпосылок социокультурного исторического развития общества. Культура – главный стимул социальных нововведений, поэтому уровень социокультурного исторического развития общества напрямую влияет на содержание и характер инновационных преобразований в сфере образования и воспитания.

Автор теории цикличности в развитии культур О. Шпенглер отстаивал идею, что каждая культура имеет свою собственную историю, поэтому она равноценна в множественности всех культур. Диалог между различными культурами возможен вследствие наличия объединяющего начала – человека [4]. Как отмечает И.Зязюн: «В генезисе ключевых понятий педагогики в историко-культурном контексте тип культуры одновременно детерминирует не только определенный тип человека (тип личности), но и пути его достижения, которые воплощаются в определенных принципах образования и воспитания» [5, с. 6]. Динамика взаимоотношений культуры и человека проявляется в том, что в разные периоды жизни у человека преобладает та или иная позиция по отношению к культуре: потребительская, креативная, новаторская, т.е. человек воспринимает как более актуальные различные пласты культуры: ее чувствительную, аксиологическую и технологическую составляющие. Поскольку культура имеет высокий воспитательный и образовательный потенциал, является мощным фактором развития человека, его социализации и индивидуализации, то человек становится не только творцом культуры, но и одновременно ее творением. Он – и значимый субъект культуры, и ее объект и продукт [2, с. 88].

По мнению многих ученых, образование в своем традиционном классическом виде выглядит неприспособленным к новым экономическим отношениям, оно слабо согласовано с национальными, региональными условиями, недостаточно учитывает народную и духовную культуру, потребности национально-культурного развития этносов. Современные педагогические реалии требуют, с одной стороны, учета в образовании этнокультурного фактора, а с другой, создания условий для познания культуры других народов, воспитания толерантных отношений между людьми разных этносов, конфессий и рас [1, с. 105].

На современном этапе развития нашего общества складывается новая образовательная ситуация, для которой свойственно усиление этнизации содержания образования, возрастание роли родного языка, повышение интереса к историческим достижениям, традициям, актуализация идей народной педагогики. В то же время, особую значимость приобретает становление и развитие поликультурного образовательного пространства. Поликультурное образование является мощнейшим средством снижения напряженности в обществе, так как важной его функцией является обучение людей принципиально новому отношению к совместной жизни в одном государстве представителей различных этносов. Современное поликультурное образование призвано заложить гражданское начало в человеке, сформировать у него умение жить в гармонии с другими народами и нациями, пробудить в нем совесть, выработать стремление к самосовершенствованию и саморазвитию, самообразованию, в частности, к обогащению своего духовного, нравственно-морального статуса, способного возродить культуру, экономику, изменить окружающую среду [1, с. 104].

Культурологический подход к разработке профессиональной подготовки будущего учителя позволяет представлять этот процесс как профессионально-личностное становление будущего специалиста в плоскости усвоения общекультурного знания и способов его практического применения. Так, например, Н. Якса сформулировал обобщенное определение понятия «профессиональная подготовка будущего

учителя» как сложную полифункциональную открытую педагогическую систему, направленную на формирование личности специалиста (его знаний, умений, навыков, личностных качеств), способного работать в системе, характеризующейся взаимодействием различных культур, готового к профессиональной деятельности в пределах поликультурного образовательного пространства на основе субъект-субъектного взаимодействия, диалога культур и индивидуальной моральной ответственности в мультикультурном обществе [6, с. 36].

Таким образом, профессиональная подготовка учителя предполагает: включенность будущего специалиста в социокультурный контекст; формирование социокультурной активности будущего педагога; его становление как субъекта культуры, способного к созданию собственного стиля профессиональной деятельности, детерминированного культурными характеристиками.

Анализ научной литературы позволяет утверждать, что профессиональная подготовка будущего педагога призвана формировать собственное социокультурное самосознание специалиста, определять его место и статус в культурном пространстве, субъектом которого он является. Культурный контекст при этом становится содержательной характеристикой профессиональной подготовки, процесс овладения знаниями, умениями и навыками – процессуальной характеристикой, личностные морально-ценностные императивы специалиста – результативной.

Образование является отражением культуры определенной эпохи. В то же время, действующая система образования в целом выстроена на культурных доминантах прошлого – рациональном взгляде на мир, интеллектуализме, утилитарности. Основопологающее противоречие несоответствия образования культуре имеет глубокие корни в рамках научных подходов к изучению деятельности человека в целом: классического и неклассического (постнеклассического). В педагогике такое противоречие приобретает свое конкретное проявление в том, что гуманитарное по своей природе образование (независимо от уровня и профиля) до сих пор исследуется, проектируется и реализуется преимущественно на основе естественно-научных представлений, в то время, как новые социокультурные условия выдвигают уже новые требования к осуществлению воспитания и образования в пространстве культуры гуманитарными методами и средствами, определяя такие перспективные векторы развития, как интеграция и диалог, личностно ориентированный и ценностно-смысловой подходы, возвращение к духовным основам бытия и культуротворческой деятельности, и другие гуманистические принципы.

Таким образом, рассмотрение проблем образования в контексте культуры позволяет сделать ряд выводов: образование как культурно-исторический феномен по своей природе является культуросоответствующим культуро-действию; образование – это та часть культуры, которая воспроизводит ее в целостности (единство интеграции и дифференциации); образование в системном отношении изоморфно культуре; системно связующим звеном образования и культуры является человек; цель современного образования – человек культуры; и позволяет выдвинуть гипотезу о перспективности принятия культурологического подхода как концептуальной основы модернизации образования в контексте современной культуры.

Список литературы:

- 1 Огневюк В.А. *Образование в системе ценностей устойчивого человеческого развития*. - М.: Знание Украины. 2003. - 440 с.
- 2 Зязюн И.А. *Философия педагогического действия: монография*. Черкассы: изд. отд. ЧНУ имени Богдана Хмельницкого. 2008. - 608 с.
- 3 *Психология личности: Словарь-справочник / под редакцией П.П. Горностая, Т.М. Титаренко*. - К.: Рута. 2001. - 320 с.
- 4 Шпенглер О. *Закат Европы: В 2-х т.* - Минск: Попурри. 1998. Т.2: *Всемирно-исторические перспективы* - 718 с.
- 5 Зязюн И.А. *Интегративная функция культуры в информационном обществе // Профессионально-художественное образование Украины: Сб. наук трудов / Редкол. И.А. Зязюн (председатель), В.А. Радкевич, Н.М. Чепурна (заместители председателя) и др.* – Киев-Черкассы: изд-во «Черкасский ЦНТЭИ», 2007. Вып. IV. - С. 3-12.
- 6 Якса Н.В. *Профессиональная подготовка будущих учителей: теория и методика межкультурного взаимодействия в условиях Крымского региона: Монография*. - Житомир: Изд-во ЖГУ им. И.Франко. 2008. - 568 с.

ГЛОБАЛИЗАЦИОННЫЕ И КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Ткачук М.М., к.п.н.

УГПУ имени Павла Тычины, г. Умань, Украина

Аннотация: Рассматривается проблема подготовки будущих учителей через призму аксиологического подхода. Отмечена необходимость воспитания студентов-будущих педагогов на основе общечеловеческих, национальных ценностей и ценностей национальной культуры. Раскрывается роль моральных ценностей в процессе подготовки будущих учителей как высоко нравственных и высокодуховных личностей.

Ключевые слова: подготовка будущих учителей, общечеловеческие ценности, национальные ценности, духовно-нравственные ценности, ценности культуры

Annotation: The problem of future teachers' training through the prism of the axiological approach is considered. The need to educate students-future teachers on the basis of universal human values and national culture values was noted. The role of moral values is revealed in the process of future teachers' training as highly moral and highly spiritual personalities.

Key words: future teachers' training, universal values, national values, spiritual and moral values, cultural values

Общей проблемой различных народов, как глобализационной тенденцией начала XXI века, является рост разрыва между внешними изменениями мира и внутренней сущностью человека. По этому поводу академик И.Зязюн отмечает, что сейчас на мировом уровне наблюдается эффект «ножниц» между темпами развития культуры: материальной и духовной. Мы являемся свидетелями того, как материальный фактор постепенно начинает уничтожать духовный. Поэтому из всех глобальных проблем человечества сегодня на первый план выступает вопрос возрождения старых и поиск новых гуманистических ценностей, новой парадигмы жизни, нового мышления, новых правил человеческого сосуществования. Первоочередной становится задача привить молодому поколению такую систему ценностей, опираясь на которую оно сможет использовать свои знания на благо страны и мира в целом [1].

Проведенный историко-социологический анализ дефиниции «ценность» свидетельствует о том, что система ценностей, в широком смысле слова, – это внутренний стержень культуры общества, объединяющее звено всех отраслей духовного производства, всех форм общественного сознания, взятого в совокупности всех его форм. В системе ценностей находит выражение мера решительности, подготовки личности к преобразованию нестабильного и изменчивого мира. Изменение ценностей общества происходит постоянно: меняются приоритеты и иерархия, обесцениваются одни и выдвигаются другие.

Ценности являются системообразующим ядром деятельности и внутренней духовной жизни человека. Каждая из ключевых ценностей выражает сущностное отношение к окружающему миру, а система ценностей дает представление об отношениях «человек – мир». Система ценностей осуществляет социальную регуляцию высшего уровня, это то звено, которое объединяет общество и личность в систему общественных отношений [2, с. 3].

Историческая миссия быть проводниками и носителями современных изменений и трансформаций в образовании выпала педагогам. Это предполагает наличие у педагога таких сформировавшихся качеств как четкая гражданская позиция и система ценностей.

Проблема профессиональной подготовки учителей к педагогической деятельности в настоящее время является чрезвычайно актуальной, одним из приоритетов образовательной стратегии. Усложняются требования к готовности будущих педагогов к воспитанию и обучению детей и молодежи в контексте глобализации. Приоритетными направлениями образования должно быть культивирование общечеловеческих ценностей, воспитание толерантности, взаимопонимания, социальной ответственности, уважения к другим, понимание ценностей мировой цивилизации, таких как демократия, уважение прав человека, толерантность и солидарность; подготовка молодежи к участию в общественном и экономическом развитии; обогащение знаний о совместном историческом и культурном наследии.

Главная задача современного высшего педагогического образования – изменить мировоззренческую миссию школы из школы знания и научной осведомленности на школу культуры и духовности. Высшая школа как храм науки призвана стать храмом высокой культуры. Специалист с высшим образованием должен иметь профессиональные, мировоззренческие и гражданские качества.

Таким образом, в широком смысле, воспитание будущих педагогов на современном этапе модернизации образования рассматривается в двух аспектах: воспитание творческой личности будущего педагога и воспитание высоконравственной, толерантной личности с высокими гражданскими качествами, способной к выполнению социальных функций в новых условиях развития общества.

Закономерно, что в воспитании будущих педагогов нужно учитывать то, что если для студента нравственные нормы являются лично значимыми, то он сам определяет свои обязанности, сам требует от себя их выполнения, сам себя критически оценивает и духовно растет как личность и представитель нации.

Сердцевину украинской национальной духовности составляют такие ценности, как: щедрость, доброжелательность, трудолюбие и другие. Задача современного национального воспитания – возродить эти ценности, собственное «Я» должно наполниться конкретным ментальным содержанием, чувством национальной идентичности. В Национальной доктрине развития образования Украины сказано: «Национальное воспитание является одним из главных приоритетов, органической составляющей образования. Его основная цель – воспитание сознательного гражданина, патриота, приобретение молодежью социального опыта, высокой культуры межнациональных взаимоотношений, формирование у молодежи потребности и умения жить в гражданском обществе, духовности и физического совершенства, моральной, художественно-эстетической, трудовой, экологической культур».

Национальное воспитание направлено на привлечение граждан к глубинным пластам национальной культуры и духовности, формирование у детей и молодежи национальных мировоззренческих позиций, идей, взглядов и убеждений на основе ценностей отечественной и мировой культуры» [3, с. 4–5].

В современной Украине идет процесс трансформации ценностных ориентаций: старые переживают кризис, а новые, которые уже заявили о себе, еще четко не определились. Поэтому осуществляются поиски в сфере новой образовательной философии – лично ориентированного воспитания (И. Бех, И.Зязюн и др.); разрабатывается гуманистически ориентированная иерархия ценностей в новых социокультурных условиях (М. Евтух, А. Киричук, В. Киричек, А. Сбруева и др.). От интеллектуализма, рационализма и прагматизма Запада украинская педагогическая мысль все динамичнее направляется в сторону приоритета духовности [4, с. 345]. В центр образовательной системы выдвигается человеческая личность и ориентация на ее духовный и творческий рост, ее активность и саморазвитие.

Все больше политических и культурных деятелей, учителей, родителей в последнее время обращаются к нравственным ценностям как наиболее устойчивым, универсальным, не подверженным политической и идеологической конъюнктуре [5, с. 33]. Следовательно, отмечает академик О. Сухомлинская, в ситуации острого дефицита ценностных установок и ориентаций, нравственные ценности, которые являются основой гуманистических ценностей, играют все более существенную роль в содержании современного воспитания детей и молодежи [2, с. 39].

Анализ научной литературы и педагогической практики показывает, что студенты, особенно на начальном этапе обучения, испытывают трудности, которые существенно влияют на формирование у них нравственных качеств. Юноши и девушки включаются в качественно новую микросреду, в другую систему межличностных отношений, обуславливающую изменение взглядов на жизнь, поведение и ценностные ориентации. Происходит переоценка ценностей, критическое осмысление опыта предыдущих поколений, формируются новые представления о своем профессиональном будущем и будущем общества. Отсутствие жизненного опыта, случаи антигуманных действий окружения часто приводят к тому, что студенческая молодежь начинает разочаровываться в нравственных ценностях, их личностной значимости. В то же время стремление юношей и девушек найти и осмыслить свое реальное место в жизни способствует повышению их интереса к познанию как внешнего, так и внутреннего мира. В сочетании с анализом собственных поступков это является основой для воспитания духовно-нравственных ценностей студенческой молодежи [6].

Анализируя практическую подготовку будущих учителей с позиций культурологического подхода, отметим важность создания необходимых условий для взаимопроникновения и взаимообогащения культур. Ведь в процессе ознакомления с материалом учебных дисциплин у студентов происходит осознание различий между культурами, формирование толерантного отношения к культурам разных народов, у них пробуждается чувство гордости за свое национально-культурное достояние.

Культурологический подход в процессе профессиональной подготовки будущих учителей направлен на обеспечение их готовности к педагогической деятельности на культурологических принципах, осознание себя как носителей культуры, наделенных желанием и способностью воспитывать школьников как носителей и творцов культуры. Сейчас недостаточно дать будущим учителям определенный запас знаний и умений, и научить их этот запас использовать и постоянно пополнять. Учитель XXI века – это

прежде всего «эксперт по распространению ценностей», «ценности он распространяет всей своей жизнью» [7, с. 18]

Итак, профессиональная подготовка нового поколения учителей должна основываться на общечеловеческих и национальных ценностях, которые являются средствами интеграции человеческих сообществ; учитывать культурологические аспекты подготовки будущих педагогов, что предполагает формирование у студентов общей и педагогической культуры, жизненных ценностей и идеалов, высокой духовности.

Список литературы:

- 1 Зязюн И.А. *Философия педагогического действия: монография*. Черкассы: изд. отд. ЧНУ имени Богдана Хмельницкого. 2008. - 608 с.
- 2 Сухомлинская О. *Концептуальные основы формирования духовности личности на основе христианских нравственных ценностей // Духовно-нравственное воспитание детей и молодежи: общие тенденции и индивидуальный поиск*. - К., 2006. - 43 с.
- 3 *Национальная доктрина развития образования Украины в XXI веке // Образование*. 2001. - №54-55. - С. 4-5.
- 4 *Психология и педагогика жизнетворчества: учеб.пособие / ред. совет Доний В.М., Несен Т.М., Сохань Л.В., Ермаков И.Г. и другие*. - К.: ИСМО, 1996. - 792 с.
- 5 *Ступарик Б.Н. Школе – национальное воспитание молодежи: (избранные статьи)*. - Ивано-Франковск: Плай, 2005. - 304 с.
- 6 *Болгарина В.С. Идеал: ценности и духовный вектор // Ценности образования и воспитания: метод.сб. / Под общ. ред. О.Сухомлинской*. - М., 1997. - С. 7-18.
- 7 *Ценностные парадигмы образования / Сост. Н.А. Ткачева*. - М.: Издат. гр. «Основа», 2004. - 128 с.

ҚАЗАҚСТАНДА ГЕОГРАФИЯ БІЛІМІНІҢ БЕРІЛУТАРИХЫ

*А.Б. Демеуов, жаратылыстану ғылымының магистры
«Тұран-Астана» университеті, Астана қ., Қазақстан
М.Е. Тоқтыбаева, педагогика ғылымының магистры
Бесағаш №29 мектебі, Талғар ауданы, Алматы обласы, Қазақстан
А.С. Аяпбекова, оқытушы
Ғ.Орманов атындағы №7 мектеп-гимназиясы, Астана қ., Қазақстан
А.Е. Аяпбекова, г.ғ.к., доцент
«Тұран-Астана» университет, Астана қ., Қазақстан*

Аннотация: В статье рассматриваются дидактические взгляды и идеи Алтынсарина, их использование в современной образовательной системе.

Ключевые слова: национальность, природа, педагогика, традиция, культура, экология, география, духовное и культурное наследие

Annotation: The article considers didactic views and ideas of Altynsarin, their use in the modern educational system.

Key words: nationality, religion, pedagogy, tradition, culture, ecology, geography, spirituality and cultural heritage

Қазіргі талап деңгейіне сай мектептерде оқу-тәрбие үрдісі арқылы оқушыларға терең білім берумен қатар табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру. Демек, бүгінгі таңда әрбір мұғалімнің мақсаты – сабақ сапасын көтеру түрлерін жетілдіру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, іздену, таным деңгейін көтерумен бірге, адамгершілік тәрбиесі берілуі керек.

Қазақ қазақ болғалы, тіпті әріден халықтың ғасырлар бойы ұлттық идеясының негізі – тәрбие болып келеді. Халықтың басым көпшілігі мектеп, медреселерде оқымаса да тәрбиесіз болған жоқ. Қазақ халқы әлемдегі әдепті халықтардың бірі болды десек еш қателеспейміз. Үлкенді сыйлап, алдынан кесіп өтпеу, көршілерді құрметтеп тату тұру, өзі тұрған жергілікті жердің табиғатын, ресурстарын тиімді пайдаланып және міндетті рәсімдері ұрпақтан ұрпаққа беріліп, адамгершілік тәрбиесі, ұлттық идеяның берік негізі болды [1, Б.12]. Жинақтап айтқанда, бұрын қазақтың кітаби білімі, оқуы аз болғанымен, жол оқуы, өмірлік білімі – тәрбиесі, көңілге тоқуы мол болғаны анық. 1843-1906 жылдары атақты Мұрат Мөңкеұлының жырында:

*Дау емес, жол оқыдым бала жастан,
Өнерім он жасымда судай тасқан,* - деген жолдары бар.

Демек қазақта жол оқуы – халықтық тәрбие мектебі болған.

Ал қоғамның дамуы үшін, мемлекеттің өркениеттілігі үшін ең қажеті адам туралы білім, адамдар қарым-қатынасының мәдениеті туралы білім мен тәрбие әлде қайда маңызды. Бұл кезек күттірмейтін мәселе. Себебі адам тәрбиесі барлық қоғамның басты мәселесі болған және болып қала бермек. Ұлағатты ғалым әл-Фарабидің сөзі босқа айтылмаса керек: «Тәлім-тәрбие баланың дамуы кезеңдерінде адамның рухани өзегін қоректендіруші болып, білімнен бұрын жеткізілуі тиіс. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі. Адамға бірінші білім емес, тәрбие бер», - деген.

Баланың бойына игілікті, ізгілікті дарытушы табиғат қорғау сезіміне тәрбиелеу туралы орыс халқының классик педагогы К.Д.Ушинский айта отырып, оның адамгершілік-эстетикалық дамуындағы табиғаттың маңызын аша түскен. «*Табиғатпен егесу, зиян келтіру жақсылыққа апармайды, адамға тек оның заңдылықтарын білу және оның табиғи күшін пайдалану ғана қалады*» - дейді. Қазақ халқының мәдениеті мен ағарту тарихынан көрнекі орын алатын ұлы қайраткерлері Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин шығармаларында табиғатқа деген сүйіспеншілік көзқарастарының негізі, табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға ақыл-кеңестер берген.

Қазақтың педагогика ғылымының негізін салушы, ойшыл педагог Ы.Алтынсариннің жас ұрпақты тәрбиелеуде орны ерекше. Оның үш томдық шығармалар жинағында «Киргизская хрестоматия», «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку», «Очерки по этнографии» еңбектерінде географиялық ұғымдар қазақ халқының мәдени-экономикалық жағдайымен тығыз байланыста баяндалады [2, Б. 85]. Мысалы, 560-тан астам зат атаулары келтірілген болса, солардың 250-ден астамы табиғат объектілері: өсімдіктер, жануарлар, жер, су, қазба байлықтары. Бір ғажабы атаулар қазақ халқының негізгі кәсібі – мал шаруашылығына байланысты алынған. Педагогикалық еңбектеріндегі мысалдарды, табиғи объектілері жастарға да, ересектерге де ақылға қонымды, жүрекке жылы есімдер болып келеді. Ы.Алтынсариннің еңбектерінде өлкелік табиғат көрінісі мен туған орта жаратылысынан алынар мысалдары мол:

1. Жазушы өсімдіктердің көп тарағандарын сөз етеді *бидайық, боз, қау шөп, құрақ, қияқ, жусан, жоңышиқа, бәйшешек, жасуқазын* және т.б. Территориялық-ландшафтық жіктелуі немесе таралу, шоғырлану ареалдары бар екендігін көрсетеді.

2. Дәстүрлі табиғатты пайдалану жүйесі. Қазақ көшпелі қоғамы мен мекен ортасының арасындағы күрделі қарым-қатынастардың тарихи қорытындыларын экология ғылымы тұрғысында негізделген [2, Б.41]. Қазақ этносы мен мекен ортасының өзара күрделі қарым-қатынасының жүйесін этноэкологиялық бірлестік ретінде қабылдау арқылы мәдениет құбылыстарын экологиялық тәжірибе қорытындылары түрінде көрсеткен.

3. Өлеңдерінің бірқатарының тақырыптары жаратылыс пен тікелей байланысты ұғымдардан басталады: «Өзен», «Егіннің бастары» және т.б.

4. Көптеген әңгімелерінің тақырыптары да, тірі табиғат заттары «Таза бұлақ», «Сауысқан мен қарға», «Түлкі мен ешкі», «Алтын шеттеуік».

5. Кейбір өлеңдерінде жаратылыс заттары, олардың ішінде көзімізге оттай басылатындары суреттелген [3, Б.39]. Мысалы, «Жаз» деген 54 жолдан тұратын өлеңінде кейіпкерлері: қаз, аққу, киік, құлан, тырна, шөптер, гүлдер, сағым және т.б. Бір ғажабы жазушы туған өлке келбетін мөлдір күйінде үйлесімді беруі – табиғатты рухани игеруінің көрінісінен немесе туған өлке геожүйе келбетін экологиялық үйлесімде түсінуінен.

6. Жайылымдардың пайдалану мүмкіндіктерін сипаттайтын атаулар: көкорай, шалғын, саз, құм, шұбар т.б.

7. Қоршаған орта туралы мәліметтер халықтың дәстүрлі шаруашылығын жүргізуі барысында табиғатты пайдалануы және ортаға бейімделуі нәтижесін жинақтап көрсетеді. Табиғат ерекшеліктерін дәл бейнелеп географиялық мазмұндылық дәрежесін арттыра түседі.

Сол сияқты географияны «Жер жүзінің оқуы» деп ұсынған Ы.Алтынсарин атамыздың даналығына қалай бас имеуге болады. Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы жаралыстану ұғымдарына өте бай.

Ол жасөспірімдердің еліне адал азамат болып шығуы үшін туған өлке жаратылысы – қазына көзі де, ұлттың ғасырлар бойы жинаған салт пен дәстүрін – мәдениеттіліктің өзі деп біліп, осыған негіздей отырып жас ұрпақты тәрбиелеуді талап етті. Бұл, орайда Ы.Алтынсарин экологиялық білімнің негізгі мақсаты табиғатты қорғау мәдениетті қалыптастыру керектігін негіздейді. Ы.Алтынсарин тәрбиесінің

мақсаты табиғатты қорғау сезімі мен сенім жүйелерін қалыптастыру. Келешегін болжай білетін экологиялық сауатты адам тәрбиелеу. Ол үшін оқушыларды экологиялық ұғымдар жүйесін қамтитын біліммен қаруландырған.

Экологиялық тәрбиені қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы Ы.Алтынсарин оқушыларға ұғымдар мен теориялық-практикалық әдістерін төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге өрлеуден тұратын үрдіспен берген оқу-тәрбие жүйесінде [3, Б.72]. Мәселен, «Киргизская хрестоматия» еңбегінде балаларға үгіт ретінде жазылған оқуға, өнер үйренуге шақырған, өнер-білім мен қоршаған ортаны қорғаудың пайдасын түсіндіретін әңгімелер мен өлеңдер. Оқушылар өз өлкесінің өлкетану жөніндегі білім қорын меңгеруді алғаш рет мектеп табалдырығын аттаудан бастаған. Мәселен, өздерінің күнделікті көріп, араласып жүрген табиғатпен, адам қоғамымен таныстырады және табиғат өзгерістерінің жеке объектілері туралы ұғымды түсіндіреді. Өлкетану жұмыстары барған сайын күрделене әрі кеңейе түседі, оқушылардың өз өлкесі жөніндегі экологиялық білім негіздері қорлана түседі. Оқушылар табиғаттың маусымға қарай өзгеруін, соған сәйкес адамдардың еңбектегі іс-әрекетінің өзгеруін бақылай алады. Төменгі сынып оқушыларына табиғат көріністерін бейнелейтін картиналарды пайдаланды.

Картиналар бойынша жоспар құрылып, әңгіме өткізудің, оның мазмұнын «оқи білуге», сол сияқты оқушылардың әсемдікті, табиғат сұлулығын, суретшінің қалай бейнелегенін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жазбаша тіл мен сөйлеу тілінің қор деңгейі көтеріліп, сөздік кеңі молаяды. Оқушылардың атамекенге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру – екі жақты педагогикалық дайындықта дамитынын және оқу-тәрбие үрдістерінде ұйымдастырудың жолдарын ашумен негізгі ізденістердің қажеттігін білдіреді.

Сол сияқты Мемтерминком бекіткен «География» пәнінің атын қазақ газеттерінде «Жағырапия» деп жазу кездеседі. «Гео» грекше «жер» деген ұғымды білдіреді, ал «жа» нені білдіреді? Егерде грекше түрін былай қойып латынша түрін алғымыз келсе ол «жео» ғой. Онда «жеография» деп сыпайы ғана аталуы керек қой. «Гео» дан басталатын геодезия, геодид, геокриология, геология, геоморфология т.б. жүздеген терминдерді не деуіміз керек. Осы жерде географияны «Жер жүзінің оқуы» деп ұсынған Ы.Алтынсарин атамыздың даналығына қалай бас имеуге болады [4, Б.18].

Сонымен, Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұрасы географиялық жағдайының экологиялық ұғымдарына өте бай. Ұғымдар шығармаларында нанымды, жүйелі берілген. Сондықтан да Алтынсарин шығармалары оқырман қазақ қауымына тартымды, тілге жеңіл, экологиялық тәрбиелік маңызы зор, құнды болып келеді. Алтынсариннің жаратылыстанымының әсіресе, ұлттық психология мен жастарды тәрбиелеу мәселелерінде үлкен маңызын көреміз, патриоттық сезімінің үлкен үлесін мақтаныш етеміз. Ол жасөспірімдердің еліне адал азамат болып шығуы үшін туған өлке жаратылысы – қазына көзі де, ұлттың ғасырлар бойы жинаған салт пен дәстүрін – мәдениеттіліктің өзі деп біліп, осыған негіздей отырып жас ұрпақты тәрбиелеуді талап етті.

Елбасы мақаласында өз жеріңе, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпы мен дәстүрлеріне ерекше қатынасты қалыптастыру және ғұрыптау қажеттілігіне айрықша мән беріліп, «Туған жер» сияқты бағдарламаны жасау міндеті жүктелген болатын. Бағдарламаның бірнеше мәні бар. Оның біріншісі білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Президент атап өткен жобаны жүзеге асыру үш қадамнан тұрады:

1. Білім беру, экология және абаттандыру салаларында күрделі өлкетану жұмысын ұйымдастыру, өңірдің тарихын зерделеу, мәдени-тарихи ескерткіштерді және жергілікті ауқымдағы мәдени нысандарды қалпына келтіру;
2. Орналасқан орнына қарамастан, өзінің туған өлкесіне қолдау көрсеткісі келген бизнесмендерге, шенеуніктерге, зияткерлік өкілдеріне және жастарға қол ұшын созу;
3. Отаншылдық ынтасына қарай жүйелі және ұйымдастырылған тәсілдеме, бұл жерде ол туған өлкеге көмектесетін қолдау көрсету мен әлеуметтік құрметтің әртүрлі нысандарын, соның ішінде демеушілік көмек механизмін білдіреді [2, Б.125].

Рухани-мәдени мұраны игеру – халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды. Әрбір ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы болып табылатын рухани-мәдени мұрасын меңгермеген ұрпақ шын мәніндегі мәңгірт, рухани мешеу болмағы мәлім. Әр халықтың тарихында ерекше қадірлі, киелі жерлері, қасиетті орындары болатыны белгілі. Ол – ел өмірінің ұлы белестерін айғақтайтын, бейне бір салқар көштей ұзақ тарихтың қадау-қадау оқиғалары өткен орындар мен сол халықтың ұлы перзенттерін дүниеге келтіріп, олардың ерлігі мен ғажайып талантының ашылуына куә болған мекендер. Дархан даламызда ондай жерлер өте көп. Елбасының бағдарламалық мақалада көрсетілгендей, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы бойынша жүргізілетін жұмыстардың ең бастысы қоғамның рухани жаңғыруына үлкен ықпал етеді.

«Тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін жас жеткіншектерді мемлекетшіл, отаншыл рухта тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселе. Қазіргі таңда ұлт ретінде сақталудың бірден-бір жолы – бала бойына елжандылық пен ұлтжандылық рухын орнықтыру екені көп дәлелді керек етпейді. Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың ұсынып отырған сындарлы саясатының басым бағытының бірі жас толқынның бойына мемлекетшіл сананы қалыптастыру. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алыпшығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы» деп жазғанындай, Ұлы даламыздың ажарын асқақтатып тұрған әр бір тау-тас, өзен-көл, арасан- бұлақ, құдық-қайнардың тылсым тарихы, үлгі аларлық шежіресі бар [5, Б.21]. Алайда қоғамдық санада бұл орындар туралы бірегей ұғым мен ортақ түсінік қалыптаспаған. Сондықтан ұлтты ұйымдастырудағы аталған стратегиялық міндетті орындауда «Қазақстанның киелі географиясы» жобасын жүзеге асырудың маңызы зор.

Жалпы мұның барлығы практикалық іс-қимыл арқылы Отанға деген сүйіспеншілік пен құрмет танытуды, елімізді әлемге рухани жетік ел ретінде көрсетуді көздейді. Бұл бағытта тек туристер ғана емес, өз еліміздің жастарын, оқушылар мен студенттерді тартуға баса назар аударылуы қажет. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ. Өзінің түп тамырын, өз халқының салт-дәстүрлерін, рухани болмысы мен мәдениетін ұмытпау, өз өлкесінің тарихын және одан кең алғанда өз елінің тарихын білу маңызды. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан мұрағаттар жасұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлтмәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға игі ықпал етері сөзсіз.

Біріншіден, оқушыларға атамекен, халық педагогикасы, дәстүр жайында түсінік бере отырып, атамекенге деген сүйіспеншілігін оятты. *Екіншіден*, оқушылардың атамекенге деген сүйіспеншілігін қалыптастыратын педагогикалық шарттарды анықтап және оны жаратылыстану пәндерін оқытуда іс жүзіне асырды. *Үшінші*, географиялық мәселелердің тұтастығын ғылыми негізде қабылдап, қоршаған ортаға тиімді ықпал ету жөніндегі іс-әрекетті, дағдыны меңгеру қажеттігін негіздеді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары - Алматы, 1988 - 184 б.

2 Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий). - Алматы, 1991. – 120 б.

3 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. - А., 1988. – 96 б.

4 Тезисы докладов и сообщений на республиканской научно-практической конференции. Педагогическое наследие Ы.Алтынсарина и проблемы современной школы. - Алматы, 1991. – 143 с.

5 Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» (ақпараттық-түсіндірмелі материал) – Астана, 2017. – 28 б.

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Ш.Ш. Карбаева, п.ғ.к., доцент,
Ж.К. Абдиханова, бМ011600-география
мамандығының 1-курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

Аннотация: В статье рассматривается сущность понятия «сакральная география», как системы знаний о соотношении тех или иных объектов на земной поверхности с категориями священного. Сакральная география говорит о неоднородности Земли – о наличии «центра мира», «оси пространства» и «сакральных зон». С помощью сакральной географии мы можем по-новому прочесть опыт прошлого, который был способен к гармоническому сосуществованию с окружающим миром.

Ключевые слова: сакральность, география, религия, пространство, духовность

Annotation: The article discusses the essence of the concept of «sacred geography» as a system of knowledge about the correlation of various objects on the earth's surface with the categories of the sacred. Sacred geography of the heterogeneity of the Earth says – of a «center of the world», «axis of space» and «sacred areas». With the help of sacred geography, we can read a new experience of the past, which was capable of harmonious coexistence with the environment.

Key words: sacredness, geography, religion, space, spirituality

География – киелі жерлердің ғылыми көрінісі, онда жер қыртысындағы киелі нысандар туралы білім жүйесі беріледі. Әлемдегі құбылыстардың ішкі мәнін түсіну үшін ғылымға «киелі жерлер географиясы» ұғымы енгізіліп, уақыт-кеңістік-киелі жерлер жүйесінің бір-бірімен байланысы ғылыми тұрғыда зерделенуде.

Киелі жерлер географиясы ерте кезден пайда болды, ол микро-, макро әлемнің біртұтастығын білдіреді. Оған біздің ата-бабаларымыздың әлем кеңістігінде тылсым күштердің бар екендігін сезініп, киелі ландшафтарға табынуы дәлел бола алады.

Жер – тіршілік иесі, ал адам оның бір микро әлемі болып табылады. Жердің тіршілік иесі туралы ғылыми тұжырымдарда «киелі» орындарда жер қыртысының аномалиялық аймақтары, яғни тау жыныстарының геологиялық жарылыстарының орналасқанын айтады. Киелі жерлер географиясында «киелі» орындардағы аумақ ерекше «тылсым күш» қасиетіне және таусылмайтын энергия көзіне ие кеңістік ретінде қарастырылады. Осыған орай киелі жерлер географиясының көмегімен қазіргі адамзат тіршілігіне ауадай қажет өткен бабаларымыздың қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру тәжірибелерін зерделейтін боламыз. Себебі, ғылыми-техникалық прогрес XX ғасыр мен XXI ғасырдың бастамасында адамзатты дағдарысқа ұшыратып отыр. Сондықтан «киелі жерлерді» зерттеу қоршаған ортаны түсінуде географияның, тарих пен мәдениеттің құрамдас бір бөлігі болып отыр.

Білім беруді дамытудағы киелі жерлер географиясының рөліне келетін болсақ, Елбасының «болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында әр халықтың, әр өркениеттің жалпы ұлттық сипаттағы киелі орындарының бар екендігін айта келе, ғалымдардың алдына халықты ғасырдан ғасырға танытатын, ұлттық даралықты көрсететін Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін белгілеуді және педагогтардың алдына киелі жерлер географиясын білім беру мазмұнына енгізу арқылы мамандар дайындауды міндеттеп отыр [1]. Осыған орай «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми-саралау кеңесінде ғалымдар еліміздің 700 орнының табиғи, археологиялық, этнографиялық және сәулет мәдениетінің «киелі жерлер» екендігін, оның 80% далалы аумақтарда орналасқандығын анықтап берді.

Педагогтардың міндеті осы ғалымдар анықтап берген киелі жерлерді жоғары оқу орындарындағы география, тарих, өлкетану пәндерінің оқу материалдарының мазмұнына енгізіп, болашаққа өзінің табиғи ландшафт нысандары мен тарихи ескерткіштері жайлы біліммен қаруланған лайықты мамандар даярлау болып отыр.

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми-саралау кеңесінде ғалымдар өлкетанушыларының пікірлерін ескере отырып Қазақстанның табиғи ландшафт нысандары, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындарының 100 нысанының тізімін енгізді [2] (кесте 1).

Кесте -1. Қазақстанның жалпыұлттық киелі нысандарының жіктемесі

№ р/с	Киелі нысандар жіктемесі	Саны
1	Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері	9
2	Археологиялық және архитектуралық ескерткіштер	11
3	Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары	13
4	Діни және ғибадат орындары	32
5	Тарихи тұлғаларға қатысты	20
6	Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты	15

Қазақстанның жалпыұлттық киелі нысандардың ішінде ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштерінің киелі жерлер географиясында алатын рөлі зор. Біздің жыл санауымызға дейінгі XIV-XIII ғасырдың ортасы – XIX-XX жүзжылдық аралығымен көрсетілген елді мекендер, мазарлар, тас қашалған орындар, петроглифтер галереялары (ал олардың бәрін қосқанда 5000-н астам суреттер) және діни құрылымдар (құрбан шалынатын жерлер) түрлі кезеңдегі жүзге тарта ескерткіштерден тұратын қорық бірегей археологиялық кешен болып табылады. Бірнеше мыңжылдықтар бойы мұнда адамдар тұрғылықты өмір сүрген, бұған дәлел – тастан қаланған үйлер мен мал кіргізетін қоралардың орны, ыдыстардың сынығы және тастан, темірден, сүйектен жасалған бұйымдар. Мәселен, петроглифтер галереяларын құрайтын Тамғалы шатқалы халықты ғасырдан ғасырға танытатын бірегей кешен.

Тамғалы шатқалы Алматы қаласынан солтүстік-батысына қарай 170 км, Алматы облысының Шу-Іле тауларының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Петроглифтер мерзімі б.э.д XIV ғ., б.э VI-VIII ғасырлар аралығы, яғни қола дәуірдентүркі халықтарының Ұлы даланы жаулап алғанға дейінгі уақытты қамтиды.



Петроглифтер кең аймақта жайғасып, өлшемі 3 км x 10 км құрайды. Олардың ең маңызды бөлігі 250 м x 500 м, онда 2000 петроглифтер және саны жалпы 5000 суреттей бар. Тамғалы-Балқаш бассейні аймағында Семиречьядағы 50 орталықтардың бірі, оның атағы Орталық Азия аясында ғана емес әлемдік масштабта танымал. Тамғалы петроглифтері сұлулығымен, кеңістік көрінісінде ежелгі адамның әлемді тануын білдіртеді.

2004 жылы Тамғалы археологиялық петроглифі ЮНЕСКО Әлемдік Мұралар тізіміне енген [3]. Тамғалышатқалының тастағы суреттер галереясын 1957 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстанның тұңғыш кәсіби археологы А.Г. Максимованың жетекшілігімен Қазақ КСР Ғылым Академиясы Тарих және археология институтының Оңтүстік-Қазақстан археологиялық экспедициясындағы Жетісу отряды ашқан петроглифтер кездейсоқта табылды. Петроглифтер (гректің «тас» пен «кесу»сөзінен шыққан) - қырма суреттер. Бейнелі өнер түрі ретінде петроглифтер Қазақстан аймағында ежелде пайда болған. Көптеген тарихқа дейінгі шығармалар біздің күнге дейін жетіп, мәдениет туралы түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік беріп, ежелгі тайпа мен діни нанымдар рәсімін бейнеледі.

Киелі жерлер географиясының мазмұнына ендірілетін келесі бір нысандарға қорымдар жатады (бүгінгі күні оның ауданы 3800 га жерді алып жатыр).



Берел және Шілікті қорымдары. Берел Қорымы – сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Қатонқарағай ауданында Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7-8 км жерде орналасқан. Қорым солтүстігінде Берел және Бұқтырма өзендерінің қосылған жерімен, оңтүстігінде Қансу өзенімен, ал батысы мен шығысында таулармен шектелген Бұқтырма өзенінің оң жағасындағы алаңда орналасқан.

Ескерткіштердің координаттары: 490 градус 20 сағат солтүстік ендік, 860 градус 22 сағат шығыс бойлық. Обалар Бұқтырма өзенінен 40-45 метр биік жатқан үшінші террасасында шоғырланған. Сақ және түркі кезеңдерімен мерзімделетін жетпістен астам обалардан құралған қорым 4000x1000 шаршы метр жерді алып жатыр. Берел қорымындағы обалар мен ғұрыптық ескерткіштер оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа созылып жатқан бірнеше тізбекке және жеке топтарға шоғырланған.

Берел қорымы 3 қорғандар тобынан тұрады. Бірінші топтағылары таудағы кертпеш ортасына орналасқан. Ол солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылған 6 қорғаннан тұрады. Екінші топ солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай тізбектеліп созылған 12 қорғаннан тұрады. Ол кертпештің батыс жағында орналасқан. Үшінші топты 9 қорған құрайды. Ол кертпештің шығысында орналасқан. Осы топтағы ең үлкен қорған ғылымға Үлкен Берел қорғаны деген атпен белгілі. Обалар таудың жақпар тастарымен араласқан өзеннің ұсақ малта тастарынан үйілген. Шұңқырда ағаш қимасы бар, оның сыртында әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдардың қабіріне бірге қосып көметін жылқы қаңқаларының жатуы, қарағайдың жуан діңгегінен қақ жарып қашап жасаған астау – табыт ертедегі Алтай көшпелілерінің ескерткіштеріне тән. Қазба кезінде қорғандардың ішінен 2–3 м тереңдікте ағаштан жасалған қима, оның бет жағынан бірнеше жылқының қаңқасы мен әбзелдерімен тоңда сақталған жылқы мумиясы сыртына алтын жалатылған ағаш әшекейлер, адамның қаңқасы мен адам мумиясы алынды. Заттай деректер Берел қорымы Пазырақ Мәдениетінің орта (б.з.б. 5ғ.) және соңғы (б.з.б. 5-4ғ.) кезеңінде салынғанын дәлелдейді. Берел қорымында 1997 жылдан қазіргі кезге дейін 20 ескерткіш зерттелді.

Қазақстанның жалпыұлттық киелі нысандарының жіктемесіндегі келесі нысандарға ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары жатады. Мәселен, Қазақстанның астанасы –

Астана қаласының мыңдаған жылдардан астам тарихы бар. Бұл 1999-2007 жж. аралығында орта ғасырлық Бозоқ қалашығында қазба жұмыстарын жүргізген Есіл стационарлық археологиялық экспедициясы (жетекшісі танымал ғалым К.Ақышев) жұмыстарымен дәлелденген.

Бозоқ – шамамен 8 ғасырдағы ежелгі қалашық, ол сол кездегі жергілікті билеушінің ордасы саналған (сурет 1). «Бозоқ» – түркі-оғыз термині, яғни көне түрік мемлекеттерінің әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауы. Түрік-оғыздың бузук (боз оқ) термині – тесіп өтетін жебе немесе ақ жебе деген ұғымды білдіреді. Сонымен бірге түркі ұғымында «боз» сөзі «боз дала», «ақ селеулі құтты қоныс» деген мағынада түсіндіріледі. Бозоқтың гүлденген кезі X-XI ғғ. сәйкес келеді.



Сурет 1. Бозоқ қалашығының орны.

Қаланың орналасқан жері туралы алғашқы мәліметтер патша армиясының офицері, геодезист И.Шангиннің жазбаларында кездеседі. Аумағы 30 га жерді алып жатқан ежелгі Бозоқ қалашығы Астана қаласының оңтүстік-батыс шетінде Нұра мен Есіл өзенінің тұсындағы Бозоқ кентінің шығыс жағалауында орналасқан. Ортағасырлық қалашық Ұлы Жібек жолы бойындағы қыпшақ билеушілерінің әскери ордасы болған. Сонымен қатар діни-ғибадаттық шаралар өткізетін және адам аз тұратын маң далада жолаушылар мен сауда керуендеріне географиялық бағдар беретін орталық саналған. XIII-XV ғғ. қалашық орны қасиетті, киелі саналып, ақсүйектерді жерлейтін орынға айналды.

Бозоқ қалашығының Қазақстан астанасының ерте ғасырлық деректерін оқуда маңызы өте зор. Мыңдаған жылдар бұрын қазіргі Астананың орнында әскери бөлімшелердің пайда болуы геостратегиялық факторман байланысты, яғни, дала аймағындағы Жібек жолының керуендерін бақылауға арналған кент немесе бекініс болуы мүмкін. Бозоқ қалашығы мен оның аумағындағы мазарлардың шоғырлануы бұл жерлердің ортағасырлық Нұра-Есіл ауданы халқы үшін рухани орталық болғандығын дәлелдейді.

Бозоқ қалашығына жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астананың шежіресі сонау көне дәуір тарихымен сабақтасатындығын айғақтайды. Ежелгі дәуірде Бозоқ қаласы Батыс пен Шығысты жалғастырған атақты Жібек жолының елеулі орталықтарының бірі болса, бүгінгі таңда қазақстанның жүрегі Астана қаласы Батыс пен Шығыс өркениетінің алтын көпіріне айналып отыр [4].

Білім беру мазмұнына киелі жерлер географиясын ендіру, оны оқытудың теориялық негіздерін айқындау, географияны оқытуда оның әдістемелік жүйесін құру жас ұрпақтың қоршаған ортамен үйлесімділігін сақтай отырып, отанға деген патриоттық және азаматтық сезімдерін дамыту құралы болып табылады. Өйткені, киелі жерлер географиясы арқылы өткен өмірдегі ата-бабаларымыздың қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүру тәжірибелерін жаңаша көзқараспен қарау, болашаққа баға жетпес мұра қалдыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1 <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> [электрондық ресурс]

2 [inform.kz http://www.inform.kz/ru/uchenye-prezentovali-spisok-100-sakral-nyh-mest-kazahstana_a3055505](http://www.inform.kz/ru/uchenye-prezentovali-spisok-100-sakral-nyh-mest-kazahstana_a3055505) [электрондық ресурс]

3 Закиева Ж. Культурное наследие Казахстана и стран Центральной Азии в свете выполнения Конвенции о Всемирном наследии // Вестник КазНУ. Сер. Политология. - №1. - 2006. - С. 123-126.

4 Қазақстан Республикасының мәдени мұралары [электрондық ресурс].

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУА РАЙЫН БОЛЖАУ ЖАСАУ ЖОЛДАРЫН КЛИМАТТЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

С.Ә. Әбілмәжінова,

Абай атындағы ҚазҰПУ –нің доценті

Н.Д. Шакирова,

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 1-курс докторанты

Аннотация: В статье дается научная основа казахского народного прогнозирования погоды, в которых проявляется национальное мировоззрение, культура и обычаи. Народное прогнозирование объясняется с помощью физических законов и процессов. Рассматриваются пути использования их в обучении.

Ключевые слова: изучение национальных особенностей, прогнозирование погоды, амал, созвездия Плеяды и Сириус, Солнцестояние, Скрещенье пути Луны и созвездий, начало холодов, застывание воды, конец зимы, время окута косуль

Annotation: The article gives the scientific basis of the Kazakh folk weather forecasting, which shows the national Outlook, culture and customs. Folk prediction is explained by physical laws and processes. Ways of their use in training are considered.

Keywords: the study of national characteristics, weather prediction, the characteristics of the seasons, of the constellation Pleiades and Sirius, Solstice, Crossing the path of the moon and the constellations, the beginning of cold weather, the freezing of water, the end of winter, the time of the rookie ROE

Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» атты мақаласының орындалуындағы басты қадам, ол ұлттық рухты жаңғырту, ата-баба дәстүрін бұзбай сақтау, әсіресе ұзақ тарихи кезеңде, уақыт елегінен өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеген түрлі тағылымдық ресурстарды одан әрі жетілдіру болып табылады.

Мемлекет басшысы өзінің мақаласында ғаламдық әлемдегі кез-келген ұлттың бәсекеге қабілеттілігіне жетуі үшін, өз елінің тарихи-мәдени жадыларын қалпына келтіру механизмдерін жүзеге асыру қажет екендігін атап көрсетеді [1].

Жас ұрпақтың санасына ұлттың генетикалық кодын сіңіріп, «Мәңгілік ел» стратегиясы негіздерінде тәрбиелеуде қазақ халқының табиғатпен үндестік пен үйлесімділікті сақтау бағытындағы өмірлік тәжірибелерінің атқаратын ролі өте зор.

Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының табиғатты пайдалану және ондағы түрлі табиғи құбылыстарды түсіну мен зерделеудегі ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін бүгінгі күн талабын қанағаттандыра алатындай деңгейде өз қажетіне қарай қолдану, жоғарыда аталған талаптарды орындауға, максатта жетуге ерекше мүмкіндіктер береді.

Педагогикадағы аса маңызды сала болып саналатын – дидактиканың да оқытудың бірізділік, түсініктілік, жүйелілік, көрнекілік сияқты, ұлттық аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту деген ұстанымы бар. Яғни, білім беруде ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып, ұлттық тәрбие берудің мүмкіндігінің аясын кеңейту болып табылады.

К.Д.Ушинский де өз еңбектерінде оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқыту принциптерін психологиялық тұрғыдан саралаған. Ал, Ы.Алтынсарин болса, аталған оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігіне баса назар аударған [2].

Бүгінгі ғаламдану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау – әрбір ұлт немесе ұлыстың өзінің этнос ретіндегі бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күресінің – ұлттық сананы сақтау мақсатындағы мәңгілік ізденісі мен күресі екендігін нақты түсінуінің қажет екендігін көрсетеді.

Ұлттық тәрбие беру жағдайында жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқын, ана тілін, тарихы мен төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерін сақтай отырып, меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз [3]. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген ұстаздан жерін, елін қастерлеп, табиғатын аялай алатын шәкірт шығатынын ұмытпау керек.

Барлық білім беретін мекемелерде қандай пән, қандай тақырып беріліп жатса да, негізгі *міндет* –

оқушының ұлттық мінез-құлқын, ұлттық санасы мен намысын және ұлттық дүниетанымын өз халқының тілі, тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрлері арқылы біртұтас етіп қалыптастыру аясында жүргізілу керек. Мектепте берілетін білім, халықтың ұлттық өмір сүру ерекшеліктерін ескере отырып, ұштала түсуі керек.

Жерді зерттеу ғылымы саласында қозғалып отырған тақырыпты ашу үшін география пәніндегі атмосфера бөлімі бойынша ауа-райын болжаудағы қазақ халқының ғасырлар бойғы жинақталған тәжірибесін үйрету мәселесінің мәні өте жоғары. Дана қазақтың дала заңын ұғыну бағытындағы көрегендігін дәріптеу, мақтан тұту туралы қалай айтсақ та жарасады және жас ұрпақты ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, төл мәдениетті сақтау арқылы тәрбиелеуде таптырмас құрал болып табылады.

Халқымыз табиғат тылсымын ежелден-ақ жақсы түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне арқау етіп қолдана да білген. Сондай игі тағылымның бірі – халықтың ауа райын болжау тәсілдері. Қысы-жазы далалық өмірде, көшпелі тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшеліктері мен құпиясын терең білгендігі сондай: айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, көз аштырмас боранда жердің шөбіне қарап ел тауып, құстар, жан-жануарлар мен құрт-құмырсқалардың тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, төрт-түлік малдың шаруасына ертерек қам-қарекет жасап отырған. Ендеше қазақтардың ауа райын болжаудағы, халық даналығын жадына ұстап, оны атадан балаға мұра етіп қалдырып, өмір мектебін қалыптастырған, қағидалары мен тәсілдері үлкен зерттеу тақырыбына арқау боларлық дүние екендігі дау туғызбайтын мәселе.

Қазіргі таңда ертеңгі немесе бір ай бойғы ауа-райын білу қиын шаруа емес. Ол үшін қолыңда тиісті гаджетің және оны интернет желісіне қосуға мүмкіндігің болса болғаны. Тіпті керемет! Аталарымыз айтып кеткен нақылдан қаншалықты рас, іс жүзінде іске асатынын тексеруге зор мүмкіндік бар. Ал, біз осы болжамдардың ғылыми негізін жасап, бүгінде зерттеліп қойған физикалық үрдістер, заңдылықтар арқылы оларды түсіндіріп беруге тырысамыз. Және бұл жұмысымыздың оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды сіндіре оқыту бойынша қажеттілігі зор, қолдану аясы кең болатынына сенімдіміз.

Табиғат сырын болжау тәсілдері өте көп, сондықтан олардың әр тобынан аса маңызды деп саналатын түрлеріне ғана тоқталып өтеміз:

Күн мен Айға байланысты: Ертедегі адамдар Күн мен Айға сиынып келгендігі шындық. Сондай-ақ, Күн мен Айдың қозғалуы, орналасуы өзгерісіне қарай сол жылды, сол айды, ертеңгі күннің ауа райында қандай өзгеріс болатындығын да болжай білген. Бұл болжамдар қазірге дейін тұрмыс-тіршілікте және өндіріс жағдайы үшін пайдаланылып келеді:

- Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ шашса, ауа райы жылынады.

- Күн көзі мұнартып шықса, ыстық көтеріледі.

- Күн қызғылт-сары түске боялып, шаңқиып шықса, сол жылы құрғақшылық, ал күн күнгірттеніп, қораланып солғын көрінсе, ол жылы жауын-шашынды болады деген болжамдар ауа райының өзгерістерін дәлме-дәл сипаттаған [4].

Жалпы, таң шапағы, ымырт түсуі, кемпірқосақ, сағым, Күннің немесе Айдың құлақтануы, тәждер, глория және аспанның түсі, аспан жарығының полярлануы сынды негізгі құбылыстарды *атмосфералық оптика* зерттейді. Таң шапағы – Күннің шығар (таң рауаны) және батар (ымырт) кездерінде атмосферада пайда болатын жарық құбылыстарының жиынтығы.

Таң шапағы құбылысы атмосфераның жай-күйімен анықталады. Атмосфера бұлдырлығының да әсері күшті, атмосфера құрамындағы шаң-тозандар мен су буы тамшылары неғұрлым ірі болған сайын таң шапағының бояуы да қанық болады. Кемпірқосақ – аспанда Күн сәулесінің жаңбырдың тамшыларынан спектрлік құраушыларға жіктелуінің нәтижесінде пайда болатын түрлі-түсті доға. Күн сәулесінің атмосфера арқылы өтуі кезінде су молекулалары бойымен шашырауы түстердің өзгерісін, қанықтығын анықтайды.

- Күн құлақтанып батса, ауа райы жайлы сипатқа ауысады.

- Күн құлақтанып шықса, күн суытады, боранды немесе аязды күндер көбейеді. «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан» деп мақалдайды.

- Күн қораланса: үш күн көрінсе, жел күшейіп, аспан түнеріп, жауын-шашып болып суытады. Мезгілінде қыс болса, қар қалың түседі. Қорланған сәуле шеңбері азайса, жауын кешікпей жауады. Ал үлкейсе, жауын жауу кешеуілдеп, сейіледі.

- «Ай қораланса, атаныңды сайла, күн қораланса күрегінді сайла» деп ауарайында өзгеріс болатындығын болжап сақтық жасайды.

- Ай шалқалап туса, ауа-райы мал-жанға жайсыз болады. Ол қыс маусымына тура келсе, сол ай қатты суық, жаз маусымына тура келсе қатты ыстық болатындығын болжайды.

Бұл аталған болжамдар Күннің немесе Айдың құлақтануы – көбінесе күннің жарық сәулесінің шарбы бұлттардағы мұз кристалдарынан шағылысу және сынуы нәтижесінде Күннің немесе Айдың төңірегінде пайда болатын жарық – жалған Күн немесе жалған Ай, доғалар, бағандар, дактардың пайда болуымен байланысты.

Тәждер – жарық сәуленің ауадағы қалқыма тамшылардағы немесе мұз кристалдарындағы дифракциясынан Күннің немесе Айдың айналасында пайда болатын түрлі түсті жарық сақиналар. Жарық сәуленің атмосферадағы сыну құбылысы (рефракциясы) аспан шырақтарының көрінерлік қалпының ығысып көрінуін тудырады, көрінерлік көкжиекті қысыңқылап немесе кеңейтіп көрсетеді, әртүрлі сағымдардың көрінуіне әкеліп соғады. Жарық сәуле бұлардан басқа жұлдыздардың жыпылықтап көрінуі, кездейсоқ рефреакцияны, жарық шоғырының дақты (шұбар ала) құрылымын тудырады.

Атмосфералық оптикада Күн сәулесінің шашырауы мен жұтылуы көптеген құбылыстарды тудырады. Жарықтың таза ауадағы шашырауын *молекулалық шашырау* деп атайды. Ағылшын физигі Дж.Рэлейдің теориясы бойынша, жарықтың ортадан шашырауының қарқындылығы қоздырушы жарық толқынының ұзындығының 4-дәрежесіне кері пропорционал өзгереді. Әсіресе спектрдің көрінетін сәулелер бөлігіндегі көк түстер көбірек шашырайды. Аспанның көгілдір түсті болуы осыған байланысты.

Бұлтсыз ашық аспанда Күн көкжиектен 45° биіктікте көтерілген кезде көк сәуленің 33%-ы, жасыл сәуленің 16%-ы және қызыл сәуленің 7%-ы шашырайды. Күн көкжиектен 5° биіктікте болған кезде осы аталған шамалар сәйкес түрде 96%, 70% және 44% шамасында болады (қызыл сәуленің аз шашырауы себепті ертеңгілік Күн жаңадан көкжиектен көтеріліп шыға бастағанда және Күн батардың алдында Күн қызарып көрінеді [5]).

Ауа құрамында түрлі аэрозольды бөлшектер (шаң-тозаң, теңіз суының кристалдары, су тамшылары және мұз кристалдары) көптеп кездеседі. Олардың мөлшері ауаның құрамындағы газ молекулаларының мөлшерінен әлдеқайда ірі және жарық толқындарының ұзындығымен шамалас кейде, тіпті артық болады. Сондықтан жарық толқындарының мұндай бөлшектерден шашырауы әлдеқайда күрделі болып келеді. Аэрозольдың ірі бөлшектері күн сәулесін жан-жаққа біркелкі шашыратады. Су тамшыларынан түзілген бұлттың түсі көгілдір болмай, ақ немесе сұр түсті болуы, аспанның кейде ақшыл түсті болуы да аэрозоль бөлшектерінің осы қасиетіне байланысты. Ауадағы су тамшыларының мөлшері температура мен ылғалдылыққа тәуелді болғандықтан аспанның түсі де температураға байланысты құбылмалы болады. Мұны таңсәріде және күн батарда байқауға болады. Күн батардағы атмосфераның жарық құбылыстарының ауа-райымен тығыз байланысты болатыны ертеден белгілі болған.

Жер бетіне жақындаған сайын ауа тығыздығы артатын болғандықтан, жарық сәуленің бастапқы таралу бағытынан ауытқуы себепті аспан шырақтарының және жер бетіндегі географиялық нысандардың көрінерлік қалпының ауытқып, өзгеріп барып, байқалуын *рефракция* деп атайды. Көкжиекке жақындаған сайын (шамамен 35° бұрышқа) бұл көрініс барынша үлкен өзгеріске ұшырайды. Атмосфералық рефракцияның салдарынан аспан шырақтары көкжиектен біршама «көтеріліп» көрінетін болады. Күн мен Айдың дискілері күн батар және шығар кездері екі бүйірі томпайып шығып, (созылыққы) бейнеге ие болады)

Климаттағы өзгерістерді болжауда аспан денелерінің, атап айтқанда шоқжұлдыздарының рөлі ғаламат болды. Біз тек *Үркер* және *Сүмбіле* шоқжұлдыздарымен байланысты ауа райын болжау тәсілдерін қарастырамыз:

- Ай мен Үркер тоғыс кезінде бір-біріне алшақ болса, ауа райы мал-жанға жайсыз болады. Ай мен Үркер тоғыс кезінде бір-біріне жақын болса, ауа райы мал-жанға жайлы болады.

- Үркер суға түссе, ауа райы жауынды болады. Үркер қырға түссе, құрғақшылық болады.

Үркер шоқжұлдызы (алты үркер) маңызды жұлдыз. Үркер мен Айдың жүру бағыты ұқсас, екеуі де шығыстан батысқа қарай жылжиды. Көріністе Үркердің жылжуы Айдың жылжуынан баяу көрінеді. Осыған байланысты Үркер әр айда бір рет Айдан озып шығып отырады әрі бір рет бір аумаққа келеді. Ай мен Үркердің қатарласып келіп, Үркердің көрінбеуі – тоғыс, тоғысу немесе *айдың тоғайы* деп аталады. Осыдан Айдың тоғыс есебі шыққан. Әр айдың тоғаятын күндері тұрақты болып, дағды бойынша әр айдың тақ күніне тура келеді. Ай мен Үркер үнемі тоғыса бермейді. Тетелес келетін екі тоғыстың аралығында өтетін уақытты қазақ халқы *тоғыс айы* деп атайды. Оның ұзақтығы 27,32 тәулік. Мұны жуық түрде 28 күн деп есептесек, бір жылда 13 рет тоғыса алады. Жаздың басында Үркер аспан сферасының екінші жақ жартысында кетеді де, солтүстік жарты шар елдерінде 40 күндей көрінбейді.

Бұл кезде түнгі аспандан Үркерді көруге болмайды, яғни шілде айында мүлдем көрінбейді. Мұны «қырық күн шілде» деп атаған. Тек, мизам айында ғана Үркер көтеріледі. Не үшін «Үркерлі айдың бәрі қыс, Үркерсіз ай жаз» делінеді немесе Үркер қыс айларында көрініп, жаз айлары көрінбейді. Оның себебі – жаз шығып, күн жылына Үркер Күнмен бірге туып, бірге батады да, күн бата көкжиектен көрінбей

кетеді. Ал, күндізгі жарықта біз оны көре алмаймыз. Қыс маусымында көкжиектен қараңғы түскеннен кейін көтерілетіндіктен де оны көруге болады.

Үркердің көкжиектен көтерілуін байқаған көнекөз қариялар: «Үркер көтеріліпті, қошқарлар бас көтеретін уақыт болыпты» десіп, қошқарларға күйек байлап, қой ішіндегі тоқты қошқарларды айыра бастайды. Сонымен, жаз маусымының өтіп, күз маусымының басталуы жайында есеп жасалады. Ал Үркердің одан әрі көтерілуін бақылап, Үркер төбеге келді, қыс ортасы болды деп, Үркердің өзгерісіне қарай қыс, жаз маусымдарының ауысуына қатысты малдың қамына қатысты жұмыстарды орайластырып отыратын болған[6].

Ай мен Үркердің тоғысына орай халқымыздың тұрмысында болжам айту жиі кездеседі. Мәселен, «Ақпан мен Қамбардың тоғысы» болады. Бұл тоғыста ай шалқасынан қып-қызыл болып жатып алып, Үркерден алыс тоғысады. Мұндай тоғысты ертеде халқымыз «Жұт тоғыс» деп атаған. Білсең құтпын, білмесең жұтпын» дейтін қағида осы оқиғалардан кейін айтылған болса керек. Бұл жердегі құт дегеніміз – ақпан (құтпан) айының жұлдызының атауы.

«Сүмбіле туса күн суыр» – деген түсінік қалыптасқан. Себебі, Сүмбіленің тууы тамыздың соңғы жартысы мен қыркүйектің бастапқы кезіне тура келеді. Осы кезде шөп пісіп, шық түсіп, жылқы малының шыбын-шіркейден жаны жай тауып, ет алып, қоңыр күздің келе жатқан нышаны байқалады. Қазақ есепшілері «сүмбіле жұлдызы» күз айында туатын жұлдыз деп есептейді [7]. Ол туған күннен бастап, су суиды, таң мен түн салқын тартатыны ежелден халқымызға аян.

Жыл он екі айда айналып соғып тұратын ыстық пен суықты, қар мен жаңбырды, жел мен боранды халық бір сөзбен *амал* деп атаған. Яғни, жылдың әр мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарының өткінші әрі тосын, аз уақытта болып өтетін өзгерісі мен көрінісін және оның бірнеше түрлерін айтқан. Халқымыздың ауа райын болжау ұғымында жеті амал бар, олар: Күннің тоқырауы, Ай тоғамы, қарашаның қайтуы, мұздың қатуы, қыс тоқсан, киіктің матауы, Үркердің батуы.

1. Күн тоқырауы, Күн мен түннің ең ұзақ мезгілдері болып саналады. Жазғы тоқырауында (21-22 маусым) күн ұзарып, түн қысқарады. Ал қысқы тоқырауында (21-22 желтоқсан) түн ұзарып, күн қысқарады.

2. Ай тоғамы: Айдың Үркермен тоғысуы

3. Қарашаның қайтуы: жазғы жайылым тозып, сиреген шөп басы курап, дала сұрқай тартқан шақ. Бұл мезгілде құстар жылы жаққа қайтып, ауа райы құбылмалы болады.

4. Мұздың қатуы – «қазан» суығы ұрған күндерден басталады. Су беті мұзбен қабыршақтанып, алғашқы жауған қар тұрақтанып жатар кезге сәйкес келеді.

5. Қыс тоқсан – қарашаның қары мен наурыз айының аралығы, шаруа үшін «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер кезі» деп танылады. Қыстың үш айы (желтоқсан, қаңтар, ақпан). Төртінші тоқсанға қыс айларын жатқызып, оны «қыстоксан» деген. (А.Нүсіпоқасұлы, Ағаш бесік., 116б.)

6. Киіктің матауы – күн борасын болып, төңірек көзге көрінбей бұрқасындатып тұратын кез. Қыркүйектің аяғы, қазанның басына сәйкес келеді. Бұл кезде киіктің (ақбөкен, қарақұйрық, киік) текесі үйірге түседі. Елік құралай лағын сәуірдің басында өтетін 5-10 күндік салқында өргізеді.

7. Үркердің батуы – Үркердің мамыр айының 10-жұлдызында батып, маусым айының 20-жұлдызына дейін көрінбейтін 40 күн аралығы.

Одан бөлек тағы ерекше климаттық құбылыстарды сипаттаған. Басымы ұзақ қыстың аяқталып, күннің жылынуын асыға күткен халықтық болжамдар. Наурыз айының басында күн жылып, қыс бойы жатқан жолдас қардың көбесін сөгетін алтын күрек жел еседі. Қар кеткен жерлерге көк шыға бастайды. Наурыз айындағы «елжіріген» күннің көзіне малшы, егінші сенбейді. Әсіресе, алғашқы онкүндіктегі ауа райы өзгерісі халық тілінде түске дейін *мүйіз*, түстен кейін *киіз* деп сипатталады.

Құс қанаты. Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары да ұшып келе бастайды. Құстардың келуімен қар аралас жаңбыр, суық жел тұрады. Мұны халық, ежелден «құс қанаты» деп атап, амалға жатқызған.

Аласапыран. Көктемде, наурыз айында, кейде сәуір айында қар күрт еріп, жер лай болып, шаруашылыққа қиын күндер туады. Осындай жайсыз, қолайсыз мерзімді аласапыран дейді.

Бесқонақ. Жыл аяғында, яғни наурыз айының 17-21 күндері аралығында, болатын жауынды-шашынды күндер. Бұл – әр жылы қайталанып отыратын суық әрі лайсаң мезгіл. Жұрт бесқонақтан қатты сақтанып, күтініп отырған.

Қызыр қамшысы. Сәуір айының орта кезінен аса бере алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады. Осы сәттердегі найзағайдың жарқылды халық «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді.

Тобылғы жарған. Сәуірдің соңғы күндерінде екі-үш күнге созылатын суық жел соғады. Бұл – тобылғы бүршік жарды, яғни өсімдіктер тамыр жайды, алғашқы көк шыға бастады деген сөз.

Қызыл жұмыртқа. Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала (су) құстары балапанын шығара бастайды. Халық тілінде қызыл жұмыртқа деп аталатын, осы кездерде 1-2 күнге созылатын суық болады.

Құралайдың салқыны. Мамыр айының аяғында болатын суық жел. Осы желге қарсы киік өз құрайлаларын (баласын) аяқтандырып, жүгіртіп, өргізеді. Киік қанша көп болса да, олар 2-3 күн ішінде түгелдей төлдеп болады. Киіктің тағы бір айта кетерлік ерекше қасиеті оның – аналығы кез-келген құралайды емізіп, бауырына ала береді. Киік құралайының далада жетім, жалғыз қалмауы осымен байланысты.

Қырық күн шілде. Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық. Осы аптапты күндерге орай халық арасында қырық күн шілде деп аталатын халықтық күнтізбелік атау пайда болған.

Үркердің толғағы. Мал-жанға жайлы кезең, шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде Үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды.

Таразының тууы. Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. «Таразы туса – таң суыр» деген мәтел осындайдан шыққан. Күн салқындап, жел немесе боран соғады. Таразы жұлдызы бұл күндері биіктеп, алыстап, аспан кеңістігінің ең қашық жерінен көрінеді. Бұл күндері ауаны тұман, аспанды бұлт басып, қатты суық жел тоқтамай соғып тұрса, биылғы қыс қатты, сақылдаған сары аязды болады деп болжам жасаған. Сондықтан, қыс қамына ерте дайындық жасалады.

Мизам шуақ. Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады, жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндіз шуақты күндер де болады. Далада ұзыннан-ұзақ мизамдар шұбатылады. Мұндай жылы мезгілдерді мизам шуақ деп атайды.

Сүмбіленің тууы. «Сүмбіле туса – су суыр» дейді халық қағидасы, яғни қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді, суықты күндер, жауын басталады [8].

Ата-бабаларымыз жылдар бойы жинақталған осы тәжірибені өзінің төрт түлік малмен байланысты өмірінде тиімді пайдаланып, күнделікті қолданысқа енгізген. Мұндай дария білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтаудың өзі өнер.

Бүгінгі таңда адамның күнделікті қажеттіліктерін өтеу үшін табиғат тылсымын түсініп әуреленбей-ақ қоюға мүмкіндік бар. Алайда, біздің пайымдауымызша, ғасырлар бойы өмірі мен шаруашылық әрекеті аттың жалы, түйенің қомында жүріп өткен қазақ ұрпағы үшін, бұл білім жай ғана тіршілік қамы емес, қанымызға сіңген салт-дәстүр, бай тәжірибе, тұнып тұрған ғылыми қазына.

Қазақтың қанында сақталған, осы табиғатпен толықтай үндестік тапқан, алуан түрлі құбылыстардың өзгерісі мен оның жылма-жыл қайталануы жайлы білім ғасырлар қойнауынан үзілмей жалғасуда. Ал, оны жоғалтып алмай, шәкірттерге өзгеріссіз күйде жеткізе алудың өзі – ұрпақ сабақтастығының жалғасы, ұстаздық міндеттің орындалғаны деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.А. Қоғамдық сананы жаңғырту. 17.04.2017. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласы.

2 Бөлеев Қ. «Болашақ мұғалімдерді оқушыларды ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау» – Алматы, 2004 ж.

3 Нұрмұханова С. Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарға бағыттап оқыту/sabaq.kz

4 Өміров Е. Қазақ халқының этно-мәдени дәстүрлері. //Elana.kz.

5 Физика әлемі: Пәндік энциклопедия. Т 1., бас ред. Ж.Тойбаева.

6 Әбутәліп О. Үркерлі айдың бәрі қыс. 5 ақпан 2015 ж. //anatili.kazgazeta

7 Қазақ таныған жұлдыздар, 2 наурыз, 2007 ж. //kerey.kz

8 Дала күнтізбесі: Қазақтардың табиғатпен етене байланысы. BAQ.kz

АЛТАЙДЫҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

*п.ғ.к., доц. К.А. Тлеубергенова, г.ғ.к., проф. Н.Н. Карменова,
аға оқыт. Х.Н. Кобегенова., магистр, аға оқыт. А.У. Сатыбалдиева
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.*

Аннотация: Традиционные памятники Алтайского и Восточно-Казахстанского региона «Мұртты қорымдар», комплекс «Алтын-купол», каменные скульптуры саков, картины с лингвистическим оборудованием в Тамураши удивительны и уникальны. Если глубоко задуматься, балбалы в степях России, Монголии, Китая, Алтайского края, было рельефным признаком, который определяет границы столь древнетюркских народов, населенных древними народами. Наши предки, как в других общинах того времени, пытались доказать свою силу с помощью балбал тастар, пирамид, великих крепостей, укреплений. Это великое место как-будто бы говорит: «Эй, потомки турков», ваши предки овладели этой огромной землей, теперь вы оставайтесь хозяином этой земли.

Ключевые слова: каменные заборы, стильные скульптуры, балбалы, памятники, каменные столбы, символический камень

Annotation: Traditional monuments of the Altai and East Kazakhstan region "Murtty Korymdar", the complex "Altyn-dome", stone sculptures of the Sakas, paintings with linguistic equipment in Tamurashi are amazing and unique. If you think deeply, the balbals in the steppes of Russia, Mongolia, China, the Altai Territory, was a relief sign that defines the boundaries of such ancient Turkic peoples inhabited by ancient peoples. Our ancestors, as in other communities of that time, tried to prove their strength with the help of balstal tastars, pyramids, great fortresses, fortifications. This great place seems to say: "Hey, the descendants of the Turks," your ancestors took possession of this vast land, now you remain the master of this land.

Key words: stone fences, stylish sculptures, balbaly, monuments, stone pillars, symbolic stone

Көне дәуір ескерткіштері 18 ғасырдың басынан зерттеле бастады. 1713 жылы көне зираттарды тонаушылар ұрлаған асыл бұйымдар Ресей патшасы Петр I-ге жетіп, «Петр I-дің Сібір коллекциясы» аталған археологиялық коллекциясы жасалынды. Сол бұйымдар қазіргі уақытта Санкт – Петербургтегі Эрмитажда қымбат экспонат ретінде сақтаулы 18 ғ-дың 30-40 жылдарынан бастап Алтай жеріне географиялық экспедициялар жіберіле бастады. Оларға саяхатшы-ғалымдар Г.Ф.Миллер (1733 және 1744), П.С. Паллас (1770) жетекшілік етті. Миллер өлкедегі тарихи ескерткіштер туралы тұңғыш еңбек жазып, Ресей мен Еуропа елдеріне паш етті. 1865 жылы түролог-ғалым В.В Радлов Бұқтырма өзенінің бойында, Берел жазығында ерте темір дәуіріне жататын «Берел» обасын қазып, зерттеді [1. Б.38].

1911 жылы А.В.Андрианов батыс Алтайда Черновая, Солнечные Белки, Майемір деген жерлерде көшпелілер обаларын ашты. 1927 жылы С.И.Руденко Қатонқарағайда, 1956-65 жылдары С.С.Сорокин Берел, Күрті, Қатын, Құмай маңында, 1997 жылдан бастап Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекші З.Самашев) алғаш сол дәуірдің ескерткіштерін зерттеді.

Алтай аймағындағы мүрделерді адамдардың жерлену дәстүріне, табылған бұйымдарының ерекшеліктеріне қарай хронология жағынан келесі төрт кезеңге бөлуге болады: Күрті (б.з.б.8-7ғ), Майемір (б.з.б.7-6 ғ.), Пазырық (б.з.б.5-3ғ) және Құлажорға (б.з.б.8-7ғ) кезеңдері. Зират тас үйіндімен қоршалған. 1997 жылы Майемір аймағының тұсынан 45-50 жасында қайтыс болған әйел қаңқасы, жанында қорамсаға салынған қола жебе ұштары тағы басқа заттары табылған. Оның бет әлпетінде еуропа және монғол нәсілдерінің аралас белгілері бар. Пазырық кезеңіндегі зираттардан табылған бұйымдар бұл дәуірде қола мен мысты темір ығыстырғанын, зергерлік өнердің біршама дами түскенін көрсетеді. Құлажорға (Шығыс Қазақстан) кезеңі Пазырық үлгілерінің жаңа сатыдағы жалғасы болып табылады. Обалардан адам сүйегімен бірге аңдар нақышымен өрнектелген көне петроглифтер көптеп табылды. Солардың ішінде бұғының, бүркіттің, таутекенің бейнелері тартымды берілген. Алтайлық бұл өңірде мәдениеті, шаруашылығы, діни-нанымдары ортақ этностар жайлағанын, алғашқы қалыптасқан Алтайдағы сак мәдениетінің орталығы көрсетеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін этнография, антропология, ежелгі тарих «жабық тақырыптардың» санатына жатқызылып келген еді. Көшпенділердің көне ескерткіштері мен археологиялық қазба жұмыстарын зерттеумен 1950 жылдарға дейін санаулы ғана Ресей ғалымдары айналысты. Ал, Қазақстан ғалымдары 1950-52 жылдардан бастап қана экспедицияға қатыса бастады. Олар: А. Х. Марғұлан (экспедицияның бастығы), К. И. Пацевич, К. А. Акишев, П. В.Агапов, А.Г.Максимовалар болды. Археологтар мен тарихшылар Шығыс Қазақстанды мекендеген идеялық - эстетикалық көзқарасы

материалдық және рухани мәдениеті ортақ қола дәуірі тайпаларының, ертедегі көшпелі сақтар, ғұндар, көне түркілер, қимақ - қыпшақтар, оғыз тайпасына жататын найман және қазақ этносының аса бай, өзіндік ерекшелігі мол тарихы мен мәдениеті жөнінде біздерді біршама хабардар етіп үлгерді[2. Б.46].

Адамзат Алтай өңірінде сонау тас ғасырында - ақ пайда болған. Содан беріде олар соңында қаншама таңғажайып ескерткіштер қалдырған! Сондай аса бір бағалы ескерткішті археологтар Ертіс жағасындағы Усть- Нарым деревнясынан тапқан. Қазір бұл жер Бұқтырма теңізінің астында қалды.

Бұл мекен үш қабаттан тұрады. Төменгі, неолит (тас дәуірінің ең соңғы кезеңі) қабатында 40 мыңға жуық шақпақ тас құралдары, 15 мыңнан астам дайын тас қарулар табылды. Бірақ та бұл жерде қарудың саны емес, басқа да бір айғақ ерекше қызықтыратын заттардың болуы. Табылған қару пышақ сынды пластинка емес, үшкір тастардан жасалған. Қазақ жеріндегі неолит ескерткіштерінің осынау бір ерекшелігі көне адамзат Алтайды ежелден мекен еткен деген қорытындыға жетелейді.

«Мұртты қорымдар» Алтайдың, Шығыс Қазақстанның ғажайып та өзіндік ерекшелігі мол, сондай-ақ дәстүрлі ескерткіштері болып саналады. Бұлар қатар орналасқан, кіші қорғаннан шығысқа қарай тізбектелген екі тас қатардан тұратын үлкен және кіші қорғаннан тұрады. Ескерткіштердің әрбір элементінің өзіндік орны бар. Біздің дәуірімізге дейінгі YII ғасырда жасалған бұл ескерткіштер өздерін жасаған шеберлерден, әрине көп ғұмыр кешіп, тұтас мыңдаған жылдарды өткізсе де, өз келбетін өзгертпеді десе де болады. Шығыс Қазақстанның көне мал өсірумен айналысқан адамдарының діни нанымы күнге табынудан шыққан сияқты. Өйткені мұндағы тас ескерткіштердің барлығы шығысқа, таңғы жарыққа қарап орнатылған.

Шығыс Қазақстандағы сақ тайпасы дәуірінің мәдени өміріндегі жарқын бір көрініс Тарбағатайдың Шілікті алқабындағы «Алтын қорымдар» комплексі болып табылады. Оның бірі табылып, зерттелді, сондай-ақ С. С. Черниковтың «Алтын қорым құпиясы» кітабында суреттелген. «Үстел секілді теп-тегіс жасыл алқаптағы сарғыш - көгілдір таулар аясындағы ірі де, ақ қорымдар тізбегі көздің жауын алады» - автор осы қорымнан табылған көркем бұйымдар комплексінің «скиф -сібір стиліндегі» (біздің дәуірімізге дейінгі YI-YII ғасырлар аралығындағы ең көне ескерткіштер деп есептейді. Сан түрлі өсімдік өскен, қайнар бұлақтың бастауы болып табылатын әсем шатқалдарда жүздеген таңбалы тастарды табуға болады. Бұндай жерлер киелі саналып, рулық, тайпалық түрлі мереке, әдет-ғұрыптар осында өткізілген[3.Б.97].

Алтайдың алтын адамы.Сақ дәуірінен сақталған ескерткіш. Оны 1997 жылы Қазақстанмен шекарлас Алтай өңірінің Локоть ауданының территориясынан Ресей ҒА Сібір бөлімшесінің қызметкері П.Шульга тапты. Алтайдың алтын адамыЕсік обасынан табылған *Алтын адамға* ұқсас, киімі алтын тағаларға толы. Алтын әшекей бұйымдар саны 1800-ден астам, салмағы 1кг-ға жуық. Мүрде үстіне жабылған киіз жапқыштардан да алтын қиыршықтары табылды. Археологиялық зерттеулер бұл адамның б.з.б 5-4 ғ-да өмір сүрген сақ тайпасының өкілі екенін дәлелдеді.

Шығыс Қазақстандағы жүздеген таңбалы тастардың ішінен Тамурашидегі линарлық техникамен орындалған суретті бөле жара атағымыз келеді. Бұл суреттер өзінің орындалу мәнерімен, барлық мән-мағынасымен басқалардан тіптен де бөлек, оған тіпті жай көз жүгіртіп өткеніңізде шеберлік пен шындық көзге ұрады. Бірнеше жыл бойы Қырғыстан, Ресей, Моңғолия, Қытайдың Алтай аймағы мен Қазақстанның түрлі өңірлерін аралай жүріп, біздің басты түйген ойымыз – маң далада маңқиып тұрған балбалтастар, тереңірек ойласақ, ерте заманда түркі халықтары мекен еткен осыншама алып территорияның шекарасын айқындайтын бедерлі белгі екен.

Бұларға тіл бітсе: «Ей, түркінің ұрпақтары, - сіздердің ата-бабаларыңыз мынандай алып жерге ие болған, енді сіздер де оған ие болып қалыңдар» дейтіндей көрінеді. Шығыс Қазақстан мәдениеті сақ кезеңі ескерткіштерінің үшінші тобы – сақтардың тас мүсіндері болып табылады. Оны салған шебер өз суретіне бір де бір түзету жасамаған. Мұндағы тағы бір таңданарлық жайт сол, бұл суреттердің орындалу шеберлігі мен мазмұнында Шілікті қорымынан табылған бұғы. Балық, қабал секілді жан-жануарлар бейнесімен өте ұқсастық көп. Сақ мүсіншілері белгілі бір адамдардың бейнесін (дене ерекшелігін емес), ата-бабаларымыздың жиынтық қалыпты бейнесін суреттеуге ұмтылған. Мүсіншілердің қолдарынан түспейтін мүсіндердің маңызы зор «Түркілердің көне мәдениеті» деген ұғымды этикалық емес, археологиялық тұрғыдан түсіну керек. Бұлай дегенде тас дуалдар, сымбат мүсіндері, балбалдар сияқты жекелеген ескерткіштер комплексі еске оралады (Сурет 1).



Сурет 1. Ата-бабаларымыздың қалыпты бейнесі

Бұл мәдениет YI ғасырда пайда болған. Дат археологы Вильгельм Томсонның көшпелі түріктердің жазуына байланысты 1983 жылдың 25 қарашасындағы тамаша жаңалығы «тас обалардың» шығу тегі мен мағынасын білуде ерекше роль атқарады. Тас мүсіндердің құпиясын зерттеуде басқадай жаңа тәсілдерді пайдалану нәтижесінде олардың мағынасын түсінудің қалыптасқан жүйесі пайда болған.

Солардың ішінен, Олжас Сүлейменовтің «АЗИЯ» деген еңбегін бөліп атауға болады. «Мәдениеттің астары қалың, ондағы әрбір қимылды қаз қалпында қабылдасаң, өнерді түсінгенің»- деген О. Сүлейменов «АЗИЯ». Енді содан қысқаша үзінді келтірелік: «Балбал тастардың ерекшелігі сол, олардың бәрінің қолына ыдыс ұстатылған. Низамидің айтып кеткеніне қарағанда, көшпелі түріктер мұсылмандықты қабылдағанға дейін қолына ыдысы бар балбал тасқа құдай секілді құлшылық еткен». Алтайлықтар бұны қорымдағы марқұмның бейнесі деп таныған. Оларды сөйтіп мұртты еркекке ұқсатқан. Алтайдағы бұл «еркектердің» қолындағы ыдыс, осы аймақтағы қабір ішінен табылған ыдыстардың сыңары десе болады. Бұл ұқсастықты зерттеуші, ғалым Л. Р. Қызлақов та аңғарған. Оның айтуынша бұл мүсіндер марқұмның асқақ бейнесі болып табылады[4.Б.25].

Қолына ыдыс ұстаған еркектер Алтай мен Сібірде ғана бар. Шумер түркі ыдыс ұстаған өзінің балбал тастары болған деген ойға жетелейді. Бірақ бұл обалар Вавилонның жазба деректеріне қарағанда, өзінің құдай ретіндегі қалпын сақтап қалған. Вавилонша бұл – Иоштор, құдайға табыну. Тамыз күнінен бастау алған. От анасы, Аңызға қарағанда Иоштор жерге түсіп, Тамузды тірілтеді. Ыдысты ішіне жапсыра құшақтаған Иоштордың мүсіні сақталған.

Шумерлерде күн нұрға толы ыдысқа айналып, қиялды асқақтатады. Қолдағы, яғни бастағы нұрға толы ыдыс – тіршілік бейнесі. Ал сынған ыдыс – өткен күндер. Патшаның жасына орай қабірге сонша қыш, яғни ағаш ыдыс салынған. Сынбайтын темір ыдыс болса тіршілік идеясы болып табылады.

Ыдыс ұстаған Иоштор құдайдың мүсіні қабір басына қойылады. Тамуз күнге ұқсаған Иоштор оны тірілтуі керек. Қазақтардың ән қайырмаларында: «Тамыз, тамыз, тамызайық», - деп мағынасыз қайталана беретін жолдар бар. Бұл Тамуз – күн құдайына арналған дұғадан қалған болуы керек. Монголиядан Венгрияға дейінгі қорымдарда Иоштор құдайының бейнесі болып саналатын ыдыс ұстаған балбал тастар жеткілікті. Бұл тәңірге табынатындардың рәмізі. XI ғасырдың түркі мұсылмандары ыдысты жарты ай түрінде алып, ислам рәмізі етті.

Соңғы дерекке қарағанда Шығыс Қазақстанда Алтай тайпаларының көне тарихының қайнар көзі болып табылатын 100 шақты басты-басты таңбалы тастар зерттелген. Шыңдағы таңбалардың мазмұны түрліше: тотемдік – сиқыршылық, діни ұғым бір басқа, мұнда сондай-ақ түрліше орындалған жазулар мен рәміздер қаншама. Қайсыбір зерттеушілер тастағы таңбаларды Ұлы Жібек жолымен бірге қарастырғанды жөн көрді. Шындығында, мұндағы тарихи және экономикалық факторларды ескермесе болмайды. Қалай болғанда да, Алтай мал өсірушілері Алтай асуларын ерте кезден игере бастағанына көз жеткізуге болады.

Балбал тастар Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай, Қалба тау жоталарында жиі ұшырасады. Мұндай туындылар көшпелілер қоғамынан баға жетпес мәліметтер беретіндіктен де тарих ғылымында үлкен мәнге ие.

Тарбағатайдың күнге сілемдері Таскескен мен Үржар өңірінде де жартас төсіне қашалып салынған көне кескіндер мол әрі өзге өңірлердегіге қарағанда елеулі ерекшеліктерге ие. Егер осы Тарбағатай өңіріне тоқталатын болсақ, 2009 жылы ғалым-зерттеуші Алан Байтенов «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Тарбағатай таулары мен Қытай елінің шекарасында болып қайтқан екен. Тарбағатай таулары халықтың сан жылдар бойындағы өзгерген тарихын жақсы біледі. Бұл сонау ғұндар, ежелгі түркі тайпалары,

монғолдар, жоңғарлар және де орта ғасырдағы тайпалар кейін қазақ этносы болып кеткен – найман, қыпшақтар. Осылардың барлығы өзінен кейін қаншама іздер қалдырған. Кейбір қызықты материалдар осы экспедиция кезінде табылған. Солардың бірі ер адамның балбал тасы. Оның бағалы да қызықты жері мүсінде ер адамның басына кигізілген үшмүйізді бас киімде. Бір бет жағы мен көзі, мұрны, аузы және де ширатылып салынған мұрты бар[1.Б.33.80].

Енді Семей өңіріне келетін болсақ, жуырда ғана Семей қаласының тарихи-өңір мұражайы тағы бір балбал тасқа толтырылды. Ол тас Аягөз ауданы Мың бұлақ ауылынан 5 шақырым жерден табылған. Тас мүсін - балбалды осы ауылдың тұрғыны табиғатты суретке түсіріп жүріп байқаған. Оны Семей қаласына жеткізіп, ол мүсін осы мұражайға тапсырылып, зерттеуші-ғалымдар жұмысқа кірісіп кеткен. Мұражай қызметкерлері бұл олжаның баға жетпес табыс екенін және де оның қолдан қашап жасалғанын айтады. Зерттеушілердің айтуына қарағанда ол YI-XIIIғғ. жасалынған. Бұл Семей қаласы мұражайының 12 балбал тасы. Бұл мүсіннің ерекшелігі кейбір детальдық өзгешеліктерінде. Мысалы айта кететін болсақ, оның маңдайындағы әжімі, бұндай әжім басқа мүсіндерде кездеспеген екен. Барлық балбал тастардағыдай бұл да қолына ыдыс ұстаған, сол қолында қаруы бар. Жаңа олжаның биіктігі 1метр18см.

Қазіргі жылдары белгілі саясаттанушы Ерлан Қарин кәдімгі балбал тастарды зерттеуге қызығады екен. Өзінің айтуына қарағанда ол кісінің Қазақ жеріне барып, көрмеген балбал тастары кемде-кем сияқты. Балбал тастар – тастан жасалған адам бейнесі. Олар Қазақстан аумағында өмір сүрген адамдардың діни танымдық, салт-дәстүрлерін көрсетеді. Қазақстан жерінен табылған балбал тастар тарихына көз шалсақ мынадай мәліметтерді алуға болады. Мүсіндердің суретін Маңғыстау жағынан, екіншісін Алтай жақтан, үшіншісін Алатау бөктерінен, тіпті кейбіреулерінің суретін Монғолия жерінен көріп, түсіріп алған. Оның айтуына қарағанда балбал тастар Қытайда, Ресейде, Өзбекстан мен Қырғызстанда, Қап тауларында да, тіпті Германияда да бар екен. Саясаттанушы «балбал тастар біздің бабаларымыз құрған өркениеттің қандай өңірлерге дейін тарағандығын көрсететін белгілер. Біздің бабалар сол заманның өзге қауымдары сияқты өз құдіреттерін алып пирамида, үлкен қорған, қамалдар тұрғызумен дәлелдеуге ұмтылмаған. Олар пенденің күш-қуаты Жаратушы құдіретінің қасында тозаңға да татымайтынын түсініп, тек ұрпағына ұлан-ғайыр мекеннің кімдігі екендігін еске салатын осы балбал тастарды ғана қалдырған» дейді[3.Б.101].

Г.Ф. Миллер 1734 жылы Ертіс маңын зерттей жүріп, қимақ-қыпшақ өнері ескерткіштерін тапты. Үш кестемен бейнеленетін бұл ескерткіштер бұрынғы КСРО (СССР) Ғылым Академиясының архивінде сақтаулы тұр. В. В. Радлов осы қорымдарды бұдан 170 жыл бұрын ақтарса, С. А. Руденко бертінде: «Алтайдағы мәдени ескерткіштердің тамаша өнер туындыларының иелері кім болды?» - деп таңданып, оған өздері жауап берді: «Қазірде мұның бәрі азият тектес тайпалардікі болғандығына еш күмән жоқ. Өнер ортақтығы, олардың шыққан тегінің ортақтығы мал өсірушілердің тұрмыс деңгейімен, оларға тән көшпелі өмір салтымен өлшенеді» деген.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Чигаркин А.В. Памятники природы Казахстана. - Алматы, 2008. – 143 б.*
- 2 Абдуллин А.А. Геология и минералогические ресурсы Казахстана - Алматы: Ғылым, 2004 - С. 115-130.*
- 3 Кубарев В.Д. Древнетюркские изваяния Алтая, - Новосибирск, 2000 - С. 186.*
- 4 Киселев С.В. Алтай в скифское время, ВДИ, 2002, - №2.*

САЙРАМ-ӨГЕМ ҰЛТТЫҚ САЯБАҒЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ

Исабеков Берик Даутбаевич, ғылым магистрі, аға оқытушы
Аманбаев Нуржан Сапарович, география магистрі, аға оқытушы
Мамасерік Аян Шекербекұлы, «География» мамандығының студенті
«Сырдария» университеті, ОҚО, Жетісай қаласы.

Аннотация: В этой статье описывается физическое и географическое положение Национального парка Сайрам-Угам и его флоры.

Annotation: This article describes the physical and geographical situation of Sairam - Ugam National Park.

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Оңтүстік Қазақстан облысының жерінде орналасқан. Ұлттық табиғи парк 2006 жылы ұйымдастырылған. Оған Түлкібас, Төле би және Қазығұрт аудандарының табиғаты ең көрікті жерлері енеді. Жер аумағы 149 мың га. Саябақты ұйымдастырудағы басты мақсат – Батыс Тянь-Шань тау жоталарындағы ғылыми тұрғыдан құнды табиғат байлықтарын қорғап қалу, қалпына келтіру және республикадағы экологиялық туризмді дамыту. Саябақ орманды дала биігінен биік таулы алқапқа дейінгі 7 табиғи белдемді қамтиды. Табиғат қорғау жұмыстарының ерекшеліктеріне байланысты жеке 3 аймаққа (қорықтық, туристік және шектеулі шаруашылық жұмыстары жүргізілетін) бөлінген. Саябақтың аумағы солтүстіктен оңтүстік бағыт бойынша 135 км-ге созылып жатыр. Саябақ жануарлар әлеміне де бай. Құстардың 300-ге жуық, сүтқоректілердің 60-тан астам түрі мекендейді. Өте сирек кездесетін жануардың бірі – көк суыр (қысқаша Мензбир суыры). Сондай-ақ арқар, жабайы шошқа, қоңыр аю, т.б. жануарлар да кездеседі. Саябақта тұрақты түрде “Табиғат жылнамасы” жүргізіліп отырады [1].

Батыс Тянь-Шань жүйесіндегі парк территориясының аумағы Солтүстік Шығыс бөлігін алып жатыр. Таулы массив пен тау етегі жазықтығы ретінде берілген, ол жазықтықтар Талас Алатауының Оңтүстік Батысында орналасқан.

Қаржантау жотасы Өгем өзені алабынан Келес саласын бөледі. Төменгі ағысында Өгем өзені терең және тар шатқалдарды тесіп өтеді, ол шығарында Шыршық өзеніне құяды. Жотаның Оңтүстік Шығыс баурайы қысқа және тік, Солтүстік Батысы жазық өзен алабымен бөлінген.

Қаржантаудан Оңтүстік Шығысқа қарай Өгем өзені алқабында Өгем жотасы орналасқан. Қазақстан мен Өзбекістан шекарасын бойлай солтүстік-шығыстан, өңтүстік-батысқа қарай 110 км созылған, енді жері 30 км. Ең биік жері Сайрам шыңы (4299). Жер бедері әртүрлі төменгі шекарасы шалғындық жазықтар. Жазық жайлауларында бұлақ бастаулары мол. Жатық беткейлі кең өзен аңғарлары жайпақ жоталар. Жоғары қарай біртіндеп тар аңғар, құлама беткейлі шатқалдар алмасады, 3000 м-ден жоғарыда жер бедерінің алілік пішіндері тараған. Биік жоталарды мұздықтар басып жатыр. Өңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт, Төлеби аудандары аймағына Өгем жотасының солтүстік пен Өңтүстік батысы кіреді. Сайрамсу - Өгем жотасының мұздықтардан басталады. Солтүстік Шығысы биік таулы рельефті, Оңтүстік Шығыс бөлігі Пскем өзенінің алабына жарылады. Батысы мен Шығысы таулы жазықтық болып келеді және олар нәтижелі игерілуде [2].

Геологиялық құрылымы. Батыс Тянь-Шань тауында таскөмір (орта таскөмірлі), девон дәуіріндегі сорттар таралған. Олар эк, мергель, алевролит, туф, сланц, құмдар.

Өгем жотасына сонымен қатар интрузифты кешендер тән, негізінен гранит, гранодиорит, граносиенит түріндегі таскөмірлер тән. Олар топырақ және өсімдік қабатымен ерекше биіктаулы үстірт түзеді. Өгем жотасының Оңтүстік Батыс бөлігінде перм жасындағы жыныстар кездеседі (алевролиттер, құмдар, конгломераттар, эктастар). Өзен алқабының жоғарғы тұсында палеогенді және неогенді шөгінділер кездеседі.

Гидрографиясы. Аумақ тау жоталарынан ағатын көптеген өзендердің есебінен жақсы суландырылған. Ірі өзендердің бірі Арыс өзені Шақпақтағы бұлақты көлден бастау алады. Бұл жерде көптеген бұлақтар бастаулар Талас Алатауы мен Қаратау баурайларынан бастау алады. Ары қарай ірі ағыс Жабағлы-Су, Машат, Ақсу өзеніне айналады.

Машат өзені келте Машат пен Ұзын Машаттың қосылуынан пайда болады. Өзеннің төменгі ағысындағы орта айлық шығыны сәуір айында болады, шілде-тамыз айларында төмендейді.

Ақсу өзені Арыстың ірі салаларының бірі болып табылады. Талас Алатауының Батыс баурайында орналасқан бассейні 750 кв км алып жатыр. Ақсу өзенінің жоғарғы саласында қарлар мен мұздықтар бар. Қар мен мұздықтардың еру нәтижесінде өзен қоректенеді. Орта айлық шығыны маусым айында, ал өзен

деңгейі қаңтар- ақпан айында төмендейді. Сонымен қатар осы өзендермен бірге территориядан Сайрамсу, Қасқасу, Бадам, Келес, Өгем өзені ағып өтеді [3].

Табиғи аймағы. Батыс Тянь - Шань аймағының табиғи аумағы күрделі құрылымға ие. Бұл жағдай аймақтың ішкі континентальды орналасуымен, ірі таулы массивтердің болуымен байланысты.

Топырақтар таулы-шалғынды субальпілік, биік таулы-шалғынды далалы субальпілік, биік таулы далалы субальпілік, сонымен қатар биіктаулы қара түсті топырақ түрінде кездеседі [4].

Топырақ жамылғысы көбінесе таулы қоңыр топырақтан түзіледі, бұл аршалы сирек орманды және бұталар өсетін Солтүстік бөлікте кездеседі. Топырақ жамылғысының екінші компоненті сұр-қоңыр топырақтар болып табылады. Бұл топырақ жамылғысы бұталы саванналы Оңтүстікте және Батыс бөлікте кездеседі. Солтүстіктегі жабық аршалы және жапырақты орманда таулы орманды қара-қоңыр топырақ кездеседі. Таулы жазықтықтарда жоғары сілтілі қоңыр және қалыпты топырақтар кеңінен таралған [5].

Тауалды аймақ жоғары саванналар 600-1200м биіктікте орналасқан. Ол тау жазықтығының жоғары бөлігінде орналасқан. Бұл аймақтың климаты айтарлықтай жоғары мәнге ие, әсіресе жазда. Ауа-райының жылдық орта температурасы 10-12° С. Жылы кезеңнің ұзақтығы 280-300 күн. Жауын -шашының жылдық орта көлемі 400-600мм. Көктем күндері жылы, ылғалды, жазы ыстық және құрғақ, қысы жұмсақ, ылғалы аз және ұзақтығы бойынша орташа.

Баурайлары табиғи өсімдік ірі дәнді саванноид пен ерекшеленеді, яғни шашақты бидайық және шабынды арпа және басқада эфемероидтар-селдірек қоның бас, Түркістандық қияқолаң, бозшағыл. Олардың ішінен көп көлемде кездесетін ірі шөпті саванналар (айдарша, андыз, қожакендір, сасыр, шырыш). Аз кездесетін рельеф шалғын түрі.

Топырақты жамылғы сұр қоңыр, карбонатты топырақтан тұрады. Борлы және неоген-палеоген дәуіріндегі сұр-қоңыр топырақтар кездеседі. Рельефтің төмендеуімен шалғынды сұр-қоңыр топырақтар кездеседі.

Сонымен Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің дендрофлорасын құрайтын түрлердің басым көпшілігі ылғалды, сазды өзен, бұлақты жерлерге тән.

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі өсімдіктерін зерттеу барысында бірқатар бағалы, әрі шаруашылықта маңызы үлкен өсімдіктер анықталады. Оларды бірнеше топқа бөлуге болады (6 кесте). Ал кейбір өсімдіктерді жан-жақты пайдалануға болады, яғни олардың әрі жем-шөптік, әрі дәрілік, әрі техникалық маңызы бар. Олардың басым көпшілігі жем-шөптік, дәрілік, техникалық, омарталық және декоративтік өсімдіктер. Бұл топтарға ерекше көңіл аудару өте орынды [6].

Кесте 1. – Шаруашылықта маңызды өсімдіктер топтары

Р/с	Шаруашылық маңызы	Түрлер саны	Жалпы санының % үлесі
1	Техникалық	12	11,5
2	Дәрі-дәрмектік	20	19,2
3	Омарталық	12	11,5
4	Декоративтік	9	8,6
5	Сәндік	16	15,4
6	Тағамдық	18	17,3
7	Мал азықтық	8	7,6
8	Бояғыш өсімдіктер	9	8,6

Техникалық өсімдіктер. Бұл аймақтағы өсімдіктердің 12 түрін жатқызуға болады. Олардың ішіндегі маңыздылары құрамына илік заттары бар, яғни құрамында алколойдтары бар *Celtis caucasica* Willd, *Morus alba* L., *Juniperus turkestanica* Kom, *J. Seravschanica* Kom. және т.б. Сонымен қатар бұл топқа отынға жарайтын, қол өнерінде пайдаланылатын, бояғыш заттар алатын, талшықты өсімдіктерді жатқызамыз.

Дәрілік өсімдіктер. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі дендрофлорасының *Ephedra equisetina* Bunge, *E. Intermedia* Schrenk et C.A. Mey, *Juniperus semiglobosa* Regel. ем-дәрілік мақсатта пайдалануға болатын 20 түрі кездеседі. Олардың басым көпшілігі тек қана халық медицинасында көп қолданылады.

Омарталық өсімдіктер. Омарталық, декоративтік, азықтық, улы және витаминдік маңызы бар өсімдіктер саны аздау, бірақ олардың да маңызы үлкен. Омарталық өсімдіктерге *Rhamnus cathartica* L., *Vitis vinifera* L., *Crataegus turkestanica* Pojark., және т.б. бұл түрлердің кейбіреулерін омарташылар өте тиімді пайдаланылады.

Декоративтік өсімдіктердің ішіндегі назар аударатыны *Euonymus koopmannii* Lauche, *Vitis vinifera* L., *Betula talassica* Poljak және де кейбір бұталар мен бұташалар.

Тағамдық өсімдіктің Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде 18 түрі кездеседі. Әсіресе *Pyrus regelii* Rend, *Malus siversii* (Ledeb). M. Roem, *Cydania oblonga* Mill – дың маңызы ерекше болып саналады.

Мал азықтық өсімдіктер ұлттық табиғи паркінде 8 түрі кездеседі. Оларға *Calophaca tianschanica* (В. Fedtsch.) Boriss, *Astragalus ugamicus* M. Pop және т.б. жатады.

Бояғыш өсімдіктер Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи парк территориясында бояғыш өсімдіктердің 9 түрі өседі. Олардың арасынан бояғыштық қасиеті болып саналатын *Rhamnus cathartica* L., *Muricaria bracteata* Royle, *Hipporphae rhamnoides* L. сияқты өсімдіктерді ерекше атап өту орынды. Басқа шаруашылық-бағалы өсімдіктер топтары түрлер саны бойынша аз мөлшерде кездеседі. Сонымен ұлттық табиғи паркі дендрафлорасының құрамында шаруашылық маңызы бар көптеген бағалы өсімдіктер бар екені анықталды.

Эндемді өсімдіктер таксондардың жалпы саны мен құрамын анықтау әр деңгейдегі флораларды сұрыптаудың негізгі бір бөлігі болып табылады.

Оның үстіне эндемиктер арнайы зерттеулердің де көпшілігіне "мұрындық" болып отыр. Бұл түсінікті де, себебі А.И. Толмачев (1974) айтқандай, эндемиктер әр флораның өзіндік ерекшелігін және басқа флоралардың абсалютті айырмашылығын көрсететін ең ерекше бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, эндемиктер мен реликтердің ареалдарын жіті қарап, тексеріп, зерттей отырып, жалпы флораның қалыптасу жолдарының кейбір тұстары туралы, оның жасы мен шыққан тегі туралы қосымша деректер алуға болады.

Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ағаш өсімдіктер тұқымдасының эндемді 3 түрі бар екендігі анықталды. Олар: *Amygdalus retunnikowii* Litv., *Astragalus ugamicus* M. Pop., *A. neo-lipskyanus* M. Pop. Бұл жалпы тұқымдастың 2,9%-і.

Эндемик түрлер флораның өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді, жәнe тексеріліп отырған флораның басқа (алыс-жақын) өңірлердің флораларымен қандай туыстық байланыста екендігінің анық көрсеткіші бола алады. Біздің зерттеп отырған Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі дендрофлорасының қызыл кітабына енген сирек кездесетін өсімдік түрлері бар [7].

Қорыта келе, табиғат қорғау мен табиғат байлықтарына ұқыптылықпен қарауға белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу білім беру ұйымдарындағы тәрбиелік басты міндеттердің бірі ретінде танылады. (Қазақстан республикасының экология кодексінен 9 қаңтар 2007ж)

Елімізде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тобының бірі – ұлттық табиғи саябақтар болып саналады. Мемлекеттік ұлттық саябақтарда табиғат қорғау жұмыстары көпшілікке экологиялық білім мен тәрбие беру және елімізде туризмді дамыту жұмысымен тығыз байланыста жүреді.

Әдебиеттер тізімі:

1 Нұрғазы Қ.Ш., Байбатианов М.Қ., Өміржанова Н.М. Зоогеография. – Алматы: «Нур-Принт» баспа орталығы 2010 ж. - 264 б.

2 Аралбаев Н.К., Кудабоева Г.М. «Государственный кадастр растений Южно-Казахстанской области» Книга первая. Конспект видов высших сосудистых растений – Алматы, 2002 г.

3 Алехин В.В. География растений. – М.: Сов. Книга. 1938. - 104 с.

4 Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. «Қазақстан өсімдіктері» Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы. – Алматы, 1977 ж.

5 Қазақ энциклопедиясы, 7 том.

6 Байтулин И.О. Растительные ресурсы Казахстана и перспективы их рационального использования // Проблемы рационального использования лекарственно-технических растений Казахстана. - Алма-Ата: Наука. 1986. – С. 5-12.

7 Мырзалиева З.К. Исторические корни в формировании топонимии Южного Казахстана // Вопросы истории Кыргызстана. - Б., 2010. - №1.

СЕКЦИЯ 5

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ МЕН ӨЛКЕТАНУДЫ ДАМЫТУДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ РӨЛІ САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ В РАЗВИТИИ ТУРИЗМА, КРАЕВЕДЕНИЯ И ОХРАНЫ ПРИРОДЫ

ИСТОРИЧЕСКИЕ СООРУЖЕНИЯ КАК ОБЪЕКТЫ РЕЛИГИОЗНОГО ТУРИЗМА В АЗЕРБАЙДЖАНЕ

*Керимов Р.Н., докт. филос. по геогр., вед. научн. сотрудник
Институт Географии им. акад. Г.А. Алиева НАНА
г. Баку, Азербайджан*

Аңдатпа: Мақалада Азербайжанның діни туризміндегі маңызды антропогенді рекреациялық ресурстары қарастырылады. Ежелгі, ортағасырлық, жаңа кезеңдердегі тарихи құрылымдардың маңызы мен орналасқан жерлеріне сараптама жасалады. Сондай-ақ аталған құрылымдардың діни туризмдегі бүгінгі орны мен Азербайжандағы одан әрі дамуын қарастырады.

Ключевые слова: религиозный туризм, исторические сооружения, община

Annotation: The article deals with the anthropogenic recreational resources having importance for religious tourism in Azerbaijan. The location and significance of historical buildings of the ancient, medieval and new periods, as well as the current situation in religious tourism and the possibilities for further development of this type of tourism in Azerbaijan are analyzed.

Keywords: religious tourism, historical building, community

Религиозный туризм отличается от паломничества и считается промежуточной формой между религиозным паломничеством и светским туризмом [1]. Религиозный туризм представляет собой посещение туристами религиозных объектов и священных мест в основном по культурным мотивам, хотя в международной статистике по туризму учитываются и число лиц, посещающих другие страны с целью паломничества. По данным Всемирной Туристской Организации, каждый год около 300-330 миллионов человек путешествуют в разные страны мира по религиозным мотивам. Общий доход от подобного вида туризма составляет 18 миллиардов долларов США.

жазамыз. Бірақ қорықтар құрудағы басты әрі негізгі мәселенің бірі қорықтағы экожүйені тұрақты сақтауды қамтамасыз ете алатындай оның ауданының мөлшерін анықтау. Егер көлемі тар болса ондағы орнықтылық сақталмайды, себебі жан-жақты қысымды көп көреді. Қорыққа қажетті жер көлемі оның экожүйе тұрпатына байланысты анықталады. Мысалы, тундрада қорықтық жер көлемі 1 млн.га-дан кем болмауы керек, тайга мен шөлде - 250 мың га, далада – 10 мың га т.б. [9]. Сонымен, әрбір нақтылы жағдайда, олардың белгілі ландшафтқа байланысты екенін ескеріп және экономикалық тәртіппен санаса отырып, мүмкіндігінше қорғалатын аумақтың өлшемін анықтауға тырысамыз.

Құрғақ, аридті аймақтарда қорықтардың орнықты қызмет істеуін қамтамасыз ету үшін кейбір ғалымдар үлкен аумақтарды қорғауды ұсынса ал көпшілігі (Банников, Второв, 1976) [10], (Штильмарк 1978, 1979) қолайлы, кіші аумақтар болуын ұсынады.

Н.Ф. Реймерс пен Ф.Р. Штильмарк шөлді аймақтың шаруашылыққа игерілуін ескертіп, нақтылы жер көлемінің 250-300 млн. га болғанын ұсынады. Бұл ұсыныс жоғарыда айтылған Н.Н.Ротт, Б.Н.Вепринцев ғылымдардың ұсынысымен дәлме дәл келіп тұр. Бірақ бұл ұсыныстарды қазіргі аридтік аймақтағы қорықтар көлемімен салыстыруға келмейді. Өйткені олардың ауданы шағын, сондықтан олар қорғалатын нысандарды өз дәрежесінде қорғай алмайды. Қазақстанда тек екі (Наурызым,Үстірт) қорықтың көлемі ғана 200 мың га-дан асады екен. Ал, Барсакелмес қорығының аумағы мүлдем шағын, ал ол жерде ірі, тұяқты сүтқоректілер қорғалынады, қазір олар аралдан шығып, өрісін кеңейтіп Қасқақұлан, Бегімана, Қаратерең жерлерінің аралығында жүр. Мұның өзі ауданның көлемінің үлкен болу керектігін көрсетеді. Бір жағынан Барсакелмес қорығында қазір тұщы су көзі жоқ, сондақтан аңдар тұщы су көзіне жақын маңдарды іздеп, таралу ареалын кеңейтіп кетті.

Қорықтардың аумақтық құрылымын айқындау кезінде, ғалымдардың пікірінше, қорғалатын түрлердің экологиясы жөнінде дәл мағұлматтар керек екенін және аумақта ірі жануарлардың қоректену мүмкіндігін де ұмытпау керек. Ол жануарлардың шектеулі санын ұстап тұруға, көбеюіне әсер етеді, популяцияның орнықтылығын қамтамасыз етеді.

Қорықтардың қанша аумақты алып жатқанын облыс аумағы бойынша есептеп көрейік. Қызылорда облысының аумағындағы ерекше қорғауға алынған жер көлемі облыс жерінің 0,19 пайызын құраса, қорықтар 0,07 пайызын құрайды екен. Егер аридті аймақтағы қорықтың жер көлемі ең кем дегенде 200-250 мың га болу керек деп есептейтін болсақ, онда біз ұсынып отырған 6 қорыққа кемінде 1350 мың га жер керек болады, бұл облыстағы жер көлемінің 5 пайызын құрайды.

Бірақ біз облыстың, аудандардың, болашақ қорықтардың орналасқан орнын, әлеуметтік-экономикалық факторларын ескеріп, олардың көлемін мүмкін болатындай жағдайда ғана ұсынамыз. Ал негізінде, небір қайталанбас көркі бар табиғи ландшафттарды барлық құрамбөліктерімен қоса сақтап қалу үшін облыс жер көлемінің кемінде 5 пайызы қорғауға алынуы қажет [11].

Тағы бір ескеретін нәрсе, аймақтың қорықтарының аумақтық құрылымын белгілеу кезінде шешуші фактор ретінде ылғалды экожүйені алу қажет.

Қорық тәртібінің іске асырылу бағдарлы нормативтерін негізге ала отырып 5 қорықтың шекаралары мен жер көлемі анықталды - Құланды, Қызылқұм, Телікөл, Қасқақұлан, Қаратау. Сонымен бірге мұнда биосфералық қорықтардағыдай антропогендік әрекеттен сақтайтын, ені 2-3 шақырымдық “буфер зонасы” белгіленеді. Ол бір жағынан шаруашылық әрекеттің күшін азайтады.

Пайдаланылған әдебиеттер.

1. Categories, objectives and criteria for protected areas // A final report prepared by Com. On criteria and nomenclatura Com.on National Parks and protected areas. – IUCH. Niorges, 1978. – p.12.
2. Забелина Н.М. Национальные парки. – М.:Мысль, 1987. –С.170.
3. Быков Б.А., Арыстанғалиев С.А. Охрана ботанических объектов в Казахстане // Охрана редких видов растений и растительности в Казахстане. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1987. – С. 50-58.
4. Кулиева С.Ю. Добыча полезных ископаемых и промышленность как один из основных антропогенных факторов в развитии процессов опустынивания. – Баку, 2000. – 343 с.
5. Основные положения ведения лесного хозяйства в Кызылординской области Республики Казахстан. – Алматы, 2002. – С.2.
6. Батталова Г.С. Оценка антропогенных нарушений растительности восточного Приаралья: Автореферат кан.биол.наук: 03.00.05. – Алматы, 1993. – С.26.

7. Достай Ж.Д., Нұрғызарынов А., Айдаров О.Т. Қазақстандық Шығыс Арал өңіріндегі қорықтардың көкейкесті мәселелері // Сб.: Повышение эффективности системы сельскохозяйственного водопользования. – Алматы: Агроуниверситет, 2003. – С. 204-206.

8. Камелин Р.В. Флора Сырдарьинского Каратау. – Л.: Наука, 1990. – С.15.

9. Вепринцев Б.Н., Ротт Н.Н. Проблема сохранения генофонда // Подписная научно-популярная серия «Биология». – М.: Знания, 1985. - №1. – С.6.

10. Банников А.Г., Второв П.П. Значение заповедных и преобразованных территорий в зоогеографических исследованиях // Теоретические и прикладные аспекты охраны природы и охотоведения. – М., 1977. – Вып.5. – С. 26-40.

11. Лаптев И.П. Теоретические основы охраны природы // Основы созологии. – Томск, 1975. – С.17.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫН КӨГАЛДАНДЫРУДЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

О.Т. Айдаров, г.ғ.к., аға оқытушы,

С.К. Таженова, география магистрі.

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ. Қазақстан, Қызылорда қ
Aidarov_orazhan@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстанның қуаң аймақтарына әсіресе, Қызылорда қаласына ағаштар мен бұталарды жерсіндіріп, тарату жайлы айтылады. Сондықтан жаңа мекенге жерсіндірілген өсімдіктерді олардың биологиялық ерекшеліктеріне сай күтіп – баптау қажет. Мұның өзі олардың жақсы жерсінуін, ұзақ уақыт өсуін қамтамасыз етпек, сәндік және санитарлық – гигиеналық маңызының артуына қол жеткізбек. Ескеретін жай, бұл жасыл желекті таптап, ластап, бұтақтарын сындырудан қорғау. Қорытындылай келе, қаланы көгалдандыру мен жасыл желекті сақтауда қажетті іс – шараларды қолдану ұсынылады.

Кілт сөздер: жасыл желек, көгалдандыру, биота, ареал, ботаника, Қызылорда, Арал.

GEOLOGICAL BASES OF GREEN PLANTING OF KYZYLORDA

Annotation: This article tells about the distribution of trees and acclimatization of shrubs in Kyzylorda, and the arid regions of Kazakhstan. So it is necessary to adjust the localized plants to the new place according to their biological features. This will ensure their good landing and longevity, increase of prestige and sanitary – hygienic value. The only thing to notice is that you can tap the green bush to protect the bush from splitting. In summary, it is recommended to take the necessary measures to ensure the city's green planting and greenery.

Өндіріс орындарының күрт арту кезеңінде, ғылыми – техникалық прогрестің дамуына байланысты, қоршаған ортаны сақтау, қорғау және табиғи ресурстарды үнемді пайдалану қазіргі күннің актуалды проблемаларының бірі болып отыр. Бұл мәселелерге түсініссіздікпен селсоқ қарау мен техникалық экологиялық қате саясаттар, қоршаған ортаның ластануына және жер бетіндегі организмдердің қалыптасқан жағдайларына негативті әсерін тигізеді. Қордаланған негізгі проблемаларды шешуде, табиғат пен адамзат қоғамының арасындағы қарым – қатынастардың орны ерекше. Бұл қарым-қатынастардың дұрыс дамымауы адамзатқа үлкен қауіптер туғызуы мүмкін. Табиғат ресурстары мен өзіндік құны арзан қажетті заттарды алу, экономикалық пайда табу, экологияны бұзудың негізгі себептерінің бірі. Қуатты энергия көзі\дерімен және қазіргі заманғы жетілген техникамен қаруланған адамзат табиғатқа елеулі әсерін тигізе алары сөзсіз. Егер бұл әрекеттер мен табиғат заңдарын бұзу фактілері миллиондаған жылдар бойы орныққан байланыстарды бұзса, оның соңғы – апаттық салдарға жеткізуі мүмкін. Түптеп келгенде, адамдар қазіргі уақытта өз іс-әрекеті нәтижесінде туындаған апаттармен арпалысып жүр.

Қазіргі кезде экологиялық жағдайы тәуір деп айтарлықтай аймақ Қазақстан жерінде жоқ десе, артық айтқандай болмас. Алайда, солардың ішінде экологиялық шырғалаңның шырғауына мықтап түскен Арал өңірі бәрінен де оқшау тұр. Бұл аймақтың экологиялық жай-күйінен хабардар болу үшін Арал теңізінің кепкен табанынан үздіксіз көтеріліп тұратын миллиондаған тонна тұз аралас шаң-тозанды, әртүрлі химиялық заттармен қаныққан суы ішуге жарамсыз Сырдария, аппақ соры бұрқыраған егістік, шабындық, жайылымдық жерлерін айтсақ та жеткілікті.

Елді мекендерді көркейтуде, айналадағы ортаны сақтауда жасыл желектің алатын орны ерекше. Жөнімен отырғызылған тал – терек, әсемдік өсімдіктер ауаны әртүрлі қоспалардың шаң – тозаңнан, газдан тазарту міндеттерін атқарып, оттегімен байыта түспек. Сонымен бірге олар маусымның ыстық кездерінде ылғалдылықты арттырады, аңызак желдің және қалаға тән шуылдың күшін бәсеңдетеді. Әртүрлі экзотикалық және жергілікті ағаш- бұталардан тұратын жайқалған бақтар, скверлер, бульварлар, парктер қала халқының, жалпы халықтың демалыс уақыттарын өткізуіне, эстетикалық ләззат алуына, әртүрлі мәдени – ағарту шараларын, спорт ойындарын ұйымдастыруларына қолайлы орындар болып табылады. Мұның өзі адамды табиғатқа жақындатып, оның тұрмыс – тіршілігіне қолайлы жағдай туғызбақ.

Урбанизация, халық санының артуы, өндіріс, шаруашылық объектілерінің, транспорттың жедел өсуі елді мекендерді көгалдандыру жұмысын жан-жақты ойластырылған озық әдістермен жүргізуді қажет етеді. Бұл мәселенің ойдағыдай шешілуі пайдаланылатын ағаштардың, сәндікөсімдіктердің, гүлдердің түрлеріне де байланысты. Біз бұл өсімдіктер тек сәндік үшін ғана емес, сонымен қатар адам денсаулығына пайдалы болуы үшін де егілетінін ұмытпағанымыз жөн.

Жұмыстың өзектілігі. Қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы қалыптасқан экологиялық жағдайды ескеріп, айнала қоршаған ортасы мен халық денсаулығын жақсартуда жасыл желекті барынша көбейтіп, күнделікті өсіру күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Жұмыстың мақсаты. Қызылорда қаласының табиғатына бейім өсімдіктер түрін анықтап, оларды қала көшелері мен бақтарына отырғызуды ұсыну. Әсіресе, жергілікті абориген ағаш түрлерін анықтау.

Мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттер.

- Қызылорда қаласының төңірегіндегі ағаш түрлерін анықтау. Яғни, ағаш түрлерін есепке алып, олардың қалаға бейімін, суды аз қажет ететінін, көлеңкесі мол т.б таңдау.

- Қала көшелерін аралап, қай жерлерде көгалдандыруды көп қажет ететіндігін анықтау.

- Қалалық көркейту мекемесімен бірлесе жұмыс жасау.

Қызылорда қаласын көгалдандырудың санитарлы - гигиеналық көрсеткіштерінің сапаларын жақсартуда. Келешек біздің ұсыныстарымызды ескере отырып қалада, оның айналасында аборигендік өсімдік түрлерін көбірек отырғызуды (екпекөшеттерді) ұсынамыз.

Зерттеу әдістері мен нәтижелері: Көгалдандыруға пайдаланылатын өсімдіктердің сипаттамалары және суреттері жұмыста берілген. Жұмысты орындау барысында әдебиеттерді зерттеу, оқу, қаланың орталық және шеткі аймақтарының жағдайларын көзбен көру, орман балық шаруашылығы мен қалалық көркейту мекемесінің материалдары пайдаланылды, талдау және синтез әдістері қолданылды.

Қазақстанның табиғат жағдайы түгелімен алғанда ағаш өсімдіктерін өсіруге қолайсыз. Территорияның басым көпшілік бөлігін шөлейт және жартылай шөлейттер алып жатыр.

Климат аса континентальды, аридті (қуаң), сондықтан табиғи өсімдік жамылғысы ағаш түрлеріне кедей. Осыған орай, Б.А.Быковтың (1996) мәліметтері бойынша, Қазақстанның табиғи флорасындағы 4750 түрлі жоғары сатысындағы өсімдіктерінен ағаштарға тек 68 түрлі (1,5%), ал бұталарға – 266 (5,8 %) тиесілі [1].

В.Г.Рубаник (1974,1980), А.А.Бордулев және С.Н.Мальцев(1977) пен тағы басқалар жасаған зерттеулер көрсеткендей [2] Қазақстандағы басқа аудандық ағаш өсімдіктерін көгалдандыру тарихы бір ғасырдан аса уақытты алып және ол жерге әскери жасақтарын орналастыру үшін – патшалық Россияның тірек бекіністерін иелеуімен байланысты. Осындай бекіністердің пайда болуымен Верный қаласы (қазіргі Алматы), Петропавл, Орал және басқаларында жеміс ағаштарын егу, питомниктер, көшеге ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді. Әсіресе бұл жұмыс белсенді түрде Қазақстанның оңтүстік шығысы мен Жетісуда жүргізілді. 1885 жылдан бастап Жетісу облысында жергілікті басшылардың (үкіметтің) міндетті түрде тез өсетін түрлерден (терек, тал) орман жасау жарлығы іске асырылды [3].

Алғашқы дүниежүзілік (1914 ж.), одан кейін азамат соғысы жылдарында Қазақстанда орман өсіру жұмыстары тоқтап қалды. Оның қолға қайта алынуы 1933 жылдағы халықшаруашылығын қалпына келтіру мен активизациялауға байланысты болды.

Осы кезеңнен бастап Қазақстанда ботаникалық бақтардың желісі – көгалдандырудың стационарлы орталықтары құрылды. 1933 жылы Алматыда Алматылық, 1935 жылы Алтайлық (Лениногорск қаласында), 1940 жылы Қарағандыда ботаникалық бақтар құрылды. 1939 жылы Жезқазғандық, ал 1947 жылы – Ілелік (Бақанаста) ботаника институтының бөлімдері құрылып, олардың негізінде Жезқазғандық және Ілелік ботаникалық бақтар қалыптасты. Кейінірек көгалдандыру орталықтарының бұл желісі Маңғышылақ тәжірибелік ботаникалық бағымен (Ақтау), Есік (Иссык), Шымкент, Щучинск дендрарияларымен, Балқаш, Атырау, Екібастұз стационарларымен толықтырылды [4].

Әрбір көгалдандыру орталығы құрылғаннан бастап онда міндетті түрде елді мекендердің қоршаған ортасын сауықтыру мен дендрофлораны көбейтудегі түрлерді таңдау мақсатында өзге жерлік ағаш өсімдіктеріне сынақтар қойылды.

Дегенімен, кейінірек И.О. Байтулин (1985, 1987 жж), Қазақстанның қуаң аймақтарында ағаш өсімдіктерінің интродукциясы жұмысының жарты ғасырлық нәтижесінің анализі фитоклиматтық аналогтар әдісі негізінде ағаш әсіресе қылқанды өсімдіктер мен бұталардың интродукциясын жүргізу мүмкін еместігін көрсетті. Жер бетінде Оңтүстік Балқашта, Орталық Қазақстан мен Маңғышылақ жарты аралында (түбегінде) және Қызылорда облысын көгалдандыру үшін кең көлемде қолданылатын ағаш пен бұталардың аналогтары жоқтың қасы.

Өсімдіктерді мәденилендірудің нәтижелерін болжау мәселесі өсімдіктерді көгалдандыру теориясы, әдістемесі мен іс тәжірибесінде басты орындардың бірін алады.

Қ. Балтаев, Т. Бурсова (1979ж) Қызылорда облысының елді мекендерін көгалдандыру үшін түрлерді таңдағанда өсімдіктің тек сәндік қасиеттерін ғана ескеріп қоймай, сонымен бірге тамыр жүйесінің топырақтың генетикалық горизонтына таралу сипатын, өсімдіктің, топырақтың тұздануымен жер асты суының жақындығына төзімділігін ескеруді ұсынды [5].

Зерттеулер көрсеткендей, Қызылорда облысының аридті (қуаң) зонасы жағдайында, мына өсімдіктер: тораңғыл, түрлі жапырақты тораңғыл, үшкір жеміі жиде жер асты суын немесе капиллярлы зона ылғалын пайдаланады және жауын – шашынға байланыссыз жақсы өседі [6].

Тораңғыл тұздың мөлшері (2,407%), 123 – 135 см тереңдікте жатқан, шаңды аллювий қалыптасқан кәдімгі сортандарда 430 см тереңдіктегі жер асты суына дейін тамыр жүйесін жаяды. Өсімдіктің жанама тамырлары үш яруста орналасады: 12 – 90 см, 150 – 170 см, 330 – 370 см тереңдікте. Олар атмосфералық ылғалмен капиллярлы зонаның ылғалын сіңіруге қабілетті. Теректің вегетативті көбеюі тамырдан шыққан өсімдік есебінен көбейетіндігі 150 см тереңдікте де байқалған.

Үшкір жеміс жиде қара шіріндісі аз, аллювийі шалғынды шөлденген топырақта өседі, суда ерігіш тұздар мөлшері (1,147%) жоғарғы қабатта орналасқан, капиллярлы зона ылғалын пайдаланып, тамыр жүйесі 360 см тереңдікке дейінгі вертикалды бағытта дамиды. Тамыр жүйесінің таралу диаметрі 217 см құрайды. Үшкір жеміс жиденің тамыр жүйесі тоғайлы жердегі қара шіріндісі мол (4,2%) және топырақтың үстіңгі қабаты тұзданған жерде өсіп, горизонталды, вертикалды орналасатын, ол атмосфералық жауын – шашынмен капиллярлы зона ылғалдарын сіңіре алады. Тамыр жүйесінің таралу диаметрі 400 см құрайды.

Түрлі жапырақты тораңғылдың да горизонталды, вертикалды тамыр жүйесі тоғайлы топырақта дамиды. Өсімдік атмосфераның және ыза су ылғалын кең пайдаланады. Ыза суының жылдам төмендеуімен топырақтың жоғарғы қабатының құрғауысіңіргіш тамырлардың өлуіне және кронасының (бөрікбасы) құрғап қалуына әкеледі. Қ. Балтаев пен Т. Бурсовалардың зерттеулері Қызылорда облысының елді мекендерін көгалдандыруға осы аталға өсімдіктердің жарайтынын көрсетті. Н.Д. Даркулов пен Т.В. Огай (1979ж) жұмыстарында, қаланы көгалдандырудағы негізгі компоненттеріне ағаштармен бұталар жатып, және оларды сәтті өсіру үшін ең алдымен, климаттық жағдайларға сай келетін түрлерін таңдауға байланыстылығын көрсетеді.

Көшелер мен парктердегі отырғызылатын негізгі ағаш тектес өсімдіктерге: қарағаштың – 3 түрі (жатаған қарағаш, жылтыр қарағаш, тығыз қарағаш) теректің 5 түрі (ақтерек, қаратерек, мырзатерек, тораңғыл, түрлі жапырақты терек) америка үйеңкісі, америка шағаны, талдың – 4 түрі (ақтал, каспий талы, жіңішке тал, Вильгельм талы), үшкір жеміс жиде, ақ акация, сирек – сары акация жатады.

Біздің жағдайға тұрақты, бейімделген, жергілікті жабайы өсетін сәнді өсімдіктерді өсіруге аса назар аудару қажет, оларға тораңғыл, түрлі жапырақты терек, әртүрлі жыңғылдар, ақ шеңгел, үшкір жеміс жиде, жіңішке тал, Вильгельм талы, Шобер ақтікені, теріскен т.б жатады. Қаланы сәнділік безендіруде гүлдердің орны ерекше. Соңғы жылдары гүлді өсімдіктер ассортименттері айтарлықтай кенейе түсуде.

Қызылорда қаласының жағдайында мәдени гүлдерді таңдауда ең алдымен, көпжылдық өсімдіктер жоғары бағаланады, олар ерте өсіп, төзімдірек келіп, ұзақ гүлдеуі мен өсірудегі қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Біржылдықтардан әсіресе, өзі көктеп шығатын өсімдіктер кең қолданылады, оларға: барқыт шөп, құлқайырлар, айдаршөптер, изендер т.б.

Отырғызу әдістері әртүрлі сипатта келеді. Қалада гүлзарлар аз ғана ауданды алады. Келешекте оларды көбейту қажет.

Канналар, гладиолустар, бақшалық астралар, көпжылдық астралар, лалагүлдер, иристер, ромашкалар, гүлтәжілер, целозия, изен, барқытшөптер, шегіргүл (питунья) және басқалары қала жағдайында жақсы өсіп мол гүлдейді.

Шөлді жағдайы Қызылорда қаласын жасыл қалалардың біріне айналдыру барлық тұрғындардың міндеті болып саналады.

Қаланы көгалдандыру үшін пайдаланатын ағаштар олардың негізгі қасиеттеріне және көгалдандырудағы мақсатқа орай таңдалып алынуы шарт. Айтарлық, қала халқының демалыс орны болатын жерлерге осы ағаштардың белгілі бір түрлері ғана жарасса, тұрғын аудандарды желден қорғау, өнеркәсіптік кәсіпорындардан бөлу үшін басқа бір ағаш түрлері пайдаланылады. Осыған байланысты қалаларды көгалдандыруға арналған ағаштарды жалпы, шектелген және арнайы мақсатта егілетін деп үш топқа бөледі.

Жалпы халық тұтынатын ағаштарға парктер, бақтар, скверлер, бульварлар мен көшелердегі жасыл желектер жатады /1,2/. Олардың әрқайсысының өзіндік функциональдық ерекшелігі бар және елді мекендерді көркейтудегі маңызы зор. Бұл ағаштарды халықтың тығыздығына қарай пайдалануға тиімді етіп отырғызу қажет.

Парктер. Парк дегеніміз қала – село халқының дем алуы үшін арнайы бөлінген аймақ. Паркті салу кезінде ол жерлердегі бұрыннан өсіп тұрған табиғи өсімдіктер, көшеттер, жердің рельефі толығымен немесе жарым – жартылай өзгертіледі. Паркке көрік беру үшін оған сәндік ағаштар, гүлді өсімдіктердің көптеген түрлері, экзотикалық және жергілікті тұқымдары барынша мол отырғызылады. Гигиеналық және эстетикалық тұрғыда мән беру үшін әртүрлі инженерлік жұмыстар жүргізіледі.

Скверлер. Скверлерге халықтың қысқы уақыт ғана дем алуына қолайлы қоғамдық құрылыстар мен ғимараттардың қасбеттерін (фасадтарын), алаңдар мен көшелерді сәндендіруге арналып отырғызылатын жасыл алаптар жатады. Скверлердің жалпы аумағының 25 - 35% - на дейінге бөлігін шағын жолдарға, 10 - 15% - ы гүлзарларға арналуы тиіс те, онда бұталардан жасалған қоршаулар, аллеялар және топталған ағаш – бұталар шоқтары жайқала өсіп тұруы қажет.

Бульварлар. Бульварларға көшенің екі жағына немесе кең көшелердің ортасына отырғызылған жасыл алаптар жатады. Олар Жаяулардың жүрісіне, қыдырысына, және аздап дем алуына арналған. Бульварларды әсіресе, транспорты мол үлкен көшелердің жағаларына салу тиімді. Мұндағы аллеялардың жағасына екі – төрт қатардан ағаштар отырғызылып, газондармен, гүлзарлармен жиектеледі.

Қала халқының белгілі бір бөлігі ғана пайдаланатын өсімдіктерге оқу орындарының, ғылыми – зерттеу институттарының, балалар мен емдеу – сауықтыру мекемелерінің, өнеркәсіп орындарының төңірегіне және тұрғын аудандардың ішіне отырғызылатын ағаш – бұталар, гүлдер жатады. Бұлардың түрлерін таңдап алу кезінде олардың функциональдық ерекшеліктерін есте мықтап ұстау қажет. Себебі, белгілі бір мақсатқа орай отырғызылатын өсімдік түрлері де әртүрлі болмақ. Мәселен, мектеп маңына егілетіндерінің түрлік құрамы табиғаттану мақсатына орай барынша бай болуы тиісті. Ал емдеу – сауықтыру және балалар мекемелері үшін санитарлық – гигиеналық қасиеттері басым өсімдіктер қажет болса, басқа бір орындарға сәндік өсімдіктерді отырғызған тиімді. Өнеркәсіптік мекемелер еңбекшілерінің жұмыс істеуіне, дем алуына қолайлы орындар жасауға қажет өсімдік түрлерін таңдап ала білу шарт.

Қандай мақсатта отырғызылатына қарай, әрі биологиялық ерекшеліктеріне байланысты ағаш – бұталар таңдап алынады. Мысалы, су эрозиясын тоқтату үшін тамыр жүйесі барынша тармақталған, әрі қуатты ағаш тұқымдарын пайдаланған абзал. Батпақты жерлерді құрғату үшін буландырғыш қабілеті жоғары, ал автомобиль жолдарының бойына газ, түтін және шаң ұстағыш ағаштар отырғызудың қажеттігін жоғарыда айтып өттік.

Баққа оранған парктер салу үшін әртүрлі безендіру, гүлдендіру (клумбалар, бордюрлар, миксборгерлер, партерлер, пергольдер салу) жұмыстары жүргізіледі. Олар парктер мен бақтарды, скверлер мен бульварларды, балалар үйлері мен қоғамдық мекемелердің, мектептердің, зауыт –

фабрикалардың территорияларын сәндендіріп, сұлу ғимараттардың архитектуралық бейнесін аша түседі.

Гүлмен безендіріп, көркейту жұмыстарына орай оған тартымды рең беретін түсті таңдап ала білудің де маңызы зор.

Клумбаларға жолдармен бөлінбеген, әртүрлі геометриялық формадағы, шағын, небары 10 – 15 шаршы метр болатын бөліктер жатады. Оларға негізінен топырақ бетін жауып тұратын әртүрлі гүлді өсімдіктер, жапырақтары сәнді самшит, юкки тәрізді бұталар да егіледі. Клумбалардың құрамына газондарда кіреді. **Рабаткалар** деп ұзақ гүлдейтін көп жылдық өсімдіктер егілген, пішіні төртбұрышты бөлікті айтады.

Бордюрлерге қандай да болмасын бір көгал алаңды сыртынан қоршап тұратын, гүлдеп тұрған немесе жапырақтары сәнді өсімдіктерден тұратын жіңішке алаптар жатады. Бордюрлер гүлмен безендіру жұмыстарында жиі қолданылады.

Қаланы көгалдандыру жұмыстарын оның алдын ала ойластырылған бас схемасына сәйкес жүргізу керек. Сонда ағаштарды кездейсоқ отырғызу әрекеттеріне жол берілмейді, оны ғылыми негізде және жоспарлы жүргізуге, сондай – ақ санитарлы – гигиеналық тұрғыдан атқаруға мүмкіндік туады. Тұрғын кварталдардың ортасына ойластырылып салынған сквер қалаға көрік қана қосып қоймай, ауадағы шаңды және басқа да қоспаны бойына тартады. Онан тарайтын салқынауаның қозғалысы арқылы сол төңіректің температурасы төмендейді, ауа өсімдіктер сүзгісінен өтіп, тазарып, қоңыржай климат қалыптасады.

Қызылорда қаласын көгалдандыру үшін пайдаланылатын өсімдіктерді төмендегідей экологиялық топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Аллювиалды – шалғынды (тоғайлы) және аллювиалды – шалғынды шөлейттенген топырақ жағдайындағы жергілікті ағаштар мен бұталар.
2. Аллювиалды – шалғынды шөлейттенген топырақтардағы жыңғыл формациялары.
3. Тақырланған аллювиалды – шалғынды топырақ жағдайларындағы тораңғыллы формация.
4. Шалғынды – батпақты топырақ жағдайларындағы аборигенді (жергілікті) және декоративті (сәндік) ағаштекес өсімдіктер.

Қорыта айтқанда жоғарыда қарастырылған мәселелерден байқайтынымыз, адам өмірімен қоршаған ортаны сауықтаруда – жасыл желектің маңызы зор. Сол себепті де көгалдандыру принциптерін түбірінен қайта қарау керек. Ол ең алдымен, өсімдіктің қажетті түрлерін ала білуден, олардың экологиясын зерттеп, жергілікті климат жағдайларына бейімделгіштігін анықтаудан басталуы тиіс.

Қазақстанның қуаң аймақтарына әсіресе, Қызылорда қаласына ағаштар мен бұталарды жерсіндіріп, тарату топырақ жағдайларына, әсіресе өсімдіктің сумен қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Сондықтан жаңа мекенге жерсіндірілген өсімдіктерді олардың биологиялық ерекшеліктеріне сай күтіп – баптау қажет. Мұның өзі олардың жақсы жерсінуін, ұзақ уақыт өсуін қамтамасыз етпек, сәндік және санитарлық – гигиеналық маңызының артуына қол жеткізбек. Ескеретін жай, бұл жасыл желекті таптап, ластап, бұтақтарын сындырудан қорғау. Сонымен қатар еккен ағаштар бағусыз қоралы малдардың бүліншілігіне ұшырамауы тиіс. Ағаш болсын десек – малды тәртіптеу керек. Қорытындылай келе, қаланы көгалдандыру мен жасыл желекті сақтауда төмендегі іс – шараларды қолдануды ұсынамыз:

- қаланың экологиялық жағдайына бейімделген ағаш бұталарымен шөптесін өсімдіктердің түрі мен санын көбейту (қарағаш, терек, мырза терек т.б.);
- ерте көктем мен күз айларында егілетін көшеттерді дұрыс отырғызуды қадағалау;
- ағаштар мен бұталарды кесуден сақтау;
- шөптесін өсімдіктерді малдың таптауынан қорғау;
- суару мен топырақты қопсыту жұмыстарын үздіксіз жүргізу;
- ағаштар мен бұталардың кроналарын кесу;
- қала көлемінде барлық су жүйелерін жөндеу, жаңадан арық – каналдар қазу керек;
- қаланы солтүстік – шығыстан соғатын желден қорғау мақсатында, ені 50 м – ден кем емес, ұзындығы барынша қаланы солтүстік – шығыстан қорғаныш орман алқабын отырғызу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Быков Б.А. Геоботаника. – Алма-Ата:Наука, 1978. – 282с.
2. Интродукция деревьев и кустарников Европы в Казахстане : монография / В. Г. Рубаник, Т. А. Жеронкина; Ред. И. О. Байтулин ; Главный ботанический сад АН КазССР. - Алма-Ата : Наука, 1980. - 192 с.
3. И.О. Байтулин. «О принципах разработки ассортимента декоративных растений для озеленения городов и населенных пунктов Казахстана»
Состояние и перспективы озеленения городов Казахстана. Алма – Ата, 1986, с.27-35.
4. Ә.Ә. Әметов. Ботаника. Алматы:Ы. Алтынсарин атындағы Қазақстанның білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000.-508б
5. Нұрғызарынов А.М., Шапшанов Қ.Ш. Арал өңірінің экологиясы. Қызылорда, 1996, 170б.
6. Балтаев Қ, Сауытбаева Г.З, Айдаров О. Қызылорда облысының өсімдіктер жамылғысының кейбір экологиялық мәселелері. Сборник Научных трудов юбилейной научно-технической конференции посвященной 20-летию института «Актуальные проблемы в экологии и природопользовании». Часть I.- Кызылорда, 1996, с.67-69.

СЕКЦИЯ 6 ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ; ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

МЫРЗАШӨЛ АЙМАҒЫНЫҢ ТОПЫРАҚ – КЛИМАТ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Е.Қ. Дошманов

*ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
аға оқытушы, Сырдария университеті*

Г.Қ. Дошманова

*Жамбыл атындағы жалпы орта мектебінің
география пәні мұғалімі*

Аннотация: В этой статье рассматривается почвенный покров Мирзашольского района и влияющие на него климатические факторы.

Ключевые слова: климат, почва, резко континентальный климат, вегетационный период

Annotation: This article discusses the soil cover of the Myrzashil region and the climate factors affect.

Keywords: the climate, the soil, region

Оңтүстік Қазақстан облысы әртүрлі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін негізгі аймақтың бірі болып есептеледі. Облысымыз Қазақстанның Оңтүстігінде орналасқан. Топырақтану институтының мәліметі бойынша, ол солтүстіктен 41° тен 46° және Шығыстан 65° тен 71° ендікті алып жатыр. Оның созылмалығы солтүстіктен оңтүстікке 550 км, батыстан шығысқа қарай 470 км, ал жалпы көлемі – $121,5$ мың км² [1].

Облыс Тянь-Шань тауларының батыс бөлігіндегі тау жоталарындағы бөктерлерін, Түркістан немесе Тұран ойпатының жазықтарын, Бетпақ - даланың төменгі және жоғарғы жазықтарын қамтиды.

Н. Немковтың суреттеуі бойынша климат салыстырмалы түрде қысы жылы, жазы ыстық болып сипатталады. Облыс климаты – қатаң континенталды.

Бетпақдала аудандарында орташа жылдық ауа температурасы $12,3^{\circ}$ С. Оңтүстік аудандарында жаз кезеңдерінде орташа айлық ауа температурасы $28,0^{\circ}$ С жетеді. Орташа тәуліктік жалпы жылылықтың жиынтығы 10° С ден жоғары температураны құрайды. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 2,3- 5,3 м/с шамасында ауытқиды. Облыс бойынша вегетациялық кезеңде мамырдан тамызға дейін эффективті температура $1706-2300^{\circ}$ жетеді.

Аязсыз кезеңнің ұзақтығы 143-230 күнге дейін созылады. Облыста бірінші күзгі аяз көбінесе қазанның ортасына, солтүстік және солтүстік –шығыс бөлігінде – қыркүйектің соңында, ал көктемгі соңғы аяз – сәуір айының бірінші жартысында байқалады.

Негізгі мақта себілетін аймақтарда жауын-шашынның мөлшері 194 мм-ден 364 мм дейін ауытқиды, Шардара және Түркістанда 194 –тен 225 мм, Келес аймағында 364 мм, ал оңтүстігінде, яғни Мақтааралда – 262мм болатындығы көпжылдық орташа көрсеткіштер бойынша алынды.

Жауын-шашынның негізгі бөлігі қараша-науырыз айларында жауады (63-66 %). Жылдың ең құрғақ – кезеңі жаз, ол кезде жаун –шашынның мөлшері 6-8 % аспайды [2].

Мырзашөл өңірінің топырағы Бетпақ далалық топыраққа тән кәдімгі сұр топырақ. Оның тік кесіндісі толық даымған, механикалық құрамы орташа саздауыт. Басым көпшілік жерлер тұзданбаған. Бірақ мұнда аздап және орташа тұзданған жерлер бар. Бұл аймақта минералданған жер асты суының жоғарыға жақын жатқандығынан екінші дәрежелі тұзданған. Жер асты суының деңгейі 3-4 метр тереңдікте орналасқан және ол ауытқып отырады. Гумус горизонты 18 см, мұндағы гумус 1-1,5 %, азот 0,06-0,1 % тереңдеген сайын азая береді, карбонаттар 13-16 % және одан да жоғары. Бұл топырақтар жылжымалы фосформен, калиймен, орташа және жақсы қамтамасыз етілген. Тәжірибие жүргізілген аймақтың топырағы Бетпақ даланың топырағына тән болып табылады. Оның үстіне бұл топырақ азот және фосформен тыңайтуды қажет етеді. Калий көбірек болғанымен ол негізінен байланған, ал жоңышқа калий тыңайтқыштары мен коректенгенде өнімді көбірек береді.

Мырзашөл өңірінің басым бөлігі ашық сұр топырақты болып келеді, суарылудан бұрын сары топырақта және сазды-құмды топырақтарда көп кездесетін түрлі сортандану дәрежесінде болған. Зерттеу жүргізіліп жатқан шаруашылық аумағы ашық сұр топырақты аймақта жайласқан. Түрлі деңгейдегі жер асты сулары, бедердің формасы, табиғи құрғақшылық дәрежесі және топырақтың түзілу жағдайлары

шаруашылық аумағында түрлі сортандану дәрежесіндегі шалғынды-сұр және сұр-шалғынды топырақ түзілуіне жағдай жасаған.

Ашық сұр топырақтың көрінісі - қарашірінді қабатының, сұр-қуаң түсімен, берік емес түйіршік құрылымымен, тығыздығының азды-көпті біркелкілігімен, құрамындағы аз мөлшердегі ылғалдылықпен, суда еритін тұздардың және айқын көрінетін карбонаттық қабаттың болуымен сипатталады.

Түйір өлшемдік (гранулометрический) құрамында шаң аралас бөлшектері бар микро құрылымның жоғары дәрежесі жоғары ылғал сақтағыштығымен, жақсы су өткізгіштігімен және ылғалдың жылжуының жоғары жылдамдығында көрінетін судың қасиеттерін анықтап береді.

Ашық сұр топырақта ылғалдың жылжу жылдамдығы Орта Азияның басқа жерлеріне қарағанда жоғары болып келеді.

Ашық сұр топырақ ерекшеліктеріне қарашіріндінің аз болуы, карбонат мөлшерінің жоғарылығы, сіңіру көлемінің төмендігін атап өтуге болады.

Мақтарал ауданында орналасқан Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының мәліметтері бойынша ашық сұр топырақ құрамындағы қарашірінді жоғарғы (0-10 см) топырақ қабатында 0,8-ден 1,2 %-ға, ал төменгі қабаттарда 0,2-0,3%-аралағында болады. Тың жерлердегі сұр топырақ құрамындағы жалпы азоттың мөлшері 0,05-0,20%, P_2O_5 - 0,2%, K_2O - 2-3%-ды құрайды. Мақта егілетін суармалы ашық сұр топырақта қарашіріндінің мөлшері 0,45-тен 0,76%-ға дейін, азоттың мөлшері 0,029-дан 0,053%-ға дейін төмендейді. Топырақтағы фосфордың жылжымалы түрлері 10,2-ден 33,1мг/кг-ға дейін және калий -180-нен 350 мг/кг-ға дейін кездеседі. Топырақтың көлем салмағы әр аймақтарда 1,20-1,55 г/см³-қа дейін өзгеріп отырады (Сурет 1) [3].



Сурет 1. Топырақ құрамын анықтау

Сұр топыраққа тән ерекшеліктердің бірі - топырақты құрайтын жыныстардың көмірқышқыл, тұздармен, көбірек кальциймен толығуы нәтижесінде оның жоғары карбонаттығы болып табылады. Сұр топырақтың микроагрегаттарының түзілуінде сіңірілген қосылыстар маңызды рөл ойнайды.

Сұр топырақ құрамындағы карбонат мөлшері 7,8%-дан (жоғарғы қабатында) 10,0%-ға дейін (терең қабатында) кездеседі. Карбонат құрамында $CaCO_3$ басым болады. Әдетте, $MgCO_3$ карбонаттың жалпы мөлшерінің 10%-нан аспайды.

Жерді суару суда еритін тұздарды шайып кетеді, бұл өз кезегінде карбонат және гипс қабатының пайда болуына алып келеді.

Мырзашөл өңірінің аумағында сортанданудың дерлік барлық түрі кездеседі, ал Оңтүстік Қазақстан аумағында екінші дәрежелі сортандану ерекше дамыған, мұның себебі минералды жер асты суларының жер бетіне жақын жайласуы болып табылады. Алқаптық тәжірибелер сазды жерлерде таралған ашық сұр топырақта жүргізілді, олар орташа сазды, құмдауыт түйір өлшем құрамы басым болады. Қарашіріндінің мөлшері жоғарғы қабатта 0,880 %, карбонаттың мөлшері 6,2%, ортаңғы қабатта 7,9% құрады. Жалпы азоттың мөлшері жыртылатын қабатта 0-30см 0,072%, фосфор 0,129%, жылжымалы фосфордың мөлшері 25,7 мг/кг, калий 322 мг/кг болады, бұл олардың орташа және жоғары дәрежеде қамтылғанын көрсетеді. Сұр топырақтың көрінісі бойынша топырақта кремний кремнезем және жартылай тотығулардың таралуы анықталмады.

Ортаның реакциясы сілтілік, рН 7,0. Сіңіру көлемі 9-10 мг-экв, оңтүстіктің ашық сұр топырағының сіңіруінде кальцийдің үлесі 65-79%, магний- 15-23 %-ды құрайды. Терендеген сайын кальций мөлшері төмендеп, магнийдің мөлшері артады. Сіңірілген калий мен натрийдің катиондарының мөлшері 5-10 %-ды құрайды.

Тәжірибелік алқап топырағының мелиоративтік жағдайы төмен және орташа сортаңдаған, сортаңдану түрі хлоридті-сульфатты, жер асты суларының деңгейі 1,5-2,0 м (Сурет 2).



Сурет 2. Топырақ ылғалдылығы мен тұздылығын анықтау

Сондай-ақ топырақ сортаңдануы көлемді аймақтарда тұзды тұнбалы жыныстарынан да пайда болады. Теңіздегі бұл тұнбалар жер бетіне жақын жайласқан жағдайда немесе сортаңданбаған қабаты шайылып кетіп, ашылып қалғанда тау бөктеріндегі топырақтың және жер асты суларының сорлануының негізгі көзінің біріне айналады. Топырақ сортаңдануының артуы мұнда сол шөгінділердегі тұздардың еңіс бойлап жер асты және жер үсті суларымен төмен қарай жылуы есебінен болады [4].

Егістікті суару үшін Сырдария өзенінің суы пайдаланылады. Ол сулар егістікке үлкен арық арқылы келеді, одан егістікке келетін кіші арықтарға құйылады, осылайша кейін егістікті суару жұмыстары жүргізіледі. Табиғи аймақтың топырақ – климат жағдайлары дәнді дақылдарды, мал азықтық өсімдіктердің, өндіріске қажетті техникалық дақылдарды суармалы жерлерде өсіруге қолайлы.

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ энциклопедиясы VI-том.

2 Массальский В.И. Голодная степь // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). – СПб., 1890-1907.

3 Бейбит Койшыбай. Казахская земля до сих пор разменная монета властей.

4 Федор Раззаков. Коррупция в Политбюро: Дело «красного узбека» Глава 10. «Догнать и перегнать!»

КОНЦЕПЦИЯ РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОЙ ОТРАСЛИ ДО 2023 ГОДА КАК ВАЖНЫЙ ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ВНУТРЕННЕГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

*Садыков Ж.А., докторант
Международный университет Кыргызстана,
г. Бишкек, Кыргызская Республика*

Аңдатпа: Мақалада 2023 жылға негізделген туристік саланы дамуының тұжырымдамасында ішкі туризмнің бағыттары қарастырылған. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы алты негізгі кластердің туризм инновациялық жағдайының дамуын талқылаған.

Кілтті сөздер: ішкі туризм, тұжырымдама, кластер, туристік өнім

Annotation: In the article features of the development of domestic tourism in accordance with the Concept of the development of the tourist industry until 2023 are considered. Attention is paid to the importance of innovation in tourism, the relationship between the cluster approaches, and the allocation of six major clusters in Kazakhstan.

Keywords: domestic tourism, in concept, a cluster, a tourism product

В 2017 году Комитетом индустрии туризма была разработана Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2023 года. По словам министра Арыстанбека Мухамедиулы, концепция развития туристской отрасли предусматривает, что потенциальными рынками сбыта туристских услуг будут Россия, Китай, Турция, Иран, Индия, страны Персидского залива и небольшая доля развитых стран. «Это те страны, которые находятся в радиусе 4-5 часов полета от Казахстана», - подчеркнул он. Обновленной концепцией предусмотрено развитие перспективных для Казахстана видов туризма: культурно-познавательный и этнографический туризм, событийный, детско-юношеский, медицинский, кемпинговый, автотуризм, охотничье-трофейный и спортивный туризм [1].

Хочу особо остановиться на культурно-познавательном и этнографическом виде туризма. В настоящее время в отрасли разрабатывается новый туристский продукт под названием „Сакральная география Казахстана“. Министерством в данном направлении проводится широкомасштабная работа. Составлен предварительный список макросакральных объектов, рабочая Карта, где по каждому региону определено порядка 5-10 объектов. На сегодняшний день в предварительный список вошло более 100 объектов. Совместно с регионами ведется сбор информации по формированию списка микросакральных объектов, который на данный момент составляет 500 объектов», - уточнил Арыстанбек Мухамедиулы.

В 2018 году для реализации проекта Министерством планируется проведение научно-исследовательских и полевых экспедиций по шести направлениям (Южный, Северный, Восточный, Западный, Центральный и Юго-Восточный Казахстан) страны, включая особо охраняемые природные территории Национальных парков, заказников, труднодоступные места.

«Учитывая приоритеты Концепции культурной политики Республики Казахстан, утвержденной указом главы государства, а также в рамках реализации 86 шага Плана нации пересмотрены туристские кластера, изменены их наименования, добавлен шестой кластер», - добавил Арыстанбек Мухамедиулы.

Кластер «Астана» разделен на два культурно-туристских кластера:

1) «Астана - сердце Евразии» включает город Астану;

2) В кластер «Единство природы и кочевой культуры» вошли ключевые места туристского интереса, а также добавлены следующие туристские объекты: Улытауский государственный природный заповедник зоологический), Северное Прибалхашье.

В кластер «Алматы - свободная культурная зона Казахстана» добавлены международный туристский центр «Акбулак», Жонгар-Алатауский национальный парк, «Көлсай көлдері», бальнеологическая курортная зона «Кара Дала», Пик «Хан Тенгри».

В кластер «Возрождение Великого Шелкового пути» добавлены Аксу-Джабаглинский государственный природный заповедник, горный курорт «Каскасу».

К основным туристским продуктам, которые будут разработаны в кластере «Каспийские ворота» (Мангистаускую область и часть Западно-Казахстанской и Атырауской областей) относятся пляжный туризм, культурный туризм и турне.



Рисунок 1. Перспективные туристские кластеры страны
Примечание - составлено автором на основе источника [1]

Кластер «Жемчужина Алтая» (северные и восточные части Восточно-Казахстанской области) будет позиционироваться как «Мир чудес природы» и являться центром развития экологического туризма [2].

«В целях дальнейшего развития отрасли туризма нам необходимо решать административные барьеры. Нами подписаны ADS Меморандумы с Китайской Народной Республикой и Ираном. Считаем целесообразным продолжить подписание подобных документов в первую очередь с приоритетными для Казахстана рынками. Также необходимо продолжить работу по внедрению безвизового режима, электронных виз, электронных гейтов и др. (опыт Малайзии). Кроме этого, в пилотном режиме на период проведения ЭКСПО-2017 запущен проект для граждан Китая, следующих транзитом Казахстанскими авиакомпаниями через международные аэропорты городов Астаны и Алматы, действует 72-часовой безвизовый режим въезда, пребывания и выезда из Казахстана в период с 00.00 часов 9 июня до 23.59 часов 12 сентября 2017 года», - рассказал министр. Проект Концепции одобрил премьер-министр Бакытжан Сагинтаев.

«В целом проект обновленной концепции несколько раз в правительстве и сообществе туристских ассоциаций рассматривался. Считаю, что в достаточной мере проработано и то, что сегодня у нас присутствует Генеральный секретарь Всемирной туристской ассоциации, что тоже говорит о том, насколько серьезно подходим к развитию туристской отрасли. Тем более мы в своей программе в стратегическом плане учитываем, что один из драйверов роста экономики будет у нас туризм. Это амбициозная задача, вызов для Правительства. Мы должны работать все вместе, здесь в одиночку переложить на плечи министерства культуры и спорта будет неправильно. Поэтому генеральный секретарь Всемирной туристской ассоциации говорил, три направления в этом вопросе. Легализация визово-миграционной работы, то что сделано мы сегодня видим — безвизовый режим для граждан Китая, рост есть. „Открытое небо“ — за последние несколько недель к нам начали приезжать из Венгрии, Польши, дополнительно Армения, Грузия. Растет конкуренция между компаниями. Продвижение, маркетинг в этой сфере», - выразил свое мнение Бакытжан Сагинтаев.

В рамках развития имиджевой стратегии будут пересмотрены подходы к продвижению казахстанского турпродукта за рубежом посредством разработки единого национального бренда. Кроме того, создана организация по управлению и маркетингу дестинаций. Важность туризма и огромный прогресс Казахстана за последние 10 лет отметил в своем выступлении генеральный секретарь Всемирной туристской организации Талех Рифаи. У вас огромный потенциал, и нужно его максимально использовать, — отметил он, предложив продолжить совершенствование визовой политики, либерализацию законодательства и принятие мер по продвижению странового бренда. Мы поддерживаем концепцию электронной визы, это безопасно и удобно. Нужно сделать так, чтобы приезд в Казахстан не сопрягался с трудностями. Важно инвестировать в маркетинг и, конечно, обучать персонал. Мы полны решимости поддерживать Казахстан, чтобы он стал лучшим туристским направлением в мире. Уникальных мест в Казахстане действительно немало. Но не везде есть необходимая инфраструктура. Впрочем, ситуация постепенно меняется. Так, по словам акима Восточно-Казахстанской области Даниала

Ахметова, на развитие кластера вокруг Алаколя в 2017 году было выделено около 2 млрд. тенге, из них 1 400 млн. – на реконструкцию дорог, в том числе от станции Достык до поселка Кабанбай.



Рисунок 2. Потенциал туризма РК
 Примечание - составлено автором на основе источника [1]

Однако Премьер-министр напомнил о сказанных им в мае словах о неготовности пансионатов Алаколя к приему гостей. Потенциал Алаколя большой, в сезон озеро и его окрестности способны принять до 2 миллионов туристов. Мы окажем поддержку по инфраструктурной части, если понадобится, но предприниматели должны оказывать услуги на высшем уровне, – потребовал Бакытжан Сагинтаев [3].

Благодаря празднованию 1000-летия и проведению Всемирной зимней Универсиады повысилась узнаваемость Алматы. Утвержден слоган: «Алматы – город тысячи красок». Функционируют 166 гостиниц, более 2 тыс. ресторанов, 19 театров, 20 музеев, 14 художественных галерей и выставок, 569 туристских организаций.

В городе развиваются медицинский, спортивный, событийный, культурно-познавательный, экологический, деловой, гастрономический и шопинг-туризм. Каждый третий казахстанец, получивший лечение в республике, поправлял здоровье в Алматы. До 10 тысяч человек ежедневно в сезон посещают Медеу и Шымбулак, - рассказал аким Алматы Бауыржан Байбек.

Между тем только алматинцы ежегодно тратят на лечение за рубежом более 500 млн долларов. Город нуждается в дополнительных курортах. К слову, горнолыжный туризм приносит в 5 раз больше доходов, чем пляжный. Включить развлекательно-туристскую зону «Байконур», которую планируется развивать по примеру американского мыса Канаверал, в план мероприятий по реализации концепции попросил аким Кызылординской области Крымбек Кушербаев. Присутствие на заседании генерального секретаря Всемирной туристской организации говорит о том, что мы серьезно подходим к развитию туристской отрасли. В стратегическом плане учитываем туризм в качестве одного из драйверов роста. Это амбициозная задача, вызов для Правительства. И мы должны работать все вместе, сообща, – сказал, резюмируя итоги обсуждения, Бакытжан Сагинтаев. Правительство РК продолжит работу по либерализации визово-миграционной политики и развитию воздушных сообщений. На сегодня уже до 63 государств расширен перечень стран для безвизового въезда, действует 72-часовой безвизовый режим для граждан КНР и режим «открытого неба» в аэропорту Астаны. Вместе с тем предстоит решить вопросы по ускоренной процедуре регистрации иностранцев в миграционной полиции, внедрению электронных виз, диверсификации воздушных сообщений. По поручению Премьер-министра Министерство культуры и спорта должно разработать эффективную модель маркетинга отечественных турпродуктов, в том числе путем создания собственного бренда и продвижения туристского потенциала страны на международной арене [4].

Список литературы:

1 Концепция развития туристской отрасли до 2023 года. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2017 года №406.

2 Официальный сайт комитета индустрии туризма http://mks.gov.kz/rus/informery/komitety/komitet_industrii_turizma

3 http://astana-tourism.kz/news/news_post/prezentovana-kontseptsiya-razvitiya-turistskoy-otrasli-respubliki-kazakhstan-do-2023-goda

4 http://www.inform.kz/ru/pravitel-stvo-odobrilo-koncepciyu-razvitiya-turizma-v-kazahstane_a3039966

ДОСТОПРИМИЧАТЕЛЬНОСТИ ГОРОДА АЛМАТЫ

*Мамирова К.Н., к.п.н., и.о. профессора,
Талышинская И.Ф., 1-курс,
КазГосЖенПУ, г.Алматы, Казахстан*

Аңдатпа: мақалада Алматы қаласының тарихи, мәдени және рухани ескерткіштері жайлы материал қарастырылған. Ескерткіштерді сипаттау барысында қазақ халқының салт-дәстүрі және әдет ғұрыптары айқындалған.

Кілтті сөздер: қаланың көрнекті орындары, естелік рәміздері, кесенелер, мүсіндер, археологиялық парк-резерв

Annotation: in the article the historical, Cultural and spiritual shrines of the city of Almaty are are considered. On the basis of the characterics of sacred places, the traditions and rituals of the Kazakh people.

Keywords: Sights Of the City, symbols of memoru, mausoleums, monuments stells, rchaeological park-reserve

Батыра — мавзолей поставленный в честь великого казахского батыра, сражавшегося за свободу казахов от джунгарских захватчиков, он расположен в городе Алматы вдоль одноименного проспекта Райымбека.

В 1994 г., благодаря инициативе историко-этнографического общества «Райымбек», на месте захоронения известного батыра появился величественный мавзолей. Мавзолей размещается на видном месте, оригинально оформлен, со всех сторон имеет ограждение. При попытке сноса в 1960 году мусульманского кладбища, находящегося на месте нынешнего мавзолея, вся строительная техника выходила из строя, что послужило причиной появления предания о сакральной особенности захоронения.



Рис.1 – мавзолей Райымбек Батыра

Рядом с мавзолеем установлена статуя лежащего верблюда. Памятник имеет необычную форму, в виде остrokонечного шатра с полумесяцем на вершине, внутри которого находится саркофаг с прахом великого героя. Так же на территории мавзолея расположен источник с водой, и помещение для совершения молитв. Возле мавзолея символический Коран, выполненный из черного мрамора, где люди могут совершать поклонение.

Как говорится в легенде, Райымбек Батыр перед смертью собрал всех соратников и близких людей и сказал: «В случае моей смерти заверните мое тело в кошму, погрузите на белого верблюда, и где возляжет верблюд, там и схороните меня». На том месте, где верблюд остановился, воздвигнут мавзолей со

скульптурой белого верблюда. С тех пор в народе, это место считается святым, люди приезжают с разных частей Казахстана и всего мира, прося благословения у мавзолея. Мавзолей Раимбека Батыра – это одна из достопримечательностей города Алматы. Музей посвящен храброму батыру, жившему в средние века, принимавшему участие в боях против джунгар. Казахский батыр получил известность благодаря хорошей тактике ведения боя и победе над Джунгарским ханством. Легендарный полководец и вождь прожил достойную жизнь. Он был похоронен с почестями возле города Алматы. Согласно одной из легенд, старец, предчувствуя свою кончину, в завещании велел посадить его на верблюда и упокоить там, где животное, обессилев, остановится. Именно поэтому перед стелой сегодня можно увидеть каменное изваяние верблюда. Позже захоронение вошло в восточные границы города.

Монумент Независимости Казахстана — памятник на Площади Республики города Алма-Аты, основным мотивом которого является изображение Золотого человека. Он является символом современного Казахстана.




Рис.2 – Монумент Независимости

Монумент Независимости был открыт на Площади Республики 16 декабря 1996 года по указу Президента РК Нурсултана Абишевича Назарбаева. Руководителем авторской группы стал заслуженный архитектор республики, потомок Чокана Валиханова Шота Валиханов. Экспозиция комплекса растянута горизонтально на 180 метров. Центром композиции является вертикальная пластическая стелла, напоминающая рельефные мангышлакские кулпытасы, и имеет высоту 28 метров. Она завершается «Золотым человеком» — правителем, который стоя управляет крылатым барсом и символизирует твердую государственную власть на казахстанской земле. Стелла установлена на полукруглом постаменте, который размещен в центре замощенной круглой площадки. Стелла закрепляет определенную точку в пространстве, располагаясь на фоне двух высотных зданий. У подножья стеллы, на стилобате размещена скульптурная группа, состоящая из аллегорических фигур «Мудреца — неба», «Матери -земли» и двух детей на жеребятках. Фигуры размещены по четырём сторонам света, откуда поступает живительная влага, делающая землю плодоносящей. Дети-всадники символизируют молодость и большое будущее нашей республики. С другой стороны, отец, мать и дети составляют семью — основу государства. Эти фигуры вписываются в квадрат, олицетворяющий устойчивость и прочность. По обеим сторонам стелы подковообразно, по кругу, размещены 10 барельефов, которые раскрывают историю Казахстана с древнейших времен до наших дней. Шестиметровая фигура «Золотого человека», изображенного в виде правителя, который управляет крылатым барсом, является символом крепкой власти в стране.

Вознесенский собор в городе Алма-Ате – один из кафедральных соборных храмов. Он находится на территории парка имени 28 гвардейцев-панфиловцев. Памятник деревянного зодчества; образец сейсмостойкого сооружения. Включён в список памятников истории и культуры Казахстана республиканского значения.



Рис.3 - Вознесенский собор

Оно было построено целиком из деревянных деталей, соединённых друг с другом металлическими крепёжными изделиями. «При грандиозной высоте,— писал Зенков о соборе, — он представлял собою очень гибкую конструкцию. Колокольня его качалась и гнулась, как вершина высокого дерева и работала, как гибкий брус». Землетрясение 1910 года, которое весь одноэтажный Верный превратило в развалины, словно обошло стороной творение Андрея Зенкова — второе по высоте деревянное здание в мире.

Отличительной чертой этого деревянного строения является то, что оно было возведено по уникальной старинной технологии – практически без гвоздей. Пятиглавый и трехпрядельный собор с пристроенной колокольней вошел в восьмерку самых высоких зданий мира, полностью возведенных из дерева.

Высочайший, многоглавый, узорчатый, разноцветный, с хитрыми карнизами, с гофрированным железом крыш. С колокольней, с лестницей – с целой системой лестниц, переходов, галерей. В нем как в культовом учреждении размещались: Центральная радиостанция, Центральный музей Казахстана, Музей истории архитектуры города Алматы, Дирекция художественных выставок и Общество охраны памятников, Концертно-выставочный зал. Ныне – это Кафедральный собор епархии, в котором проходят богослужения.

Археологический парк-заповедник Боралдайские сакские курганы



Рис.4 - Боралдайские сакские курганы

Боралдайский курганный некрополь - исторический сакральный памятник в Алматы. Сейчас он привлекает как казахстанских, так и иностранных туристов. Сакские курганы - единственный сохранившийся на территории Алматы памятник раннего железного века. Он находится в Алатауском районе города, между реками Большая Алматинка и Боралдай, недалеко от одноименного аэропорта. «Боралдайский курганный некрополь - это важный исторический памятник, о котором долгое время даже не подозревали. Сейчас проводятся работы по восстановлению и сохранению курганов, субботники и общественные работы. Специалисты утверждают, что сакские курганы могут стать аналогом.

Долины пирамид для кочевой культуры. Археологи ведут научно-исследовательские работы и планируют занесение данного памятника в список объектов всемирного наследия ЮНЕСКО. Главной целью специалистов является сохранение некрополя и создание музея. В Боралдае не проводятся археологические раскопки, часть парка исследована с помощью геомагнитного сканирования. Этот метод позволяет изучать пространство и предметы под слоем почвы, не проводя раскопок. В результате исследований в 2015 году были найдены не только погребальные, но и жилые конструкции. Археологи также утверждают, что курганы с каменными кольцами вокруг них представляли из себя сакский храм. До 1960 года никаких сведений о Боралдайских курганах в научной литературе не встречалось. Их исследованием начали заниматься только в последнее время. В 70-е годы эта территория использовалась в качестве сельхозугодий. Только в 2006 году решением властей города она стала охраняемым памятником и была передана Музеем истории города Алматы для создания музея под открытым небом «Боралдайские сакские курганы». Он будет включать в себя археологический парк и этнопарк «Памятники кочевой архитектуры и быта казахского народа». Удивительно, но за годы роста и развития крупнейшего мегаполиса Казахстана каким-то образом сохранился культурный и природный ландшафт на территории площадью в 430 гектаров. В состав могильника, датированного VIII-III веками до нашей эры, входят 47 курганов, 20 из которых считаются достаточно крупными. По предположению ученых, эти курганы являлись захоронениями сакской и усуньской элиты. Ряд курганов диаметром 80-159 м и высотой 10-14 м позволяет характеризовать его как династийный царский погребальный комплекс. В мире существует всего 80 курганов того периода, более половины из которых найдены именно в Алматы.

Список литературы:

- 1 Манбетеев У. «Мавзолей Райымбек Батыр». - А., 2003.
- 2 www.visitalmaty.kz Памятник Райымбек батыр.
- 3 <https://open-almaty.kz> – Монумент Независимости.
- 4 Информация из книги Н.А. Назарбаева о монументе Независимости.
- 5 Вознесенский собор <https://ru.m.wikipedia.org>
- 6 Роман Ю. Домбровского «Хранитель древностей» - А., 2001.
- 7 www.inform.kz Боралдайские сакские курганы.

ГЕОГРАФИЯ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЕҢ ТАНЫМАЛ АДАМЫ – Ә.С. БЕЙСЕНОВА («Мамандығым мақтанышым» аясындағы тәрбие сағаты мысалында)

Б.Қожаназарова, «География-тарих» мамандығы, 3 курс
Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доцент
Абай атындағы ҚазҰПУ

Биылғы оқу жылы, мектепте пед.практикадан өту барысында, біздерге жетекшілікке бекітіліп берілген сынып оқушыларымен «Менің өңірімнің үздік адамы» тақырыбына тәрбие сағатын өткізуге тапсырма берілді. Осыған байланысты оқу тобымызға практика жетекшісі болып тағайындалған Т.О. Увалиев ағай, бұл іс-шараны география пәнімен байланысты өткізуге ақыл-кеңес берді, яғни еліміздегі жағрапия ғылымының қалыптасып дамуына айтулы үлес қосқан танымал тұлғалармен оқушыларды таныстыруды біздерге қосымша міндеттеді. Талғат ағайымыз осылайша, олардың танымдық қабілетін жетілдіру және пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы, оқушыларға кәсіби бағдар беру мен мамандық таңдау мәселелерін көтерудің қажеттігін ұғындырды. Өз кезегінде ол, бұл сынып сағатын «Мамандығым мақтанышым» айдары бойынша өткізуді ұсынып, біздің оқу тобымыздағы практикант-студенттерге, Қазақстанның география ғылымы мен біліміне қомақты еңбек сіңірген бірнеше ғибратты (Ш.Уәлихановтан бастап Сәтбаев Қ.И., Машанов А.Ж., Бейсенова А.С., Қоңқашбаев Ғ.Қ., Ярмухамедов М.Ш., т.б.) отандық ғалымдарды ұсынды. Мен осылардың ішінен академик Ә.С. Бейсенованы таңдадым, өйткені Әлия апай біздің ЖОО түлегі және әлі күнге дейін студент-магистрант-докторанттарға дәріс оқып, оқу процесінен қол үзбей жүрген өзінің ұстаздық қызметіне аса берілген жан.

Енді осы тәрбие сағатының барысына, ең алдымен оның мақсат-міндеттеріне және оның ғылыми-шығармашылық, оқу-ағарту, тәлім-тәрбиелік, т.б. сан қырлы жақтарына тоқталу арқылы, оның мазмұнын баяндауға келсек:

Тәрбие сағатының тақырыбын келесі атаумен: «География мамандығының ең танымал адамы – Әлия Бейсенова» деп атадық.

Мақсаты: Оқушылардың география ғылымынан шыққан ең үздік адамдарын танып білуі. Оларды тақырыбымызға сәйкес Әлия Бейсенованың өмір жолымен және шығармашылығымен таныстыру.

Міндеттері: Оқушылардың осы мамандықтан шыққан ең танымал адамдарды біліп құрметтеуі. Олардың осы география ғылымының үздік адамдарының бірі болуға талпынуға ықпал жасау.

Көрнекі құралдары: оқулықтар, ғылыми әдебиеттер, мерзімді баспасөз туындылары, дәптер және т.б.

Шаттық шеңбері: Оқушылар шеңбер құрып тұрады, бір-бірімен сәлемдеседі. Оларға шаттық шеңбер аясында өздерінің үлгі тұтатын отандық ғалымдарды, яғни ұлы тұлғаларды айтуларын ұсынамын.

Сәлеметсіздер ме балалар!

Сабақ тақырыбымен байланыстыру мақсатында оқушыларға сұрақ қоямын:

1. Ғылым саласынан, оның ішінде география ғылымының үздік адамдары дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Жаратылыстану ғылымдары бойынша ең танымал ғалымдарды атап көрейік, кім көп біледі екен?
3. Сен осындай үздік адам болғың келе ме? Сен ол үшін қандай еңбектер істер едің?

Енді біз тікелей тәрбие сағатына көшеміз, таңдаған тақырыбымыз бойынша географияның ең танымал ғалымы: Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының, жаратылыстану ғылымдары бойынша Қ.И.Сәтбаев және Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтардың иегері, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі және басқа да бірнеше салалық академиялардың мүшесі, география ғылымдарының докторы, профессор Бейсенова Ә.С. Осы сабағымыздың мазмұнының арқауы – Әлия Сәрсенқызының құндылықтарға өте толы, өрелі еңбегі мен өнегелі өмір жолы жайлы баяндеректер. Ал өз кезегінде Ә.С.Бейсенова, өзінің нағыз кемелденген шағын зор жетістіктермен, шығармашылық шабытпенен және жаңа жасампаз идеяларымен қарсы алып отыр. Бүкіл саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнап келе жатқан құрметті ұстаз, әрі ірі ұйымдастырушы, «қарт ҚазПИ-дің» түлегі және оның аса көрнекті де талантты өкілдерінің арасынан айрықша дараланып көзге түсетін зерделі ғалым, академик апайымыз келесі наурыз айында 86 жасқа толады. Әдетте ғылым жолында үлкен жетістіктерге жеткен және ғылыми-әдіснамалық жұмыстарға аса жетік білгір адамға ғана берілетін академик деген мәртебелі атақ ұлағатты ұстаздықпен қатар келген, әмбебап ғалым әрі әдіскер, болмысындағы табиғи дарын мен қажырлы еңбек егіз ұштасқан, отандық экология және география ғылымдарының көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосушы ғалымдардың бірегейі – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі Әлия Сәрсенқызын бүгінде бүкіл еліміз айрықша мақтанышпен айтады.

Академик Бейсенова Ә.С. – жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарды бір-бірімен ұштастырып отырған қазіргі география ғылымының жекелеген салаларымен қатар, онымен тікелей байланысты: экология, экономика, туризм бағыттарының қалыптасуына үлкен үлес қосқан, әрі олардың өркендеп дамуы жолына да зор еңбек сіңірген, алыс және жақын шетелдерге аса танымал ғалым. Еліміздің ертеңін әріден ойлай, әрі оның болашағын алыстан болжай отырып, экономиканың тың туризм саласын дамыту ісіне және туған жеріміздің экологиялық жағдайына алаңдаған ол – осынау өзекті проблемаларды шешу мәселесін Қазақстан, қала берді бүткіл Орта Азия республикалары бойынша көтерген тұңғыш ғалым-географ. Ең алдымен бұл көкейкесті мәселені жүзеге асырудың өзегі, оларға қажетті кадрлар даярлау ісі деп түйген Әлия Сәрсенқызы, уақыт оздырмай экология мен туризм салалары үшін білікті мамандар дайындау ісіне белсене кіріседі.

Мұның айғағы, Ә.С.Бейсенованың бастамасымен және тікелей ұйымдастыруымен біздің оқу орнымызда сонау 1980-1990 жылдардың тоғысында-ақ «Туризм», «Экология», «Халықаралық туризм» мамандықтары мен «География» мамандығы аясында «География және экология», «География және экономика негіздері», «География және туризм» мамандандыруларының ашылуы арқылы жоғарыда аталған аса зәру мамандықтар мен қосымша мамандандырулар негізінде сол кезде-ақ еліміз үшін таза эколог және туризм мамандары мен олармен шектес қосарлы мамандықтар бойынша педагог-кадрлар даярлау басталған еді. Осыған орай, Ә.С.Бейсенованың жетекшілігімен олардың негіздемелік құжаттары, оқу жоспарлары мен типтік бағдарламалары түзіліп жасалды. Бұларға қатысты тың пәндер мен жаңа арнаулы курстар аталмыш мамандықтардың оқу жоспарларына енгізіліп және олардың жоғары оқу орындарына арналған, әсіресе төл тіліміздегі оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдары жарыққа шығарыла бастады. Бұл бағыттағы осы ұлағатты іс күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып, жыл сайын оларды жүзден астам жас мамандар бітіруде. Сол кездері факультет деканы болған профессор Әлия

Сәрсенқызының басшылығымен осы мамандықтар мен оның қосымша мамандандырулары бағыттары бойынша маман-кадрларды бейінді дайындау мақсатында жаңа кафедралар («Туризм», «Экология», «Елтану және әлеуметтік-экономикалық география», т.б.) мен зертханалар («Ландшафттар экологиясы», «Жер қойнауын қорғау», т.б.) мен орталықтар («Гид-экскурсоводтар даярлау», т.б.) құрылып, олар тиісінше білікті ғалымдармен және тәжірибелі оқытушылармен жасақталды.

Ендігі жерде академик Ә.С.Бейсенованың өмірбаянына қысқаша шолу жасасақ, ол – 1932 жылдың 25 наурызында Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Көнек деген жерінде дүниеге келген. 1954 жылы Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының география факультетін үздік бітірген. Ол жоғарыда аталған ҚР ҰҒА-ның академигімен (2003) қатар, Қазақстанның «Экология» Халық академиясының академигі (1995), Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі (1996), Қазақстанның білім академиясының академигі (2005), «Қазақстанның жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер» және т.б. құрметті атақтардың иегері атанды. Сонымен қатар, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (2001) және «Қазақстан Республикасының атластық картографиялануы» саласындағы ғылыми жұмыстар топтамасы үшін ҚР ғылым мен техника саласындағы 2013 жылғы мемлекеттік сыйлығының иегері. Ал 2017 жылы жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулері үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлық берілді. Ол 600-ден астам ғылыми еңбек жазған, оның ішінде монографиялары, оқулықтары мен оқу құралдарының өзі 70-тен асады.

Алпыс жылдан астам уақыттан бері Ә.С.Бейсенова – Қазақстан табиғатын зерттеудің тарихымен шұғылданып келеді. Осы тақырыпта кандидаттық (Мәскеу, 1967), докторлық (Баку, 1984) диссертациялар қорғаған, «Қазақстан табиғатын қорғау» (1979), «Қазақстанды физикалық-географиялық тұрғыда зерттеу» (1982), «Алғашқы зерттеушілер» (1987), «Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық-географиялық идеялардың дамуы» (1989), «Қазақстандағы географиялық зерттеулердің тарихи негізі» (2001) атты және т.б. монографиялары жариялаған. Бұл еңбектерде Ә.С.Бейсенова Қазақстан табиғатын зерттеуді тарихи кезеңдер арқылы қарастырып, көне заманнан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі табиғаттанудың ұзақ шежіресін жасады. Ол табиғат зерттеу тарихының бүгінгі заман үшін, әсіресе егемендік алған еліміздің табиғи ресурстарын пайдаланудың жолдарын іздестірудегі маңызы мен оның өзектілігін атап көрсетті. Бұл зерттеулер көне дәуір мен орта ғасырлардағы Қазақстан туралы мәліметтерді, Батыс пен Шығыс елдерін жалғастырған алғашқы саяхатшылардың Қазақстан жеріне келуінен қалған деректерді, орыс және қазақ қарым-қатынастары басталған кезден бергі орыс тарихнамасында Қазақстан табиғаты жайлы жиналған материалдарды, қазақ жерінің Ресей империясына бодан болуынан басталған экспедициялардың жұмыстарын жан-жақты қарастырады.

Ә.С.Бейсенованың бұл саладағы еңбектерін, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының ғалымдары: Н.А.Гвоздецкий, Ф.Н.Мильков, А.И.Соловьев, Н.Г.Фрадкин, В.А.Есаков, О.Р.Назаревский, А.И.Федосеев, М.А.Мусейбов, Б.А.Будагов, Н.А.Когай, З.М.Акрамов, К.О.Отарбаев, тағы басқалар мен Қазақстан ғалымдары: Г.Г.Муравлев, Н.М.Щукина, А.П.Горбунов, Б.Я.Двоскин, Н.К.Мукитанов, Б.С.Сүлейменов, В.Я.Басин және тағы да басқалары жоғары бағалап, өз ой-пікірлерін жазған. Ә.С.Бейсенова география ғылымы үшін жас ғалым кадрларды тәрбиелеу ісіне де белсене атсалысуда. Ол магистранттар мен докторанттардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етуде. Оның ғылыми жетекшілігімен бірнеше докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалған. Ол – ұзақ жылдар бойы ҚР Жоғарғы Аттестациялық комитеті сараптау кеңесінің мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жанындағы және ҚР БҒМ-нің География институтындағы диссертациялық кеңестердің мүшесі болды.

Қазақстан табиғатын және оның тарихын зерттеу, оның бұрынғы жағдайларын бүгінгі күйімен салыстыра қарау, Әлия Сәрсенқызын Қазақстан экологиясының мәселелерімен қатар туристік-өлкетану жұмыстарыменен шұғылдануға да алып келді. Оның ғылыми-шығармашылық қызметі еліміздегі министрліктер, әкімдіктер, экологиялық және географиялық бағыттағы ғылыми мекемелермен тығыз қарым-қатынаста өрбіп келеді, көптеген іргелі зерттеулері олардың жоспарларына енген, әрі олардың жұмыстарын сараптау ісіне қатысуда. Ол, сол кездегі «Геология және жер қойнауын қорғау», «Экология және табиғатты қорғау» министрліктерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеді. Оның басқаруымен Білім және ғылым министрлігіне қарасты География институтының жоспары бойынша «Экологиялық тұрақсыз аудандардың ландшафты мен олардың ресурстық мүмкіндігін бағалау», «Қазақстан Республикасы тұрақты дамуының географиялық негіздері» атты ірі зерттеулер жүргізілді. 2006 жылы ҚР айнала қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен ҚР ғылым және білім министрлігінің География институты бірлесіп Ә.С.Бейсенованың қатысуымен үш томдық Қазақстанның Ұлттық атласын жасап шығарды. Ол – «ҚР тұрақты дамуының географиялық негіздері», «Шөлді ландшафтардың техногенді әсерден өзгеру заңдылықтарын экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тұрақты даму стратегиясын қамтамасыз ету үшін зерттеу» атты және т.б. іргелі зерттеу бағдарламасына қатысқан, қазір де «ҚР

туристік кластерді қалыптастыру» мәселелері мен «Еліміздегі моноқалалар дамуының экологиялық-географиялық аспектілері» бағытында үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыруда. Әрі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің география факультеттерінде дәріс оқып, олардағы іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарына да атсалысуда.

Бейсенова Ә.С. жастайынан бастап қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысып келеді. Ол бүкілодақтық географиялық қоғамның тексеру комиссиясының мүшесі болған, Қазақстан географиялық қоғамының төралқа мүшесі болып сайланған. Қазақ энциклопедиясының география жөніндегі редакциялық кеңесінің мүшесі болды, Ұлттық Білім академиясының география жөніндегі оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы, 1998-2008 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Отбасы және әйелдер істері жөніндегі» ұлттық комиссиясының мүшесі болды, қазір осы комиссияның Алматы қалалық бөлімінің мүшесі. Кезінде ел астанасын Ақмолаға көшіру мәселесінде біраз жұртшылық бұған екі-ұдай, тіптен кейбір қарсы көзқарастағы пікірлер де білдіріліп жатқанда, академик Ә.С.Бейсенова ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бұл бастамасын алғаш қолдағандардың сапында болғандардың бірі. Ол – Елорданың мемлекетіміздің тек географиялық орталығы ғана емес, оның стратегиялық маңызын да ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелдей отырып, өзінің тиянақты ойын еліміздің бас газеті «Казахстанская правда» бетінде жариялаған болатын. Ал Әлия Сәрсенқызының соңғы жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстары географияның экономикамен өзара байланысын зерделеуге, қазақстандық патриотизмді орнықтыру мен «Мәңгілік ел» бүкілхалықтық идеясын «Қазақстан – 2050» стратегиясы аясында жүзеге асыру жолына бағытталған, әрі оның осы аталған мәселелер бойынша және білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына мәңгілік ел құндылықтарын енгізу жайлы да қомақты еңбектері жарық көруде.

Ә.С.Бейсенованың ғылыми-педагогтік және қоғамдық еңбектері үкімет тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше рет мадақталған. Ол – «Еңбек ардагері» (1987) медалімен, Ыбырай Алтынсарин медалімен (1988), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001) медалімен марапатталған. Сонымен қатар «КСРО Жоғары білім саласындағы үздік табыстары үшін» (1983), «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» (1980), «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері» (1987), ҚР Президентінің жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» (2014) және т.б. құрметті атақтардың иегері. Әлия Сәрсенқызы және «Құрмет» орденімен (1996), «Парасат» орденімен (2007), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен марапатталған.

Жалпы Әлия Сәрсенқызы Бейсенованың ғылыми-шығармашылық және қоғамдық істері Қазақстан Республикасынан сырт елдерге де мәлім. Ол Мәскеуде, Санкт-Петербуркте, Бакуде, Ташкентте, Бішкекте, Киевте, Қазанда және т.б. қалаларда талай рет ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатысып баяндамалар жасаған. Сонымен қатар алыс шетелдерде, мәселен Ұлыбритания, Египет, Сирия, Ливан, Грекия, Түркия, АҚШ, Италия және тағы басқа мемлекеттерде географияның теориялық және методологиялық проблемалары жайлы ой-пікірін шетелдік ғалымдар арасында талқылаған. Соның бір дәлелі, 1999 жылы АҚШ астанасы – Вашингтонда әйелдер қозғалысының жиынында жасаған баяндамасы арнайы мақтау қағазбен атап өтілді. Қазақстан экологиясын зерттеу саласындағы құнды еңбектері үшін Американың биографиялық институты Ә.С.Бейсенованы «2006 жыл әйелі» деп танып, ол арнаулы медальменен марапатталды.

Сабақты бекіту: Әлия Сәрсенқызы – ғылыми-педагогтік іске аса шынайы берілген, маңайындағы адамдарға өте мейірімді, әрқашан қол ұшын беруден тартынбайтын, адамгершілік қасиеттері мол, жан-жақты жарасымды жан. Аса құрмет тұтатын салиқалы апайымыз әлі де тұғырдан түскен жоқ, университетіміздегі «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, мұнда да тәжірибелі тәлімгер-ұстаз, әрі әдіскер-ғалым ретінде оның басшылығымен талай қыруар игі істер атқарылып жатыр. Әрине, мерейлі ұстазымыздың саналы өмірінің ғибратқа толы қызметі жайлы еңбекдерегін бір сағаттық тәрбие сабағының шегінде жан-жақты толықтай қамту тіптен мүмкін емес. Осы орайда өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы парасатты тұлға ретінде академик апайымызға шын жүректен ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, қажымас қайрат, шәкірттерінің құрметіне бөлене беруін, шығармашылық табыстар және отбасына баянды бақыт тілейміз.

Ұлағатты ғалымның жоғарыда аталған оқу-ағарту ісі мен ғылым саласындағы және ұстаз-мамандар дайындаудағы қажырлы еңбектерін, оның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы аса үздік жетістіктері мен белсенді қоғамдық қызметін ескере отырып, университетіміздің біз оқитын «Жаратылыстану және география» институтының ұжымы академик Ә.С.Бейсенованы еліміздің ең жоғарғы марапаты – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағына лайықты тұлға деп есептейді. Құрметті оқушылар! Бәрімізге үлгі боларлық, біздің мамандықтың үздік тұлғасы – Бейсенова Әлия Сәрсенқызы жайлы егер де сұрақтарың болса оларға жауап беру үшін біздің пед.практиканың жетекшісі: п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті Увалиев Талғат ағай сынып сағатына қатысып отыр. Енді мен аталмыш

тақырыптағы тәрбие сағатымызды, біздің қазақ жерінен шыққан ғұлама ғалым Әл-Фарабидің келесі дана сөзімен қорытындылайын:

*Ісім оңсын десеңіз,
Сол істің маманы болыңыз.
Даңқым шықсын десеңіз,
Көпшіліктің адамы болыңыз.*

АЛАТАУ ЕТЕГІНІҢ КӨРКІ – АЛМАТЫ АПОРТЫ

*С.Н. Иркимбаев, доцент,
Б.М. Усенов, аға оқытушы,
А.С. Саванчиева, аға оқытушы,
Г.Н. Ибрагим экология магистрі
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ. Қазақстан*

Аннотация: В статье рассматривается проблема уменьшения численности садов алматинского апорта. Апорт является одним из самых крупных и ценных видов яблок. Этот вид яблок широко распространен в прохладных, без продолжительной зимы и теплых или жарких летом южных районах умеренного пояса (Северный Кавказ, Илейский Алатау). Целью данной статьи является восстановление алматинского апорта.

Ключевые слова: Родной край, краеведение, историческое формирование

Annotation: The article considers the problem of decreasing the number of gardens of the Almaty airport. Aport is one of the largest and most valuable species of apples. This kind of apples is widely distributed in cool, without prolonged winter and warm or hot in the southern regions of the temperate zone (Northern Caucasus, Ileisky Alatau). The purpose of this article is to restore the Almaty airport.

Keywords: Native land, regional studies, historical formation

*«Апорт» деген - тәтті алма,
Өседі ол бақтарда.
«Апорт» деген алманың,
Таттыңба сен, бал дәмін ?!*

Апорт – алманың ірі, әрі құнды түрі. Салқындау, бірақ ұзақ емес қысы бар, ал жазы жылы немесе ыстық болатын оңтүстіктің орта белдеуінде (Солтүстік Кавказ, Іле Алатауы) кең тараған. Апорттың қабығы тығыз, сары немесе жасыл-сары қызыл-қоңыр мөрімен болады; ішкі жағы (еті) сусымалылығымен, нәзік дәмімен ерекшеленеді. Апорт — кеш пісетін түрге жатады, қыркүйек айларында ғана пісіп жетіледі. Кеш піскендіктен қыста жақсы сақталады. Ең танымал апорт бақтары Алматы сыртында орналасқан (мысалы, Бесқайнар ауылдық аймағы). КСРО кезінде Алматы қаласының рәмізіне де айналған [1].

Қаланың атының өзі айтып тұрғанындай, Алматы – ежелден алманың отаны. Бұл жер сан ғасыр бұрын Алмалық атанып, мұнда алманың неше алуан түрі отырғызылып, өсірілген. Тарихтан белгілі жайт, ежелгі «Жібек жолымен» жүрген көпестерге жергілікті тұрғындар аманат айтып, олар әлемнің қай жерінде қандай алма сорты болса, соны алмалылық бағбандарға әкеліп беріп отырған. Осылайша, орыстар келіп қоныстанғанға дейін де ежелгі Алмалық (қазіргі Алматы) алма атаулының отаны атанған. Ал, Алматының апортына келсек, сол жақсы дәстүр жалғасын тауып, 1865 жылы Воронеж губерниясының Егор Редько есімді тұрғыны ежелгі Алмалық қаласына (қазіргі Алматы) қоныс аударғанда өзімен бірге бірсыпыра алма көшеттерін ала келеді. Сөйтіп «Егордың Алатаудың баурайына өз қолымен еккен бірнеше тал алмасы уақыт өте келе, дәлірек айтқанда, 15 жылдан соң алып апорт бағына айналды» деген пікірді қаланың қарт тұрғындары жастарға жырғып айтады. Сөйтіп, мұның өзі дәл осы аймақтың апорт алмасын өсіруге ежелден өте қолайлы болғандығын нақты айқындай түседі. Мұнда алғашқы жылдардың өзінде салмағы 400 грамм, дәмі тіл үйретін алманың түрі пайда болады. Ал қарапайым шаруа Егор апорттың көшеттерін сұрап келген тұрғындарға оны өсірудің технологиясын да талмай үйретеді. Осылайша, Алматы апортының бағы жанады. Мысалы, 1908 жылы алғаш рет Германияда өткен бау-бақша өнімдерінің көрмесінде көне қала Алмалықта өсірілген апорт алмасы өте жоғары бағаланды. Осы

көрмеге қатысқан көрнекті биолог-ғалым А. Гагарин: «Маннгейм (Германия) қаласындағы көрмеде Алмалықтың апорты өз қайталанбас дәмімен, көлемімен бау-бақша ғалымдары мен комиссия мүшелерін та қалдырды», – деп жазды [2]. Апорттың бір ерекшелігі, ол басқа алмалардай кез келген жерде өспейді. Тек ғана топырағы шұрайлы тау беткейінде, теңіз деңгейінен 900 – 1200 метр биіктікте жақсы өседі. Мұны бау-бақша зерттеуші ғалымдар дәлелдеп те отыр. Тіпті тарихтан белгілі бір жайт, СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы Леонид Брежнев өзі билік құрған жылдары Алматыдан Кремльге апорт алмасының үздіксіз жеткізіліп тұруын күн бұлжытпай орындайтын тапсырма ретінде өзінің көмекшілеріне жүктеген көрінеді. Міне, мұның өзі Алматы апортының маңызы қаншалықты болғандығын көрсетсе керек [2].

Сонымен, апорт алмасының азып, қазіргідей күйге түсуінің басты бір себебі – оны жүйесіз көбейтуде жатыр. Өйткені, ұластыруға арналған қалемшелер кез келген ағаштардан алынды. Оның алмасы сапалы, дәмі мен иісі сортқа тән, өнімі көп, жан-жақты тексерілген арнайы аналық ағаштардан алу керек еді. Бұл – жеміс ағаштарын көбейтудің негізгі бір заңы. Бірақ осы жағдайды кезінде ешкім ескеріп жатпады. Ештен кеш жақсы дегендей, енді кешіктірмей, апорт бақтарына мониторинг жасап, аналық ағаштарды белгілеу қажет.

Апортқа телітуші ретінде тек қана жергілікті жабайы алма келеді. Бірақ оның ішінде арнайы түрлерін ажырата білу керек. Жабайы алманың тұқымын даярлау да өз дәрежесінде жүргізілмеді, оның сапасы қадағаланбады. Сондықтан одан өсірілген телітушілер де ойдағыдай болмады, сапасы әртүрлі болды. Ол ол ма, соңғы жылдары телітуші ретінде қытайдың және сібірдің уақ алма ағаштарын қолданды. Олар апортқа сәйкес келмейді, тіпті бір-бірін бөтенсиді. Осыған байланысты Өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институтында жабайы алманың бірнеше түрі телітуші ретінде зерттеліп жатыр.

Апорт алмасының керемет болуының басты факторы – ол Іле Алатауының ерекше экологиялық жағдайы мен табиғаты. Бұл сортқа қолайлы жағдай – осы таудың теңіз деңгейінен 900-950 метрден 1300-1350 метр аралығындағы кеңістік. Жоңғар Алатауында бұл кеңістік 850-1250 метр аралығында жатыр[4]. Ал апорт бағы бұдан жоғары орналасса, оған қажетті жылу жетіспейді, одан төмен болса, артықтық етеді. Бірақ ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында көпшілік бақтар жоғары айтылған деңгейден тыс орналастырылды (не төмен, не жоғары). Мұндай жерде өскен апорттың сапасы төмендеп, аза бастайды. Оған қоса, осы бақтардан қалемшелер даярланды, оның ұнамсыз қасиеттері келесі ұрпаққа берілді .

Дәлірек айтқанда, апорттың нағыз жері, сорттың экологиялық оптимумы Іле Алатауында – 950-1250 метр, Жоңғар Алатауында – 850-1150 метр аралығы болып есептеледі [4]. Міне, осы кеңістікте апорт жайнап кетеді, өзіне тән қасиетін барынша алға салады. Өкініштісі сол, бұл жерлерде басқа дақылдар (жүгері, бидай, көкөніс, т.б.) егу орын алды, оларға басқа жер де жарап жатар еді. Бүкіл әлемге данқы жайылған апортты өз жерінен ығыстырып, оның орнына басқа дақылдар еккеніміз дұрыс болмады. Ал соңғы жылдары апорттың таңдаулы жеріне «жаңа қазақтар» мен «жана орыстар» өздерінің ғимараттарын салып тастады. Сонда жаңғырған апортты қай жерге егеміз? Қинайтын мәселенің бірі – осы.

Апорт алмасының нашарлауының тағы бір себебі – оның вирус ауруына шал дыққаны. Біздің зерттеулерімізге қарағанда, апорт бірнеше вирус түрімен зақымдалған. Оның ішінде төрт латентті вирус бар. Вирус инфекциясы іштегі құрт сияқты апорт ағашын іштен сорып, өнімін азайтады, алманың сапасын төмендетеді. Сортты сауықтыру үшін вирустан таза көшеттер өсіру керек. Оның технологиясы бүгінгі күнде көп елдерде зерттелген, енді соны іске қосуға болады.

Апорт бақтарының азаюына, оның атағына нұқсан келуіне біздің кейбір ғалымдарымыздың да қосқан «үлесі» аз емес. Олар өз сорттарын шығарумен әуестеніп, соларын итермелеп, одан қалды шетелдік сорттарды насихаттаумен болды. Әрине, жаңа сорт шығару керек, шет елдің жақсы сорттарын өндіріске енгізу қажет. Бірақ өзіміздің басты, тәжді сортымызды назардан тыс қалдырғаны өкінішті-ақ. Ол ғалымдар мен бағбандардың апортқа таққан «кінәсі»: жемісті екі-үш жыл кеш береді, суды көп қажет етеді, өзіне тән сорттық агротехниканы қалайды, интенсивті сорт емес. Тіпті, апорт алмасының үлкендігі де кінә болып тағылды: бір адам алманы жеп тауыса алмайды, қалғанын далаға тастаймыз ба, деушілер де табылды. Кезінде «Күндестің кінәсі көптің» кері болды. Бірақ бұлар апорттың олар насихаттаған сорттарына қарағанда 10-15 жыл артық өмір сүретінін ескермеді, сапасын былай қойғанда, өнім жағынан көп сорттардан асып түсетініне көздерін жеткізбеді. Оның экспорттық тауар болатынын түсінбеді, апорт ұлттық мақтанышымыз деген сезімді аяққа басты. «Көп суару керек, арнайы күтім қажет» деуші керенаулар «керек етсең жақсы зат, еңбек сіңір – бабын тап» деген қағиданы қаперге алмады. Сөйтіп, апортты бүгінгі мүшкіл жағдайына жеткізіп тынды.

Апорттың азып-тозып кетуінің себебінің барлығы дерлік антропогендік факторларға байланысты, яғни біз өзіміз кінәліміз, сондықтан да оны жаңғырту адамның қолында. Уақыт күтпейді. Апорттың азу процесі жыл санап күшеюде. Біз оны бүгін сақтап қалмасақ, ертең кеш болады. Өйткені, аналық ағаштар

– сорттың генофоны жыл сайын азайып барады. Апорт мәселесін енді ұзын арқан, кең тұсауға салуға болмайды. Жаңғырған апортты ХХІ ғасырдың тәжді сортына айналдыру парыз.

Осы Алматының апортын қайта қалпына келтіру барысында мен өз тәжірибемді жасап көрдім. Менің тәжірибем бойынша, алматының апортын көп жылдар бойы өсіріп, тәжірибе жасау нәтижесінде Алматы апортының 10-15 жыл өсуіне байланысты, әр 10 жыл сайын Алматының апортын қалемшеден 10 см жоғары дінін толығымен кесіп, дінінен өсіп шыққан жас өскінді өсірсек, 2-3 жылда Алматының апорты жеміс бере алады. Сондықтан қайтадан дәнегінен өсіргеннен гөрі, тез жеміс алуға және Алматының апортын жоғалтып алмауымызға көмектеседі. Осының нәтижесінде Алматының апортын әлі күнге дейін сақтап, өсіріп отырмын.

Әдебиеттер тізімі:

1 Хаджиева Б.Л., Идилова Т.С., Аймағамбетова Қ.А. Дүниетану.

2 Қунаев Д.А. “Расцвет земли казахстанской”.

3 Паркер С., Уильямс Б. Сұрақ және жауап энциклопедиясы, «Алматы кітап» баспасы, 2012 ж.

4 Гуриков Д.Е. Іле Алатауы – Алматы: «Қайнар», 1985 жыл.

ВОЗНИКНОВЕНИЕ И ОПЫТ НЕЗАВИСИМЫХ КИНОСТУДИЙ КАЗАХСТАНА

*Идирисова Ляззат Сериковна, бакалавр
КазНУИ., г. Астана, Казахстан*

Аңдатпа: Бұл мақалада 80 жылдардың аяғындағы қазақ кинематографының жалпы жағдайы қарастырылады. Және де «Қазақтың жаңа толқынының» пайда болу тарихы және осы жаңа ұғымға әкелген факторлар қарастырылады.

Кілтті сөздер: Продюсерлық кино, киноның жана бағыты, халық аралық деңгей, жекеменшік студия, шабыт

Annotation: This article examines the general situation of Kazakh cinema in the late 80s. Its formation and development. Also, examines the history of arise “Kazakh New Wave” and the factors brought about by this new concept.

Keywords: – producer cinema, – new vector of cinema, international level, private studio, inspiration

Положение казахстанского кино кардинально меняется в конце 80-х годов, с приходом группы людей, которые оказались командой единомышленников, это выпускники мастерской Сергея Соловьева – Серик Апрымов, Радиш Нугуманов, Абай Карпыков, Дарежан Омирбаев, Ардак Амиркулов, Амир Каракулов, ими были сняты яркие и новые по стилистике художественно-игровые картины, которые и принесли в 1989 году такое понятие как «Казахская Новая Волна». Эти картины презентовали на Московском кинофестивале. У кинематографической общественности появился сенсационный интерес к молодому казахскому кино.

Как рассказал режиссер Рашид Нугуманов: «На Московский кинофестиваль мы привезли программу казахского кино – короткометражки разные, полнометражные картины. И нужно было что-то придумать, объявление написать... Мне принесли золотой лист бумаги и черную тушь. И еще я попросил белую краску, потому что решил нарисовать космический корабль, который стартует. Ведь что такое Казахстан? Это площадка для космоса. А как назвать эту ерунду – непонятно. Но поколение же Гагарина! Давно уже все придумано. «Новая волна» французская... Но только из Казахстана. С той самой пресс-конференции на Московской МКФ этот термин – «Казахская новая волна» - так и вошел в обиход».

Казахстанские фильмы вышли на международный фестивальныи уровень и стали уверенно завоевывать свое положение и имидж на зарубежных кинофорумах.

Многие директора европейских кинофестивалей специально приезжали в Алматы, чтобы отбирать для конкурсного показа еще незаконченные производством картины. Часто премьеры казахских фильмов проходили далеко за границами нашей республики. В то время, практически каждая картина, выпущенная на студии «Казахфильм» отмечалась престижными призами на европейских и азиатских кинофестивалях. То время, являлось звездным часом казахского кино. Но мало кто тогда напоминал о том, что у истоков рождения «Казахской Новой Волны» стоял Олжас Сулейменов, который будучи председателем Госкино республики способствовал открытию в Москве при ВГИКе специальной комплексной мастерской Сергея Соловьева, куда и были направлены студенты с Казахстана, которые в

последующем, будучи выпускниками казахстанской группы, задали тон и произвели фурор в кинематографии советского и постсоветского пространства в 90-е годы.

Международное признание наших молодых кинематографистов стало давать свои позитивные и катализирующие факторы. В нашей стране начался настоящий бум кинопроизводства. Появилось очень много независимых, самостоятельных киностудий. Так и появилось отдельное понятие продюсерское кино в Казахстане.

Важно отметить, что еще в те годы, в начале 90-х, Мурат Ауэзов, являясь главным редактором киностудии «Казахфильм», предложил создание двух творческих объединений – «Алем» и «Мирас». Одно было ориентированно на создание исторических картин, с элементами этнографии и традиционной культуры, второе было направлена на выпуск более современных картин.

В объединении «Мирас» были сняты такие фильмы, как «Конечная остановка»(1989год), «Сон во сне»(1993год) режиссера С.Апрымова, «Айналайын»(1990год) режиссера Б.Калымбетова, «Гамлет из Сузака»(1990год) режиссера С.Нарымбетова, «Кайсар» (1991год) режиссера В.Пусурманова и другие.

В объединении «Алем» снимались: «Влюбленная рыбка» (1989год) режиссера А.Карпыкова, «Женщина дня» (1989год) режиссер Б.Килибаев и А. Баранова, «Гибель Отрара» (1991год) режисера А.Амиркулова, «Кайрат»(1991) режиссера Д.Омирбаева, «Разлучница» (1991 год) режиссера А.Каракулова, «Мама Роза» (1991год) режиссера А.Чатаевой, «Станция

Так же, в начале 90-х годов большое значение имела независимая киностудия «Катарсис», под руководством режиссера и продюсера Максима Смагулова. Эта студия обеспечивала работой десятки лучших кинорежиссеров бывшего СССР и практически охватывала все киношколы, начиная от грузинской, таджикской, киргизской, узбекской, казахской до прибалтийской. При полном финансировании или с частичным участием киностудии «Катарсис» с 1989 по 1996 год было снято более 40 полнометражных игровых картин. Среди них особо значимые для Казахстана ленты – «Трое» (1989 год) режиссера А.Баранова, Б.Килибаева, «Улуган» (1989год) режиссера Е.Болысбаева, «Сулжекей – ангел смерти» (1991год) режиссер Д.Манабаева, «Людоед» (1992год) режиссера Г.Замеля, «Последние холода» (1993 год) режиссер Б.Кылымбетова, Б.Искакова.

«Катарсис» реализовала себя как международная продюсерская компания. У студии была своя творческая программа, и в художественный совет входили не только резиденты нашей страны - Болат Омаров, Рашид Нугуманов, Бахыт Килибаев, Мурат Ахметжанов, но и именитые режиссеры с соседних стран – Альгимантас Пуйпа, Михаил Беликов, Геннадий Земель, Александр Рехвишвили, Бако Сыдыков и другие.

Как говорил Максим Смагулов в интервью для журнала «Искусство кино»: «С самого начала во главу угла мы ставили идею режиссерско-продюсерского кино, потому что, с моей точки зрения, продюсерство предполагает создание условий для режиссера. И не только в техническом плане, скорее, в создании категории свободы для режиссера».

Именно благодаря участию студии было снято несколько принципиально новых и важных лент для всего Центрально-азиатского региона: таджикские фильмы – «Благословенная Бухара» (1991год), «Остров» (1992год), «Джосус» (1992год), «Идентификация желаний» (1991год), узбекские картины – «До рассвета» (1993год), «Имам Аль-Бухари» (1996год), кыргызская лента «Буранный полустанок» (1995год).

Положительный опыт студии «Катарсис» вдохновил и других режиссеров для создания частных киностудий, но к сожалению, многие из них так и остались студиями одной-двух картин. И все же, общий подъем кинопроизводства в Казахстане в те годы были просто поразительными.

По воспоминаниям кинорежиссера, сценариста, продюсера, члена союза кинематографистов СССР Сламбек Тауекеля о ситуации с нашим кино в период 90-х годов :

«По части государственной поддержки финансирования национального кинопроизводства в первые годы Независимости Республики Казахстан произошел следующий казус: Министерство экономики республики Казахстан для проведения экспертизы проекта государственного бюджета на предстоящий период пригласил экспертов Международного валютного фонда (МВФ) и Европейского банка реконструкции и развития (ЕБРР). Наткнувшись на расходную статью под названием «создание национальных кинофильмов», что означало финансирование национального кинопроизводства, они написали протестное заключение с оценкой: «финансирование кинопроизводства за счет государственных средств – это нонсенс!». Да они такого и не слышали! Потому что кино производят страны, где фильмы самокупаются. Поэтому малочисленные народы (соответственно – страны) фильм производством не занимаются. Тут такое началось! Руководство республики поддержало кинематографистов, вставших на защиту этой уязвимой статьи! В этом надо благодарить Президента РК Н.А.Назарбаева, он провел встречу с кинематографистами и вопрос был решен». И если посмотреть

взгляд человека, со стороны, Московский кинокритик Валерий Фомин в свое время так охарактеризовал текущую ситуацию:

«Три тенденции можно сегодня уловить в казахском кинематографе. Первая – расширение диапазона поисков. Это очень существенный момент, ибо когда избирается одно направление, оно рано или поздно исчерпывается, заходит в тупик. Пласт выбирается. А здесь хорошо видно, что идет разработка нескольких маршрутов. Вторая тенденция – накопление энергии развития. Волна дебютов не закончилась. Приходит новое подкрепление, и среди новых дебютов есть интересные работы. Идут новые люди. И третья тенденция, как бы продолжение первой. Разнообразие отражается не только в разных стилевых почерках, но и в разности задач, которые ставят перед собой художники.»(газета «Казахстанская правда, 30 апреля.ю1992год, статья «Выброс продолжается»).

Посмотрев, на все это, можно сказать, что новое веяние казахского кинематографа задало свой курс в историю и развитие кино. Это были действительно новые и не привычные для того времени картины и мастера, которые их создавали. И совсем не удивительно, что они привлекли внимание как отечественных, так и зарубежных критиков. Наши картины полюбили. И они по сей день, считаются показателем творчества для других. И возможности, вносить нечто новое и интересное в кино. Я считаю, это и называют мастерством и профессионализмом.

Список литературы:

- 1 Ногербек Б.Р. «Кино Казахстана».
- 2 Абикиева Г. «Национализм в Казахстане».
- 3 Ногербек Б.Р. «На экране Казахфильм».
- 4 Ногербек Б.Р. «Очерки истории казахского кино».

ВЫСОКОКУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КОРКЫТА-АТА

*Исабекова А.М., магистрант 1 курса
БМ011600-география
КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан*

Аңдатпа: Мақалада Қорқыт ата үлгісінде Қазақстанның қазіргі заманғы музыкасының мазмұны қарастырылады. Өмірдің философиялық санаты - бұл өлім, түркі әлемінің қорғаны Қорқыттың керемет шешімін тапты. Тарихи-мәдени мұраны тану өткен ғасырдағы бейнелерге ерекше көңіл бөлді, бұл әлемдегі жаһандық үдерістердің дәуірінде маңызды.

Кілтті сөздер: Киелі кеңістік, тарих, дін, мәдениет, аңыз

Annotation: In the article the content of modern music of Kazakhstan is considered on the example of Korkyt Ata. The philosophical category of life is death, an amazing solution was found by the sage of the Turkic world Korkyt. Consciousness of the historical and cultural heritage caused a special interest in the images of the past, which is relevant in the era of global processes taking place in the world.

Keywords: Sacral space, sacral object, history, religion, culture, myth

Сакральный мир человека, религия, священное мировосприятие - это феномен современной цивилизации Земли, который заслуживает внимания специалистов многих отраслей знаний, в том числе и сакральной географии.

Сакральная география - социально-географическая наука, которая необходима современному обществу: только благодаря знаниям, которые формируются в ее области, можно построить самостоятельную и в политическом, и в духовном смысле государство, воспитать морально устойчивое и духовно богатое молодое поколение XXI в. его знания всегда будут актуальными для человека и общества. Основу этих знаний составляет священная мировоззренческая позиция.

Сакральная география - относительно молодая самостоятельная область знаний. Знания помогают формировать полноценное мировоззрение, осуществлять оценку собственной и общественной сакральной - географий и ее роль в религиозной сфере и в общественной жизнедеятельности.

Понятийно-терминологический аппарат сакральной географии формируется совокупностью терминов, отражающих систему понятий этой области знаний. Становление и развитие понятийно-терминологического аппарата сакральной географии отличается такими специфическими особенностями:

1. Философский смысл религии, ее мировоззренческое значение способствуют использованию в

понятийно-терминологическом аппарате сакральной географии значительного количества философских и общенаучных терминов, понятий.

2. "Географичность" сакральной географии, то есть вхождения этой области знаний в систему географических наук, детерминирует использование в ее пределах понятийно-терминологической системы "География".

3. Феноменальность религии, ее давность и планетарность обусловили большое разнообразие и богатство по количеству, содержанию и географическим признакам понятийно-терминологической системы "Религия", что используется как одна из важнейших в совокупном понятийно-терминологическом аппарате географии религии.

4. Относительная "молодость" сакральной географии - причина того, что на современном этапе очень важна для этой отрасли знаний понятийно-терминологическая система "Сакральная география" находится на стадии становления.

5. Научная речь сакральной географии отличается наличием в ее составе значительного количества абстракций, что характерно для всех социальных наук, в состав которых входит и эта самостоятельная область знаний.

6. Понятийно-терминологический аппарат сакральной географии находится в стадии трансформации в связи с современными особенностями формирования украинской терминологии.

Анализ всех перечисленных особенностей дает основание сделать вывод: они имели влияние не только на численность и разнообразие сроков, но и на их структуру, формирование отдельных понятийно-терминологических систем сакральной географии.

Так как казахстанский народ имеет многовековую историю, сакральная география не обошла стороной нашу Родину, мы являемся обладателями культурных ценностей, вошедших в сокровищницу мировой цивилизации.

Памятники являются связующей нитью между поколениями через сохранение и приумножение традиций и ценностей самобытной культуры. Они как одна из важнейших составляющих культурного наследия выполняют важные социальные функции, служат целям развития науки, образования и культуры, формирования чувства патриотизма, идейно-нравственного и эстетического воспитания.

Одним из ярких моделей сакральной географии является мемориальный комплекс Коркыт Ата.

В честь Коркыта был установлен архитектурный памятник, который имеет вид кобыза большого объема. Мемориальный комплекс Коркыт-ата сооружен в окрестностях железнодорожного разъезда «Коркыт» в 1980 году в 18 километрах от села Жусалы Кызылординской области, за 77 км, перед Байконуром. Установлен на земляной насыпи высотой 3 метра и диаметром 9 м на берегу р.Сырдарья, в 168 километрах от Кызылорды, где родился и вырос Коркыт.

Мемориальный комплекс Коркыт-ата представляет собой вертикально установленные стелы, имеющие со стороны центральных ребер выемки, которые вместе образуют силуэт кобыза, видного со всех сторон. Общая высота памятника 15 м. Разработан в 1980 году, по проекту архитектора Б. Ибраева, физика - акустика С. Исатаева был установлен в особой архитектурной гармоничности памятник в виде четырех гигантских кобызов, соединенных вместе. В ветреные дни памятник издает звуки, похожие на мелодию кобыза. Возможно идеи послужило Коркыт Ата называли «Пиром» - покровителем играющий на кобызе. В 1997 году в результате проведенных на мемориальном памятнике реставрационных работ, был создан архитектурный ансамбль, состоящий из амфитеатра, гостиницы и других объектов. В 2000 году при мемориале был открыт музей. В фонде музея хранятся около 700 экспонатов. Экспозиция музея в основном охватывает материалы, дающие сведения об истории и культуре эпохи, в которую жил Коркыт. Памятник установлен к 1300 летию книги Коркыт Ата. В 1997 году в результате проведенных на мемориальном памятнике реставрационных работ, был создан архитектурный ансамбль, состоящий из амфитеатра, гостиницы и других объектов. В 2000 году при мемориале был открыт музей. В фонде музея хранятся около 700 экспонатов. Экспозиция музея в основном охватывает материалы, дающие сведения об истории и культуре эпохи, в которую жил Коркыт.

Культурное наследие идет с этих времен и не должно останавливаться. Наследие тюркского философа, поэта, композитора и кобызиста Коркыт ата планируют включить в список культурных ценностей «ЮНЕСКО».

Согласно записям ученых мудрецов древности, общий для всех тюркских народов мыслитель, оратор, музыкант Коркыт родился и жил в VII - IX веках в стране Баят, в городе Жанкент. Коркыт - мыслитель и философ, поэт и композитор, воспевавший в своих произведениях любовь к родной земле, справедливость, единство и солидарность. 400 заветов и афоризмов Коркыта были напечатаны в Берлине немецким ученым Х.Ф. Дидем. Его стихи хранятся в библиотеках Дрездена, Ватикана, а «Книга Коркыт

ата» была переведена на языки народов Западной Европы и Востока. В настоящее время насчитывается около 700 научных исследований.

Коркыт бросил вызов судьбе, решив искать бессмертие. Он добился своего и нашел бессмертие в музыке. Как гласит легенда, Коркыт - смертоборец, искатель вечной жизни, не ведающей смерти. Но он приходит к выводу, что в жизни нет ничего бессмертного и проводит оставшуюся жизнь, играя на кобызе. Его философское резюме: «Тот, кто оставил после себя музыку – бессмертен».

Традиционное казахское народное музыкальное искусство имеет многовековую историю. Казахский кюй является одним из древнейших ветвей. Кюй – это инструментальная пьеса программного содержания, небольшая по форме, звучащая не более 2-3 минуты раскрывающая музыкальный образ и передающее одно только состояние. Не даром Коркыт Ата называли «Кюй Атасы» - Отцом кюев. Он оставляет в наследство после себя бессмертные музыкальные произведения "Тенгри кюй", "Коркыт толгау", "Елмен коштасу".

Благодаря данным произведениям мы видим как, казахское музыкальное искусство отличается и является одной из специфических форм бытового народного творчества. Оно тесно связано с жизнью и бытом.

В настоящее время сохранились 11 кюев Коркыта. Каждый кюй и легенда повествует о каком либо эпизоде, связанном с Коркытом.

1. «Елем ай» (Страна моя)
2. «Сарын» (Врачевательна песня)
3. «Сарын»
4. «Коркыт»
5. «Башпай» (Ступня)

Для кюев характерны: глубокие философские раздумья скробные думы о судьбах народа, одиночества, тоска, мечта о счастье.

Преемственная связь народных музыкальных традиции позволило дойти до наших дней по данным произведениям.

Во всем тюркском мире относятся к мыслителю с почтением, а для жителей Сырдарьи Коркыт особенно дорог. Впервые в его честь был воздвигнут мавзолеей примерно в X-XI веках на берегу Сырдарьи, где похоронен Коркыт, однако этот замечательный памятник был разрушен водами Сырдарьи. Для увековечения памяти Коркыт ата руководством области и города было принято решение о строительстве мемориала в Кызылорде. Однако, встал вопрос выбора места для этого. Архитекторы города сошлись во мнении: памятник должен быть сооружен только на берегу Сырдарьи. Этот памятник - мемориал считается местом поклонения мусульманского сообщества, сюда стекаются паломники из разных уголков мира.

Коркыт превосходил во всем следовательно может являться прозвище как: «Устазом» - музыкантом, мастером, учителем, создателем магической музыки.

«Табит» - лекарем. Коркыт долго жил в этой грешной земле, оказывая много пользы, исцелением от недугов своему народу.

Сегодня экономические, политические, социальные изменения, происходящие в Республике Казахстан привели к качественным изменениям в отношении государства и общества к историко-культурному наследию. Охрана исторического и культурного наследия, создание правовых гарантий для сохранения исторического наследия казахстанского народа и этнических диаспор являются одними из основных принципов государственной политики Республики Казахстан в области культуры.

Список литературы:

- 1 "Сакральная карта" Казахстана 2017 г.
- 2 интернет-газета «Кызылординские вести», 2017 г.
- 3 сайт "Silk Road Adventures".

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ СУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ҚОРЫ, КӨЛЕМІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ

Н.С. Аманбаев – география магистрі, аға оқытушы

Б.Д. Исабеков - ғылым магистрі

*С.Б. Нұржігіт – «География» мамандығының студенті
1,2,3 «Сырдария» университеті, ОҚО, Жетісай қаласы.*

Аннотация: В этой статье обсуждаются вопросы водных ресурсов Центральной Азии и пути их эффективного использования.

Ключевые слова: су ресурстары

Annotation: This article discusses the issues of water resources in Central Asia and ways of their effective use

Арал теңізі бассейнінің су ресурстарының басым бөлігі Қырғызстан мен Тәжікстанның территорияларында орналасқан. Қырғызстанның территориясынан Нарын, Тәжікстанның территориясынан Қарадария, Сырдария өзенінің негізгі салалары басталады. Тәжікстанның территориясында Амудария және оның басты салалары басталады. Арал теңізі бассейнінің жалпы 116 км^3 су ресурстарының шамамен 60 км^3 жуық Тәжікстан Республикасына тиесілі, $25 - 27 \text{ км}^3$ шамасында Қырғызстан Республикасы территориясында орналасқан, яғни олардың қосындысы 75% құрайды. Орталық Азияның басқа елдерінің су ресурстарындағы үлесі 10 км^3 жетпейді, олардың жалпы үлесі 25% [1].

Жерді суаруға өңірлік өзен бассейндерінің 90% – ы кетуі және одан басқа энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты, әр елде су тұтыну артқан сайын олардың арасында мемлекетаралық су қатынасы да қиындай түспек. Соның нәтижесінде Орталық Азия елдерінде суға деген сұраныс көптеген кикілжіңнің басты себебі болу қаупі бар. Су секторындағы басты проблемалар – суға деген талас, тұщы сулардың (жер асты, жер үсті) көлемі мен сапасы, климаттық экстремумдар.

Су пайдалануды, үнемдеуді және суға деген сұранысты басқарудың нәтижелілігін көтеру, өзендердің төменгі және жоғарғы ағысындағы ағыстарындағы мемлекеттер арасындағы келісімге келуде жетістіктерге жету, су тұтынушылар мен экожүйенің қажеттіліктерін өтеу үшін Арал бассейнінің мемлекеттерінің келісімінің нығаюы талап етіледі. Сондықтан да, климаттың өзгеруі жағдайында, Орталық Азия мемлекеттерінің су ресурстарын басқару стратегиясының басты тапсырмасы – бейімделу шаралары мен, гидроэнергетика мен суармалы жерлердегі су экологиясына деген талаптарының ескерілуі мен бір балансқа келтірілуі. Арал теңізінің су ресурстарын бірігіп басқаруды енгізу – климаттық өзгерістерге бейімделудің, судың рационалды қолданылуы мен қорғаудың, экономиканың түрлі саласында су үнемдейтін технологияларға өтудің, су – энергетикалық ресурстарды пайдаланудың ұлттық және аймақтық деңгейдегі мемлекетаралық келісімнің нығаюының бірден – бір қажетті шарты.

Мысалы: Қазақстандағы жер үсті су қоры жылына орташа есеппен алғанда 539 текше километр, оның ішінде 190 текше километр өзендер мен көлдерде жинақталған, ал жер асты суларының аумағы жылына 11,98 млрд текше метр шамасында Орталық Азияның көптеген елдері сияқты Қазақстан үшін де су ресурстары әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығын айқындайды. Жер асты суларына өте бай Қазақстан тұрғындарды сумен қамтамасыз ету жағынан ТМД елдері арасында ең соңғы орында. Қазіргі таңда және болашақта да, су тапшылығы Орталық Азия елдерінің дамуын тежеуші басты факторлардың бірі болып саналады.

Суды тұтынудың өсуі өңірлік және аймақтық деңгейде суару мен энергетика, экономиканың басқа да салаларының арасында суға деген бәсекелестікке алып келеді.

Кейбір авторлардың пікірі бойынша Орталық Азия тауларындағы негізгі мұздықтар ХХІ ғасырдың ортасына дейін жойылып кетуі мүмкін.

Атмосфераның жалпы циркуляциясының модельдеріне негізделген климаттық сценарийдің ең төмен көрсеткіштерін есепке алған жағдайда, болжам бойынша ХХІ ғасырдың ортасына дейін аймақтық су ресурстары кемінде $20 - 40 \%$ төмендейді [2].

Көптеген ғалымдар су балансы өзгеруінің оптимальдық варианттарына сенім білдіреді. Мысалы Солтүстік Тянь-Шань тауларындағы мұздықтардың шегінуі 1970-ші жылдары максимум көрсеткішіне жетіп, 1980-ші жылдарынан бастап жылдамдығы төмендеді. Осындай өзгерістер Гиссар-Алай тауларында да байқалған.

Көпжылдық мониторингтің мәліметтері бойынша Іле Алатауда (Солтүстік Тянь-Шань, 3400 м биіктікте) 1974 жылдан 1995 жылға дейін мәңгі тоң қабатының орташа жылдық температурасы тұрақты көтерілуде болған. Кейін бұл өсу тоқтап, соңғы 10 жылда ол көрсеткіш шамамен $-0,2^\circ\text{C}$ құрайды.

Соңғы 70 – 80 жыл бойы Амудария мен Сырдарияның ағын көлемі өзгермеді, мұздықтар ауданының маңызды қысқарғанымен су ресурстары бұрынғы деңгейде қалды. Өзендердің ағыны қалыптасатын зонада жауын-шашын мөлшері және қар қорының максимальдық көрсеткіштері өзгермеді. Демек, аймақтағы судың жетіспеушілігінің себебі беткі ағын қалыптасатын зонадағы су ресурстарының қысқаруы емес, мүмкін климаттың жылуы да емес. Мұздықтардың қысқаруына қарамастан, беткі ағынның орташа көпжылдық көлемі және жыл бойы бөлістіруі соңғы бірнеше онжылдықта өзгермеді. Мұндай жағдай Орталық Азияның мұздықтары тез арада жойылады деген пікірді терістеп, осыған қарағанда Орталық Азияның су балансы құрылымында әзірше түсініксіз компенсациялық механизм бар[15].

Климаттың жылуы, астыңғы қабаттағы мұздықтардың еруіне алып келді, яғни мұздықтардың көлемі өзгеруімен өзен ағынының көрсеткіштері осының есебінен өзгермеді, оны *компенсациялық механизм* деп есептеуге болады [3].

Мұздықтардың деградациясына қарамай, Орталық Азия мен Қазақстанның тауларындағы жер асты мұздықтардың көлемі қазіргі беткі мұздықтардың көлеміне тең, ал Қытай территориясында ол көрсеткіш екі есе көп. Демек компенсациялық механизм шамамен жүз жылға созылу мүмкін. Жер асты мұздықтардың еру жылдамдығы беткі мұздықтардың еру жылдамдығына салыстырғанда маңызды төмен. Демек, мұздықтардың жалғасып отырған деградациясы алдымыздағы бірнеше онжылдық бойы ағынның және аймақтық су ресурстарының маңызды қысқаруына алып келмейді деген пікір бар.

Бұл оңды тұжырым қосымша негіздеуді талап етеді, себебі соңғы жылдары мониторингте көп үзілістер болды. Климаттың ғаламдық өзгерудің басты индикаторы болып табылатын мұздықтардың массасының балансының динамикасы туралы дұрыс емес ақпараттың басты себебі – Орталық Азиядағы мониторинг жүйесінің кемшіліктері. Мысалы биік таулы белдеудің (3000 – 3200 метрден жоғары) қар жамылғысын мониторингі жоқтың қасы, мұнда қар ресурстарының жартысынан басым бөлігі орналасқан. Бұл белдеуде Орталық Азия су ағыны қалыптасуының негізгі көзі орналасқан.

Орталық Азияның таулы елдерінде грунттың маусымдық және көпжылдық тоң басу режимінің тұрақты мониторингісі жоқ. Биік таулы жағдайдағы табиғи құбылыстар мен процестер туралы нақты ақпараттың жетіспеушілігі, болжамдық модельдерді құруда жанама көрсеткіштерді пайдалануға мәжбүрлейді. Осыған байланысты зерттеушілерде климаттың өзгеруінің су ресурс-тарына ықпалы туралы соның ішінде мұздану туралы бір қалыпты пікір жоқ.

О.Г. Сорохтиннің пікірі бойынша соңғы онжылдықтардағы климаттың жылуы күннің белсенділігіне тәуелді деп есептейді, адамның шаруашылық әрекетімен байланысты емес деп тұжырымдайды. Бұл жылыну процесі тоқтайды, мүмкін аяқталған, сонымен қатар оның пікірі бойынша 2030 жылдары климаттық салқындауы байқалуы мүмкін, шамамен XVIII – XIX ғасырлардағы деңгейіне дейін.

Орталық Азия елдері соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда ауыл шаруа-шылықты суғарусыз дамыту мүмкін емес. Аймақтың су ресурстары 170 – 180 км³ беткі сулары, бүгінгі таңда оның 90 % өндірістік айналымда. Су ресурстары елдер арасында тең емес бөлінген, беткі су ресурстарының 90 % Қырғызстан мен Тәжікстанда шоғырланған. Алайда, аймақтағы негізгі су тұтушылар Қазақстан мен Өзбекстан, соның ішінде Өзбекстан бар су ресурстарының 50 % астам бөлігін алады.

Орталық Азияның елдері жер асты суларына бай болып келеді. Мысалы Қазақстанның жер асты суларының көлемі шамамен 7 мың км³ суды құрайды, ол көлемі бойынша Балқаш көліндей 65 көл және Азов теңізіндей 25 теңізге тең. Бұл жер асты суларының қоры жылына атмосфералық жауын-шашынның инфильтрация және беткі суларының фильтрация есебінен 45 км³ су көлемі келеді.

Қазақстандық гидрогеологтардың зерттеуі бойынша жер асты сулары шамамен 50 – 1500 метре тереңдіктер аралығында орналасады, ал пайдалануға мүмкіндігі бар жер асты сулары 100 – 400 метр тереңдікке орналасқан. Қазіргі техникалық деңгейде жер қойнауынан 100 жыл бойы 2000 м³/сек алып отыруға болады. Ғалымдардың болжамы екі есе көбейткенде де жер асты суларының ресурстары 1 – 2 млн гектар жайылымдарды суландыруға және бірнеше ірі қалаларды сумен қамтамасыздандыруға болады [4].

Демек, су ресурстарымен қамтамасыздануда гидрогеологиялық факторды есепке алған жағдайда Орталық Азия елдері арасында су бөлудің пропорциялары бұзылу мүмкін.

Тұщы судың 80 – 90 % ауыл шаруашылықта пайдаланылады. Қырғызстан мен Түркіменстанда ауыл шаруашылықта тұщы судың 90 % қолдануда, Тәжікстанда – 85 % шамасында, ал Қазақстан мен Өзбекстан да 80 % шамасында. Ондай жағдайдың басты себептердің бірі Қазақстан мен Өзбекстан да басқа елдерге салыстырғанда өнеркәсіп салалары жақсы дамыған, ірі зауыт фабрикалар бар, ал Қазақстанда суды көп талап ететін металлургиялық комбинаттар дамыған.

Орталық Азия елдерінің ауыл шаруашылығы басым суғармалы болып табылады. Орталық Азия елдерінің суғармалы жер көлемі 2 суретте көрсетілген. Орта Азия аймағындағы суғармалы жер көлемі шамамен 90 мың км² немесе 9 млн гектарды құрайды, оның басым бөлігі Өзбекстан Республикасына тиісілі – 4,2 млн гектар, Қазақстан Республикасында суғармалы жердің көлемі – 2 млн гектарда астам. Түркіменстан Республикасында суармалы ауыл шаруашылығының жалпы көлемі 1,5 млн га, ол жерлер Қарақұм каналынан суғарылады. Қырғызстанда суғармалы жердің көлемі 1 млн га, ал Тәжікстанда – 0,6 млн га.

Соңғы жылдары Орталық Азия елдері арасында су мәселесі бойынша әр түрлі қарамақайшылықтар пайда болды. Өзендердің төменгі ағысында орналасқан елдер үшін Қазақстан мен Өзбекстанға келетін су ағымы төмендеген жағдайда, егін, әсіресе мақта шаруашылығына ықпалы өте маңызды болады, себебі су вегетациялық кезеңде қажет.

Су ресурстары мәселесі Орталық Азия елдері үшін аса маңызды мәселеге айналды. БҰҰ–ң мамандары ХХІ ғасырда судың бағасы мұнай мен газдан да қымбат болып, ең маңызды стратегиялық ресурс айналуға. БҰҰ Халықаралық Су Конвенция қабылданған, ал 1992 жылы Дублин (Ирландияның астанасы) қаласында бірнеше ондаған мемлекет мынадай шешім қабылдады «Судың экономикалық бағасы бар, сондықтан экономикалық тауар болып табылады» [5].

Қазіргі таңда Орталық Азияда елдері арасында су–энергетикалық ресурстарын пайдалану үшін есеп–шот бартер жүйесі түрінде жүргізуде, Қырғызстан мен Тәжікстанды Өзбекстан газбен, Қазақстан көмірмен қамтамасыздандырады. Бірақ Қырғызстан мен Тәжікстанның пікірі бойынша есеп–шоттың бартерлік жүйесі тиімді емес. Бірақ беткі су ресурстарына тапшы Орталық Азия аймағында суды сату мемлекеттер арасында экономикалық қарамақайшылықтарға алып келу мүмкін.

Бұл жағдайда мемлекеттер арасындағы экономикалық пайдасынан басқаймақтағы су бассейндерінің экологиялық балансын, әсіресе Арал теңізі бассейнін есепке алу қажет.

Қазіргі таңда Орталық Азия елдерінде өз елі территориясындағы немесе территориясында қалыптасатын суды және су объектілерін мемлекеттің жекеменшігінде деп жарияланған, бірақ елдер арасында су ресурстарын бөлу туралы халықаралық келісім жоқ. Қазіргі таңдағы судың оперативтік бөлінуі кеңес кезеңінен сақталған суға лимит негізінде жүргізіледі, ол қазіргі жағдайды есепке алмайды. Мұндай жағдай аймықтың беткі су ресурстары қалыптасатын елдер үшін тиімсіз.

Осыған байланысты Орталық Азия елдері арасында жаңа саяси және экономикалық жағдайда су және энергетикалық алмасудың экономикалық механизмдерін табу қажет [6].

Қорыта келгенде Елбасымыздың жолдауындағы ХХІ ғасырдың жаһандық он сын - қатерінің ішіндегі төртінші сын–қатер – судың тым тапшылығы. Су тапшылығының және су ресурстарын тиімсіз басқарудың қауіп–қатері Қазақстанның тұрақты экономикалық өсімі мен әлеуметтік дамуы үшін негізгі кедергі болуы мүмкін.«Су – барынша шектеулі ресурс және оның көздерін иелену үшін күрес жер бетіндегі шиеленіс пен жанжалдар себептерінің бірі ретінде, қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторына айналып отыр. Сумен қамтамасыз ету проблемасы біздің елімізде де өткір болып отыр. Бізге сапалы ауыз су жетіспейді. Бірқатар өңірлер оның зардабын қатты тартуда. Бұл проблеманың геосаяси астары да жоқ емес.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мейрбекова А. Су ресурстары және суды пайдалану. - Тараз: ТарГУ, 2015 ж.
- 2 Смоляр В.А., Буров Б.В., Махмұтов Т.Т., Қасымбеков Д.А. "Водные ресурсы Казахстана". - Алматы: НИЦ «Ғылым», 2012 ж. - 489-595 стр.
- 3 Арипбаев А.Ж. Региональные ресурсы подземных вод Казахстана. - Алматы: Наука, 2011 г.
- 4 Филоненко П.П. Очерки по географии внутренних вод Центрального, Южного и Восточного Казахстана (Озера, водохранилища, ледники). - Алматы: Наука, 1981 г.
- 5 Хабиев С.Х. Гидрогеологические условия и оценка современного состояния дренажных систем орошаемых массивов бассейна реки Сырдарья. Автореферат на соиск. степ. к.г.н. – Алматы, 2010 г.
- 6 Сарсембеков Т.Т., Нурлышев А.Н., Қожақов А.Е., Оспанов М.О. Использование и охрана трансграничных рек в странах Центральной Азии. - Алматы: Атамұра, 2011 г. - 123-272 стр.

ЕЛІМІЗДІҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫ

(Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мысалында)

Д.Абдулла, «бМ011600-География», 1-курс магистранты.

Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доцент

Д.М. Боранқұлова, с.ғ.к., аға оқытушы,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

Аннотация: География относится к одной из древних наук, прошедших длительный и сложный путь своего исторического развития. Развитие географического образования в высших учебных заведениях Республики Казахстан тесно связано с развитием историей первого вуза нашей страны – Казахского Национального педагогического университета имени Абая.

Ключевые слова: Географическое образование, развитие географического образования, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, географы, преподаватели кафедры, девяностолетний юбилей

Annotation: Geography refers to one of the ancient sciences that have gone through a long and complex path of their historical development. The development of geographic education in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan is closely connected with the development of the history of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay.

Keywords: Geographical formation, development of geographical education, Kazakh National Pedagogical University named after Abay, geographers, teachers of the department, ninetieth anniversary

2018 жылы еліміздің оқу-ағарту саласындағы айтулы оқиға – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл толады. Білімнің қайнар бұлағы – қара шаңырақ аталған «қарт ҚазПИ» бүгінде, Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының ішінде шоқтығы биік тұрған білім ошағы. Ұлы Абайдың есімін алған университет, бүгінгі күні өзінің торқалы тойын іргелі табыстармен қарсы алып отыр. Университет өзінің тарихи кезеңдерінде шыққан биіктері үлгі боларлық. Аталған білім ошағынан казактың біртуар азаматтары: Ораз Жандосов, Сәкен Сейфулин, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмухамедов, Темірбек Жүргенов, Мәлік Ғабдулин және тағы басқалар білім алған. Сол сияқты ҚазПИ-де Кеңестер Одағының көрнекті ғалымдары: әдебиетші – Н.Н. Фатов, математик – Б. Л. Кругляк, физик – В. Ф. Литвинов, географ – Н.Н. Баранский және тағы басқалар дәріс берген. Біздің география мамандығын – еліміз бен бүкіл әлемге танымал көрнекті білім және ғылым қайраткерлері бітірген. Олардың арасынан академиктер: Бейсенова Ә.С., Северский И.В., Бекенов А.Б., Көкенов М.Қ. сияқты ғалымдарды атауға болады. ҚазПИ-дің осы «География» мамандығын бітіруші түлектері ішінде мемлекеттік жоғары атак иегерлері: Совет Одағының Батыры – Қанаш Қамзин мен Халық Қаһарманы – Мөрдін Тайыпов бар. Мамандық студенттеріне Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдары дәріс оқыған дүние жүзіне белгілі ғалымдар арасында академиктер – Н.Н. Баранский, А.А. Григорьев, К.К. Марков, А.Ж. Машанов және басқалар болды.

Университетіміз 85 жыл бойы географ-мамандарды даярлауды жүзеге асырып келеді. Мамандық студенттеріне географиялық білім беру ісі, оның барлық оқу түрлерінде қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Біздің зерттеуімізге арқау болып отырған аталмыш «География» мамандығы бойынша білім берудің қалыптасуы, Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны болып саналатын біздің оқу орнымыздың даму тарихымен өте тығыз байланысты. Университетіміз, республикамыздағы басқа жоғары оқу орындары арасында бірінші болып, сол кездегі «тарих» факультеті құрамында 1933 жылы жаңадан ашылған «география» бөліміне студенттер қабылдай бастады. Осы аталған бөлім 1936 жылы дербес «география» факультеті болып құрылды. Кейіннен, 1955-56 оқу жылы жаратылыстану факультетімен бірігіп, енді «жаратылыстану-география» факультеті болып аталынды.

Еліміздің егемендік алуына байланысты, 1990 жылдардың басында бұрынғы оқу-ағарту жүйелері күрделі реформаларға ұшырады. Көптеген жоғары оқу орындарының, оның ішінде біздің «қарт ҚазПИ», яғни педагогикалық институтымыздың қайтадан университет (1928 жылы, ол алғашында университет болып ашылған) мәртебесін алуына орай, құрылымында үлкен өзгерістер болып, жаңа факультеттер мен кафедралар ашылды. Мәселен, 1991 жылдың күзінде «Жаратылыстану-география» факультеті екі жеке: география-экология (деканы – г.ғ.д., профессор Ә.С.Бейсенова) және жаратылыстану (деканы – п.ғ.д., профессор Н.К.Ахметов) факультеттері болып бөлінді. Сол кезде география-экология факультеті (ГЭФ),

келесі үш – «Жалпы жертану», «Физикалық география», «Экономикалық және әлеуметтік география» кафедралары негізінде құрылған болатын. Өз кезегінде, ГЭФ деканы Ә.С.Бейсенованың жан-жақты ұйымдастырушылық қызметінің нәтижесінде уақыт талабына орай жаңа кафедралар құрылып олардың саны алтыға жетті.

Географиялық білім берудің тарихи дамуын саралаған кезде, оның қалыптасуын, негізінен жеті кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең: 1933-1936 жылдар аралығын қамтиды. Осы кезде география мамандығы мен география кафедрасы ашылып, олар тарих-география факультетінің құрамында болған. Екінші кезең: 1936-1955 жылдар аралығы. Бұл кезеңде «География» жеке факультет ретінде құрылып, оның құрамында жаңадан жеке кафедралар мен қазақ бөлімі ашылды. Соғыстан кейінгі жылдары географиядан ұлттық кадрлар даярлауға факультет ұжымы сүбелі үлес қоса бастады. Үшінші кезең: 1955-1991 жылдар аралығы. Сол кездері үкімет тарапынан жүргізілген ірілендіру саясатына байланысты кең салалы аралас мамандар даярлау мақсатында география факультеті, енді жаратылыстану факультетімен қосылып «Жаратылыстану-география» факультеті болып қайта құрылды. Төртінші кезең: 1991 жылдан 1999 жылдар уақыт аралығын қамтиды. Бұл кезеңде, яғни 1991 жылдың қазан айында аталмыш факультет қайтадан «жаратылыстану» және «география-экология» факультеттеріне бөлінген болатын. Сол кезде ГЭФ – заман талабынан туған жоғарыдағы бағыттар бойынша мамандар даярлау ісін қолға алып, тәуелсіз мемлекетіміздің осы зәру мамандарға деген сұранысын қанағаттандырып келді. Ал бесінші кезеңде, яғни 1999 жылдың сәуірінде мамандар даярлау ісін оңтайландыру мақсатында олар қайта біріктіріледі.

Ал 2008 жылдың шілдесінде жоғарыда аталған факультеттегі студенттердің санының көптігінен, әрі оның профильдік мазмұнын сапалық тұрғыда жаңғырту мақсатында, енді «химия-биология» және «география-экология» факультеттері болып қайта құрылады, яғни қайтадан олар дербес факультеттерге айналды. Алтыншы кезең: 2008-2013 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде «География-экология» факультеті болып құрылды. 2008 жылы «География-экология» факультетінің (ГЭФ) қайтадан жеке факультет болып құрылуына байланысты болған кейбір құрылымдық өзгерістерден кейін, географиялық кафедралар қосылып атаулары өзгертілді. Ал 2014 жылдың күзінде «Магистратура және докторантура PhD» институты қысқартылып, қос кафедраға бірнеше ғылым кандидаты мен доценттер ауыстырылды. Соңғы жетінші кезеңде, 2013 жылдың тамызында осы екі факультет қайтадан қосылып, «Жаратылыстану-география» институты мәртебесінде жаңа тұрпаттағы құрылым тұрғысында қалыптасып әрі ол өз дамуын ары қарай жалғастыруда, бұл осы қазіргі кезең болып табылады. Ал ЖОО географиялық білімнің қалыптасуы мұндағы, яғни біздің оқу орнымыздағы «География» мамандығының даму тарихымен тікелей байланысты екені белгілі жәйт, осы себепті біз оған қысқаша шолу ретінде оның кесте түріндегі нұсқасын төменде беріп отырмыз (кесте 1).

Кесте 1. Университетіміздегі «География» мамандығының даму тарихын талдаудағы оның қалыптасу кезеңдері

Даму кезеңдері (жж. - аралығы)	1 кезең (1933- 1935)	2 кезең (1936- 1955)	3 кезең (1956- 1990)	4 кезең (1991- 1999)	5 кезең (2000- 2008)	6 кезең (2008- 2013)	7 кезең (2013- 2018)
1. «География» мамандығына қатысты факультеттің сол кездегі аталған атауы	«Тарих-география» факультеті	«География» факультеті	«Жаратылыстану-география» факультеті	«География-экология» факультеті	«Жаратылыстану-география» факультеті	«География-экология» факультеті	«Жаратылыстану-география» институты
2. География және онымен шептес мамандықтар бойынша кадрлар дайындайтын кафедралар саны	1	2	3	6	3	4	2

3. Әрбір ағымдағы оқу жылындағы ондағы профессор-оқытушылардың орташа саны	7	20	30	70	75	60	40
4. Оның ішінде: а) академиктер ә) профессор мен ғылым докторлары б) доценттер мен ғылым кандидаттары в) біздің оқу орнын бітіруші түлектер	– – 3 –	2 2 7 9	– 2 12 18	3 10 (5) 21 37	1 8 (4) 30 (25) 35	1 7 (5) 25 (2) 30	1 6 (5) 18 (15) 26
5. Күндізгі оқу бөліміндегі географиялық мамандықтағы студенттердің ағымдағы оқу жылғы орташа саны	150	350	375	750	920	530	220
6. Күндізгі оқу бөліміндегі географиялық мамандықтағы магистранттардың ағымдағы оқу жылғы орташа саны	–	–	–	–	15	20	50
6. Сырттай бөлімдегі география мамандығы студенттерінің орташа сан көрсеткіші	–	200	400	350	450	270	5
7. Дайындық курсындағы география мамандығы бойынша тыңдаушылар орташа сан мөлшері	20	5	30	–	–	–	–

Географиялық кафедралар ұжымы оқу процестерін жетілдіру ісіне, атап айтқанда – жалпыгеографиялық, елтанушылық және экологиялық пәндердің берілу сапасына үлкен көңіл бөліп отырады. Бүгінгі таңда осы географиялық ұжымдар бакалавриат, магистратура және докторантураның келесі мамандықтары: «5B011600 – География» (оның мамандандырылуы: экология, туризм, экономика негіздері, тарих); «5B060800 – Экология»; «5B060900 – География»; «5B090200 – Туризм»; «6M011600 – География»; «5B060800 – Экология»; «6M060900 – География»; «6M090200 – Туризм»; «6D011600 – География» және «6D060900 – География» бойынша бітіруші кафедра болып табылады. Сонымен қатар кафедрамыздың ПОҚ оларда сабақ жүргізумен бірге, дипломдық, магистрлік және докторлық диссертацияларына жетекшілік жасауда. Студенттеріміз арасында ғылыми-зерттеу жобаларының, пәндік олимпиадалардың, т.б. республикалық байқаулардың жеңімпаздары көптеп саналады, ал екі (Менлибаева Жансая және Увалиев Мақсат) студентіміз «Алматы қаласының үздік студенті» конкурсының 2015 және 2016 жылдарғы жеңімпаздары атанып, сертификатпен марапатталған. Бірнеше студентіміз тәжірибе алмасу аясында, академиялық ұтқырлық бойынша Польша мен Литва елдерінің ЖОО-да бір семестр бойғы оқуларын жалғастырып келді. Студент жастарымыз қала және аудан, университет және институт деңгейлерінде жүргізілетін әртүрлі қоғамдық негіздегі мәдени, спорт, т.б. іс-шараларға аса белсене атсалысуда.

Географиялық кафедралардың оқытушылары арасында «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атанған мемлекеттік грант (Каймулдинова К.Д., Абдиманапов Б.Ш.) иегерлері және ЖОО-на арналған оқулықтар жазудағы көпжылдық еңбегі үшін, ҚР ЖОО қауымдастығының – «Саңлақ автор» (Каймулдинова К.Д., Абилмажинова С.А., Увалиев Т.О.) медалімен марапатталғандар да бар. Кафедраның ПОҚ жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен көптеген әдістемелік құралдар дайындап, оларды баспадан шығаруда. 1998 жылдан бері географиядан орта мектепке арналған жаңа буын оқулықтары мен олардың оқу-әдістемелік құралдарының көпшілігін дайындау ісіне кафедраның жетекші профессорлары мен доценттері (Каймулдинова К.Д., Абдиманапов Б.Ш., Увалиев Т.О., Карбаева Ш.Ш., Абилмажинова С.А., т.б.) қатысуда, әрі олар бірнеше мәрте қайта өңделген күйінде қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдерінде басылым көруде. Сонымен қатар олардың арасында, жаңартылған мазмұндағы оқулықтар мен мультимедиялық электрондық оқу құралдарын даярлауға атсалысушы авторлар да бар.

Ұлы Абай: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан», демекші әр кірпіштің дұрыс әрі орынды қалануына біздің қара шаңырақтың ұстаздары аянбай қызмет етуде. Өз кезегінде университетіміздің торқалы мерейтойына тарту ретінде, келесі бір шумак өлеңімізді арнау арқылы шын жүректен құттықтаймыз:

*Ұлы Абай есімін алып алғашқы,
Жоғарғы оқу орны болдың көшбасшы.
Қазағымның маңдайына болып күн!
Кең далама білімменен нұр шашты!*

*Еліміздің мақтан тұтар айнасы,
ҚазҰПУ-дың оқытқан әрбір ұстазы.
Тоқсан жылдық мерейтой болсын басы
Мың гасырлық мерейтойдың жалғасы!*

Әдебиеттер тізімі:

1 Ахметов Е.А. *Изучение географии своей Республики по новой программе (В сб: Географическое образование в Казахстане).* – Алматы, 1987, – С. 72-75.

2 Бейсенова Ә.С. *Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы.* – Алматы, 1990 ж.

3 Бейсенова Ә.С., Увалиев Т.О. *Өткені - сырлы, ертеңі - нұрлы. «Қазақстан мектебі» журналы.* – Алматы, 1998, - №7-8, - 20-25 беттер.

4 Қаражгітов М.М., Тоқмағанбетов Г. *Қазақстанның географиялық жағынан зерттелу тарихы.* – Алматы, 1976 ж.

5 Саипов А.А., Увалиев Т.О. *География пәнінен мектеп оқулықтарын даярлаудағы Абай атындағы ҚазҰПУ-нің орны. В сб. докладов междунар. научно - практ. конферен. ученых и специалистов.* – Алматы, МОН РК, 2003 г. - Стр. 429-431.

6 Тазабекова Е.Т., Увалиев Т.О. *К уровню мировых стандартов образования в преподавания естественно-научных дисциплин. В сб.: «Проблемы ускоренной эконом-кой, социальной и политической*

модернизации Казахстана». – Алматы, КазНПУ, 2005 В сб.: «Проблемы ускоренной эконом-кой, социальной и политической модернизации Казахстана». – Алматы, КазНПУ, 2005 - Стр. 257-259.

7 Увалиев Т.О., Турғынбекова Н.М. «География» мамандығын қосымша мамандандыру және экономикалық білімді қалыптастыру мәселелері. В Вестнике КазНПУ им. Абая. – Сер. «Естественно-географические науки», №4, 2009. - Стр. 43-47.

8 Увалиев Т.О. Возрастающая роль пед. дисциплин в современных учебных (рабочих) планах подготовки учителей. В сб.: «История и современные тенденции развития образования РК». – Алматы, КазНПУ, 2005 г. - Стр. 267-272.

9 Кейбір мамандықтарды қосымша мамандандыру («География» мамандығы мысалында). В сб.: «Качество пед. образования: проблемы и перспективы развития» - Алматы, КазНПУ, 2004 г. - Стр. 1085-1094.

10 Қарт ҚазПИ-дің байырғы факультеті (жаратылыстану-география факультетінің 80 жылдығына арналады). В журнале: «Ұлт тағлымы – Достояние нации». – Алматы, №1(3), 2008. Научное приложение журнала «Высшая школа Республики Казахстан».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН БІРЛІКТІ ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ РӨЛІ

Э.А. Мирзаев, «5В060900 – География», 4-курс
Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ. Қазақстан

Аннотация: В статье рассмотрено состояние занимающих важное место в повседневной жизни народа «Казахстанской национальной идентичности и единства» и «Ассамблеи народов Казахстана», их роль в современном обществе.

Ключевые слова: Стратегия «Казахстан-2050», Ассамблея народов Казахстана, идентичность, единства, глобализация, формирование национальной идентичности

Annotation: The article reviewed the status of occupying an important place in everyday life of the people «Kazakhstan national identity and unity» and «Assembly of Peoples of Kazakhstan» and their role in modern society.

Keywords: Strategy «Kazakhstan-2050», Assembly of Peoples of Kazakhstan, identity, unity, globalization, the formation of national identity

Бүкілқазақстандық бірліктің бірегей үлгісін (моделін) қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) маңызды рөл атқаруда. Өз кезегінде ҚХА-ның негізгі міндеті – мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыру, еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының ұлтаралық және этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыру болып табылады. Осы орайда аталмыш бірегей ұйым Қазақстан Республикасындағы (ҚР) барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, еліміздегі тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсатына айтулы үлес қосып келеді.

Енді біз осы бірегей ұйым институттың қалыптасу тарихына тоқталсақ, ол – 1995 жылғы 1 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган болып табылады. Ал оны құру жайлы идеясын Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев алғаш алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының форумында айтқан болатын. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды.

ҚХА өзінің жиырма үш жылдық тарихында қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді басынан өткізді. Мәселен, 2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты. 2008 жылғы 20 қаңтарда Президент «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. ҚХА еліміздің саяси жүйесінің толыққанды субъектісіне айналды. Оның

қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды. Ал 2015 жылы ҚХА-ның құрылғанына 20 жыл толып, осыған байланысты – 2015 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы» - деп жарияланып, әрі ол бұқаралық сипатта кеңінен аталып өтті. ҚХА, жалпы өзінің қалыптасуы барысында ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие конституциялық органға дейін өсті.

Осылайша Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған ҚХА-ның қалыптасып дамуы барысында және оның төрағалығымен атқарылып жатқан жемісті қызметінің нәтижесінде, ҚР этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі дүниеге келді. Яғни, Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты. Осы жылдар ішінде ҚХА-ның институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Бүгінде ҚХА, Елбасымыз төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады және бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды.

Бүгінде кең байтақ Қазақстанның көпэтностық кеңістігінде сенім, келісім мен өзара түсіністіктің тамаша үлгісі орнаған және ҚР Президентінің этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім моделі бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отыр. Өз кезегінде ҚХА-ның қызметі – ұлтаралық және дінаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешіп келе жатқан ел ретінде, Қазақстан Республикасының халықаралық беделінің өсуіне ықпал етуде. Қазақстандық үлгі Біріккен ұлттар ұйымында, Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) қатысушы елдерде және Женевада, Нью-Йоркте, т.б. қалаларда өткен халықаралық форумдарда таныстырылып оң бағаға ие болды, әрі осы ЕҚЫҰ-ға мүше 56 мемлекет тіліне аударылды. Сонымен қатар БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның елімізге сапары барысында ҚХА-ның қызметімен танысып, ол Ассамблея принципі БҰҰ-ның жұмыс принципімен толық сәйкес келеді деп атап өтті. Қазақстандық үлгі ҚХА мен ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар ісі жөніндегі Жоғары комиссары арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарының біріне айналды. Осылайша, ҚХА бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді, нәтижесінде еліміздегі қоғамдық келісім үлгісіне қызығушылық танытушы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар саны күн санап артып келеді.

Осы себепті жоғарыда аталған және басқадай мәселелерді саралау негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығымен «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы» бекітілді. Ал осы «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» әзірлеу қажеттілігі «Қазақстан – 2050»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарының болашағы біртұтас ұлтты қалыптастыру жөніндегі «Бірегейлік пен бірлік» атты төртінші бағытының міндеттерімен айшықталған. Аталмыш тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы», «Тіл туралы», «Мәдениет туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасына, Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы» және ҚХА-ның даму тұжырымдамасына негізделген.

ҚХА өзінің құрылған кезінен бастап, орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып өзінің даму жолын жалғастыруда Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым – ҚХА-ның тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы жолында атқаратын орны аса маңызды, әрі ол өз қызметінде Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпалын тигізуде. Осы орайда, жыл сайын халықтық мереке – Наурыз, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, масленица, сабантой өткізу дәстүрге айналды. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Ол: «бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді» - соны түсінудің тәсілі. Бұл дегеніміз – болашаққа бірігіп ұмтылудың қағидасы мен серпіні.

Қазіргі таңда республикамызда, Қазақстанның барлық этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты

өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Осымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қалыптастыруда елдің ішкі саясатының басты ұстанымы, ол – бірлік пен келісім құндылықтары болып табылады. Елбасымыздың халыққа жолдауларын және жоғарыда аталған мәселелерді жүзеге асыру аясында, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің (ҚазҰПУ) білімгерлері арасында – жастарға патриоттық және толеранттық тәрбие беруде жан-жақты жұмыстар жасалып және көптеген іс-шаралар атқарылуда. Осы жерде аталмыш бағыттағы жүргізілген бір іс-шараға қатысушы ретінде тоқтала кетуді жөн көріп отырмын. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану-география» институтындағы «география және тарих» мамандығының 3-ші курс студенттері №59 мектеп-гимназиясында 2018 жылдың 15 қаңтары мен 12 ақпан аралығында педагогикалық практика өту барысында өлкетану бағытында «Түрсіб ауданы – Алматы қаласының қақпасы» атты интеллектуалды танымдық апталық өткізді. Апталықтың барысында «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамытудағы Қазақстан Халқы Ассамблеясының қызметі» аясындағы баяндамалар да тыңдалды.

Ал осы апталық аясындағы іс-шараның ашылуы барысында, осындағы оқу тобының пед.практикасының жетекшісі – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, географиядан төрт тілде шыққан мектеп оқулықтары мен оқу құралдарының авторы Т.О.Увалиев өз сөзінде: «қазір республикамыздың қазақ және орыс немесе аралас тілдердегі мектептерінен өзге, еліміздің жүзге жуық үш түрлі ұлттық мектептерінде оқыту процесі толықтай – өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде, ал 108 мектепте 22 ұлт өкілдерінің (неміс, түрік, корей, дунган, т.б.) тілдері жеке пән ретінде жүргізілуде екендігіне тоқталды. Бұған мысал ретінде Алматы облысын ала отырып, оның аумағы шегінде орналасқан мектептеріндегі жалпы 315 мыңға жуық оқушының 23 мыңы ұйғыр тілінде білім алып жатса, сонымен қатар факультатив есебінен аптасына 2 сағат көлемінде ана тілі мәртебесінде келесі: Қаратал ауданының екі мектебінде 110 оқушы – корей тілін, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарының бес мектебінде 289 оқушы – түрік тілін, сол сияқты Талғар ауданының бір мектебінде 56 оқушы – грек тілін, Еңбекшіқазақ ауданының бір мектебінде 40 оқушы – күрд тілін, Панфилов ауданының бір мектебінде 30 оқушы – дүнген тілін, Көксу ауданының бір мектебінде 15 оқушы – әзірбайжан тілін оқуда» - екендігін атап өтті Талғат Ошанұлы

Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту аясындағы тақырып бойынша, осы №59 мектеп-гимназиясы ұжымында – қаламыздың қоғамдық «Этномәдени бірлестіктері» атауымен: 3-ші курс студенті Самиева Румилям және мен (4-ші курс студенті Мирзаев Элхан) ұйғыр және түрік диаспораларының ұлттық мәдениет орталықтарының мысалында хабарлама жасадық. География және тарих мамандығының 3-ші курс студенті Р.Самиева өзінің баяндамасын видеоролик арқылы және ұйғыр халқының ұлттық өнерін көрсету бойынша өте әсерлі берді. Мен өз кезегімде дипломдық жұмысымның тақырыбына (осы мақаланың тақырыбына сәйкес) байланысты, зерттеу материалдарым бойынша көрнекі құралдарды пайдалану арқылы таныстырып өттім. Баяндау барысында: Қазақстан халқының ішінде түрік диаспорасының орны және түрік-месхетиндердің (ахысқа түріктерінің) шығу тегінің күрделі екендігін, өзіндік саяси мәні жайлы және түркі әлеміне қатысты тығыз тарихына байланысты, т.б. осы сынды мәселелер туралы айтып және оның ҚХА аясындағы сүбелі қызметіне тоқталдым.

Аталмыш апталық аясындағы осы іс-шараның қорытындысы бойынша сөз сөйлегендердің барлығы да, біздің елімізді мекендеуші 130-дан астам этнос өкілдері үшін жоғарыда аталған үлкен мүмкіндіктер мен қолайлы жағдайлардың туғызылғандығын бір ауыздан атап өтті. Осынау тақырып аясында атқарылып жатқан игі іс-шаралар жайлы және оларды атап айту керектігі туралы өз ұстанымымды білдіре отырып, өз кезегінде осы сынды жұмыстар бұқаралық сипатта республикамыз көлемінде белсенді жүргізіліп жатқандығын байқап та көріп те жүрміз. Мақаламды аяқтай отырып, оны осындай ҚХА-ның атсалысуымен атқарылып жатқан ізгі мақсаттағы кең көлемді іс-шаралар бұқаралық ақпарат көздері бойынша аталынып көрсетілуі арқылы, республикамыздың жұртшылығы арасында кеңінен насихатталса деген ой-пікіріммен тұжырымдаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1 «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал / Методическое пособие по разъяснению патриотического акта «Мәңгілік Ел». Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2016 г.

2 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

3 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы», 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №147 Жарлығы. – Астана: ҚазАқпарат, 2015 жылғы 30 желтоқсан.

4 Ассамблея жылы - Қазақ Елінің бірлігі жылы! – Астана. «KAZINFORM» Халықаралық ақпарат агенттігі, 2015 жылғы 6 ақпан.

5 Беляева М.В. География в условиях глобализации и проблема формирования национальной идентичности. – Новосибирск: Сибирский педагогический журнал, 2013 г., - №5.

6 Увалиев Т.О., Увалиев М.Т. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайтып дамыту - қоғамның тұрақты дамуының кепілі. – Публикация на интернет портале «G-Global» в июне 2015 г.

АКАДЕМИК Қ.И. СӘТБАЕВ – ЖЕРТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ («Мамандығым мақтанышым» тақырыбындағы сынып сағаты негізінде)

*А.Ертуғанова, «5В011600-География және тарих», 3 курс,
Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ. Қазақстан*

Ағымдағы оқу жылының қаңтар-ақпан айларында қаламыздың Түркісіб ауданындағы № 59 мектеп-гимназияда педагогикалық тәжірибе жинақтау бойынша практикадан өту барысында, маған сынып жетекшілікке бекітіліп берілген оқушыларыммен «Менің өңірімнің үздік адамы» тақырыбына тәрбие сағатын өткізуге нұсқау жасалды. Осы жерде біздің «география және тарих» мамандығының оқу тобына практика жетекшісі болып бекітілген Увалиев Талғат ағай, бұл тәрбие сағатын география мен өлкетануға қатыстыра отырып өткізуге ұсыныс берді, яғни еліміздегі жертану ғылымының қалыптасып дамуына айтулы үлес қосқан танымал тұлғалармен оқушыларды таныстыруды біздерге, яғни практикант-студенттерге діттеп міндеттеді. Осылайша пед.практика жетекшісі ағайымыз, оқушыларға кәсіптік бағдар беру және мамандық таңдау мәселелерін бірлікте қарастыру арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізудің керектігін түсіндірді. Және бұл тәрбие сағатын «Мамандығым мақтанышым» аясында өткізуді ұсынып, біздің оқу тобымыздағы студенттерге, еліміздің осы жаратылыстану ғылымы мен біліміне қомақты еңбек сіңірген бірнеше ғибратты (Ш.Уәлиханов бастаған Қ.И.Сәтбаев, А.Ж.Машанов және т.б.) Қазақстандық ғалымдарды ұсынды. Мен осылардың ішінен академик Сәтбаев Қаныш Имантайұлын қаладым, өйткені Қ.И. Сәтбаев «Қазақстан Ғылым Академиясының» тұңғыш президенті, геология ғылымының 20-ғасырдағы аса көрнекті өкілі әрі академик Қаныш Сатпаев кезінде еліміздегі алғашқы педагог-ұстаздардың бірі болған.

Жалпы сынып сағатының барысында, оның мақсат-міндеттерін мен ғылыми-зерттеу, оқу-ағарту, тәлім-тәрбиелік, т.б. жан-жақты қырларын баяндау арқылы, оның мазмұнына тоқталдым:

Сынып сағатының тақырыбына келсек, оны мен 6-шы сыныпта «Жаратылыстану» пәні оқылатындықтан, осыған байланысты «Академик Қ.И. Сәтбаев – Жертану ғылымының көшбасшысы» тақырыбына арнадым.

Мақсаты: Оқушылардың отандық геология ғылымынан шыққан ең ғұлама адамды танып білуі мен оларды тақырыбыма сәйкес Қаныш Имантайұлының ғұмыр жолымен және де аса қажырлы еңбегімен таныстыру.

Міндеттері: Оқушылардың осы жертану ғылымдары бойынша, биікке шыққан ең танымал адамды біліп құрметтеуі. Олардың осы ғылым саласы бойынша ең үздік адамдардың қатарында болуға талпынуға ықпал ету.

Көрнекі құралдар: минералдар коллекциясы, ғылыми әдебиеттер, оқулықтар, мерзімді баспасөз басылымдары, тектоникалық, геологиялық, қазба байлықтар карталары және т.б.

Шаттық шеңбері: Шеңбер құру арқылы оқушылар тұрады және өзара бір-бірімен амандасады. Оларға осы шеңбер аясында өздеріне үлгі-өнеге ретінде мақтан тұтатын отандық ғалымдарды, яғни ұлы тұлғаларды айтуларын өтінемін.

Оқушылар, сәлеметсіздер ме!

Сабақ тақырыбымен байланыстыру мақсатында оқушыларға келесі сұрақтарды қоямын:

1. Жертану ғылым саласынан, оның ішінде геология ғылымының ең танымал адамдары дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Жертану ғылымдары бойынша ең көрнекті ғалымдарды атаңдар және қайсысың оларды көп біледі екенсіңдер?

3. Сенің өзің осы кісідей көшбасшы адам болғың келе ме? Сен ол үшін не жасар едің?

Сынып сағатының мазмұнына келсек, қалаған тақырыбымыз бойынша: Қаныш Имантайұлы Сәтбаев жайында баяндалып, оның қажырлы еңбегінің нәтижесінің бүгінгі қоғамымыз бен экономикамызда алатын рөлі айтылды. Сонымен қатар Қ.И.Сәтбаевтың өмірбаяны және білім алуы, атқарған қызметі, ғылым жолындағы жетістіктері де қарастырылды. Енді осы *сынып сағатының барысына тоқталамыз*: Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (1899-1964) – аса көрнекті қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Туған жері – бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы).

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейінгі Қ.Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеологиясын зерттеуге арналған. Оның геологиядан басқа ғылымдардан да, мәдениет саласында да, тарихта да қалдырған ізі сайрап жатыр. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын ауырлығына қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясының ұйымдастыру жұмысына басшы болып, оның ісіне бел шеше араласуы ұлыларға тән көрегендіктің белгісі еді. Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы – кезінде осы кеннің жоспарлары кең түрде масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың еңбегінің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды. Біраз кендерге бүтіндей жаңа өндірістік баға берілді.

Ол Қарағандыда металлургиялық заводын салуда, Қостанай, Алтай темір және марганец, Қаратаудың фосфорит кендерін және осылар секілді көптеген ірі нысандарды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының қазылуына, біраз ғылыми-зерттеу институттарының ашылуына тікелей араласып, зор еңбек сіңірді. Ол – геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі, бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты, СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрижелі Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кен, металлургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар.

Қазақ ғылыми академиясының тұңғыш президенті және геология-минерология ғылымдарының 20-ғасырдағы аса көрнекті оқымыстысы, академик Қаныш Сәтбаев ағамыз ең алғашқы педагог-мұғалімдерінің бірі болған. Ол Семейдегі педагогикалық техникумды тәмамдағаннан кейін 1918-1919 жылдары Семей қаласындағы қазақ мұғалімдеріне арналған 2 жылдық педагогикалық курстарға жаратылыстану пәнінен сабақ берді. 1919-1920 жылдары Семей губерниясындағы Павлодар уезіне қараған «Ақ келін» болысындағы атажұртындағы № 4 ауылда мұғалімдік қызмет атқарады. Мұғалім болып қызмет істеген кездегі оқулықтарға тапшылықты өз басынан кешіргендіктен, 1919-1924 жылдар аралығында тұңғыш «алгебра» оқулығын құрастырыпты.

Ұлы ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұовтың ұсынысымен 1924 жылы Қ.И.Сәтбаев құрастырған осы «алгебра» оқулығы комиссариатының тиісті комиссияларында баспаға қабылданып, авторға аванс берілген көрінеді. Енді кітаптың жарық көріп, ел қолына жетуі ғана қалған секілді еді. Қ.Имантайұлы қазақ тілінің үлкен қамқоршысы екенін «ер Едіге» эпосын қазақ тіліне мұқият түсіріп бергендігімен дәлелдесе, математикалық және ғылыми-техникалық терминология жасаудағы ең алғашқы ірі авторларының бірі екендігін осы аталып отырған оқулық арқылы біліп отырмыз. Көлемі 1642 беттен тұратын осы қолжазба болашақ ғалымның 20 жасында жазған тұңғыш ғылыми еңбек екен. Бұл кітап А.П.Киселевтің алгебрасы негізінде жазылған. Қаныш аға аудармамен қатар осы негіздей қазақ

мектептеріндегі оқушылардың білімі мен талап деңгейін ескере отырып, шөп, мал түрлерін санауға, сол кезеңдегі сауда-саттық ұғымдарына байланыстырып көптеген жаңа мазмұнды оқу бағдарламасына сәйкес есептерді құрастырған. Қолжазбаның соңында 220 математикалық терминдердің қазақша байланысын енгізген. Қолжазбаның ішінде араб графикасымен жазылған 592 бет, латын графикасымен жазылған 1440 бет, 30-35 баспа табақ болауын математикалық қолжазбалары Қазақстан Республикалық мемлекеттің орташа мұражай қорында сақталған.

Жалпы Қ.И.Сәтпаевтың қазақ тіліндегі тұңғыш «алгебра» оқулығының қолжазбасын Қазақстан халық ағарту комиссариатына 1924 жылы тапсырған һәм қолжазба Комиссариаттың ғылыми-әдеби кеңесінде математикалық оқулығы ретінде мақұлданып, баспаға ұсынылғандығы жайындағы құжаттар сақталған екен. Қаныш Сәтпаев ұсынған алгебралық жазбалардың белгілейтін шрифтер мен матрицалардың болмауына байланысты «алгебраны» басып шығару сөзбайламға түскен көрінеді. 1927 жылы оқулықтың Мәскеудегі «Центриздатқа» жіберілген жөніндегі қағаздар айқын екен. Бірақ, «Центриздат» пен «Қазиздат» арасындағы түсініспеушіліктердің салдарымен кітаптың басылуы құрдымға кетеді.

Автор ретінде Сәтпаев заңды алаңдаушылық білдіріп, бұл баспаларға бірнеше нәтиже шыға қоймапты. Қазақстан жазуының 1929 жылы латын алфавитіне ауысуына байланысты Қ.И.Сәтпаев оқулықтағы формулаларын бастан аяқ латын әріптерімен түзеп шығып 1928 жылы наурыздың 3 күні латыншаға көшіріп, қайтадан баспаға өткізеді. Осыған байланысты қолжазбаның тағы бір құндылығын аша түседі. Қаныш аға қазақша оқулыққа тұңғыш рет халықаралық емес тілін яғни теңдеу өрнектерін латын әріптерімен белгілеуге ұсынды. Сонан бері ешқандай өзгеріссіз күні бүгінге дейін қолданылып келеді. Міне, осындай Қаныш ағаның кемеңгерлігі, данышпандылығы, жан-жақты ғылыми иесі екенін тағы да дәлелдей түскендей.

Құрметті оқушылар! Осы орайда біз академик Қ.И.Сәтпаевтың Қазақстан ғылымына қосқан сүбелі үлесімен қоса, еліміздің табиғат ресурстарын зерттеуге тікелей тигізген әсерінің де аса ауқымдылығы жайлы білгеніміз жөн. Егер де Сіздердің бұл туралы және басқа да сұрақтарың бар болса, арамызда – ЖОО орнының студенттеріне («Табиғат ресурстарының географиясы», «Өнеркәсіп географиясы», «Географияны оқыту әдістемесі», т.б.) арналған оқулықтардың және қазіргі орта мектептегі «География» пәні бойынша жаңа буын оқулықтары мен жаңартылған оқу бағдарламасы негізінде енді басылым көріп жатқан электрондық оқу құралының авторы: п.ғ.к., біздің университетіміздің доценті әрі практикамыздың жетекшісі Т.О.Увалиев ағай тәрбие сағатына қатысып жауап беруге дайын отыр.

Сынып сағатын қорыту барысында ойларыңа түйіп жүруге тиісті жәй ол, осы ғибраты мол ғалымның Қазақ Ғылым Академиясындағы президенттік қасиеттерінің ең мәндісі – ол аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы болғандығы. Тәрбие сағатының барысында біз ұлы тұлғаның – Қазақстан өнеркәсібін дамытуға, әсіресе түсті металлургия саласын өркендетуге қаншалықты тер төккенін байқадық. Сонымен қатар жоғарыда біз оның аса дарынды оқымыстылығымен қатар, сол кездегі оқытушылық қызметпен айналысып жаратылыстану пәндері бойынша мұғалім болғандығын да хабардар еттік, яғни ұстаздық жұмыс атқарғандығын да атадық. Қорыта келе, Жертану ғылымының көшбасшысы ретінде ұлы ғалымның есімімен – Қазақстанның қала, ауылдарында Сәтпаев есімімен аталатын жүздеген көшелер мен 50-ге жуық мектеп аталынған және ғалымның еліміздің өңірлерінде көптеген ескерткіштері бар. Сонымен қатар, Сәтпаевтың геологиядан басқа ғылымдарда да, мәселен мәдениет және тарихта қалдырған, оқу-ағарту және т.б. салалардағы еңбектері молынан. Сіздерге, аса танымал отандық ғалымымыздың өміржолынан өнеге алу және оның қалдырған осынау мұраларын танып білу аса қажетті рухани азық, мұны еліміздің ертеңі өздеріңізге аманат рет қабылдап біліп жүргендеріңіз лайым деген ұсыныс айта отырып, егер де сұрақтарың болмаса тәрбие сағатын қорытындылаймыз.

Сонымен Қаныш Имантайұлы Сәтпаев, ұлы тұлғалар қатарынан орын алған, ғылымда дүние жүзін мойындатып, есімі әлемге танылған, ал оның 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен – *ұлтымыздың мақтанышы*. Осы жерде тоқталатын аса маңызды нәрсе ол, ҚР Білім және ғылым министрліктің жыл сайын жаратылыстану саласындағы үздік ғылыми зерттеулердің жеңімпазы үшін Қ.И.Сәтпаев атындағы сыйлық тағайындалған, бұл осы министрлік тарапынан берілетін атаулы сыйлықтардың ішіндегі мәртебесі ең жоғарғысы. Ал жақында ғылым саласындағы атаулы сыйлықтарды тағайындау туралы аталмыш салалық министрліктің шешімімен 2017 жылдың қорытындысы бойынша, осы Қ.И.Сәтпаев атындағы сыйлық «Қазақстан табиғатының қалыптасуы мен даму тарихы», «Қазақ елі – мәңгілік ел» тақырыптарына арналған ғылыми жұмыстар (монографиялар) циклі үшін біздің университет жанындағы «География және экология» ғылыми-әдістемелік орталығының директоры, академик Әлия Сәрсенқызы Бейсеноваға берілді.

Сөз кезегінде мақаламызды, біздің оқу орнымыздың ректоры болған Кеңестер Одағының батыры Мәлік Ғабдуллиннің – Қ.И.Сәтпаев жайлы айтылған естеліктер жинағында жарияланған оның «Қазақ

халқының мақтанышы» атты мақаласынан *келесі мына*: «Қаныш өзінің барлық саналы өмірін қазақ халқының экономикасы мен мәдениетінің, ғылымының өркендеп өсуіне арнап, осы жолда аса тамаша тарихи мәні бар істер жасады. Сондықтан, оны қазақ халқы өзінің мақтанышы деп біледі» - деген үзіндіні келтіру арқылы *тұжырымдаймыз*.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ДАМУЫНА ПРОФЕССОР М.Ш. ЯРМУХАМЕДОВТЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

*Б.Қуандық, «БМ011600-География», 1-курс
Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доцент,
А.А. Алдашева, аға оқытушы, т.ғ.к.;
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ. Қазақстан*

Аннотация: Статя посвящена жизни и деятельности Ярмухамедова Мухтамида Шамухамедовича – широко известного в Казахстане методиста и видного эконом-географа республики, кандидата географических наук, профессора КазНПУ имени Абая.

Ключевые слова: Экономическая география, методика преподавания географии, научно-методическое пособие, учебник, учебное пособие, школьная география

Annotation: The article is devoted to the life and activity of Mukhtamid Shamukhamedovich Yarmukhamedov - a well-known Kazakhstan methodologist and prominent economist-geographer, candidate of geographical sciences, professor Abay KazNPU.

Keywords: Economic geography, geography teaching methodology, scientific and methodical manual, textbook, manual, school geography

2018 жылғы наурызда, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің түлегі әрі осы өзі бітірген оқу орнында тапжылмай 50 жыл бойы тұрақты оқытушылық қызмет атқарған, елімізге танымал әдіскер-ғалым және көрнекті экономикалық географ, география ғылымдарының кандидаты, профессор – Ярмухамедов Мұхтамид Шамухамедұлының туғанына 97 жыл толды. Ол 1921 жылдың 3-ші наурызында Алматы қаласында дүниеге келген. Талғар ауылшаруашылық техникумын үздік аяқтаған соң, 1939 жылы К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясына оқуға түседі, бірақ көп уақыт өтпей 1940 жылы армия қатарына әскери борышын өтеуге шақырылады. Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінен бастап кадрлық әскердің құрамында, Белоруссия аумағындағы Батыс майдандағы ауыр ұрыстарға қатысады.

Армияда жаракат алуына байланысты әскерден қайтып оралғаннан соң, 1942 ж. Абай атындағы ҚазПИ-дің география факультетіне оқуға түседі. М.Ш.Ярмухамедов 1946 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің география факультетін үздік тәмамдаған соң, «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасы бойынша оқуын жалғастыру үшін, институт жанындағы аспирантурада қалдырылады. 1947 жылдан бастап дәл осы кафедрада ассистент болып жұмыс істей бастады, 1951 ж. кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін, аға оқытушы, одан соң доцент, Абай атындағы ҚазПИ-дің «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі кафедрасының» кафедра меңгерушісі және профессоры болып жұмыс істеді. 1950-ші жылдардың ортасында, бір мезгілде бұрынғыдай Абай атындағы ҚазПИ-дің «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті болып қала отырып, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты директорының оқу және ғылыми істер жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеді. Ал 1964-66 жж. және 1981-86 жж. жоғарыда аталған кафедраның меңгерушісі болып сайланады. Қазақстанға кеңінен танымал әдіскер және республиканың көрнекті экономикалық географы, география ғылымдарының кандидаты, профессор – Ярмухамедов Мұхтамид Шамухамедұлы, 1997 жылғы қыркүйекте құрметті демалысқа шыққанына дейін, осы кафедрада түп-тура 50 жыл бойына орнықты жұмыс істеген.

Ғалымның – Қазақстанда географиядан білім беруді, әсіресе мектеп географиясынан, сондай-ақ жоғарғы оқу орны географиясынан білім беруді дамытуға және қалыптастыруға қосқан үлесі қомақты. М.Ш.Ярмухамедов – географиялық білім берудің оқу бағдарламаларының және концепцияларының, көптеген қайта басылуларға шыдаған, республиканың экономикалық және әлеуметтік география бойынша орта және жоғарғы мектебіне арналған сан көптеген оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтардың авторының есімі елдің бүкіл география жұртшылығына мәлім. Жарты ғасыр бойы дерлік уақыт бойында, республика мектептерінде оқушылардың көптеген буындары М.Ш. Ярмухамедовтың төрт тілде (қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр) басылған «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулықтары бойынша оқып, білім алды.

Қазақ және орыс тілдерін жетік меңгере отырып, институтта көп жыл істеген жұмысы кезінде М.Ш. Ярмухамедов өзін өзінің педагогикалық міндеттерін қазақ бөлімінде де, орыс бөлімінде де бірдей табыспен атқарып жүрген жақсы дәріскер және тәжірибелі педагог ретінде көрсетті. Оның дәрістері ғылыми тұрғыдан әрқашан мазмұнды, заманауи болды, оны студенттер үлкен қызығушылықпен тыңдайтын. Оның зертханалық-практикалық сабақтары да жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өтетін, ол сондай-ақ күндізгі бөлімде де, сырттай оқу бөлімінде де студенттердің диплом жұмыстарына және оқу практикалық-педагогикалық және қашықтықтан кешенді жұмыстың барлық түрлеріне жетекшілік етті. Оқу жұмысымен қатар, Ярмухамедов М.Ш. үлкен ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмысты да жүйелі түрде атқарып отырды. Өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап, өз республикамыздың географиясын орта мектептерде және педагогикалық жоғарғы оқу орындарында тереңдете зерделеуге айқындалған бағытқа сәйкес, М.Ш. Ярмухамедов «Қазақ КСР экономикалық географиясы» бойынша алдымен география мұғалімдеріне арналған, одан кейін орта мектептің 8 және 9 сынып оқушыларына арналған, ал 60-шы жылдардың басынан педагогикалық институттардың студенттеріне де арналған орнықты оқулықтар мен оқу құралдарын жазумен беріле жұмыс істеді. Онымен қоса, ол ғылыми кеңесші ретінде Қазақ КСР оқу экономикалық картасын және «Қазақфильм» студиясы шығарған республиканың экономикалық географиясы бойынша түрлі-түсті оқу фильмін жасауға қатысты.

Одан кейінгі жылдары ол, бір мезгілде Мәскеуде "Мысль" баспасы шығарған бұл томның жауапты редакторларының бірі бола отырып, авторлар ұжымының құрамында "Қазақстан" томын («Кенестер Одағы» мерейтойлық географиялық басылымының 22 томынан тұратын топтамасын) жазумен жұмыс істеді. 1970-80 жж. ол "Мектеп" оқу-педагогикалық баспасы арқылы жаңа бағдарлама бойынша құрастырылған «Қазақ КСР экономикалық және әлеуметтік географиясы» бойынша мектептер мен педагогикалық жоғарғы оқу орындарына арналған оқу құралдарының және оқулықтардың бірнеше басылымын (оның ішінде қайта өңделген) басып шығарды. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін ол егемен республикамыздың орта мектеп оқушыларына экономикалық және әлеуметтік география бойынша оқулықтың жаңа басылымын дайындаумен жұмыс істеді.

Осы басылымдардың барлығынан географтар, оның ішінде мектеп мұғалімдері әдістеме бойынша мектеп географиясынан сабақ берудегі қызықтылық пен өлкетанушылық қағида, осы пәннің курсындағы тарихилық, география мұғалімінің оқушылардың экономикалық-географиялық ойлауын дамытуға бағытталған, өздігінше білім алу және өз республикасының географиясын зерделеуді жетілдіру жолдары секілді проблемалардың қызықты материалдары мен зерттемелерін және көптеген басқа да нәрселерді тауып келген және тауып отыр. Оның оқулықтарының осындай оң қасиеттері одақтық «Мектептегі география» журналының беттерінде талай мәрте атап өтілген болатын.

Оның ел үшін география бойынша біліктілігі жоғары педагогикалық кадрлар даярлаудағы сіңірген еңбегі зор. Қазақстан облыстары мен аудандарында оның шәкірттері жұмыс істемейтін мектеп жоқ десе болады, олардың арасында еңбегі сіңген және тәжірибелі мұғалімдер, әдіскерлер мен ғылыми қызметкерлер көп. Мектеп географиясын терең білетін және тәжірибелі әдіскер ретінде, ол республика мектептері мұғалімдерінің алдында жиі сөз сөйлеген. 1960 жылдан бастап М.Ш. Ярмухамедов «Мектептегі география» журналында жүйелі түрде қызмет атқарады, 20 жыл бойына осы журналдың редакция кеңесінің мүшесі болды, бұл журналда оның мақалалары талай мәрте жарияланды. Республикадағы, Қазақстан географиясы және экономикалық география саласындағы жетекші ғалымның қаламынан бірқатар брошюралар мен кітаптар, бірнеше ондаған ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланым мен мақала жарық көрді. Студент болып жүрген жылдары оған атақты географ, кеңестік экономикалық география ғылымының және одан сабақ беру әдістемесінің кеменгерлерінің бірі, алғашқы, ал одан кейін көп мәрте қайта басылып шыққан, орта мектепке арналған «КСРО экономикалық географиясы» оқулығының авторы –Н.Н.Баранскийді жақын тануы, оның экономикалық географ және әдіскер ретінде қалыптасуына көбіне-көп ықпал етті.

М.Ш. Ярмухамедовтың пікірінше: «Орта мектепте географиядан, әсіресе әлеуметтік-экономикалық географиядан сабақ беру мектеп түлектерінің – болашақ фермерлердің, инженерлердің, экономистердің, кәсіпкерлердің, ғалымдардың, басшылардың, кез келген мамандық мамандарының жас ойларында қазіргі заман адамының – өз елінің, оның табиғи және материалдық байлықтарының оларды сауатты және тиімді пайдалана алатын жігерлі, шаруақор қожайынының дүниетанымын дамытуға айқын бағыттайтын, осыған жағдай жасайтын білімдер мен түсініктер кешенін қалыптастыруға тиіс». Ол да Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Н.Н. Баранскийдің шәкірті ретінде, географияның халықтық ғылым болып шығуын армандаған.

Ярмухамедов М.Ш. бірқатар жылдар бойында Абай атындағы ҚазПИ-дің «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасын меңгерді. Республикалық география қоғамының мүшесі

және Қазақстан Білім беру министрлігінің География бойынша оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы болып қызмет істей жүріп, ол өз заманында қоғамдық өмірге белсене араласты, көптеген республикалық және одақтық география съездері мен симпозиумдарының жұмысына қатысты. М.Ш.Ярмухамедов – Ұлы Отан соғысына қатысушы, еңбек ардагері, үшінші дәрежелі «Даңқ», бірінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған. М.Ш.Ярмухамедовтің үлкен де жемісті ғылыми-педагогикалық қызметі сонымен бірге Ы. Алтынсарин атындағы медальмен және «Қазақ КСР Халыққа білім беру үздігі» белгісімен аталып өтілген.

«Әлеуметтік-экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасында жұмыс істеген жылдары, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық географиясы бойынша көптеген оқу-әдістемелік ұсыныс-нұсқаулардан және типтік бағдарламалардан өзге, ол жалпы алғанда: елдің педагогикалық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған төрт оқулық және бірнеше оқу құралдарын; республиканың география мұғалімдеріне арналған алты оқу-әдістемелік құрал; орта мектептердің оқушыларына арналған оқулықтың өзгерістермен және толықтырулармен оннан аса нұсқасын; республика географиясы бойынша сегіз кітап пен брошюра жазған. Онымен қоса, М.Ш. Ярмухамедов ғылыми және ғылыми-әдістемелік журналдарда 20-дан аса мақала, сондай-ақ Қазақ, Украин және Балалар энциклопедияларында 40-қа жуық статья жариялаған, бірнеше оқу картасын және республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі географиялық білім беру концепцияларын шығарған. Осылайша, М.Ш. Ярмухамедовтың бүкіл ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметі Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы бойынша мектеп және жоғарғы оқу орындары курстарын жасаумен, сондай-ақ республика мектептері үшін біліктілігі жоғары мұғалім кадрларын даярлаумен байланысты болып отыр. Бұған оның сан көптеген шәкірттерінің, біздің жоғарғы оқу орнымыздың бұрынғы студенттерінің республиканың көптеген мектептерінде, ғылыми мекемелерінде және жоғарғы оқу орындарында табыспен жұмыс істеп отырғандығын қоса айтуымыз керек.

Осылайша, М.Ш. Ярмухамедовтың бүкіл ғылыми-педагогикалық қызметі мектеп және жоғарғы оқу орындары үшін «Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» бойынша оқу курстарын және типтік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқу-әдістемелік зерттемелер мен оларға ұсыныс-нұсқаулықтар жасаумен ажырамастай байланысты болып келді. Қазақстанның орта мектептері және жоғарғы оқу орындарындағы географиялық білім беруді дамыту ісіне өзінің қомақты үлесін қосқан ғалым-ұстаз, осыдан екі жыл бұрын өмірден озды. Бірақ та, аты бүкіл әлемге әйгілі Н.Н. Баранскийдің шәкірті, ал біздің Абай атындағы ҚазҰПУ-нің түлегі, әрі өзі бітірген осы оқу орнында жарты ғасыр бойы тапжылмай оқытушылық қызмет атқарған ардагер ұстаз – оқулықтары мен оқу құралдары арқылы артына өшпестей із қалдырып кетті. Осы себепті әріптестері мен біздің білімгерлер арасында – Мұхтар (қазіргі шәкірттерінің жадында Мұхамид Шамұхамедұлы осы атпенен сақталған) ағайдың есімі, осы білімі мұралары арқылы сақталады деген берік сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Ученый-методист, педагог-ветеран (составитель – Увалиев Т.О.) // Биобиблиография посвященная 80-летию профессора Алматинского государственного университета имени Абая Ярмухамедову М.Ш. – Алматы, АГУ им. Абая. – 2001 г. – 41 с., портрет.

2 Бейсенова А.С., Увалиев Т.О. Гордость географической науки и образования Казахстана // Вестнике КазНПУ имени Абая. – Сер. «Естественно-географические науки», №1, 2006 г. – Стр. 5-7.

3 Увалиев Т.О. Университет ғалымдары – «Қазақстан географиясы» оқулықтарының авторлары // В сб.: Материалы междунар. конференции посвященной 70-летию АГУ имени Абая. – Алматы, АГУ им. Абая, 1998 г. – Стр. 44-46.

4 Увалиев Т.О. Вклад ученых-методистов АГУ имени Абая в географическое образование Казахстана // В «Вестнике АГУ им. Абая». – Сер. «Естественные науки», №1, 2001 г. – Стр. 68-71.

5 Увалиев Т.О. Университетіміз – жалпы білім беруші орта мектептерге арналған оқулықтардың ұстаханасы // В сб.: «Проблемы преподав. естественно-научных дисц. в школах и вузах РК, СНГ, Германии». – Алматы, КазНПУ им. Абая, 2004 г. – Стр. 177-179.

6 Увалиев Т.О. Баранский Н.Н. и развитие социально-экономической географии в Казахстане. // В республиканском научно-метод. журнале «География Казахстана и экология», – Алматы, №4, 2004 г. – Стр. 22-24.

7 Увалиев Т.О. Старейший факультет КазНПУ имени Абая (80 лет естественно-географическому факультету) // В республиканском научно-метод. журнале «География в школах и вузах Казахстана». – Алматы, №4, 2008, – Стр. 2-5.

ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫ (ҚОПА АУЫЛЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

*С.Б. Бакиров, 2 ші курс магистранты,
Г.М. Сабденалиева, п.ғ.к., доцент,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ, Қазақстан*

Аннотация: В данной статье рассматриваются виды и пути использования сельскохозяйственных отходов. Сельскохозяйственные отходы являются одним из видов бытовых отходов. Именно поэтому следует обращать внимание на отходы, вывозимые сельскими округами, и их правильное использование является одним из актуальных задач. Данное исследование было проведено в селе Копы, относящиеся к сельскому округу Б. Сырттанов, Аксуского района, Алматинской области. В данном исследовании проведен тщательный анализ, в результате, которого выявлены некоторые факты, связанные с использованием отходов местными жителями села и с их выбросом в санкционированных или же не санкционированных местах. Также следует отметить теоретическая и практическая значимость данной работы.

Ключевые слова: Сельскохозяйственные отходы, морфологический состав, пищевые отходы, навоз, зола, пластик, бумага, стекло, тяжелые металлы

Annotation: This article mainly considers issues concerning to the types and ways of using agricultural waste. Wastes in agro-industry are one of the types of every day's waste. So it is important to examine wastes of villages and their effective usage. This research was held in a Kopa village, B. Syrttanov village region, Aksu district, Almaty oblast. During this research were detected and analyzed that how the villagers used their wastes and how those rubbishes were thrown in legally permitted or non-permitted places. Therefore this work has theoretical and practical (usage) importance.

Keywords: Agricultural waste, morphological composition, food waste, manure, ash, plastic, paper, glass, heavy metals

Қазақ жұрты «Жерұйығы Жетісу» деп әспеттейтін Алматы облысындағы экологиялық жағдай алаңдатарлықтай. Еліміздегі жердің нәрі - мұнайы сорылып, кені қазылып жатқан өңірлерге қарағанда Жетісу өлкесінің жағдайы біршама тәуір десекте табиғаттың барлық тамашасы орналасқан аймақта да қоршаған ортаны қорғауға, табиғи тепе-теңдікті сақтауға қатысты айтылған, проблемалар жетерлік. Мұны қала, ауылда шашылып жатқан қатты тұрмыстық қалдыққа, полигондарда үйіліп қалған тастанды заттарға, бақылаусыз қалған кеніштердің радиациялық қалдықтар үйінділеріне қатысты айтуға болады.

Алматы облыстық экология департаментінің мәліметі бойынша, облыс аумағына жыл сайын 800 мың тоннаға жақын тұрмыстық қатты қалдық шығарылады. Оның 350 мың тоннасы Алматы қаласының, қалғаны облыс елді мекендерінің еншісінде. Бүгінде облыстағы жинақталған қалдық көлемі 9 млн. тоннаға жетті. Сондықтан облысымыздағы қатты тұрмыстық қалдықтарды қажетке жарату ісі бүгінгі күннің талабынан шығып отыр деп айта алмаймыз. Әрине, дамыған мемлекеттер сияқты қоқысты керекке жаратып, одан өміріміз бен тіршілігімізге тиімді заттарды өндіретін уақыт та келер. Ондай мүмкіндікке жету үшін жұрт болып жұмылған жөн. Сондықтан тұрмыстық қалдықты қайта өңдеуден бұрын оны есепке алу, жинау, сұрыптау жолын, сондай-ақ, қауіпті қалдықтарды залалсыздандыру, жоюдың әдіс-амалын үйренгеніміз дұрыс. Ол үшін қатты тұрмыстық қалдықтардың өміріміз бен табиғатқа келтірер зияны мен қауіпін білгеніміз жөн. Әсіресе ауыл маңындағы қалдықтардың заңсыз жерлерге тасталынуы, үйінділердің жинақталуы қоршаған ортаға айтарлықтай зиянын тигізеді. Сондықтан, Жетісу өлкесіндегі ауыл шаруашылық қалдықтарының түрлерін анықтау, оларды толық немесе бөлек-бөлек сұрыптап кәдеге жарату мәселелері міндетті түрде туындайды.

Ауыл шаруашылық қалдықтарының түрлері және оларды жергілікті халықтың қалай пайдаға асырып жатқанын анықтау үшін, зерттеу жұмысы Алматы облысы Аксу ауданы Барлыбек Сырттанов округіне қарасты Қопы ауылында жүргізілді. [2, с. 128].

Қопы ауылы жайлы қысқаша мәлімет беретін болсақ адам саны 553, жергілікті тұрғын үй саны 70. Қопы ауылында арнайы өндірістік кәсіп орындар орналаспаған, 9 шаруа қожалығы бар. Жергілікті халық негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Мал саны оның ішінде мүйізді ірі қара -6075, аналық сиыр - 2736, қой,ешкі - 19623, жылқы-1026, құстар-16840.

Зерттеу жұмысында Қопы ауылының қалдықтарының морфологиялық құрамы төмендегідей анықталды:

- Тамақ қалдықтары
- Мал тезегі(қи)
- Күл
- Пластмасса
- Қағаз
- Әйнек
- Ауыр металдар

Жоғарыдағы көрініп тұрғандай ең көп пайыз мал тезегі мен күл-қоқыс қалдықтарына тиесілі себебі ауыл халқы мал шаруашылығымен айналысып ,отын көзі ретінде көбіне көмір мен қиды пайдаланады. Жергілікті халық өздерінен шығарып жатқан тұрмыстық қалдықтарды әртүрлі мақсатта пайдаланады екен солардың бірқатарына тоқтала кетсек.

1. *Тамақ қалдықтары.* Қопа ауылынан шығатын тағам өнімдерінің қалдықтары сурет-1 де көрсетілгендей 5 %-ды ғана құрайды, себебі шығарылатын тағам қалдықтарымен үй жануарларын тамақтандырады. Ет, сүйек тағамының қалдықтарын қолға үйретілге ит жануарына берсе, дәнді-дақылдар тағамының қалдықтарын мүйізді ірі қара, қой-ешкілерге береді.

2. *Мал тезегі .* Қопа ауылында малдардың көбі қыс мезгілінде арнайы қорада тұратындықтан қыс мезгілінде барлық үйден шығатын мал тезегі 1200 тоннаны құрап отыр, көктем мезгілінде күн жылынғанда мал жартылай далада жайылатын болғандықтан ол кезде шығарылатын мал тезегі 420 тоннаны құрайды, жаз мезгілінде 170 т, күз мезгілінде 430 т шығады.

Жергілікті халық мал тезегін қыс мезгілінде қардың қалыңдығына байланысты үйге жинайды. Көктем кезінде жартылай шөп араласқан малдың тезегін үйден 100-200 метр ара қашықтықтағы қалдық тастайтын жерге апарып төгеді. Бірі сол жақта мал тезегін жақса, енді бірі мал тезегін кептіріп қи ретінде пайдаланады. Сондай –ақ көктем кезінде мал тезегін егістікке қара шірік ретінде пайдаланады екен.

3. *Күл.* Қопа ауылында отын көзі ретінде табиғи шикізаттар: көмір, қи, ағашты пайдаланады. Ауа райы қараша айынан бастап наурыз айына дейін суытқандықтан, осы бес айда көмірді, қиды, ағашты көбірек пайдаланады, соған байланысты шығатын күлдің мөлшеріде көбірек . Бес айда 6 т көмір, 4 т қи, 60 кг тамыздық ағаш жағылып, 2,1 т күл шығарылады екен. Күлді әртүрлі мақсатта пайдаланады көктем кезінде күлді үйдің , мал қораның түбіне төгу арқылы су басып қалудан сақтаса басқа уақыттарда әртүрлі құрылыс материалы ретінде пайдаланады.

4. *Пластмасса.* Қопа ауылында негізінен пластмасса түрлерінен бөтелкелер, гупкалар, резинкалар пайдаланылады. Олардың жарамдыларын әсіресе бөтелкелерді жергілікті халық сүт, шай құятын ыдыс ретінде пайдаланады, ал жарамсыздарын гупка, резиналарды жағып отын көзі ретінде пайдаланады.

5. *Қағаз.* Қопа ауылында қағаз қалдықтары жоқтың қасы деседі болады. Көбіне тамыздық ретінде жағылып кетеді.

6. *Әйнек.* Қопа ауылында негізінен әйнек бөтелкелер кездеседі. Оның бәрін ауыл тұрғындары қалаға апарып арнайы әйнек қабылдайтын жерге өткізеді.

7. *Металлдар.* Қопа ауылында металлдардан алюмин, мыс, темір кездеседі. Ауыл халқы ол металлдарды бос тастамай құрылыс материалы ретінде пайдаланса, ал жарамсыздарын орталықтағы металлдар алатын орынға өткізеді. [3, С.48-49].

Зерттеу жұмысында анықталғандай Қопа ауылында тұрмыстық қалдықтарды тастайтын 3 орын бар екен, оның 1- заңды болса, 2 заңсыз.

1. Мал өлексесін тастайтын заңды түрдегі орын Қопа ауылынан 3 км жерде орналасқан көлемі - 150.72 м³.

2. Мал тезегін тастайтын заңсыз орын Қопа ауылынан 500 метр жерде орналасқан көлемі 2260 м³.

3. Мал тезегін тастайтын заңсыз орын Қопа ауылынан 200 метр жерде орналасқан аумағы 200 метр шаршыны алып жатыр.

Кесте-1. Қопа ауылындағы әр мезгіл сайын пайдаланылатын табиғи шикізат көзі мен шығарылатын қалдықтардың көлемі

Қыс	
Қопа ауылындағы тұрғын үй саны	70 үй
3 айда пайдаланылатын табиғи шикізаттардың түрлері	Орта шамасының көрсеткіші
Көмір	237 т
Қи	140 т
Тамыздық ағаш	2,2 т

Шығарылған қалдықтар	
Күл	91 т
Мал тезегі	1200 т
Көктем	
Қопа ауылындағы тұрғын үй саны	70 үй
3 айда пайдаланылатын табиғи шикізаттардың түрлері	Орта шамасының көрсеткіші
Көмір	80 т
Қи	110 т
Тамыздық ағаш	1,5 т
Шығарылған қалдықтар	
Күл	45 т
Мал тезегі	420 т
Жаз	
Қопа ауылындағы тұрғын үй саны	70 үй
3 айда пайдаланылатын табиғи шикізаттардың түрлері	Орта шамасының көрсеткіші
Көмір	-
Қи	63 т
Тамыздық ағаш	1,2 т
Шығарылған қалдықтар	
Күл	37 т
Мал тезегі	170 т
Күз	
Қопа ауылындағы тұрғын үй саны	70 үй
3 айда пайдаланылатын табиғи шикізаттардың түрлері	Орта шамасының көрсеткіші
Көмір	80 т
Қи	120 т
Тамыздық ағаш	1,8 т
Шығарылған қалдықтар	
Күл	50 т
Мал тезегі	430 т

Сурет-1 Қопа ауылындағы шығарылатын қалдықтардың көлемі (т).

Жоғарыда диаграммада көрсетілгендей ең жоғары көрсеткіш қыс мезгіліне тиесілі, себебі күннің суығына байланысты көмірді, қиды көп пайдаланады, соған сай шығатын күлдің көлеміде жоғары. Ең төменгі көрсеткіш жаз мезгілі, себебі жазда көмірді пайдаланбайды, ол кезде отын көзі ретінде газды және кішкене қиды пайдаланады. Сондықтан жаз мезгілінде күл аз шығады, үй малдары көбіне жайылымдарда жайылып, сол жақта қонатын болғандықтан үйден шығатын мал тезегі аз.

Көктем мезгілінде қалдықтар көп шыға бастаған уақытта Қопа ауылының тұрғындары өзара ұйымдаса отырып, көлік жалдап, қалдықтарды шығару мәселесімен өздері айналысады екен. Қалдықтардың пайдаға асырылатын түрлерін жоғарыда айтып өткеніміздей кәдеге жаратса, пайдаға асырылмайтындарын (жарамсыз мал тезегі, шөптер, резиналар, күл т.б) ауыл шетіндегі заңды және заңсыз орындарға апарып тастайды. Әр демалыс күндері сенбіліктер өткізіліп тұрады. [4, с.124]

Қорыта келе Қопа ауылынан шығып жатқан қалдықтарды ауыл тұрғындары өз қажеттіліктеріне әр түрлі мақсатта пайдаланатыны, жарамсыздарын арнайы орындарға апарып тастайтындары, сенбіліктер өткізіліп тұратындары белгілі болды. Соған сай ауыл қалдықтармен ластанбаған, шыққан қалдық түрлері пайдаға асырылып жатыр.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылық қалдықтарын пайдаға асыру өзекті мәселелердің бірі, себебі ауыл шаруашылық қалдықтарының түрлерінен биогаз, екінші реттік шикізат көздерін алуға болады. Ауыл шаруашылық қалдықтарын пайдалану біріншіден сол ауылдың қоршаған ортасын экологиялық тұрғыдан жақсартса, екіншіден ауылдың дамуын күшейте түседі. “Ауыл көркейсе – қала көркейеді” – демекші ауылдарымыздың таза болуы, ауыл шаруашылық қалдықтарының өңделуі еліміздің де дамуына көп әсерін тигізетін еді. Сондықтанда қалдықтар мәселесін қарастырған уақытта, тек қана қала емес, облыс, аудан, ауыл көлемінде де қарастыруымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Боровский Е.Э. Отходы, мусор, отбросы. // Химия. – 2001 - №10.
- 2 Нуркеев С.С., Арганчиева А.Г., Утегулов Н.И. и др. Проблемы обезвреживания и утилизации твердых бытовых отходов. - Алматы, 2005, - 128 с.

3 Шубов Л.Я., Заленухин Р.В. Концепция промышленной переработки твердых бытовых отходов: необходимость создания и принципы построения. // Доклады Всероссийской научно-практической конференции с международным участием «Новое в экологии и безопасности жизнедеятельности» 16-18 июня 1998 г. - Санкт-Петербург - С. 48-59.

4 Санитарная очистка и уборка населенных мест: Справочник / Под ред. А.Н Мирного, - М.: Стройиздат, - 1990, - 413 с.

ДИНАМИКА И ТРАНСФОРМАЦИЯ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА КАЗАХСТАНА ЗА ПОСЛЕДНЕЕ СТОЛЕТИЕ (1917-2017 гг.)

Кулушева Элина, 2- курс «5В011600 – География»

Увалиев Т.О., к.п.н., доцент,

КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

Аңдатпа: Аталмыш статья, Қазақстан Республикасының территориясында болған әкімшілік-аумақтық өзгерістер туралы құжаттарды зерделеу мен халық санағының соңғы статистикалық мәліметтеріне негізделген. Статияда, Қазақстан картасындағы әкімшілік-аумақтық өзгерістер мәселесі қарастырылуымен қатар оның себептері де баяндалады.

Кілтті сөздер: Қазақстан Республикасы, әкімшілік-аумақтық құрылыс, болыс, үйез, аудан, облыс, қала, өзгерістер

Annotation: This article is based on the study of documents on administratively-territorial changes that occurred on the territory of the Republic of Kazakhstan and on the statistical data of population censuses. The article discusses the issues of administratively-territorial changes on the map of Kazakhstan and about it's causes.

Keywords: Republic of Kazakhstan, administrative-territorial organization, parish, county, district, region, city, changes

В настоящее время общая площадь Республики Казахстан (РК) составляет около 2% поверхности земного шара, свыше 5% площади Евразии, а в мире в целом занимает 9-ое место по величине своей территории, чуть уступая Аргентине. Общая протяженность границ Казахстана составляет 13 394,6 км. На начало 2018 года в Казахстане проживает 18 157 078 жителей (из них мужчины: 8 790 954, женщины: 9 366 124) и этот показатель продолжает увеличиваться. Таким образом Казахстан занимает 63-е место в списке стран по численности населения, а средняя плотность населения составляет чуть более 6,64 человек на км кв. (184-е место в списке стран по плотности населения). На сегодняшний день территория Республики Казахстан административно разделена на 14 областей и 2 города республиканского значения (г. Алматы и г. Астана), 160 сельских и 11 городских районов, 38 городов областного и 47 городов районного значения.

Перед тем, как административно-территориальная карта Казахстана стала такой, произошло большое количество изменений. Более ста лет назад административное устройство Казахстана было весьма уродливым и в территориальном и в социально-экономическом отношениях. Политика царизма была направлена на то, чтобы разъединить Казахстан на части и тем самым затруднить консолидацию казахской нации, подорвать национально-освободительное движение его народа. АД было проведено без учета экономических и национальных интересов, лишь для удобства управления царскими властями по их военно-политическим соображениям, чтобы исключить возможности создания национальной государственности.

При царской России, не имея своей государственности, Казахстан оказался расчлененным между различными административными единицами. К 1917 году на его территории образовались шесть областей: Акмолинская с уездами Акмолинским, Атбасарским, Кокчетавским, Омским и Петропавловским; Семипалатинская с уездами Зайсанским, Каркаралинским, Павлодарским, Семипалатинским и Усть-Каменогорским. Обе эти области входили в состав Степного генерал-губернаторства с центром в г. Омске. В Туркестанское генерал-губернаторство с центром в г. Ташкенте входили: Семиреченская область с уездами Верненским, Джаркентским, Капальским, Лепсинским, Пишпекским и Пржевальским; Сырдарьинская – с уездами Аулие-Атинским, Казалинским, Перовским, Ташкентским и Чимкентским. Самостоятельной была Тургайская область (центр г. Оренбург) с уездами Актюбинским, Иргизским, Кустанайским, Тургайским и Уральская (областной центр г. Уральск) – с уездами Гурьевским, Лбищенским, Темирским и Уральским. Кроме того, территория Букеевской Орды

была включена в состав Астраханской губернии, а полуостров Мангышлак с прилегающей территорией между Аральским и Каспийским морями входил в состав Закаспийской области. Таким образом, на территории сегодняшнего Казахстана в то время не было ни одного организующего губернского центра.

В декабре 1917 года второй Всеказахский съезд объявил об автономии Казахстана и образовании правительства “Алаш-Орда”. В 1919 году была установлена советская власть на большей части территории Казахстана, и она получила возможность начать устройство государства в Казахстане, а в том же году решением Совнаркома (СНК) РСФСР от 10 июля был организован “Комитет по управлению Киргизским [1] краем“, в ведение которого вошли – Акмолинская, Семипалатинская, Тургайская и Уральская области, также часть территории Астраханской губернии с казахским населением, а декретом Всероссийский Центрполком (ВЦИК) и СНК РСФСР от 26 августа 1920 года была образована Казахская Автономная Республика, установлена система высших органов государственной власти и управления, а также определялись границы республики. 4 октября 1920 года в г. Оренбурге на Учредительном съезде Советов Казахстана торжественно была провозглашена Киргизская АССР в составе РСФСР со столицей республики – г. Оренбурге. Этим завершается один из первых этапов из истории казахского народа за создание своей национальной государственности.

Следует отметить, что в 1920 году в соответствии с постановлением ВЦИК и СНК РСФСР в состав республики вошли области: Акмолинская – Акмолинский, Атбасарский, Кокчетавский, Петропавловский уезды и часть Омского уезда; Оренбургская – Илецкий, Исаева – Дедовский, Краснохолмский, Оренбургско – Покровский, Орский, Петровский и Шарлыкский уезды; Семипалатинская – Зайсанский, Каркаралинский, Павлодарский, Семипалатинский и Усть-Каменогорские уезды; Тургайская – Актюбинский, Иргизский, Кустанайский и Тургайский уезды; Уральская – Гурьевский, Лбищенский, Темирский и Уральский уезды. Кроме указанных областей, в состав республики были включены Мангышлакская и две Адаевские волости Красноводского уезда Закаспийской области, а также Букеевская Орда с четырьмя волостями Астраханской губернии. В 1921 году из этих волостей и Букеевской Орды образована Букеевская губерния с уездами: Калмыцкий, Камыш-Самарский, Нарынский, два Приморских, Таловский и Торгунский. А Мангышлакский уезд был переименован в Адаевский с непосредственным подчинением центру республики. В том же 1921 году области были переименованы в губернии, а город Верный – в Алма-Ату, село Гавриловка – в Талды-Курган. Кроме того, в 1921 году в АТД республики произошли и другие изменения. В частности, из состава Тургайской и Оренбургской областей были образованы губернии: Актюбинская (четыре уезда), Кустанайская (два уезда и один район) и Оренбургская (два уезда).

В эти годы в Казахстане остро стоял вопрос об обеспечении казахских трудящихся землёй. Республиканский ЦИК в феврале 1921г. принял декрет о передаче трудящимся казахам всех земель, отнятых у них царским правительством. Казахское население получило несколько сотен тысяч гектаров земли, пригодной для земледелия и богатой сенокосами и выпасами. В 1921 году и в Туркестанской АССР, в составе которой оставались Семиреченская и Сырдарьинская области, была проведена земельно-водная реформа, благодаря которой казахским трудящимся возвратили более 470.000 га земли. В конце 1922 года Семиреченская область была переименована в Джетысуйскую, Перовский уезд – в Ак-Мечетский, а г. Перовск – в Ак-Мечеть.

В 1924 году постановлением ВЦИК от 14 января проведено новое АТД республики. Были созданы: Адаевский уезд (29 волостей) с центром пос. Форт-Александровский, подчиненный непосредственно республиканскому ЦИК; Акмолинская губерния с центром в г. Петропавловске – 5 уездов и 203 волостей; Актюбинская – 5 уездов и 68 волостей; Букеевская с центром в пос. Урда – 4 уезда и 25 волостей; Кустанайская – 5 уездов и 47 волостей; Оренбургская – 3 уезда и 43 волости; Семипалатинская – 6 уездов и 91 волостей; Уральская – 4 уезда и 45 волостей. В том же 1924 г. при национально-территориальном размежевании Средней Азии, в состав республики были включены южно-казахские регионы: Джетысуйская область (центр в г. Алма-Ата) с уездами: Алма-Атинский (12 вол.), Джаркентский (8 вол.), Талды-Курганский (14 вол.), Лепсинский (8 вол.) и 3 волости Пишпекского уезда; Сырдарьинская область (центр г. Чимкент) с уездами: - Ак-Мечетский (4 вол.), Казалинский (5 вол.), Туркестанский (6 вол.), Аулие-Атинский (24 вол.), 9 волостей Ташкентского, Ирджарская волость Мирзачульского уезда и 6 волостей Джизакского уезда из Самаркандской области; а также в состав Казахстана вошла родственная Каракалпакская автономная область с центром в г. Туркуле в составе уездов: Кунградский (6 вол.), Туркульский (7 вол.), Ходжейлинский (6 вол.) и Чимбайский (8 вол.)

Таким образом в 1924-1925 гг. завершилось полное воссоединение всех исконно казахских земель в единое государство, что составило – примерно 40% всей территории бывших Среднеазиатских республик с населением около 1,5 млн. чел. Для официального оформления этого важного государственного

события в апреле 1925 года в г. Оренбурге собрался VВсеказахский съезд советов. Съезд восстановил исторически правильное название казахов и соответственно изменил наименование республики – с этого времени она стала называться – Казахская АССР. С присоединением южной части республики намного увеличилась территория Казахстана – с 2 млн. кв. км в 1920 г. до 2,8 млн. кв. км в 1925 г. По площади Казахстан в СССР превзошёл все союзные республики, без Российской Федерации. Это привело и к росту численности населения с 4,8 млн. чел. в 1920 г. до 6,5 млн. чел. в 1925 г. Удельный вес коренного населения республики в это время возрос более чем на 10% и составил в 1925 году – 57%. Изменилось также геополитическое и экономико-географическое положение республики. Если раньше Казахстан лишь на незначительном протяжении выходил к государственной границе только с Китаем, то после размежевания с республиками Средней Азии он стал окраиной территорией и длина государственных пограничных линий возросла до 2200 км. Завершение полного воссоединения казахского народа в одном государстве явилось важным историческим актом и создало предпосылки для последующего преобразования Казахской АССР в союзную республику.

Следует подчеркнуть, что в том же 1925 г. в республике произошли ещё и другие важные изменения. Так, в феврале этого года столица республики переносится из Оренбурга в Ак-Мечеть, а в июне Ак-Мечеть переименовывается в Кызыл-Орду. Тогда же упраздняется Букеевская губерния и на правах уезда присоединяется к Уральской губернии, Кустанайская губерния преобразовывается в округ. Была выделена из состава Казахстана Оренбургская губерния, а к Туркмении от Казахстана отошла небольшая территория южной и юго-восточной части залива Кара-Богаз-Гол. В мае 1927 г. ВЦИК принимает решение о переводе столицы республики из Кызыл-Орды в Алма-Ату. Ровно через два года правительство Казахстана переезжает в Алма-Ату, которая в дальнейшем становится столицей республики.

В 1927 г. АТД Казахстана состояло из Каракалпакской автономной области, 6 – губерний, 2 – округов и 31 уезда. По переписи 1926-1927 гг. население республики составляло около 6,6 млн. чел.; из них казахов – 3,9 млн. чел. (свыше 59%), русских – 1,2 млн. чел., украинцев – 0,8 млн. чел., узбеков – 0,2 млн. чел., каракалпаков – 115 тыс. чел. Все население Казахстана было объединено в 4.000 аул – сельсоветов, 411 волостей и 25 горсоветов. В истории АТД Казахстана 1928-й год занимает особое место, так как упраздняются губернии и уезды, утверждаются округа и районы. Был разработан план коренного упрощения и удешевления всего административного управления в республике путем экономического районирования Казахстана и перехода на районное и окружное деление. По этому плану, первоначально, вместо существовавших до этого административных единиц, намечалось создать 18 округов и 221 района. Однако позже было решено сократить количество округов до 13, а районов до 195. В результате образовалось следующее АТД республики: Адаевский округ с центром в посёлке Уил – 6 районов; Акмолинский – 15 районов; Актюбинский – 14 районов; Алма-Атинский – 21 район; Гурьевский – 6 районов; Кызыл-Ординский – 8 районов; Каркаралинский – 7 районов; Кустанайский – 15 районов; Павлодарский – 9 районов; Петропавловский – 21 район; Семипалатинский – 25 районов; Сырдарьинский с центром в г. Чимкенте – 21 район; Уральский – 15 районов; Каракалпакская автономная область с центром в г. Турткуле – 10 районов.

Следует отметить, что конец 20-х и начало 30-х годов оказались не менее стабильными, чем предыдущие годы. Так, в 1929 г. был упразднён Адаевский округ, а его территорию частями присоединили к Каракалпакской автономной области, Актюбинскому и Гурьевскому округам. А в 1930 г. постановлением ВЦИК Каракалпакская автономная область выведена из состава Казахстана и была включена непосредственно в РСФСР (в дальнейшем, в марте 1932 она преобразовывается в автономную республику в составе РСФСР. В связи с принятием Конституции СССР 1936 года Каракалпакская АССР вошла в состав Узбекской ССР, что мотивировалось их территориальной общностью, родством языков и общностью исторических судеб). В том же 1930г. все округа республики были ликвидированы и вместо них организованы 122 района. Надо сказать, что упразднение округов не улучшило положение дел по руководству деятельностью большого числа районов, разбросанных на огромной территории Казахстана в условиях слабо развитой транспортной сети и вообще всех видов коммуникации. Поэтому в 1932 г. в республике вновь образовано шесть областей: Актюбинская – 18 районов; Алма-Атинская – 21 район; Восточно-Казахстанская (ВКО) с центром в г. Семипалатинске – 21 район; Западно-Казахстанская (ЗКО) с центром в г. Уральске – 13 районов; Карагандинская с центром в г. Петропавловске – 23 района; Южно-Казахстанская (ЮКО) с центром в г. Чимкенте – 19 районов.

В 1933-1934 годах вновь были образованы два округа: Гурьевский из 5 районов, выделенных из состава – ЗКО и Каркаралинской из 5 районов, выделенных из состава – ВКО, Алма-Атинской и Карагандинской областей. Однако в июле 1936 г. Каркаралинский округ был упразднён, а его районы переданы Карагандинской области. Сюда же отнесли и Карсакапайский район из ЮКО, а центром

Карагандинской области определили г. Караганду. В том же 1936 г. в связи с разукрупнением районов образованы еще две новые области: Кустанайская из 12 районов, выделенных из Актюбинской области и Северо-Казахстанская (СКО) с центром в г. Петропавловске из 25 районов, выделенных из Карагандинской области. Таким образом к 5 декабря 1936 г., т.е. к моменту преобразования Казахской АССР в союзную республику, здесь имелось восемь областей, один округ и 157 сельских административных районов. Теперь Казахстан в соответствии с новой Конституцией непосредственно стал входить в состав СССР. Это важнейшее политическое событие в жизни казахского народа имело не только историческое, но также большое социально-экономическое значение, т.к. создавало предпосылки для дальнейшего развития казахской национальной государственности.

Происходившие в эти годы большие сдвиги в развитии и размещении производственных сил Казахстана потребовали дальнейших изменений в АДТ республики. Они выразились прежде всего в образовании в 1938-1939 гг. шести новых областей и 37 районов на базе разукрупнения существовавших. Так, в 1938 г. появились области – Гурьевская из 6 районов ликвидированного Гурьевского округа; Кзыл-Ординская из 6 районов, выделенных из ЮКО и Аральского; выделенного из Актюбинской области; Павлодарская из 10 районов, выделенных из ВКО и Баян-Аульского, выделенного из Карагандинской области, а в 1939 г. образованы – Акмолинская из 4 районов Карагандинской области и 11 районов СКО; Джамбульская из 6 районов ЮКО и 3 районов Алма-Атинской области; Семипалатинская из 8 районов ВКО и 4 районов Алма-Атинской области. Центр ВКО из г. Семипалатинска перенесен в г. Усть-Каменогорск. Надо заметить, что в мае 1938 г. Кастекский район Алма-Атинской области переименован в Джамбульский, а в июле того же года г. Аулие-Ата – в г. Джамбул.

В конце 30-х годов наряду с образованием новых областей, продолжали создаваться и новые административные районы с целью максимального приближения руководства хозяйством на места. В результате проводившихся разукрупнений административных единиц Казахстана к началу Великой Отечественной войны в республике насчитывалось уже 14 областей и 193 района. Эвакуация в Казахстан в годы войны значительного количества предприятий и населения, рост промышленности и сельского хозяйства заметно осложнили оперативное руководство делами ряда районов и даже областей. Это особенно относилось к Северному Казахстану и Алма-Атинской области. Так, в Алма-Атинской области, кроме самой столицы, ещё насчитывалось – 22 сельских района, 717 колхозов и 17 совхозов, 31 МТС и несколько крупных рабочих поселков, разбросанных на обширной территории. Некоторые из них от областного центра находились на расстоянии более 700 км. Все это настоятельно требовало ставить вопрос о разукрупнении области. Такая же картина наблюдалась в Северном Казахстане. Поэтому в марте 1944 г. были образованы две новые области: -Кокчетавская из 11 районов, выделенных из СКО и Акмолинской области; Талды-Курганская из 12 районов, выделенных из Алма-Атинской области. В итоге на 1 января 1946 г. АДТ Казахстана насчитывало – 16 областей и 203 района.

В середине 50-х годов на изменение АДТ республики существенное влияние оказало освоение целинных и залежных земель. Только в течении 1954-1955 гг. в Казахстане было создано 338 совхозов, причём 275 из них возникли в северных областях республики. Поэтому в Акмолинской и Кустанайской областях были образованы по два новых района, а в Кокчетавской – даже три. Вместе с тем, в это время происходило и упразднение некоторых районов. Это касалось главным образом экономически маломощных сельских районов. Например, в 1955 г. был упразднен Абралинский район в Семипалатинской области, в 1956 г. – Кзылжумский и Фрунзенский районы в ЮКО и Октябрьский район в Талды-Курганской области, а их территории были переданы соседним районам.

1954-1956 годах некоторые изменения произошли и в государственных границах республики, что было связано с передачей отдельных участков территории Казахстана в состав Российской Федерации. Так, например, небольшая территория Карабалыкского района Кустанайской области была передана Челябинской области, а Джаныбекского района ЗКО – Астраханской области. А Казахстан принял территорию Верх-Катунского мараловодческого совхоза Горно-Алтайской автономной области РСФСР, в составе ВКО. Однако более существенное изменение внешних границ Казахстана произошло в январе 1956 г., когда по решению Президиума Верховного Совета республики Бостандыкский район ЮКО, а также орошаемые земли, находящиеся в зоне освоения «Голодной степи» общей площадью около 1 млн. га были переданы Узбекской ССР.

К 1957 году АДТ республики состояло из 16 областей, 204 административных районов, 41 города и 140 поселков городского типа (п.г.т.) [2]. На долю Казахстана приходилось свыше 12% площади СССР – 2766 тысяча кв. км, а население составляло – 8,5 млн. чел. В этом году в республике было создано сначала девять, но в последствии семь экономических районов, а в 1960-1962 гг. три края: Целинный с пятью областями, Западно-Казахстанский и Южно-Казахстанский с тремя областями в каждой из них. С

образованием краев были переименованы области: ЗКО – в Уральскую, Акмолинская – в Целиноградскую, ЮКО – в Чимкентскую. В результате реорганизации административных органов по производственному принципу для перенесения тяжести управления на места в республике были образованы кроме вышесказанных краев – 14 областных (сельских), 3 областных (промышленных) и 1 областной (единый) Совет. Это означало переход от отраслевого к территориальному принципу управления. Однако эти административные производственные органы, экономические районы и края на практике не выдержали проверку временем и в 1964-1965 годах были упразднены.

В истории Казахстана март 1961г. известен тем, что тогда г. Акмолинск был переименован в г. Целиноград. Чуть раньше, в 1959 г. была упразднена Талды-Курганская область, но вскоре (в 1967 г.) она вновь восстановлена. Одновременно в эти годы происходили изменения и в низовых административных делениях. Они были связаны с укреплением сельских районов, число которых в 1965 г. по сравнению с 1954 г. уменьшилось в 1,3 раза (только в 1963 г. в республике было упразднено 93 района). В результате территории сельских административных районов Казахстана, стали в два раза крупнее общесоюзных показателей. Например, один район Казахстана в среднем занимал 16500 кв. км площади, тогда как по СССР в целом этот показатель составлял 8500 кв. км. Процесс укрупнения не избежали и сельсоветы, число которых с 2638 в 1954 г. сократилось до 1804 в 1965 г. На один сельсовет в то время приходилось – 1500 кв. км территории и 3400 чел. населения, тогда как по Союзу эти показатели соответственно составляли 565 кв. км и 2700 чел. В 1964 г. АД Казахстана составляло из следующих единиц: краев – 3, областей – 15, в т. ч. внутри краевых – 11; районов – 127, в т. ч. промышленных – 6.

Все важнейшие изменения в АД республики в последующие годы связаны с образованием новых областей и районов. Так, в ноябре 1970 г. создана Тургайская область с центром в г. Аркалыке из отдельных районов Кустанайской и Целиноградской областей, а в марте 1973 г. образованы ещё две области: Джезказганская область – из районов, выделенных из Карагандинской области и Мангышлакская с центром в г. Шевченко из районов, выделенных из Гурьевской области. Каждая из этих областей была образована с целью более ускоренного освоения их богатых природных ресурсов для развития промышленности и сельского хозяйства.

Дальнейший рост аграрного сектора республики, возникновение новых сельскохозяйственных предприятий и бурное развитие местной промышленности вызвали необходимость создания новых сельских районов, количество которых увеличилось с 121 в 1964 г. до 222 на 1 января 1986 года, а число сельсоветов соответственно выросло за этот период более чем в 1,3 раза (с 1807 до 2418). В связи с ростом городского населения увеличилось также число городских административных районов. Если в 1965 г. в Казахстане городские районы имели только города Алма-Ата и Караганда (каждый по 4 района), то через 20 лет их стало 35, в т. ч. в Алма-Ате число районов возросло до восьми, в Караганде – до семи. Образованы новые городские районы: по три в Чимкенте и Семипалатинске, а по два в городах: Актюбинск, Усть-Каменогорск, Петропавловск, Джамбул, Целиноград и Павлодар.

Произошли и другие изменения. Многие сельские населенные пункты в связи с их промышленным развитием переведены в разряд городов и п. г. т. Если на 1 апреля 1964 г. в республике насчитывалось – 58 городов и 146 п. г. т., а на 1 января 1986 г. их число соответственно возросло до 83 городов и 204 п. г. т. Следует заметить, что во второй половине 80-х годов в связи с перестройкой экономики и интенсификации производства были упразднены в то время ещё не так давно созданные – Мангышлакская и Тургайская области, 14 городских и 15 экономически маломощных сельских районов.

Однако, спустя некоторое время, обе вышеуказанные области вновь были образованы, как и отдельные административные районы. К середине 90-х годов АД Казахстана состояло из 19 областей, которые в своём составе имели 220 районов и 83 города, в т. ч. г. Алматы с того времени имеет статус города республиканского значения.

После получения полного суверенитета и государственной независимости (1990 [3] – 1991 [4] гг.) в АД Казахстана произошли определенные изменения, связанные главным образом с изменениями выполняемых функций в новом политико-государственном устройстве и названии областей, районов, городов и сельских населённых пунктов. 8 декабря 1993 г. был издан Закон Республики Казахстан № 2572 XII «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», который стал основным документом, определяющим правовые основы жизнедеятельности территориально-административной системы республики. В систему административно-территориального устройства РК вошли такие административно-территориальные единицы как село, поселок, сельский округ, район в городе, город, район и область. В 1992 году в Мангистауской области был образован Тупкараганский район, а через год Ералиевский район был переименован в Каракиянский. В 2007 году Мунайлинский район был снова восстановлен. Также в 1992 году Гурьевская область была переименована в

Атыраускую, Алма-Атинская – в Алматинскую, Уральской области было возвращено название Западно-Казахстанская, а Чимкентской – Южно-Казахстанская. В 1993 году произошли следующие изменения: Джамбульская область была переименована в Жамбылскую, Кокчетавская – в Кокшетаускую, Талды-Курганская – в Талдыкорганскую. В 1995 г. Дзержинская область переименована в Жезказганскую. Через год Кызыл-Ординская область была переименована в Кызылординскую, Кустанайская - в Костанайскую.

Крупные изменения произошли в 1997 году, тогда были упразднены пять областей (Жезказганская, Кокшетауская, Семипалатинская, Талдыкорганская и Тургайская области), изменилось внутриобластное деление. В этом же году столица республики была перенесена в г. Акмолу. В 1998 г. столица была переименована в г. Астану. В 1999 г. часть районов Северо-Казахстанской области были переданы Акмолинской области. Центр Акмолинской области был переведен из г. Астаны в г. Кокшетау. Далее, в 2001 г. центром Алматинской области был определен г. Талдыкорган.

В дальнейшем в административно-территориальном делении РК не происходило сильных изменений, из последних, хочется отметить: 2 апреля 2018 года Райымбекский район (Алматинская область) был разделён, из его состава были выделены – Кегенский район с административным центром в селе Кеген и Нарынколский с одноименным районным центром. В будущем на административно-территориальной карте Казахстана будут происходить изменения, которые будут связаны с геополитическими и экономико-географическими изменениями, в т.ч. транспортно-географическим положением республики. Однако эти вопросы уже выходят за рамки нашей статьи и вполне могут стать предметом отдельного специального исследования.

Список использованной литературы:

1 *Наименование казахов, которых ошибочно называли киргизами в царской России и при советской власти до 1925 г.*

2 *Наименование «п.г.т» распространяется на рабочие, курортные и городские поселки, если они отнесены в установленном порядке к одной из перечисленных категорий.*

3 *25 октября 1990 г. – Верховный Совет республики принял Декларацию о полном суверенитете Казахской ССР.*

4 *16 декабря 1991 г. – Верховный Совет РК провозгласил государственную независимость Республики Казахстан.*

**Ғ.Қ. ҚОҢҚАШБАЕВ – ЕЛІМІЗДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ
ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУШІ АЛҒАШҚЫ ҒАЛЫМ
(Доцент Ғ.Қоңқашбаевтың туғанына 115 жылдығына орай)**

Б.Ізтұрғанова, «5В011600-География» 2 -курс .

Т.О. Увалиев, п.ғ.к, доцент,

*М.Т. Увалиев, «6М011600-География» 2-курс
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ. Қазақстан*

Аңдатпа: Мақала, елімізге кеңінен танымал ғалым және ұлағатты педагог Ғ.Қоңқашбаевтың туғанына 115 жылдығына арналып жазылған. Сонымен қатар, Қазақстанның ғылым-білім саласындағы топонимика мен өлкетану бағыттарын дамытуға қосқан оның үлесі қарастырылған.

Кілтті сөздер: топонимика, ономастика, терминдер, географиялық атаулар, географиялық білім, географиялық өлкетану, әлеуметтік-экономикалық география, географияны оқыту әдістемесі

Annotation: The article is written in honor of the 115th anniversary of the famous scientist and talented teacher G.K. Konkashpayev. It examines his contribution to the study of the toponyms of the country and the development of local studies in Kazakhstan.

Keywords: toponymy, onomastics, terms, geographical names, geographic formation, geographical local studies, socio-economic geography, methods of teaching geography. Key words

Қазақтың Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетіміз бен біздің «Жаратылыстану және география» институтының 90 жылдық мерейтойларымен қарайласып, биылғы жылғы тамыз айында елімізге кеңінен танымал көрнекті ғалым-ұстаз Қоңқашбаев Ғали Қоңқашбайұлының туғанына 115 жыл толатындықтан, 2018 жыл – республикамыздың ұстаздар қауымдастығы, оның ішінде географтар

жұртшылығы үшін аса айтулы жыл болып табылады. Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың (әсілі біз ол кісінің аты-жөнін төл тілімізде беріп отырмыз, жалпы орысша құжаттардағы берілуі – Кали Конкашпаев) зерделеуіндегі еңбектерінің ғылыми-шығармашылық бағыты мен оның мазмұнына келсек, олар – ерекше сан қырлы, жан-жақты дәлелді және терең айғақты болып келеді.

Доцент Қоңқашбаев Ғ.Қ. отандық география ғылымының дамуына өзінің қомақты үлесін қосқан белгілі ғалым-географ. Оған физикалық география мен географиялық атаулар тарихының, географиялық өлкетану немесе әлеуметтік-экономикалық географияның мүдделерінің барлығы бірдей аса құнды да қымбат еді. Ол – отандық топономиканың негізін қалаушылардың бірі және ғылыми өлкетанудың қажымас насихаттаушысы болды, әрі бірнеше шығыс тілдерін еркін меңгерген жан еді. Біліктілігі өте жоғары маман, тәжірибелі әдіскер, тамаша ұстаз Ғ.Қоңқашбаев еліміздің тұңғыш жоғарғы оқу орнында – Абай атындағы ҚазПИ-де ширек ғасырдан аса уақыт доцент лауазымында оқытушылық қызмет атқарып, үлкен ғылыми-педагогикалық жұмыс жүргізді және «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі болған.

Ғали Қоңқашбайұлының өмірі, білімгер жастарымыз бен ғалымдардың кейінгі буындары үшін өте тамаша үлгі-өнеге болып табылады. Ол 1903 жылдың 3-ші тамызында Павлодар уезінің Ақпет болысының №8 ауылында (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданының Ақбеттау ауылы), ауқатты қазақ малшысының отбасында дүниеге келген. 1926 жылға дейін Ғ.Қоңқашбаев өз өңірінде өмір сүріп, алдымен ауылдағы орталау мектепте оқиды, ал 1925 жылы Павлодар қаласындағы орта мектепті тәмамдайды. Ол 17 жасынан бастап Павлодардың әртүрлі мекемелерінде жұмыс істейді, негізінен алғанда жаз мезгілінде еңбек етіп, қыста мектепте оқыған. Мектепті аяқтаған соң ол бір жыл бойы Павлодар қаласының мектеп-коммунасында мұғалім болып жұмыс істейді, дәл осы мектепте Абай атындағы ҚазПИ-дің география факультетінің соғысқа дейінгі жылдардың түлегі және кейініректе Кеңестер Одағының Батыры атанған – Қанаш Қамзин (өзі оқыған мектепке, туған жерінде және Павлодар қаласындағы көшелер атауларына осы батырдың есімі беріліп, ескерткіштер орнатылып және мұражай ашылған) оқыған болатын.

1926 жылдан бастап 1933 жылға дейінгі аралықта Ғали Қоңқашбаевтың өмірінде Алматыдағы оқудағы кездегі үзіліспен (1928-30 жж.), оның оқуының ташкенттік кезеңі басталды. Орталық Азия мемлекеттік университетінің (ОАМУ) шығыстану факультетіне оқуға түсіп, онда оқиды. Кейіннен ол алдымен Ташкентте ашылған, бірақ жуық арада Қазақстанның жақында жарияланған астанасы – Алматыға көшірілген Қазақ университетіне (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) ауысады. 1930 жыл мен 1933 жылдар аралығында, Ташкент қаласындағы «Инженерлер институтының» студенті бола жүріп, ол бір мезгілде «Мақта институтында» және ОАМУ-нің дайындық бөлімінде оқытушы болып жұмыс істейді.

1933 жылдан бастап ол, Алматыда тұрақты тұрып, жұмыс істеген. Алдымен, Қазақ су шаруашылығы институтында мелиорация бойынша аға техник, ал одан кейін инженер-жобалаушы болып жұмыс істейді. Сонымен қатар Ғали Қоңқашбайұлы Абай атындағы ҚазПИ-ге оқуға түсуші жастардың даярлық курстарына сабақ беріп, осы екі жұмысты қоса атқарады. Сол жылдардың өзінде-ақ оның бойында географиялық атауларға деген қызығушылықтың оты оянып, бұл қызығушылығы оның өмірінің соңғы күндеріне дейін сөнбеген. Ғ.Қоңқашбаевтың топонимика саласындағы көптеген бастамалары және жемісті идеялары біздің бүгінгі күндерімізде де өзекті болуын жалғастырып, жүзеге асырылып келеді.

Соғыстың қарсаңында ол армия қатарына шақырылады, бірақ денсаулығына байланысты 1941 жылы оны дәрігерлік комиссия әскери қызметке жарамсыз деп танып кері қайтарады. 1944 жылға дейін оның жұмысы, Қазақстанның халыққа білім беру комиссариатының Оқу-ағарту ісі бойынша ғылыми-зерттеу институтындағы және заңгерлік мектептегі оқытушылық қызмет болды. 1946 жылы Ғали Қоңқашбайұлы, Абай атындағы ҚазПИ-дің география факультетін сырттай аяқтайды. 1944 жылдан бастап ол, Қазақстанның Ғылым академиясы (ҒА) жанындағы аспирантурада оқып, Қаз.КСР (Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикасы) ҒА-ның география секторында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1949 жылы Ташкент қаласында география ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу бойынша диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Соғыстан кейінгі 1945 жылдан 1951 жылдар аралығында Ғали Қоңқашбайұлы, Қазақтың Қыздар ПИ-да алдымен оқытушылық қызметте экономикалық географиядан сабақ беріп, ал кейіннен ондағы жалпы география кафедрасын (1948-1951жж.) басқарады. Ал 1951 жылдан бастап және 1970 жылдардың ортасына шейін, яғни зейнет демалысына шыққанға дейін ол біздің жоғарғы оқу орнымыздың «Экономикалық география және географияны оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті болып қызмет атқарған. Осы жылдары, яғни 1966 жылдан 1971 жылдың аралығы кезеңінде доцент Ғ.Қоңқашбаев аталмыш кафедраны басқарады.

Ғали Қоңқашбайұлының шығармашылық жұмыстарына келсек, 1948 жылдан бастап географиялық жинақтарда ол өз материалдарын тұрақты түрде жариялап отырған. Оның топонимика бойынша мақалалары негізінен «Қаз.КСР ҒА Жаршысында», «Мәскеу университетінің Жаршысында», «Қазақстан географиясы мәселелерінде» (КСРО Географиялық қоғамының филиалы), «География ғылымдары» (Қаз.КСР Жоғарғы және орта арнайы білім министрлігі), «Географиялық білім» (Абай атындағы ҚазПИ) жинақтарында жарияланып және басқа да ғылыми жинақтарда басылым көрген. Сонымен қатар оның, «Топонимикадағы жергілікті географиялық терминдер» (М., 1966) секілді жекелеген брошюралары мен «Қазақстанның географиялық атауларының сөздігі» кітабы (Алматы, 1969) және басқа да еңбектері жарық көреді.

Ол – Қазақстанның ғана емес, Орта Азия, Орал және Поволжьеңің бірқатар оқу орындарында болып, ондағы ономастика және топонимика мәселелері бойынша көптеген ғылыми конференциялардың жұмысына белсене қатысқан. Өйткені осы аталған аймақтарда оның жиі болу себебі, мұнда тек түркітілдес халықтар ғана емес, талай ғасырлар бойы қазақтармен етене араласып қоныс болып келген – қалмақ, иран, угро-фин, т.б. тіл топтарының өкілдері де мекендеп келеді және олар өз ыңғайына қарай оңтайландырып алған барлығына тән ортақ деп айтуға келетін «термин сөздер» де көптеп кездеседі. Осы орайда мәселен, Қалмақ АКСР Министрлер Кеңесінің жанындағы «Қалмақстанның тарих, филология және экономика» ғылыми-зерттеу институтының 1948 жылы шыққан «География» жинағында оның қалмақтар этногенезі мәселесі бойынша «Қазақстан аумағында ойраттардың болуы туралы кейбір мәліметтер» атты мақаласы Қалмақстанның астанасы – Элиста қаласында жеке басылыммен жарық көреді. Және де жоңғарлар туралы Ғ.Қоңқашбаевтың «Қалмақтардың (жоңғарлардың) XVI-XVIII ғғ. Қазақстан аумағында болуы туралы тарихи-географиялық мәліметтер» атты тағы бір мақаласы жарияланған.

Негізінен алғанда, оның зерделеуіндегі барлық ғылыми мәліметтері топонимикаға байланысты: «Орал атауының шығуына қатысты», «Алматы атауы жайлы», «Алматы қаласының атауына қатысты», «Қазақстан аумақтарындағы моңғол тілінен шыққан географиялық атаулар» атты еңбектері бар. Мұнда автор «Баянауыл» сөзінің түсіндірмесін береді: «Баян-ауыл – Павлодар облысының оңтүстік-батыс бөлігіндегі тау және дәл осы атаудағы аудан орталығы. Баян-ауыл – Баян-Ола – «бай тау» («баин» – бай, «ола» – тау) тауының бұрмаланған моңғолша атауы. Байырғы тұрғындар, яғни қазақтар, Баянауыл тауларын «Баянауыл» - деп атайды. Жалпы алғанда оның моңғол топонимдері бойынша еңбектерінде, Қазақстан картасында кездесетін 63 атау, оның ішінде бүгінгі таңда баршамызға белгілі болып отырған - Зайсан, Алтай, Боралдай, Тарбағатай, Шамалған, Шаған, Емел, Қорғалжын және т.б. келтірілген.

Ал енді «Түркі топонимдеріндегі түске қатысты сөздер» жұмысында Ғали Қоңқашбаев «сары» – сары, «жасыл» – жасыл және т.б. түстер бойынша сөздерге байланысты географиялық нысандардың бірқатар атауларын келтіріп және олардың шығу, яғни сол атпенен атану себептерін де айшықтайды. Олар біздің еліміздің әрбір аймақтарында көптеп кездеседі, қарап отырсаң тіптен Алматы облысының өзінде олардың біршамасы бар, мысалы: өзендер – Қаратал, Ақсу, Көксу, Сарыбұлақ; көлдер – Алакөл, Ақкөл; таулар – Алатау, Қаратау, Қызыларай; қалалар – Ақтөбе, Көкшетау, Ақсу; кенттер – Қарабұлақ, Ақадыр, Сарыөзек; ауылдық елді мекендер – Қызылағаш, Сарыбел, Қаратұрық, Қоңырөлең және т.с.

1951 жылы Ғ.Қоңқашбаев «Қаз.КСР ҒА Жаршысының» географиялық сериясында (№ 99) қазақтың халықтық географиялық терминдерінің тұтас сөздігін, олардың қайдан шыққанын және нені білдіретіндігін түсіндіре отырып, оны алғаш рет жариялаған. Бұл, Қазақстан топонимдерін жоспарлы түрде зерделеудің бастамасы болатын, ал кейіннен ол еліміздің басқа топонимистері тарапынан өз жалғасын тауып бірнеше ғылыми зерттеулерге негіз болды. Ғалымның сіңірген еңбегі географиялық нысандарды – біздің этимологиялық ескерткіштерімізді зерделеуінде ғана емес, оның алғашқы сөздігіне арқау болған, жергілікті жерлердің географиялық атауларын жүйелеуінен де тұрады.

Оның еліміз үшін география бойынша біліктілігі жоғары педагогикалық кадрлар даярлаудағы сіңірген еңбегі зор. Ғылыми және педагогикалық жұмысын, ол алуан түрлі қоғамдық қызметпен табысты үйлестіріп келген. Көптеген жылдар бойында географиялық атаулар жөніндегі республикалық комиссия төрағасының орынбасары, «Білім» қоғамы басқармасының мүшесі және Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы «География ғылымдары» жинағының редакция алқасының мүшесі болды. Топонимика мәселелеріне деген оның ғылыми қызығушылығы және тарихи-географиялық зерттеулердің маңызын терең түйсінуі, әрі осы соны саладағы ауқымды шығармашылық жұмыстары өз кезегінде Ғ.Қоңқашбаевты – Қазақстан Географиялық қоғамының жұмысына белсене қатысуға алып келді. Ол көптеген бүкілодақтық және республикалық географиялық съездер мен симпозиумдардың жұмысына қатысты. Оның қаламынан ондаған ғылыми жұмыстар, бірнеше оқу-әдістемелік нұсқаулар мен құралдар және газет-журнал жарияланымдары жарық көрді.

Ұлағатты ұстаз, 1986 жылғы маусым айында 83 жасында бұл өмірден бақилық болып көз жұмды. Жалпы өмірде Ғ.Қоңқашбаев өте қарапайым адам болған, осы себепті де ол үлкен наградаларға ие болған жоқ. Ал оның есесіне, 1977 жылы атақты географ және құрметті академик П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің 150-жылдығы аталып өткен жылы, ол Кеңестер Одағының Географиялық қоғамының әйгілі саяхатшы-ғалым құрметіне шығарылған естелік медалін алған. Сонымен қатар Ғали Қоңқашбайұлы төрт медальмен, оның ішінде «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ғали Қоңқашбайұлы тарихи географияны жандандыруға, әсіресе елдің географиялық атауларының тарихын зерделеуге өте қомақты үлесін қосқан көрнекті ғалым. Оның тікелей топонимикаға қызығушылығымен қатар, Ғ.Қоңқашбаевта жалпы өлкетануға деген қызығушылық та басым болды. Осындай өз ісіне адал, әрі шынайы педагогты халқымыз есінде аялай сақтап отыруға тиіс. Ғали Қоңқашбайұлы – ғылымға риясыз берілген және оның жолында қалтқысыз қызмет етуге атсалысқан қажымас қайраткерлердің бірі де бірегейі болды. Өкінішке орай ол, бүгінгі таңда оның шәкірттері мен ізін қуалаушылар зерделеп жүрген, Қазақстандағы басқа да (ежелгі түркі, славян, угор, қытай) топонимдерін зерттеп үлгермеді. Соның өзінде оның ғылыми мұрасы өте зор, әсіресе бұл мұра егемен республикамызды тарихи-географиялық тұрғыдан танып білу үшін аса маңызды болып отыр. Осы ретте Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың идеяларын дамыту, ғылыми мұрасын зерделеу және пайдалану – отандық ғалымдардың алдында тұрған маңызды міндет.

Доцент Ғали Қоңқашбайұлы Қоңқашбаев өте дарынды ғалым, ғибраты мол педагог, тамаша адам және жарасымды жан болған, ол осылайша – шәкірттері мен әріптестерінің есінде танымал тұлға болып қала береді де. Әрине бір мақала шегінде біз, оқырман қауымды оның сан қырлы еңбектерімен толықтай таныстыруымыз тіптен мүмкін емес. Біз оларға – университетіміз бен институтымыздың 90 жылдық мерейтойлары қарсаңында, халқымыздың осындай аяулы азаматы әрі біздің оқу орнымыздың алғашқы түлектерінің бірі, біздің ұжымда ұстаздық қызмет атқарумен қатар қомақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын да қатар жүргізгендігі туралы жалпы мағлұмат беруді жөн көрдік.

Осы жерде айтылуға тиісті мәселе, ол – Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың 100 жылдық мерейтойына арнап, оның шәкірттерінің арасындағы аса танымал тұлға академик Ә.С.Бейсенованың тікелей ұсынысы әрі басшылығымен, оның өз кезегінде қадірлі ұстазын ұлықтау үшін университетіміздің Хабаршысының «Жаратылыстану және география» топтамасының дербес бір номерін оған арнау арқылы жеке жинақ ретінде оны шығартуы қай жағынан алсақ та аса құрметтеуге лайықты ізгілікті іс-шара. Аталмыш жинақта, Ғ.Қ.Қоңқашбаевтың жоғарыда аталған бірнеше еңбектері қайта (әдебиеттер тізіміндегі № 1 туындыға қара) басылым көруі арқылы, әйгілі ғалым-географ осы себеппен тағы да бір мәрте өз оқырман қауымымен қауышқан болатын.

Мақаламызды қорыта келе айтарымыз, осы орайда «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мәселесіне байланысты және болашақта ардақты ғалым-ұстазды жадымызда сақтау мақсатында, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану және география» институтының оқу ғимаратының 6-шы қабатындағы географиялық дәрісханалардың біріне, осында әрі өзі оқып әрі оқытушылық қызмет атқарған – Ғали Қоңқашбайұлының есімін беру туралы мәселе. Егер де осы ұсыныс әкімшілік пен ұжымымыз тарапынан қолдау көріп өзінің оң шешімін тауып жатса, бұл университетіміз бен институтымыздың 90-жылдық мерейтойларының аясындағы атқарылатын іс-шараларға орайласатын өте орынды қадам болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1 *Сборник посвященный 100-летию видного ученого-географа Г.К. Конкашбаева (под ред. А.С. Бейсеновой) // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Естественно-географические науки, №2(6), тираж 300 экз., заказ №119. – Алматы, КазНПУ им.Абая, 2004. – 90 с.*

2 *Ахметов Қ.М. Қоңқашбаев Ғали // «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы (ҰЭ), 6-шы том. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2004. – 40-шы бет.*

3 *Увалиев Т.О. Қазақстан топонимдерін зерттеуші тұңғыш ғалым (доцент Ғ.Қоңқашбаевтың 100 жылдығы құрметіне) // В сб.: «Социально-экономическая география в Алматинском университете» посвященный 75-летию образования университета. – Алматы, АГУ им. Абая, 2003. – Стр. 95-98.*

АСПЕКТЫ ВОСПИТАНИЯ, ОБУЧЕНИЯ И СОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ (ТЯЖЕЛЫЕ НАРУШЕНИЯ РЕЧИ) ПОСРЕДСТВОМ ОРГАНИЗАЦИИ ТУРИСТСКО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ РАБОТЫ

*Еркебеков А.К., старший преподаватель
КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

В период развития массовых развлечений молодёжи и всевозможных источников информации утрачивает силу один из наиболее важных компонентов воспитания подрастающего поколения, основанного на изучении и восприятии учащейся молодёжи памятников природы, истории, достопримечательных мест, которые могут прививаться посредством организации краеведческих экспедиций, туристских походов и экологических туров. В практике обучения и воспитания детей важно приобщить к эстетическому и духовному пониманию, а в дальнейшем и к изучению духовного и культурного наследия.

Дети с тяжелыми нарушениями речи - это особая категория учащихся с органическими нарушениями в коре головного мозга: учащиеся с расщелиной нёба, заикающиеся, есть, так называемые, аутисты с нарушениями речевого общения. Эти дети поздно, только к 4-5 годам, начинают произносить первые слова. Нарушения речи оказывают влияние на психологическую структуру их личности, вызывая страх, боязнь, девиантное поведение, снижение мыслительной деятельности, памяти и внимания. Для этих детей остро стоит вопрос развития вербального общения – крайне сложного, длительного процесса, требующего детального проникновения речевого начала во все звенья учебно-воспитательного процесса..., в том числе и внеклассной работы. [1, стр.3]. Для того чтобы процесс обучения осуществлялся целенаправленно, необходимо включение всех возможных рациональных приёмов активизации речемыслительной деятельности этой категории учащихся. Наглядно, действенно, образно с постоянной адаптацией в быт и окружающую действительность, знакомство и изучение родного края, его природы, культуры – всё это является одним из важнейших и главенствующих направлений обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями.

Туристские походы, путешествия, экскурсии - важная форма внеклассной и внешкольной работы, так как туризм является средством активного отдыха, повышения культурного уровня, физического, экологического, эстетического и патриотического воспитания учащихся. [2, стр.3]

Мы ежегодно организуем туристские походы по территориям государственных национальных природных парков республики, предварительно согласовав маршрут и программу маршрутов с администрациями ГНПП. Участники похода – студенты кафедры страноведения и туризма Казахского национального педагогического университета имени Абая и учащиеся специальной коррекционной школы-интерната № 9 для детей с тяжелыми нарушениями речи. В программе – закрепление туристских навыков, знакомство с географическими особенностями района, учебная экскурсионная программа направленная, прежде всего, на формирование бережного отношения к природе.

Всё это проводится совместно с сотрудниками ГНПП: они организуют экологическую акцию, предоставляют ценные сведения об истории края, культуре местного населения. Для обеспечения безопасности участников похода сотрудники Парка содействуют прохождению сложных участков маршрута. Помогают полезными советами при прокладке маршрутов, отмечая наиболее интересные участки и объекты, что, несомненно, положительным образом сказывается на познавательной части походов.

Такие походы содействуют решению проблем социализации учащихся специальной школы-интерната, играют огромную роль в психологическом развитии и нравственном воспитании учащихся с ограниченными возможностями.

Сохранение намеченного графика движения во время дневных переходов и соблюдение маршрута в целом, а также создание благоприятных бытовых условий во время отдыха и ночёвок в полевых условиях, зависит не только от физических возможностей обучающихся, но и от умения правильного подбора личных вещей, группового снаряжения

я, их укладки. Владение навыками бивачных работ, соблюдение личной гигиены, чувство ответственности, взаимопомощи, эмпатии и терпимости друг к другу, знание правил оказания первой медицинской помощи, наличие волевых качеств - вот далеко неполный перечень составляющих для успешного осуществления похода. Естественно, всему этому предшествует длительная работа – учебно-тренировочные занятия, групповые и индивидуальные беседы, психологические тренинги.

Задача нравственного воспитания состоит в том, чтобы социально необходимые требования общества

превратились во внутренние стимулы. Как известно, любой ребенок хочет быть хорошим, жаждет уважения, признания окружающих, но он может и не знать, как достичь всего этого. Многие дети с речевыми нарушениями испытывают логофобию, страх речи, комплекс общения (вследствие не внятной речи, наличия физического дефекта). Зачастую у детей, которых относят к категории «трудных» или неуспевающих, развивается комплекс неполноценности, теряется самоуважение, они уже сознательно или несознательно не хотят признания окружающих, не стремятся быть хорошими. Участие в спортивном туристском походе первой категории сложности, преодоление трудности, обретение новых друзей, которые не находят в них негативных сторон, дает таким детям возможность вырасти, прежде всего, в собственных глазах, самоутвердиться, растёт желание нравиться окружающим. Именно это стремление побуждает детей самим развивать в себе высокие нравственные качества.

Во время путешествий формируются доброжелательные и дружеские отношения между детьми. Ребята, общаясь в обстановке далекой от учебной, глубже и разносторонне знакомятся друг с другом, они раскрывают положительные качества друг в друге. В их взаимоотношениях постепенно складываются важнейшие черты взаимопомощи, взаимной ответственности, умение подчиняться тому, кому поручено возглавить работу всей группы: умение и самому принять и выполнить обязанности в группе.

Огромное значение воспитания школьников, принимающих участие в походе, состоит в том, что именно здесь каждый ребёнок получает возможность проявить инициативу, свою творческую активность. Ведь на уроках она очень ограничена. А в туристской деятельности для педагога находится возможность открыть дорогу для бурной детской и подростковой активности. Направить творческие силы каждого ученика на постановку целей, поиск путей их достижения и решение данных задач, которые обеспечивают формирование важнейших качеств личности: смелость, взаимопомощь, отзывчивость, умение находить выход из любых ситуаций.

Ни для кого не секрет, что информация, усвоенная на фоне положительных эмоций, приятных переживаний, дольше сохраняется в памяти человека. Во время походов учащиеся психологически раскрепощаются, раскрываются новыми гранями, создаются прекрасные возможности для расширения их кругозора, обмена мнениями.

Кроме того, развиваются и формируются физические качества учеников, пространственная ориентация, общая и мелкая моторика, выносливость, тренируется слуховое и зрительное внимание, память, т.е. создается активная база для развития вне речевых процессов. [3, стр.5-6]

В последнее время в рамках реализации программы «Сакральный Казахстан», для нас особый интерес вызывают сакские курганы, расположенные на территории Шарынского ГНПП, поскольку они являются интереснейшими туристскими объектами, потенциал которых ещё к сожалению не достаточно оценен и поэтому эти курганы слабо изучены в аспекте туристской привлекательности. Если в этом году мы ограничились лишь посещением этих курганов, то на следующий год, мы планируем детально изучить их формы, размеры, высоту, слагающие породы, расположение относительно сторон горизонта и друг друга совместно со специалистами – научными сотрудниками Парка. Предварительная договоренность с администрацией уже достигнута. В настоящее время составлен план по сбору информации – изучение библиотечных фондов по данной теме, газетных материалов, встречи с учёными – археологами, краеведами и т.д. Это формирует у учащихся навыки исследовательской работы, коммуникативных функций. Содействует повышению чувств патриотизма, интереса к изучению исторических памятников, приобщению к истории и культуре Казахстана.

Несомненно, работа в данном направлении в совокупности с другими формами учебно-воспитательного процесса решает такие задачи как формирование конкурентоспособной личности, готовой не только жить в меняющихся социальных и экономических условиях, но и активно влиять на существующую действительность.

Список использованной литературы.

- 1 Система осуществления единого речевого режима в коррекционно-воспитательной работе с учащимися с общим недоразвитием речи. - Алматы, 1991.*
- 2 Программа для внеклассной и внешкольной работы по туризму. - Алма-Ата, 1971.*
- 3 Еркебеков А.К. Роль туристского кружка в коррекции, обучении и воспитании учащихся с тяжелыми нарушениями речи. Материалы Международной научно-практической конференции «Эколого-географические проблемы развития туризма». - Алматы, 2009 г.*

ПЕТРОПАВЛ – РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАҚПАСЫ (Алыста өтілетін зонааралық практиканың материалдары негізінде)

Н.Бүтінбаев, 3-курс.

Т.О. Увалиев, п.ғ.к., доцент

С.Н. Иркимбаев, доцент

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан.

Петропавл қаласын – «Еліміздің солтүстік қақпасы» деп орынды атайды. Біздер, өткен оқу жылының соңында, яғни 2017 жылдың мамыр-маусым айларының тоғысында «География» мамандықтарының студенттерімен «Зонааралық кешенді практиканы» Солтүстік Қазақстан аймағында өткізу барысында бұған көз жеткіздік. Жалпы осы кешенді практиканы өткізу, біздің – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ) мен М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің (СҚМУ) арасында 3-жылдық мерзімге арналып жасалынған екіжақты келісім-шарт негізінде жүзеге асырылды және оның базасы ретінде М.Қозыбаев атындағы СҚМУ таңдалынып алынды. Ал бұл практика, осы мамандықтардың «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» мен «Типтік оқу жоспары» негізінде және олардың жұмыс оқу жоспарлары мен академиялық күнтізбелеріне сәйкес 2-ші курс студенттерімен жүргізілді. Аталмыш практика, бұдан он шақты жыл бұрын «Физикалық және әлеуметтік-экономикалық география бойынша алыста өтілетін практика» - деп аталынып, «География» мамандықтарының бітіруші курс студенттері үшін арнайы ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмысының құрамдас бір бөлігі болып табылатын. Биыл да осы мазмұндағы бұл практикадан өту кезінде, оған қойылатын талаптар мен оның мақсат-міндеттерін орындау (осы аймақтың физикалық-, тарихи-, әлеуметтік-, экономикалық-географиялық жағдайымен танысу; ел мен жер көру, табиғаты мен оның компоненттерін білу; халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтау; мұндағы табиғи және мәдени мұраларын зерделеу; шаруашылық салалары мен олардың даму деңгейлерін салыстыру; жекелеген өңірлерінің транспорттық-географиялық жағдайы мен сыртқы байланыстырын қарастыру; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына салыстырмалы сипаттама беру) бағытындағы жұмыстар өз деңгейінде жүргізілді. Практика барысында атқарылған іс-шаралардың нәтижесі бойынша, «5B011600 – География» мамандығының келесі әрбір мамандандырулары: «География-экология», «География-туризм», «География және экономика негіздері», «География және тарих» және «5B060900 – География» мамандығы оқу топтарының жекелеген есептері дайындалып және фотосуреттердің альбом түріндегі көрмесі ұйымдастырылды, осылардың негізінде оның қорытындылары презентация формасында аталмыш практиканы бітіру жөнінде өткізілген конференцияның барысында талқыланып баяндалды.

Осы жаңа маршруттық негіздеме аясында жүргізілген аталмыш практикаға, жоғарыда аталынған оқу топтарының студенттері екі оқытушының жетекшілігімен қатысты. Бұл практиканы ұйымдастыру мен өткізу, жалпы оған дайындық мәселесіне «Елтану және туризм» кафедрасы мен «Қазақстан географиясы және экология» кафедрасының тарапынан көп көңіл бөлінді. Алдын-ала екі оқу орындары арасында ақпараттық, қызметтік және басқадай мәліметтер бойынша хат-хабарлармен алмасып, оның смета шығындары бекітіліп және бұйрықтар шығарылып, басқадай да құжаттар даярланды. Екіжақты келісім-шарт негізіндегі осы аталынған маршрут бойынша сапарымыздың барысына тоқталсақ, ол «Алматы-Петропавл» бағытымен мамыр айының соңғы күндері жол жүруімізден басталды. Бұл бағыттағы шойынжол үстінде орналасқан көптеген бекеттер, кенттер мен қалалар (Отар, Шу, Ақадыр, Қарағанды, Астана, Щучинск, Көкшетау, Тайынша, т.б.) арқылы өттік. Теміржол бойындағы еліміздің 4 табиғат зонасын кесіп өттік және олардың топырақ-өсімдік жамылғысының, жалпы табиғи жағдайы мен шаруашылық сипатының бір-бірінен айырмашылық жасайтынын байқап көңілге тоқуменен болдық. Петропавл қаласына келген сәтте, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің (СҚМУ) география-экология кафедрасының оқытушысы осы университеттің арнайы бөлінген автобусымен бізді теміржол вокзалынан күтіп алып, өз оқу орындарының жайлы жатақханасына орналасты.

Келген бойда біздер, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің құрылымдарымен танысудан бастадық. Мұның барлығын ұйымдастырып басы-қасында жүрген, осы университеттің академиялық ұтқырлық жұмыстары бойынша жауапты адамы – Наталья Юрьевна Побежук ханым болды. Өз кезегінде, біздің бұл практиканың осында өткізілуі үшін де Н.Ю. Побежуктің көп септігі тигендігін осы жерде айта кеткеніміз жөн. Ал СҚМУ-дің «Жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдары» факультеті және «География және экология» кафедрасымен танысу барысында, аталмыш факультеттің деканы – х.ғ.к.,

доцент И.В. Голодова бұл ұжымды 2009 жылдан бастап басқаруда екендігінен хабардар болдық. Кезінде бұл ұжым «Жаратылыстану-география» факультеті болып аталынып, 1937 жылы Петропавл мұғалімдер институты негізі қаланған сәттен бастап құрылған екен. Факультет өзінің бай да мазмұнды тарихымен ерекшеленеді. Факультет құрамында болған кафедралар: 1939 ж. – география және жаратылыстану кафедралары; 1955 ж. – география, биология және химия кафедралары; 1961 ж. – физикалық география, экономикалық география, биология, химия кафедралары; 1963ж. – физикалық география, экономикалық география, зоология, ботаника, химия кафедралары, ауыл шаруашылық негізі, ал соңғысы кейіннен «Ботаника» кафедрасымен біріккен. Қазіргі таңда құрылымы жаңаша өзгерген аталмыш факультет құрамындағы «География және экология» кафедрасы өзінің ғылыми-педагогикалық әлеуеті жоғары: 2 – доктор (1 – PhD), профессор; 10 – ғылым кандидаты, доцент және аға оқытушылар; 9 – аға оқытушы мен 7 – оқытушының магистр академиялық дәрежесі бар іргелі ұжым екен.

Осы кафедрадағы кездесу барысында практика жетекшісі – п.ғ.к., доцент Т.О.Увалиев, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің географ студенттерінің еліміздің жоғары оқу орындары (ЖОО) арасында жыл сайын өткізілетін түрлі байқаулар бойынша биік тұғырдан көрініп жүргендігін, оның нәтижесінде 2017 жылдың 5-6 сәуірінде Қазақстанның ЖОО-ның арасындағы географиядан пәндік олимпиаданы осы білім шаңырағында өткізуге олардың қол жеткізгендігін атап өтті. Осы аталған, география бойынша Республикалық студенттік олимпиадаға біздің ҚазҰПУ-нің «5B011600 – География және экономика негіздері» мамандығының (Әбдікәрім Тұрар, Сабырбаева Салтанат, Бариев Шерхан) студенттері де белсенді қатысып жүлделі орындарды иеленгенін де атай кетті. Сонымен қатар, СҚМУ-дің студенттері мен магистранттарының ғылыми жоба жұмыстары да өздерінің әрдайым жоғары теориялық-әдістемелік деңгейде орындалуы арқылы көзге түсетінін ол рецензент ретінде атап айтты. Өз сөзін жалғастыра келе Талғат Ошанұлы, ҚР ЖОО-ның «Білім» мамандықтары бойынша биылғы 2017 жылы біздің ҚазҰПУ базасында өткен студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсында да осы университеттің білімгерлері жеңімпаздар қатарынан көрінгендігін тілге тиек етті. Мәселен ол, «5B011600-География» мамандығының студенті Гиричев Роман (жетекшісі – г.ғ.к., доцент С.В.Пашков) орындаған «Состав и деятельность этнокультурных центров Ассамблеи народа Казахстана Северо-Казахстанской области» тақырыбындағы ғылыми жобасының жүлдегер атанғанын мысалға келтірді, әрі осы жұмысқа берген өз сын-пікірінің және конкурстық комиссияның хаттамасының көшірмелерін кафедра меңгерушісіне табыс етті. Өз кезегінде «География және экология» кафедрасының меңгерушісі – б.ғ.к., доцент П.С.Дмитриев, аталмыш практиканы Жетісу өлкесінде өткізуді өздері де келешекке жоспарлап отырғандығын айтып, кафедра тарапынан қала нысандарымен таныстыру және басқадай да көмектер беру үшін бізді қарсы алған оқытушы – Қоңырбаев Ерлан Ғабитұлын оқу тобымызға жауапты етіп сайлады.

Біз сол күні университеттің тарихи мұражайында көптеген жәдігерлермен таныстық, ал олардың мұндағы жалпы саны 5000 астам. Бұл мұражай орналасқан ғимарат, осы қаладағы тарих және сәулет ескерткіші болып табылады екен. Ғимарат 2 қабатты, оның бірінші қабатындағы алғашқы залында – университет атауы берілген М.Қозыбаевтың жеке заттары, құжаттары, еңбектері, қоғамдық қызметі, сонымен қатар қазақ тарихын жазушы ретіндегі және сурет-бейне, т.б. материалдары құрайды. Осы қабаттағы оның басқа залдары, университеттің археология мен этнология салалары бойынша жүргізген зерттеу материалдарына арналған. Мұнда, 1967 жылдан бері жүргізілген археологиялық экспедициялардың нәтижелері мен қазба жәдігерлері біршама. Ал этнографиялық залында – Солтүстік Қазақстан аумағындағы әр түрлі ұлт-ұлыстардың қалыптасуы мен олардың рухани және материалдық мәдениетін сипаттайтын көптеген бірегей жәдігерлер көрсетілген. Екінші қабаты – осы оқу орнының тарихына арналған, мұнда оның қалыптасуы кезең-кезеңге бөлініп кеңінен қамтылған күйде жан-жақты берілген. Сонымен қатар, университетті бітіруші түлектермен байланысы да аса көңіл аударарлық, мұнда оларға арналған «Құрмет кітабы» бар екен. Біздер кешқұрым арнайы, осы СҚМУ-дің астрофизикалық обсерваториясына бардық, мұнда біздің галактикамыздағы барлық ғаламшарлар мен басқа аспан денелері туралы цифрлы планетарий қолдану барысында дәріс аясында соны мәліметтер алып, оның жоғарғы қабатында орналасқан РК-30 телескопы арқылы Күн жүйесінің нысандары мен жұлдыздарды, Айды, сақиналы Сатурнды, т.б. планеталарды жақыннан көріп білдік. Бұл сәт бізге ұмытылмастай үлкен әсер берді.

Келесі күндерімізде, 200 мыңнан аса тұрғыны бар Петропавл қаласын тереңірек білу мақсатында біздер бірнеше мәдени, тарихи, экономикалық, әлеуметтік, басқа да нысандарды аралап таныстық. Қаланың іргесі 1752 жылы, патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына сәйкес Петр І-нің әскери бекінісі ретінде қаланған. Біз облыстың өткені мен бүгіні және болашағын тереңірек білу мақсатында қала орталығында орналасқан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болдық. Оны аралап танысу

барысында Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) жайлы көптеген мәліметтер жинадық. СҚО – республиканың солтүстік қақпасы болып табылады, ол 1936 жылдың 29 шілдесінде құрылды, бүгінгі шекарасы 1999 жылдың 8 сәуірінде бекітілген. СҚО-ның ауданы 97,99 мың шаршы км-ге тең және республика аумағының 3,6% құрайды. СҚО-ның аумағы: ҚР – Қостанай, Павлодар, Ақмола облыстарымен және РФ – Қорған, Түмен, Омбы облыстарымен шекараласады. Мұражайдың бірінші залына кіргеннен бастап, СҚО-ның әлеміне енгендей әсер алып, онымен толық танысуға асықтық. Мұражайдың негізі 1924 ж қаланған, жалпы көлемі шамамен 2400 шаршы м. құрайды. Тарихи-өлкетану мұражайы 2 қабаттан және ондағы ежелгі дәуірлерден бергі біздің қазіргі заманымызға дейінгі әртүрлі тарихи кезеңдерге арналған 13 залдан тұрады.

Одан кейін СҚО-ның бейнелеу өнері мұражайында болдық. Ол 1989 жылы ашылған, оның ашылуының негізі тарихи-өлкетану мұражайының бейнелеу өнері бөлімі болған. Мұндағы топтаманың бастауын қазақстандық суретшілер жасаған және 1960-жылдары Алматы қаласының сурет галереясы тарту ретінде сыйға тапсырған сурет, графика, мүсін, т.б. туындылары айтып жеткісіз. Кейін топтама жергілікті суретшілердің суреттері арқылы толықтырылып отырылған. Әсіресе осы қаладағы мұражайлар ішінен «Абылай хан резиденциясы» кешені өте әсерлі болып, көп көңіл-күй сыйлады. Ол мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қайта қалпына келтірілген екен. Бұл мұражай кешенінде біздер Абылай ханның дүниеге келгенінен бастап, ғұмыр сүрген жылдары мен өмірден озғанға дейінгі кезеңдерде болған оқиғалармен толық танысып шықтық. Мұнда қазақ хандары мен сұлтандарының таралу шежіресін көрдік, оның жанында орналасқан қосалқы нысандар мен Абылай хан ескерткішін тамашалап, суретке түстік.

Осы қаладағы «Қызылжар оранжереясы» атты ботаникалық бақ кешеніндегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі бізді таң қалдырды. Саябақтың оранжереясында өсірілетін 2000 аса субтропикалық және тропикалық өсімдіктер алуан түрлілігімен ерекшеленеді және олардың көбісі жарты ғасырдан астам уақыт өсіп-өнуде екен. Мұндағы түрлі мүйістерді аралап және оның зоопаркінде серуендеп, көптеген сүтқоректілер мен құстар түрлерін көріп білдік. Осы жерде, бұл ғасырлық тарихы бар ботаникалық бақтың тағдыры біздерді қатты алаңдатты. Өйткені, соңғы жылдары оның мәртебесі анықталмай, ұжымның біраз әуре-сарсаңға түскен жайы бар. Мәселен, осыдан үш жыл бұрын да ол саудаға салынған екен, бірақ та қала жұртшылығы мыңдаған қол жинап жекешелендіруге (приватизацияға) жол бермеугі. Ал 2017 жылғы наурыз айында, осыншама қарсылыққа қарамастан қалалық әкімшілік оны қайтадан қаладағы жекешелендіруге жатқызылған нысандар тізіміне енгізіпті. Осыларды біз оранжереяда болған кезде естіп білген соң, ботсад ұжымы мүшелерінің кейбірінің пікірін білмек болғанда, барлығының ойлары оның мемлекет меншігінде болғанын қалайтынына көзіміз жетті және олар оған «айрықша қорғалатын табиғи аумақ» мәртебесінің берілуін көксеп отыр. Әрине біздер де табиғат жанашырлары ретінде өз тарапымыздан, жыл бойына тропикалық өсімдіктері жайқалып өсіп тұрған еліміздің қиыр терістігіндегі осынау ғажап табиғи нысанның ғылыми-танымдық, табиғи-эстетикалық, экологиялық-өлкетанушылық бағыттағы қолданбалық, жалпы қоғамдық және тәрбиелік мәнін ескере отырып, оның мемлекеттік кәсіпорын ретінде қалғанын құптаймыз. Сонымен қатар практика барысында біздер қаланың бірнеше мәдени-әлеуметтік (театр, парк, спорт, оқу орындары, т.б.) орындарымен таныстық, оның ішінде «Жеңіс» саябағындағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу кешендеріне бардық және 1941-1945 жылдар аралығында СҚО-дан соғысқа қатысып қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткішке тағзым еттік.

Жалпы Петропавл қаласының жоғарыдағы нысандарын аралаған кезде, оның ұлттық сипаттағы жанарған келбетіне риза боласың, бұл тұрғыда осы облыстың әкімі болып қызмет істеген жылдары Т.А.Мансуровтың қажырлы еңбек сіңіргендігін көп естіп білдік. Ал біздер, Есіл өзенінің жағалауымен оны жаяу аралаған кезде, көктемде болған осы өзеннің қатты су тасқынынан кейінгі арнасы мен оның жайылмасын көрдік және ондағы қалпына келтіру жұмыстарының басталғанын байқадық. Біздер аталмыш практиканың жоспарына сай, Ақмола облысының («Бурабай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі»), Көкшетау мен Астана қалалары) аумағындағы табиғат және әлеуметтік-экономикалық нысандарды және осы орайда Омбы қаласын да барып көрдік. Атамыз қазақ: «Көп естігеніңнен, бір көргенің артық» - деп айтқандай, осылайша қызықты да, әсерлі өткен практикамызды қимай аяқтауымызға тура келді. Петропавл теміржол вокзалына (мұндағы уақыт Мәскеу бойынша, өйткені ол РФ «Оңтүстік Орал теміржолына» қарайды екен), СҚМУ-дің «География және экология» кафедрасының жауапты адамдары шығарып салды.

Осы жерде қос университет арасында үш жылдық мерзімге жасалған келісім-шарт нәтижесінде, СҚМУ-дің жайлы жатақханасында тегін жатқанымызды және біздерге аталмыш кафедра тарапынан жетекші-гид берілгендігін ескерте кеткеніміз жөн. Біз орналасқан жатақханада «Серпін-2050» жобасы аясында, еліміздің оңтүстік өңірлерінен келіп СҚМУ-да білім алып жатқан студенттер тұрады екен және

олар үшін барлық жағдайлардың жасалғанын көрдік. Мұндағы жатақхана жаңа секциялық үлгіде салынған және оның әрбір секциясында орналасқан 4 бөлменің әрқайсысында 2-4 студенттен жатады екен, сонымен бірге мұнда басқа да тұрмыстық қосалқы (душ, дәретхана, т.б.) құрылғылары бар. Ал осы жатақхананың оқу залында жетекші ағайларымыз күнделікті кешкілік уақтысында келесі нысандар бойынша материалдарды зерделеп, өтілген маршруттарды талқылап және біздің күнделіктерімізді тексеріп отырды. Әрі ағайларымыздың назарынан кәсіптік бағдар беру жұмыстары да тыс қалған жоқ, практика барысында олар осы жатақханада тұрушы және басқа да әрбір қаладағы жоғары оқу орындарының студенттерін ҚазҰПУ-дің магистратурасына, ал арнаулы орта оқу орындарының және жалпы білім беруші мектептердің бітіруші түлектерін біздің оқу ордамызда оқуға шақырып жарнамалауменен болды. Жалпы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ тарапынан, біздерді мейірманды қарсы алғаны және ақысыз тегін көрсетілген қызметтері (жатақханасымен қатар, университет обсерваториясы мен оның мұражайын, жалпы қаланы аралауға гид-экскурсоводтар мен университеттің автобусын арнайы бөлгені) үшін осы оқу орнының әкімшілігіне алғысымыз мол.

Қорыта келгенде, уақыттың аса тарлығына қарамастан біздің Петропавл қаласынан басталып, Омбы, Көкшетау, Бурабай, Астана қалаларымен жалғасқан бір апталық (ағайлардың айтуы бойынша, бұрындары осы практиканы өтуге бір ай мерзім берілген екен және ол – Қазақстаннан тыс жерлерде, сол кездегі Кеңестер Одағының басқа республикаларының аумағында өткізіліпті), сапарымыз сәтті де, әрі мәнді болды. Осы кешенді практиканың нәтижесінде біз, еліміздің теріскей бөлігінің әсем табиғатымен, халқының кәсіби дағдысымен және оның шаруашылық сипатымен, тарихи-мәдени орталықтарымен және әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстық. Республикамыздың солтүстік аймағының қалалық елді мекендері көше-аула тазалықтарымен, ал қаратопырақты тың өлкесі өзіне ғана тән көз тартар табиғатымен ерекшеленеді екен. Біздің елімізде жаратылыс сыйлаған кереметтей сұлу жерлер өте көп, сондықтан осындай әсем табиғатымызды бағалап және оны аялап қорғай білуіміз керек. Жалпы бұл практиканың географ-студенттерге берері мол, осы бір аз уақыт аралығында біздердің теория жүзінде алған ілімдерімізді өз көзімізбен көру арқылы тәжірибелік тұрғыдағы білім нәрімен сусындатты және рухани танымдық тұрғыда санамызға сіңірген қажетті мәліметтер жадымызда жатталып қалды.

Аталмыш практика біздерді, яғни болашақ ұстаздарды географиялық зерттеулерді өз бетінше жүргізу, түрлі аймақтардың табиғаты мен экономикасының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру және өлкетану материалдарын жүйелі түрде қолдана білу дағдыларына машықтап баулиды. Осыған орай географ-студенттердің, осы алыста өтілетін аталмыш практикасының құзыреттілік қалыптастырушы аса мазмұнды тәжірибелік мәнге ие болуымен қатар, әрі идеялық-тәрбиелік, оқу-ағартушылық, ғылыми-әдістемелік, жалпы мәдени және білімдік құндылықтарын ескере отырып, оның өтілу мерзімін тағы бір аптаға ұзартса деген орынды ұсыныстары да бар. Өйткені ол, «География» мамандықтары бойынша университеттік білім беру жүйесіндегі оқу үдерісінің ажырамас құрамдас бір бөлігі, әрі осы процесті бекітуші оның заңды жалғасы болып табылады. Өз кезегінде аталмыш тілек, Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында жүзеге асырылынып жатқан «Туған жер» бағдарламасымен және сәйкесінше одан туындайтын ауқымы кеңейген «Туған елмен» үндеседі. Мақаламызды тәмамдай келе, география мамандықтарының білімгерлері үшін өте маңызды болып табылатын география ғылымының келесі қос бағыттағы – жаратылыстану және қоғамдық салаларын тоғыстырушы кешенді мазмұндағы осы алыста өтілетін «Физикалық және әлеуметтік-экономикалық география бойынша зонааралық практиканы» жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша өтуімізге мүмкіндік жасаған өз оқу орнымыздың әкімшілігіне дән ризашылығымызды білдіреміз.

ӘМБЕБАП ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛАР – ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТАР КӨЗІ

*Абдулла Д.М., «6M011600-География» мамандығы, 1-курс магистранты;
Увалиев Т.О., «Елтану және туризм» кафедрасының доценті, п.ғ.к.
Абай атындағы ҚазҰПУ, «Жаратылыстану және география» институты*

Аңдатпа: «Әлемде түбегейлі өзгерістер мен жаңарулардан соң жаңа ұлттық энциклопедия құрастыру дәстүрі бұрыннан бар. Себебі жаңа энциклопедия тұтас ұлттың дүниетанымын жаңаша жүйелеп, сол елдегі ғылым мен білімнің жаңа арнамен дамуына берік іргетас қалайды» - деген еді Елбасымыз, республикамыздағы алғашқы ұлттық энциклопедия шығар кезде. Бүгінгідей рухани жаңғыру кезеңінде ұлттық, сонымен қатар басқа да әмбебап және салалық энциклопедияларымыз жаңарып, жаңа тұрпатта басылым көріп жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Кілтті сөздер: Энциклопедия, энциклопедиялық басылымдар, энциклопедиялық географиялық және анықтамалық басылымдар, салалық және аймақтық энциклопедиялар

УНИВЕРСАЛЬНЫЕ И ОТРАСЛЕВЫЕ ЭНЦИКЛОПЕДИИ – КАК БАНК ИНФОРМАЦИИ ГЕОГРАФИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ

*Абдулла Динара, магистрант 1 курса спец.: «6M011600 – География»;
Увалиев Т.О., доцент кафедры «Страноведения и туризма», к.п.н.
КазНПУ имени Абая, Институт «Естествознания и географии».*

Аннотация: «Существует традиция создания новой национальной энциклопедии после радикальных изменений и инноваций в мире. Новая энциклопедия оправдывает все мировоззрение и ищет прочную основу для развития науки и образования в этой стране с новыми каналами» - сказал Лидер Нации когда в стране была опубликована первая национальная энциклопедия. В свете современного духовного обновления, наряду с национальным, желательно бы издавались новые универсальные и отраслевые энциклопедические издания.

Ключевые слова: Энциклопедия, энциклопедические издания, энциклопедические географические и справочные издания, отраслевая и региональная энциклопедий

UNIVERSAL AND INDUSTRIAL ENCYCLOPEDIA – AS A BANK OF INFORMATION OF GEOGRAPHICAL KNOWLEDGE

*Abdulla Dinara, 1 undergraduate course specialty: «6M011600 – Geography»;
Uvaliev T.O., associate professor of «Regional Geography and Tourism», p.s.k.
KazNPU named after Abay, Institute of «Natural sciences and geography».*

Annotation: "There is a tradition of creating a new national encyclopedia after radical changes and innovations in the world. The new encyclopedia justifies the whole worldview and is looking for a solid foundation for the development of science and education in this country with new channels, "said the National Leader when the first national encyclopedia was published in the country. In the light of modern spiritual renewal, united, it would be desirable to publish new universal and branch encyclopaedic publications.

Keywords: Encyclopaedia, encyclopaedic publications, encyclopaedic geographical and reference editions, branch and regional encyclopedias

Жуырда «Қазақ энциклопедиясы (ҚЭ)» баспасының 50 жылдық мерейтойы, ҚР Ұлттық кітапханасының мәжіліс залында «Ұлт рухын жаңғыртқан жарты ғасыр» тақырыбындағы конференция өткізілуі арқылы аталып өтті. ҚЭ баспасының мерейтойлық конференциясының бағдарламасының аясында, біршама іс-шаралар қарастырылған екен. Атап айтсақ, баяндамашылар мен жарыссөзге шығушылар сапында: Қазақстан баспагерлер қауымдастығының төрағасы – Сейдуманов Ж.Т., ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің комитет төрағасының орынбасары – Мелдеш Ғ.С., осы баспаға өткен әр жылдары басшылық жасаған: академик – Нысанбаев Ә.Н., профессор – Аяған Б.Ғ. және т.б. аталмыш ұжымның әрбір кезеңдегі қалыптасуы мен дамуына, қазіргі қоғамдағы орны мен маңызына тоқталып өтті. Ал «Қазақ энциклопедиясы» баспасының директоры, PhD докторы – Тойбаева Жадыра

Нұрбайқызы өзінің бас баяндамасында: отандық бірегей баспаның тарихи даму жолындағы жан-жақтылы қызметімен және ондағы атқарылған кейбір іс-шаралармен жиналған қауымды таныстырды.

Бас баяндамашы өз сөзінде: «...баспаның Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1967 жылғы 13 қыркүйектегі Қаулысына сәйкес Қазақстан Ғылым академиясы жанынан «Қазақ совет энциклопедиясының» бас редакциясы болып құрылғанына, ал алып держава құрамында ғасырлар бойы отарлықтың құрсауында шырмалған біздің республика үшін бұл жаңалық – сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік маңызы зор оқиға болғандығына тоқталды. Осылайша, баспаның алғашқы директоры, академик М.Қаратаев бастаған 130-дан астам ғалым мен ғылыми редактор тобы 12 томдық «Қазақ совет энциклопедиясының» критерий-шарттарын анықтап, сөзтізбесін түзіп, алғашқы томын жазуға кіріскенінен...», әрі бұл еңбек Қазақ КСР-ның 50 жылдық айтулы мерекесіне орай жарық көруге тиісті болуынан біздер хабардар болдық.

Оқырмандарға түсінікті болу үшін, осы баспаның ғылыми-анықтамалық мекеме ретінде тағылымға толы тарихымен қатар, оның қалыптасқан игі дәстүрі мен өзіндік айнымас қолтаңбасы барлығын айшықтау мақсатында, бас баяндама барысында көрсетілген кейбір қажетті дереккөздермен және мағлұматтармен таныстыру ретін одан нақтылы үзінділер келтіру арқылы беруді жөн көрдік. Атап айтсақ: «...Құрылған жылы белгілі сыншы-ғалым Мұхамеджан Қаратаевтың жетекшілігімен жұмыс істеген редакцияның алғашқы құрамы қазіргімен салыстыруға келмейтіндей үлкен еді. Ұжымның шығармашылық күші 11 ғылыми редакцияға топтастырылды. Қазақтың тұңғыш энциклопедиясының бас редакциясы жанынан барлық ғылым салалары бойынша 29 ғылыми-салалық алқалар мен кеңесшілер тобы ұйымдастырылып, оларға 313 ғалым мен маман тартылды. Олардың ішінде Қазақстан Ғылым академиясының 27 академигі мен корреспондент-мүшесі, 84 ғылым докторы, 189 ғылым кандидаты болды. Мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілді...». Сол кезеңде баспада қызмет еткен (кейіннен бас редактордың орынбасары қызметін атқарған) белгілі жазушы-журналист Таңатқан Рсаев бұл жылдар жайында: «Республика жұртшылығы осынау аса маңызды жаңалықты қуана қарсы алып, оған үлес қосуды азаматтық борышы санаған. Бас редакция жанынан ұйымдастырылған, қоғамдық негізде жұмыс істейтін 35 редакциялық кеңеске Ғылым академиясы жүйесінің Алматыда орналасқан барлық ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының ғалымдары шын ықыластарымен белсене кірісіп, оның негізгі қаңқасы – сөзтізбе жасау ісіне, әзірленген материалдарды сұрыптап-сараптауға, автор ретінде мақала жазуға белсене араласқан» – деп жазады.

Сонымен қатар баяндама барысында айтылған: «...Бас редакцияның бұдан кейінгі жылдардағы жұмысы да табысты жалғасты. Қызметтік құрылымы мен ғылыми мекеме мәртебесін сақтай отырып, ұйым 1975 жылы Қазақ КСР-і Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің жүйесіне қосылды. 1982 жылы аталған тұңғыш энциклопедияның әліпбилік пән-есім көрсеткіші жеке кітап болып шықты. Бұған жалғаса 1980 жылдары қазақ, орыс тілдерінде «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» анықтамалығы жарық көріп, барлығы 15 томдық топтама шығару ісі сәтті аяқталды...». Жалғастыра берсек: «...Еліміз егемендік алғаннан кейін, 1993 жылы «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы болып өзгерді.

Осы жылдары қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты бірнеше тілашар мен сөздік шығарылды. Жас оқырмандарға арналған үш томдық «Ол кім, бұл не?», «Негеш», «Әлемде талай қызық бар» кітаптары жарық көрді. Бас редакция облыстар мен қалалар тарихына да көңіл бөліп, «Алматы», «Қарағанды», «Ақмола» энциклопедияларын шығарды. Еліміздің тарихындағы айтулы мекемелер де ұжым назарынан тыс қалған жоқ. 2001 жылы халықаралық «Түркістан» энциклопедиясы оқырмандарды еліміздің тарихымен, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерінің өмір жолымен, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, кәсібімен, мәдениетімен, бүгінгі егемен елдің өскелең экономикасымен таныстырды...». (Ескерту: егер де оқырман «Қазақ энциклопедиясы» баспасы жайлы толықтай мәлімет алғысы келсе, оларға келесі газеттерде жарияланған: «Айқын», 12. 12. 2017 жыл, № 187 (3259), 4 беттегі Жадыра ТОЙБАЙ: «Жарты ғасырлық жарқын жол» және «Қазақ әдебиеті», 8-14. 12. 2017 жыл, № 50 (3580), 20-21 беттегі Таңатқан РСАЕВ: «Әмбебап білім бұлағы» тақырыбындағы мақалаларымен танысуға ұсыныс береміз). Ал осы әмбебап білім ұғымының анықтамасына келсек, ол: «Энциклопедия (грекше) – білім (жалпыға бірдей) өрісі, яғни анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым. Термин ретінде бірнеше рет тарихи өзгерістерге ұшырады... (Р.Рсаев, «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы, 10-том, 80-бет. – Алматы, 2007.)» деген мазмұнды білдіреді.

Мерейтойлық конференция барысындағы марапаттау рәсімі кезінде (осы жолдардың авторының бірі, аталмыш баспаның 50 жылдық мерейтойына орай «Құрмет грамотасымен» марапатталған), сөздің сәті келген тұста ол, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының өнімдері практикалық тұрғыда қолданыста екендігін мінбеден айтты. Өз сөзінде ол, осы ғылыми басылымның материалдарын студент жастарымыз

сабақ барысында пайдалануымен қатар ғылыми-әдістемелік тұрғыда да қолдануда екендігінен жұртшылықты хабардар етті. Атап айтқанда, «5B011600-География» мамандығы аясындағы, оның «География және экономика негіздері» мамандандыруын бітіруші түлек – Абдулла Динара Маратқызы (осы статья авторының бірі), 2017 жылғы мамыр айында «Энциклопедиялық басылымдар – географиялық білімдердің ақпараттық қоры» тақырыбындағы дипломдық жұмысын жоғары деңгейде «өте жақсы» деген бағаға қорғап шықты. География бойынша осы дипломдық жоба жұмысында, энциклопедиялық басылымдар зерттеу нысаны ретінде алғаш рет қарастырылды. Аталмыш бітіру жұмысының тарау-бөлімдері келесі тақырыпта:

–Энциклопедиялық басылымдар терминологиялық жүйе ретінде;

–Энциклопедияның қоғамдық-ғылыми функциялары;

–Энциклопедиялық басылымдарды әзірлеу әдіснамасы және әдістемесі;

–Энциклопедиялық географиялық басылымдар – іргелі білім жинағы;

–Энциклопедиялық басылымдардың қалыптасу тарихынан;

–Қазақстандағы энциклопедиялық басылымдардың даму жағдайы;

– Еліміздің аймақтарына арналған энциклопедиялық басылымдар және олардың өлкетанушылық функциясы – болып аталынды.

Дипломант өз ізденіштігі мен табандылығының арқасында осы атаулы жеке тақырыпшалар сипатындағы мәселелерді жан-жақты қамти отырып, олардың ғылыми-танымдық мазмұнын қарастырды. Осы аталынған тақырыпшаларды сараласак, жалпы географиялық энциклопедиялық басылымдармен қатар мұнда – өзіміздің отандық энциклопедиялардың да географиялық білімдердің ғылыми-ақпараттық көзі ретінде қарастырылғанын көреміз. Диплом жұмысын зерделеу үш негізгі бағыт бойынша жүргізілді: 1. Ғылымның іргелі теориясын көрсететін ерекше терминологиялық жүйе ретінде; 2. Оның қоғамдық практикадағы негізгі функциялары, оларды іске асырудың тиімділігі тұрғысынан; 3. Жалпы энциклопедиялық, оның ішінде географиялық басылымдарды жетілдірудің, олардың жүйесін кеңейтудің ғылыми қағидалары анықталып белгіленді.

Сонымен қатар дипломдық жоба жұмысының мазмұнында – географиялық терминклатураның энциклопедияларда және сөздіктерде көрініс тапқан негізгі ерекшеліктерін анықтау, әрі кейінгі басылымдарға енгізуге ұсынылатын жаңа географиялық терминдердің кадастрын нақтылау қажеттілігі де көтерілді. Түсініктік-терминологиялық аппаратты ұлттық мазмұн тұрғысынан салғастырудың жетілдірілген әдіс-амалдарын жасау мәселелері де назардан тыс қалмады. Әрі ізденуші дипломант, өзіміздің отандық энциклопедиялық басылымдарындағы географиялық мазмұндағы мәтіндерді салыстырмалы әдіспен талдауға талпыныс жасады, сол үшін көп еңбектенді де. Осы тұрғыда жасалынған, оның кесте нұсқасындағы талдама мәліметтерін осы мақала мазмұнында қарастыру арқылы оқырмандарға (мақаладағы № 1 кесте) ұсынып отырмыз.

Осы орайда егеменді еліміздің тарихында айтулы оқиға ретінде: «...Баспа 1998 жылдан бастап он томдық жаңарған «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын шығарып, оны 2007 жылы аяқтады...» деп атап өтті өз баяндамасында Жадыра Нұрбайқызы. Сөз кезегінде, осы мақала авторларының бірінің жоғарыда аталған «Қазақстан» атты он томдық Ұлттық энциклопедиясының барлық томдарында және Алматы облысына арналған «Жетісу» аймақтық энциклопедиясында 100-ден астам статьялары жарияланғанын айта кеткен орынды. Осы ҚҰЭ томдарында жарыққа шыққан ол мақалалар, негізінен алғанда: жекелеген (Ұлыбритания, Таиланд, Судан, т.б.) мемлекеттер мен ірі (Орталық Азия, Батыс Сахара, т.б.) аймақтарды, географиялық (Фарер аралдары, Фолкленд аралдары, т.б.) нысандар мен оның салалық (Саяси география, Экономикалық география, т.б.) бағыттарын, табиғат (Циклон, Шөлейттену, т.б.) құбылыстары мен шаруашылық (Экономикалық аудан, Өнеркәсіп тораптары, Өнеркәсіп орталықтары, т.б.) бағдарын, халқы (Урбандалу, Халықтардың қоныстану географиясы, т.б.) мен қалаларын және әлеуметтік-экономикалық географияның басқа да мәселелерін қамтиды. Ал «Жетісу» аймақтық энциклопедиясы беттерінде, Алматы облысы мен оның аудандары аумағының физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық ерекшеліктері, табиғат әлемі мен әлеуметтік жағдайы, қалалары мен ауылдық елді мекендері жайлы, оның т.б. нысандарына қатысты статьялары жарияланған (мақаладағы № 2 кесте).

«Қазақ энциклопедиясы» баспасының жартығасырлық мерейтойы құрметіне орай, оған арналған мақаламызды біз осы ҚЭ директорының: «...Баспаның басты мұраты – халыққа қызмет ету. Алдағы жоспарымыз да осы мақсатты көздейді. Осындай ізгі ниеттен туған ойымыздың бірі – алғашқы томының жарық көргеніне 20 жылдың жүзі болған сол «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиямызды (ҚҰЭ) өскелең уақыт талабына сай жаңартып, толықтырып қайтадан шығару. Бұл ойымыздың миллиондаған оқырман тарапынан қызу қолдау табатынына сенім мол...» деген сөйлемімен тұжырымдасак дейміз. Осы жерде бұл өзекті мәселені, яғни жаңа тұрпаттағы ҚҰЭ басылымын қазіргі рухани жаңғыру аясында жарыққа

шығару ұсынысын, еліміздің әрбір көкірегі ояу азаматтары бар жан-тәнімен қолдап қоштайтынына нық сенімдеміз.

Жалпы алғанда, энциклопедия – алғашында сонау XVIII ғасырда білімді топтастыру деген ұғымда болса, келе-келе бұл терминнің маңызы ұлғая түсіп, қазіргі кең таралған мағынаға ие болып отыр. Яғни ол, барлық ғылым саласынан анық мағлұмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (әмбебап энциклопедия) немесе қайсы бір жеке ғылым саласындағы (салалық энциклопедия) ғылыми басылым деп те аталынады. Мәселен, 2011 жылы аталмыш баспадан шыққан «Атамекен» географиялық энциклопедиясы мұның соңғысына жатады. Бұл салалық энциклопедияда – баянды еліміздің бай табиғаты, оның ішінде тау-шыңдары, жоталары, шоқы-қыраттары, құмды-белесті жазықтары, жусан иісті далалары, дария теңіздері, өзен-көлдері, орман-тоғайлары, жеті қат жер қойнауы, көрікті қорықтары, сәнді саябақтары, Халықаралық және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген өсімдіктер мен жануарлар әлемі, т.б. энциклопедиялық жүйемен, әліпби бойынша берілген. Мақалалар суреттермен безендіріліп, кесте, карталармен толықтырылған. Бұл басылым туған жер, өскен топырағын білгісі келетін көпшілік оқырман қауымға арналған. Бірақ бір мақала шегінде осылардың барлығын қамту тіптен мүмкін емес, осы себепті салалық энциклопедиялар – бұл тақырыптың табиғи жалғасы іспетті оны зерделейтін келесі статьяның арқауы болмақ деп мақаламызды қорытындылаймыз.

Әдебиеттер:

1 ҚАЗАҚСТАН. Ұлттық энциклопедия / 1-10 томдар. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 1998-2007 жж.

2 ЖЕТІСУ. Энциклопедия. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2004. – 712 бет + 48 бет түрлі-түсті суретті жапсырма.

3 АТАМЕКЕН. Географиялық энциклопедия. – Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2011. – 648 бет.

Еліміздің жеке аймақтары жайлы «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында жарияланған мақалалардың талдамасы

(Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «5В011600 – География» мамандығын 2017 жылы бітіруші түлек Абдулла Динараның «Энциклопедиялық басылымдар – географиялық білімдердің ақпараттық қоры» диплом жұмысының қосымшасындағы материалдардан. Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., доцент Увалиев Т.О.).

Рет №	Қазақстан аймақтарының (республикалық маңыздағы қалалар мен облыстар) атаулары	Ұлттық энциклопедиясында олар туралы жарыққа шыққан мәтін материалдарының мәліметтері			Мақала материалының беттер және таңбалық белгісі т.б. бойынша жалпы көлемі		Осы мақала ішіндегі мәтінде кездесетін географиялық тұрғыдағы иллюстрациялық және көрнекілік мазмұндағы материалдардың жиынтық саны				
		оның шыққан жылы	осы жылы басылым көрген томы	томдағы жарияланған беті	Жалпы (беттер) көлемі	* таңбалар және безендірулер бойынша	Карталар (қай бетте)		Суреттерінің саны		Жарияланған мақала авторларының аты-жөні
							физикалық географиялық	экономикалық географиялық	Орташа форматта	Шағын форматта	
1	Астана қаласы	1998	I-ші том	487 бетте	3 бет	3600 + ИБ	-	-	10	2	Ахметов Қ.
2	Алматы қаласы	1998	I-ші том	277 бетте	4 бет	3800 + ИБ	-	-	5	5	Ахметов Қ., Увалиев Т.
3	Ақмола облысы	1998	I-ші том	193 бетте	4 бет	4000 + ИКБ	194	195	5	5	Әбдірахманов С.
4	Ақтөбе облысы	1998	I-ші том	221 бетте	4 бет	4000 + ИКБ	222	223	2	1	Омарбекова А.
5	Алматы облысы	1998	I-ші том	288 бетте	4 бет	4000 + ИКБ	289	290	3	-	Ахметов Қ., Увалиев Т.
6	Атырау облысы	1998	I-ші том	534 бетте	5 бет	4000 + ИКБ	536	537	-	2	Базарбаев Қ.
7	Батыс Қазақстан облысы	1999	II-ші том	193 бетте	5 бет	4000 + ИКБ	195	196	1	3	Мақанова А.
8	Жамбыл облысы	2001	III-ші том	517 бетте	4 бет	4000 + ИКБ	518	519	2	3	Баққараев К.
9	Қарағанды облысы	2003	V-ші том	560 бетте	6 бет	4000 + ИКБ	562	564	2	3	Байқонаев Ж.
10	Қостанай облысы	2004	VI-шы том	69 бетте	5 бет	4000 + ИКБ	70	71	3	1	Базарбаев Қ.
11	Қызылорда облысы	2004	VI-шы том	175 бетте	4 бет	4000 + ИКБ	173	174	2	1	Баязитов Д.
12	Маңғыстау облысы	2004	VI-шы том	358 бетте	4 бет	4000 + ИКБ	359	360	2	1	Базарбаев Қ.
13	Оңтүстік Қазақстан облысы	2005	VII-ші том	144 бетте	5 бет	4000 + ИКБ	145	146	4	-	Бейсенова Ә.
14	Павлодар облысы	2005	VII-ші том	286 бетте	6 бет	4000 + ИКБ	287	288	5	-	Ахметов Қ., Базарбаев Қ.
15	Солтүстік Қазақстан облысы	2006	VIII-ші том	19 бетте	7 бет	4000 + ИКБ	21	33	3	4	Базарбаев Қ.
16	Шығыс Қазақстан облысы	2007	IX-шы том	582 бетте	8 бет	4000 + ИКБ	583	584	9	-	Рүстемов С.

* **Ескертүлер (4000 + ИКБ):** 4000 – таңба, яғни әріптер немесе тыныс белгілері, т.б. таңбалық көлемі; И – иллюстрациялар (түрлі-түсті суреттер); К – карталар (физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық карталар); Б – библиография (пайдаланылған әдебиеттердің тізімі).

Алматы облысының жеке өңірлері жайлы «Жетісу» энциклопедиясында жарияланған мақалалардың талдамасы

Рет №	Алматы облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісі (облыстық маңыздағы қалалары мен аудандары) бойынша өңірлерінің атаулары	Жетісу энциклопедиясында аталынған нысандар туралы жарыққа шыққан мәтін материалдарының мәліметтері *			Алматы облысының аумағында орналасқан аудан немесе қала жайлы жарияланған мақала авторларының аты-жөні	Алматы облысы құрамындағы аудандардың орталықтары орналасқан елді мекендер жайлы мәліметтер		Аудан орталығы туралы жарияланған мақаланың авторларының аты-жөні
		Мақала жарияланған беті	Иллюстрациялар мен карталар (қай бетте)	Жалпы (беттер бойынша) көлемі		Ауданның әкімшілік орталығының атауы мен осы елді мекеннің мәртебесі	Ол туралы шыққан статья беті	
1	Талдықорған қаласы	559 бет	559 бетте	3 бет	Увалиев Т.	-	-	-
2	Ақсу ауданы	113 бет	114 бетте	2 бет	Ізімұлы М., Ахметов Қ.	Жансүгіров кенті	291 бет	Ахметов Қ.
3	Алакөл ауданы	120 бет	120 бетте	2 бет	Ахметов Қ.	Үшарал қаласы	621 бет	Увалиев Т.
4	Балқаш ауданы	188 бет	189 бетте	3 бет	Ахметов Қ.	Бақанас ауылы	182 бет	Увалиев Т.
5	Еңбекшіқазақ ауданы	260 бет	260 бетте	2 бет	Ахметов Қ.	Есік қаласы	268 бет	Мәуленов М.
6	Ескелді би ауданы	266 бет	266 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Қарабұлақ кенті	391 бет	Увалиев Т.
7	Жамбыл ауданы	285 бет	285 бетте	2 бет	Ахметов Қ.	Ұзынағаш ауылы	606 бет	Увалиев Т.
8	Кербұлақ ауданы	356 бет	357 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Сарыөзек кенті	532 бет	Увалиев Т.
9	Көксу ауданы	366 бет	366 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Балпық би кенті	191 бет	Ахметов Қ.
10	Қарасай ауданы	394 бет	395 бетте	3 бет	Увалиев Т.	Қаскелең қаласы	406 бет	Увалиев Т.
11	Қаратал ауданы	397 бет	397 бетте	3 бет	Увалиев Т.	Үштөбе қаласы	622 бет	Увалиев Т.
12	Панфилов ауданы	504 бет	504 бетте	2 бет	Ахметов Қ., Смаділова Қ.	Жаркент қаласы	295 бет	Ахметов Қ.
13	Райымбек ауданы	509 бет	509 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Кеген ауылы	351 бет	Увалиев Т.
14	Сарқант ауданы	528 бет	528 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Сарқант қаласы	527 бет	Увалиев Т.
15	Талғар ауданы	557 бет	557 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Талғар қаласы	556 бет	Ахметов Қ.
16	Ұйғыр ауданы	609 бет	609 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Шонжы ауылы	640 бет	Ахметов Қ.
17	Іле ауданы	647 бет	647 бетте	2 бет	Увалиев Т.	Өтеген батыр кенті	502 бет	Увалиев Т.
18	Қапшағай қаласы	388 бет	389 бетте	2 бет	Увалиев Т.	-	-	-
19	Текелі қаласы	569 бет	-	2 бет	Увалиев Т.	-	-	-

* **Ескертүлер** – «Жетісу» энциклопедиясында жарияланатын мақалалардың алфавиттік-анықтамалық көрсеткіші бойынша, оның жоспарланған таңбалық көлемі келесідегідей болып белгіленіп бекітілген: **1.** Талдықорған қаласына – 3600 + И; **2.** әрбір ауданға – 1800 + ИКБ; **3.** қалаларға – 1000 + И; **4.** аудан орталығы болып есептелетін кенттер мен ауылдарға – 500 таңба. Кейбір қысқартуларға (мәселен, аудандар мен қалалар бойынша иллюстрациялар берілмеді) қарамастан, негізінен жоспарланған таңбалық көлемдері сақталынған.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
---------------	---

Секция 1: ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНІҢ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

ДУХОВНЫЕ СВЯТЫНИ КАЗАХСТАНА В МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

Джусупова Д.Б., Умбеталиева Ф.Б. Сохранение и восстановление архитектурных памятников и природных объектов – актуальная задача современности.....	5
Әбілмәжінова С.Ә., Қадырбекова З. «Сакральды Қазақстан» жобасы және оның Маңғыстау облысында жүзеге асырылуының кейбір мәселелері.....	8
Боранкулова Д.М., Джүзбаева Г.А., Ермекқызы Г. Маңғыстау – төрткіл аймағы.....	13
Мырзалы Н.Б., Бердыгулова Г.Е. Духовная модернизация – уверенность будущего Казахстана	16
Тилекова Ж.Т., Исмаилова А.Н. Қазақстанның тарихи қалаларының бірі – Түркістан.....	17
Кобегенова Х.Н., Ганиева Г.А., Тайбагарова А.С. Сакральная география Жамбылской области	20
Сабденова В.Т. Социокультурные международные ценностные аспекты «Священных мест» и «Символических объектов» Казахстана и творческого наследия Абая Кунанбаева.....	24

Секция 2: КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ДЕГЕН ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАС

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД И ВЗГЛЯД НА СТРУКТУРУ САКРАЛЬНОГО МЕСТА

Воловик В.Н., Воловик А.В. Терминосистема сакрального ландшафтоведения.....	28
Тиллаев О.О. Путевые очерки в Джадидской прессе.....	31
Абдимананов Б.Ш., Ахметова Ж.Н. Географиялық негізгі ұғымдар мен терминдердің 3 тілде қазақша-орысша-ағылшынша сөздігін сипаттау.....	33
Мухамбеткалиева Г.М. Принципы и методы изучения сакральных пространств.....	36
Нұрымбаева Л.Х., Кәдірмаханова С.М., Мамирова К.Н., Қиясова Л.Ш. Қызылорда облысы киелі жерлер картасын географиясының өлкетануды дамытуда геоақпараттық жүйелерді пайдаланып құрастыру.....	38
Абдикаримова Г.Ә., Қалдыбекова Р.Е. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында өлкетану материалдары арқылы оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру (Қазығұрт өңірі мысалында).....	47
Алшымбеков С.К. Еліміздің сакральды нысандарын экскурсиялар арқылы әйгілеудің танымдық әдістері.....	52
Бакберген Ш.А., Ивлева Н.В. Краеведческие возможности школьного окружения.....	55
Оразай Б., Увалиев Т.О. Мектеп географиясында Қазақстанның сыртқы көші-қон мәселелерін оқыту әдістемесі.....	58
Смайлова Д.Е., Абдикаримова Г.Ә. Оңтүстік Қазақстан облысының топонимдерінің тарихи-лингвистикалық талдауы.....	61
Қуанышханов Т.Е., Сағындықов А.С., Увалиев Т.О. Мектеп географиясында үлкен қала тұрғындарын зерделеу мәселелері.....	65

Секция 3: ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ КИЕЛІ ГЕОГРАФИЯ

САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ В ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ТРАДИЦИИ НАРОДОВ

Байқабилов Х.М. Әлемдік елдердің атауларында ұлттық-этникалық белгілердің көрсетілуі.....	68
Кравцова И.В., Браславская О.В. Садово-парковые ландшафты Украины как объекты изучения сакральной географии.....	70

Максютов А.А. Развитие сакральной географии в Украине в XXI в.	73
Бадалов Э.С. География-религиозных мест Абшерона.....	76
Каймулдинова К.Д. Оронимиядағы таулардың сакральдық мәні.....	78
Абдиманапов Б.Ш. Топонимия и история сакрального пространства.....	81
Оразбай А.Н., Абулгазиев А.У. Тылсымға толы Топағаш.....	84
Дүйсенбаев А.К., Жумағазиев А.Қ. Қазақ халқының этномәдени дәстүрлеріндегі киелі географияның танымдық негізі	86
Ержигитова Д.С. Сакральные топонимы Казахстана как источник историко-культурного наследия народа.....	89
Искакова Р.Т. Ұлы Жібек жолы бойындағы Жамбыл облысының киелі орындары.....	91
Сабденалиева Г.М., Калдыбаева Ж.Б. Қасиетті Қаратал – әулиелер мекені.....	96
Сергеева А.М., Арыстанбаева А.Е. Қазіргі әлемдегі этникалық процестердің ерекшеліктері...	102
Исмаилова К.Б., Дүйсенбай Н. Батыс Қазақстан аймағындағы ішкі сулардың топонимдерде көрініс табуы.....	105
Романенко А.Ю. Этнос как специфический социально-культурный феномен.....	108
Сарқытқан Қ., Мурзинова А. Қазақтың қиырда қалған қасиетті жері.....	112

Секция 4: ТАБИҒИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА АСПЕКТІСІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫ ҮРДІСТЕРІ

ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ В АСПЕКТЕ ПРИРОДНОГО И КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Ерошенко В.И., Свириденко Т.Е. , Сакральное содержание экологического образования, просвещения и экологической культуры	116
Соломенко Л.Д., Цветкова И.В., Дормидонтова Л.П. Опыт изучения сакрального пространства Казахстана и России в образовательных организациях общего и высшего образования.....	119
Васьковская Г.А. Мифы в культурном наследии и их роль в формировании мировоззрения учеников.....	121
Осадченко И.И., Житнухина Е.П. Психопедагогическая интерпретация понятия «Сакральное место» в контексте воспитания современной студенческой молодежи.....	124
Дзюбенко И.А. Тенденции формирования гражданской ответственности в аспекте природного и культурного наследия.....	127
Бойченко В.В. Формирование педагогического мышления будущих учителей в контексте культуры.....	129
Богашко А.Л. Особенности развития образования в условиях целостности социальной, культурной, экономической и научной среды.....	132
Зевреева З.Н. Особенности развития образовательного пространства (на примере подготовки специалистов направления «рекреация и спортивно-оздоровительный туризм»).....	135
Имрани З.Т., Закиряева Н.Т., Мамедова З.М. Велиева Г.В. Проблемы и перспективы развития Губа-Хачмазского экономическо-географического района.....	144
Савченко Н.В. Развитие профессиональной компетентности учителя.....	149
Мамедов М.А. Влияние почвенных условий на корневые системы сухосубтропических пород	149
Ткачук Л.В. Подготовка будущего учителя в контексте культурологических детерминант образования.....	151
Ткачук М.М. Глобализационные и культурологические тенденции подготовки будущих учителей	154
Демеуов А.Б., Тоқтыбаева М.Е., Аяпбекова А.С., Аяпбекова А.Е. Қазақстанда география білімінің берілу тарихы.....	157
Карбаева Ш.Ш., Абдиханова Ж.К. Білім беруді дамытудағы киелі жерлер географиясының ролі.....	161
Әбілмәжінова С.Ә., Шакирова Н.Д. Қазақ халқының ауа райын болжау жасау жолдарын климатты оқытуда қолдану мүмкіндіктері.....	166
Тлеубергенова К.А., Карменова Н.Н., Кобегенова Х.Н., Сатыбалдиева А.У. Алтайдың тарихи ескерткіштері.....	170
Исабеков Б.Д., Аманбаев Н.С., Мамасерік А.Ш. Сайрам-Өгем ұлттық саябағының физикалық-географиялық жағдайы мен өсімдіктер дүниесі.....	

**Секция 5: ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ МЕН ӨЛКЕТАНУДЫ
ДАМУДАҒЫ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ РӨЛІ**

**САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ В РАЗВИТИИ ТУРИЗМА, КРАЕВЕДЕНИЯ И
ОХРАНЫ ПРИРОДЫ**

	175
Керимов Р.Н. Исторические сооружения как объекты религиозного туризма в Азербайджане..	178
Атаман Л.В. Религиозный туризм региона: проблемы и перспективы развития.....	179
Чодураев Т.М. Сакральные объекты Иссык-Кульской области Кыргызстана.....	181
Козинская И.П. Современное состояние религиозного туризма в Украине.....	185
Байрам М., Трушева Ш.А. Экспо-2017 көрмесінен кейінгі Астананың іскерлік туризм орталығына айналу мүмкіндігін талдау.....	189
Абдулхайров А.З., Абдулхайрова Э.М. Исторические трансформации и современное состояние детско-юношеского туризма в Крыму.....	192
Абдурашидов З.А., Карабазов Э.А., Солиева С.М. Перспективы использования солнечной энергии в Ферганской долине (на примере Республики Узбекистан).....	194
Ситник А.И., Безлатняя Л.А. Антропогенезация межзонального геоэкотона «лесостепь-степь» правобережной Украины в IX-XXI вв.	197
Бектенярова А.Р., Омаров Қ.М., Саванчиева А.С. Значение Сакральных мест Казахстана в развитии туризма.....	200
Саванчиева А.С. Сакральные объекты Жамбылской области в развитии туризма Казахстана...	202
Мамирова К.Н., Каирова А.К., Сағатова М.Б., Нақысжан А.Д. Қазақтың киелі мекені – сары айшықты сарайшық.....	206
Ayapbekova A.E., Seissenbaeva G.M., Demuev A.B., Toktybaeva M.E. Tourism and topoinmics	208
Рахметуллина Ш.Ж. Эколого-экономическое содержание природопользования.....	212
Ивлева Н.В., Кадырбекова Д.С. Сакральные объекты Казахстана в развитии культурно-познавательного туризма.....	215
Бектенярова А.Р. Саванчиева А.С. Сакральные объекты Алматинской области в развитии туризма Казахстана.....	218
Токпанов Е.А., Абулгазиев А.У. Алматы облысының киелі орындары картасының танымдық туризмді дамытудағы алатын орны.....	221
Абулгазиев А.У., Токпанов Е.А., Тастанова Б.Е., Исмайлова А.Н. Киелі Маңғыстау жері....	223
Түйгунова М.Я., Бердыгулова Г.Е. Исследование сакрального потенциала Алматинской области	226
Боранкулова Д.М., Аманбаева М.А. Қаржантаудың ғажайып тас мүсіндері – Қырық қыз туралы аңыз.....	229
Алдашева А.А., Нуртас Ж.А. Особенности развития туризма в Казахстане.....	231
Казыкенова Г.С. Научно-методические рекомендации по улучшению геоэкологического состояния Каспия.....	233
Айдаров О.Т., Тоқтағанова Г.Б. Қорғалатын аумақтарды таңдау және олардың аймаққа тән ерекшеліктерін анықтау.....	239
Айдаров О.Т., Таженова С.К. Қызылорда қаласын көгалдандырудың геоэкологиялық негіздері.....	239

Секция 6: ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Дошманов Е.Қ., Дошманова Г.Қ. Мырзашөл аймағының топырақ – климат жағдайлары.....	245
Садыков Ж.А. Концепция развития туристской отрасли до 2023 года как важный инструмент развития внутреннего туризма в Казахстане.....	248
Мамирова К.Н., Талышинская И.Ф. Достопримечательности города Алматы.....	251

Қожаназарова Б., Увалиев Т.О. География мамандығының ең танымал адамы – Ә.С. Бейсенова	254
Ирkitбаев С.Н., Усенов Б.М., Саванчиева А.С., Ибрагим Г.Н. Алатау етегінің көркі – Алматы апорты.....	258
Идирисова Л.С. Возникновение и опыт независимых киностудий Казахстана.....	260
Исабекова А.М. Высококультурное наследие Коркыт-ата.....	262
Аманбаев Н.С., Исабеков Б.Д., Нүржігіт С.Б. Орталық Азия елдерінің су ресурстарының қоры, көлемі және негізгі тұтынушылары.....	265
Абдулла Д., Боранқұлова Д.М., Увалиев Т.О. Еліміздің жоғары оқу орындарындағы географиялық білім берудің дамуы.....	268
Мирзаев Э.А., Увалиев Т.О. Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті дамытудағы Қазақстан халқы ассамблеясының рөлі.....	272
Ертуғанова А., Увалиев Т.О. Академик Қ.И. Сәтбаев – жертану ғылымдарының көшбасшысы..	275
Қуандық Б., Увалиев Т.О., Алдашева А. Қазақстандағы экономикалық-географиялық білімнің дамуына профессор М.Ш. Ярмахамедовтың қосқан үлесі.....	278
Бакиров С.Б., Сабденалиева Г.М. Жетісу өлкесінің ауыл шаруашылық қалдықтарының морфологиялық құрамы (Қопа ауылының мысалында).....	281
Кулушева Э., Увалиев Т.О. Динамика и трансформация административно-территориального устройства Казахстана за последнее столетие (1917-2017 гг.).....	284
Ізтұрғанова Б., Увалиев Т.О., Увалиев М.Т. Ғ.Қ. Қонқашбаев – еліміздің халықтық терминологиясын зерттеуші алғашқы ғалым (Доцент Ғ.Қонқашбаевтың туғанына 115 жылдығына орай).....	289
Еркебеков А.К., Аспекты воспитания, обучения и социализации детей с особыми образовательными потребностями (тяжелые нарушения речи) посредством организации туристско-краеведческой работы.....	293
Бүтінбаев Н., Увалиев Т.О., Ирkitбаев С.Н. Петропавл – республикамыздың солтүстік қақпасы (алыста өтілетін зонааралық практиканың материалдары негізінде).....	295
Абдулла Д.М., Увалиев Т.О. Әмбебап және салалық энциклопедиялар – географиялық ғылыми-ақпараттар көзі.....	299

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ КИЕЛІ
ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ:
ТӘЖІРІБЕ МЕН ПРАКТИКА»**

атты
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

26-27 сәуір 2018 ж.

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической
конференции

**«САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ И КУЛЬТУРА
В ПРИЗМЕ ДУХОВНОГО ОБНОВЛЕНИЯ:
ОПЫТ И ПРАКТИКА»**

26-27 апреля 2018 г.

Басуға 23.04.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қаріпі «Тип таймс». RISO басылым. Сықтықкар қағазы.
Көлімі 37 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс 164.

050010. Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды